


Ж. Е. Ибраева
А. Г. Тягунов
А. В. Вураско



ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Оқулық



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

К. И. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ж. Е. Ибраева
А. Г. Тягунов
А. В. Вураско

ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі окулық ретінде ұсынған



Бағыт жаңынан

Сейтбеков А. Р., төл. пән. шах, К.И. Стебаев атындағы ҚазҰТУ «Білім жаңу, материалдар және машинажасау индірісінің технологиясы» кафедрасының меморандумы;

Бекшурен Е. А., КР УГА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры;

Кұдайбергенов С. Е., хим.ғыл. докт-ры, профессор, «Полимерлік материалдар мен технологиялар» институтының директоры;

Бегалиев И. Т., «Полиграфкомбинат» ЖШС президенті.

Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы басылым жоспары бойынша басылды.

И15

Ибраева Ж.Е.,

Полиграфиялық материалдар: Окулық/ Ж.Е. Ибраева, А.Г. Тягунов, А.В. Вураксо; Қаз. тіліне ауд. З.О. Медетбекова. – Алматы: ҚазҰТУ, 2015. – 388 б. Бейне. – 113. Кесте. – 27. Библиогр. тізім – 40 атав.

ISBN 978-601-228-760-8

Окулықта «Полиграфиялық материалдар» папірін мазмұны мен қазіргі уақытта полиграфия саласында кеңінет қолданылатын неғізгі және қосынша материалдар қарастырылған. Полиграфиялық материалдар ондірісінде табиги ресурстарды экономады және шиімді пайдалану, қоршаган ортани листаудың молшерін мейлінше томендегу. Полиграфиялық ондірістің экономикалық деңгейін және шыгарылатын онімнің сапасын жағарылатудың заманауи тенденциялары көрсетілген.

Заманауи полиграфиялық ондірісте қолданылатын неғізгі полиграфиялық материалдар – қыздар, бояулар, пазомерлік материалдарын құрамы, күрьышманды және қасиеттері, сонымен құтар басу инімін қалыптастыруға комплекстік технологиялық процессті қарташамасын етептің қосынша полиграфиялық материалдар қарастырылған.

Окулық «5B072200 – Полиграфия» мамандығында оқытын бакалавр студенттеріне арналған, сонымен құтар, технологиялық мамандықтардың магистранттарына және полиграфиялық ондірістің инженерлік-техникалық жұмыскерлеріне пайдалы болады.

ӘОЖ 655.1/3 (075.8)

КБЖ 37.8 я 73

ISBN 978-601-228-760-8

© Ж. Е. Ибраева, А. Г. Тягунов,
А. В. Вураксо
© ҚазҰТУ, 2015

Әлемдік экономиканың өсүін озу үшін, Қазақстанның стратегиялық мәселелерін шешу үшін, басекеге кабілетті елдердің катарына кіру үшін, мемлекеттің экономикалық өсүін қамтамасыз ету керек. КР президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050 стратегиясы» – қалыптастан мемлекеттің жаңа саяси курсы Жолдауында республиканың шикізаттық бағытынан көтіп, Қазақстан экономикасының диверсификация мен модернизациялау негізінде мемлекеттің тұракты дамуына, экспорттың өсу шарттарын құруыға, отандық экономиканың импорттан тәуелділігін женуге, кабілетті өнім түрлерінің өндірісін қамтамасыз стүге жол сілтеді.

Біздің еліміздің Әлемдік сауда үйімінде кірер алдында отандық өнім шығарушыларға шығарылатын өнімнің сапасына европалық талаптар қойылады. Экономиканың жаһандануы және халықаралық сауда және өндірістік байланыстың өсуі шығарушылардың өнім сапасына койылатын талаптарды күшейтеді. Бұл талаптардың бірі тауардың орамасы және полиграфиялық безендірілуі.

Жаңа технологияны құру және өндірістің қайта жабдықтау жаңа технологиялық процестердің негізі ретінде қолданылатын материалдарды ойлап табудан басталады. Полиграфия саласында бұл материалдарға көпбояулы жылдамдығы жоғары рулонды машиналарда басу үшін қағаздар мен бояулар, кітап блоктарын тікпей желіммен бекіту үшін қолданылатын желімдер, полиграфиялық фольга, баспа өнімін декоративті және қорғау қабаттары үшін материалдар.

Полиграфиялық материалдардың өндірісі мен зерттеу шенберіндегі заманауи үрдісі өнеркәсіптік өндірістің жалпы өсу бағытын көрсетеді және келесі негізгі бағыттардан тұрады:

- массасы төмен материалдарды ойлап табу;
- полиграфиялық материалдарды өндірісі кезінде нанотехнологияны қолдану;
- полиграфиялық материалдарды өндірісі кезінде электр шыбындарын азайту;
- жаңартылған шикізаттарды қолдану;
- экологиялық қаупсіз материалдарды ойлап табу.

Полиграфияда қолданылатын материалдар шартты түрде дайын өнімнің кұрамына кіретін негізгі және технологиялық процестерді қамтамасыз ететін қосымша материалдар.

Негізгі материалдар қолданылады:

- басу үшін. Ол қағаз, аз мөлшерде катырма, жамылғы және түптеу материалдары, ариайы баспа түрлерінде – металл, шины, полимерлік материалар;
- бейнені қалыптастыру үшін – бояу және полиграфиялық фольга;
- басылған жартылай өнімдерді дайын өнімге айналдыру үшін – түптеу және өндеу материалдары.

Қосымша материалдар полиграфия үшін арнайы болып бөлінеді, мысалы басу формаларын, ашық элементтерін, бояу білікшелерін даярлау үшін және өндірістің басқа да салаларында қолданылатын жалпылай сипаттағы материалдар – химикаттар, сұртегін материалдар және т.б.

Қағаз полиграфия үшін негізгі материал болып қала береді және баспа өнімдерін өзкүны бағасында 70%-та дейін орын алады. Тарих бойында қағаз өндірісі мен баспа ісі барлық потенциалдардың есүіне әсер етеді, ал мерзімді туындастын салааралық сипаттағы сұртегін материалдар және т.б.

Қағаз технологиясының есүінің әлемдік тенденциялары толық мәлілерде өнеркәсіптік өндірістің дамуының багытын айқындайды. Басуға арналған қағаз толықтай алынатын шикізат – сұртекten даярланады. Қағаздың композициясында кебіне сүрек массасы қолданылады және оны толығымен пайдалануға мүмкіндік туды. Сүрек массасын өндірген кезде пайдалы өнімнің шығымы шамамен 93-97%-ды қурайды. Қоғамдастырылған көрсеткіштер бойынша қағаз өндірісінде колданылатын термомеханикалық сүрек массасынан алынатын қағаз қасиеттері таза целлюлозалық қағаздың қасиеттерінен кем болмайды, тек массада лигнин болғандықтан, жарық еткізу көрсеткіші бойынша калып қояды. Қазіргі уақытта термомеханикалық масса тек газеттік қағазды даярлау үшін ғана емес, сонымен қатар қағаздың әр алуан түрлерін, мысалы жеңіл борланған қағазды (LWC), орташа массадағы борланған қағаз (MWC) және жоғары көркем қағазды (HWC) шығарады.

Қағаз бен қатырма өндірісінде макулатураны қолдану кепінен қолданыс табуда. Қалдықтарды қолдану және оларды жою сұртегінде таңда экологиялық проблема болып табылады. Қоғамдастырылған мемлекеттерде макулатураны қайта өңдеу ойдағыдан шешілуде.

Қоғамдастырылған мемлекеттерінде макулатураны қайта өңдеу деңгейі жоғары, Алмания мен Голландияда шамамен 70%, ал Ресейде шамамен 30%-та дейін қайта өңделеді. Европада қағазды өндіру процесінде екінші рет қолданылатын талшықтарды қолдану белгі шамамен 42%. Қағаз өнімдерін шығаратын Қазақстан нарығы негізінен «Қазақстан қағазы» компаниясының өнімдерін қолданады. Бұл компания гофроматериалдардың, гофрокатырманың толық спектрін және қайта өңделетін макулатурадан даярланатын орамаларды шығарады.

Полиграфиялық өнімді даярлау үшін оның түріне байланысты материалдардың алуан түрін қолданады. Мысалы, газетті шығару үшін негізгі материал ретінде тек қағаз бен бояу ғана қолданылады. Материалдардың үлкен таілауы кітап өндірісінде, ең бірінші үлкен қолемді бейнеленген кітаптарды даярлау кезінде қолданылады.

1 кестеде кітап даярлау өндірісінде қолданылатын материалдардың тізімі берілген.

1 кесте. Кітап өндірісінде қолданылатын материалдардың шамалас тізімі

Материалдар	Сипаты	Материалдардың категориясы
Басуға арналған көзінде қалыптастыру Баспа бояулары	Бейнені қалыптастыру	негізгі
Жілтер Полиграфиялық дәкес Желімдер	Кітап блогын бекіту	негізгі
Каптал Катырма Түптеу көзінде қалыптастыру Түптердің желімдеуге арналған маталар Түптеу бояулары Кітап блоктарының жиектерін даярлауға арналған бояулар	Кітапты бекіту, оны көркем безендіру және ендеу	негізгі
Формалық материалдар Декельдік материалдар Резинаматалық офсеттік пластиналар Бояу біліктеріне арналған материалдар	Басу процестерін қамтамасыз ету	полиграфияға арналған қосымша, арнайы
Химикаттар Фотоматериалдар	Формаларды даярлау	жалпылай сипаттағы қосымша
Материалы: жагатын сұртегін орамалық	Технологиялық процестерді қамтамасыз ету	жалпылай қызметтегі қосымша

Полиграфиялық материалдарға қойылатын жағты талаптар

Негізгі материалдар тұтынушылық қасиеттерге, яғни полиграфиялық өнімді қолдану шарттарына сәйкес сапасын анықтайтын қасиеттер жиынтығына ие болу керек.

Полиграфиялық материалдар полиграфиялық өнімді даярлау процесінде материалдардың өзара әсері мен бағытын анықтайтын технологиялық немесе жұмыс қасиеттеріне ие болу керек. Олар полиграфиялық жабдықтың қолданудың оптимальды режимдерінде технологиялық процестерің жүргісін қамтамасыз етеді. Бұл қасиеттердің сәйкес еместігі технологиялық режимдерді, жабдықтың өнімділігін және онімнің сапасын томендетеуді. Осыдан, онімнің сапасы тұтынушылық қасиеттерге байланысты екенін көрсетеді.

Қосымша материалдар технологиялық процесте қолдану кезінде ғана қолданғандықтан, технологиялық түсінік олар үшін тұтынушылық қасиеттерге сәйкес келеді. Тұтынушылық және технологиялық қасиеттер

өндірістік терминдер. Олар өндіріс жағдайында және полиграфиялық өнімді қолданған кезде физикалық және химиялық қасиеттерге байланысты болады.

Полиграфиялық материалдар құрылымы, қасиеттері, сипаты ен қолдану әдісіне байланысты ажыратылады (кағаз, бояулар, желімдер, маташтар және б.). Бірақ барлық материалдар үшін полиграфиялық технологияның мәніне, полиграфиялық өнімнің сипатына сәйкес қасиеттер маңызды.

Барлық негізгі материалдар үшін оптикалық қасиеттер үлкен мәнге ие, барлық негізгі және қосымша материалдарға - технологиялық процесте өзара әсерлесетін молекулярлық беттік қасиеттер, полиграфиялық технология процесінде материалдар әртурлі механикалық әсерлерге ұшырылатындықтан механикалық қасиеттерге ие болу керек.

Полиграфиялық материалтанудың негізгі сипаты оның құрамы мен құрылымына, технологиялық және тұтынушылық қасиеттерінің физикалық мәнін орнатуына байланысты материалдардың физика-химиялық қасиеттерін оқып білу.

Бұл оқылышта негізгі полиграфиялық материалдар – заманауи полиграфиялық өндірісте қолданылатын қағаздың, бояудың, полимерлік материалдардың және баспа өнімін даярлау кезінде технологиялық процесін қамтамасыз ететін кейбір қосымша материалдардың құрылымы, қасиеттері қарастырылған.

1 ТАРАУ. ҚАҒАЗ ЖӘНЕ ҚАТЫРМА

1.1 Қағаз және қатырманың пайда болу тарихы

Көптеген тілдерде «қағаз» сөзі түп тамыры бойынша Нил мекенінде молынан өсептін, жазуга арналған Осока тұқымдасының (*Cyperus papyrus*) есімдік сабактарынан даярланған материал – папиустан алынған деп жатады. Ағылшының «paper», француздың және немістің «papier» және украиндік «папір» сөздерін есімізге түсірсек жеткілікті. Мұның барлығы ежелгі грек «papyrus» сөзіне келіп тіреледі.

Папиусты біздің заманымыздан бұрынғы IV – III мың жылға дейін Ежелгі Мысырда даярлауды үйрениді. Папиусты даярлайтын құрактың сұрыбы ерекше патшалық болып табылатын. Ол ете биік (4 метрге дейін) және қалың (қалыңдығы жұддырықша сияқты) өркендерден тұратын. Папиус Мысырдың символы және рәсімдік есімдігі болды.



1.1 сурет. Нилдағы папиус

Папиустан бойралар, матрастар, жамылғылар, себеттер даярланды. Өсімдіктің жұмсақ бөліктері тәтті шырын беретін, ал жас буршіктер тамакка жіберілетін. Сыртқы қабығын жіппер, киім-кешектер, бас киімдер, аяқ киімдер даярлау үшін қолданды.

Жазу материалын даярлған кезде папиустың өркенин жапырақтардан тазартып, сыртқы талшықты тысын ажырататын. Өркеннің жұмсақ кеуекті езегін жұқа жолактарға жарды. Оларды бірнеше уақыт сулап, ағаш бағамен ұрыптығыздап бір қабатқа орналастыруды. Келесі қабатты тік бұрыш етіп үсті-үстіне қойды. Сосын қабаттарды жұқа ақ майысқақ материал түзілгенше престеп, күн астына қойып кептірді. Кептіргенен кейін жолактарды бір-бірімен біріктіріп, мықты материал парагын алды. Жеке парактарды жазу кезінде папиустың полотносына кисточкамен жазылатын қызыл және кара

сиялар ағып кетпеу үшін пемзамен, піл сүйегінен даярланған үткітештермен тегістеп, балгамен ұрып шайырлармен желімдеді. Сонын папирос парактарын сүйектік желіммен, ұннан даярланған желіммен немесе тұнбалы сумен желімдел, сіні 20..25 см болатын ұзын полотнолар алды. Папирусты майыстырғанда қатпарлар пайда болды, сол себептен материал жаксы сақталу үшін оны ұзын шиыршыққа орады.

Негізінен папирусты жазу үшін қолданды, бірақ кейбір мысалдарға сүйенсек, оны орама үшін де пайдаланған. I-мысыр әuletінің замандарынан (біздің заманға дейін III мың) папирустық «қағаздың» бір бөлігі сакталған, оған кремнийден жасалған жараптар оралған екен. Орамада қолданылатын орамалық парактарды папирусты даярлау кезінде пайда болған кесінділерден жасаған. Қатырмага ұқсас материалдар папирустың өзегінен және папирос макулатурасынан даярланды. Бұл материалдардан, мысалы мумия сақтайтын қораптарды жасаған.

Біздің заманымызға дейінгі I мың жылдықта папирос барлық Жерорта теңізі бойымен таратыла бастады. Біздің заманымызға дейінгі VII мың жылдықта оны Грецияда, б.з.д. VI мың жылдықта Аппенин түбегінде қолданды. Август императоры басқарған Рим империясының заманында папирустан 8 әртүрлі сорттағы қағазтар ізделген. Бұл материалдардан, мысалы мумия сақтайтын қораптарды жасаған.

Қытайда 2 мың жыл бұрын Хань әuletі басқарған заманда қағазды ойлап тапкан. Қағаздың ежелітінде үлгілері біздің заманға дейінгі II ғасырда даярланған делинген. Әуелде қағазға ұқсас материалдар қалақай талшықтарынан, ескі жарамсыз жілтерден, шуберектерден, жібек даярлау өндірісінің қалдықтарынан даярланатын және өзінің кұрылымы бойынша заманауи маталы емес материалдарға ұқсас болды. Мұндай материал жазу үшін жарамсыз еді, сол себептен ғалымдардың пайымдауынша оны кебінесе орау үшін пайдаланған. Қағаздың өндөлген әдісінің ойлап табылуы біздің заманың I ғасырына тән және дәстүр бойынша оны тапкан императорлық гаремнің төресі Цай Луньге тиесілі. Біздің күндерге дейін біздің заманың 105 жылына тиесілі гравбра жеткен, онда Цай Лунь өзінің көмекшілерімен бірге белгіленген. (1.2 сурет). Сол жағында комекші қағаз шиыршығын үстап тұр, үстел бетінде жазу үшін шоғыр мен тушь жатыр.


V ғасырдың ежелгі қытай хабарларында Цай Лунь «пай чжи» қағазды ескі балық кармақтарынан, ескі шуберектерден және ұсақталған ағаш қабырыштарынан даярлаған делинген. Даярланған қағаз императорға ұсынылып, өнер табушы жоғары мактауға ие болған. Кейіннен Цай Лунь қағаз ісінің құдайы және қағаз даярлаушылардың киесі болып кетті.

Қағаз даярлаудың технологиясы бамбук бойрасының сулы дисперсиясынан немесе жібектік, шаш жілтерін елеクтерден сүрек талшықтарын қоширу арқылы негізделген. Жазба қағазы кебінесе балдырлардан, рамиден (қытай қалақайы), кендір талшықтарынан жасалған.



2 сурет. Қағазды ойлап табушы Цай Лунь

Біздің заманың X ғасырында жазба қағазын көктемде кесілген бамбуктың жас шыбықтарынан даярлады. Бұтақтарды көп уақыт суда сулап, қабығын сүректен ажыратып, пайда болған супензияны әкпен араластырып, бірнеше тәулік бойы қайнатып сүзгіден еткізді (1.3 сурет).



1.3 сурет. Бамбукты дайындау және қағазмассасын даярлау. XVIII ғ. гравюралары

Пайда болған массаны мұкият үйкелеп, ағаш рамага тартып жібекті елек тәрізді араластыратын формага немесе бамбук шыбықтарынан жасалған жұка берік бойрага салды.

Су ағып біткеннен кейін пайда болған талшық қабатын формамен бірге престеп, бөліктермен қойып, сосын пресс арқылы қатты сықты. Парактарды

формадан айрып, кептіріп шеттерін қиды. Тұрмыстық жағдайда, сонымен қатар тауарларды орап тыстау үшін құрш немесе бидай қамысынан алынған қағазды қолданған. Ал сандалов ағашының қабығынан қағаздың хош иісті сұрыптары даярланды.

Қытайдан қағаз даярлаудың технологиясы II ғасырда Кореяга, III ғасырда Синьцзян мен Турфанға, сосын Жапонияға жіберіліп VI ғасырдан бастап шығарыла бастады.

Орталық Америкада қағазға ұқсас материалдар ертерек европалыктар келгенге дейін архитектор даярлады. Ол үшін смоковница қабыршықтары мен агава талшықтары қолданылды.


VIII ғасырда қағаз Индияда жасалына бастады. 751 жылы араб әскері Тхераз езенінде қытай императорының әскерін талқандады. Арабтардың тұтқынына мемлекеттік құпия болып саналатын қағаз даярлау технологиясын білестін қытай қасіппшілері түсті. Ортаазиялық мануфактураларда қағаз даярлаудың құпиялары VIII ғасыртын екінші жартысында игеріле бастады. Орталық Азияда қағаздаярлаудың негізгі орталығы – Самарқанд болды. Жергілікті шеберлер өсімдік талшықтарын ысқылау үшін диірменді қуралдарды пайдаланды.

Зығыр шуберектерін тарағ, әк ерітіндісімен өндеп, ерітіп күл қосып қайнатты, сосын тартты. Қағаз массасын арапачтыру үшін жұқа металды сымнан жасалған елкті қолданды. Қағаздың қасиеттерін жақсарту мақсатында оны крахмалды желіммен желімдеді.

Орталық Азия мен Парсы арқылы қағаз өндірісі Жақын Шығысқа жетті. X ғасырда қағазды Араб халифатының бірнеше өнірлерінде – Багдадта, Дамаскте, Палестинада, Мысырда және Солтүстік Африкала даярлай бастады. XI ғасырды қағаз туралы Византияда біле бастады. Шамамен 1150 жылы қағаз даярлау шеберханасы арабтар женип алған мекен испан қаласы Касативада пайда болды. 1154 жылы қағаз өндірісі итальяндық кала Фабрианода пайда болды. 1189 жылы қағаз өндірісі Францияда да пайда болды. Батыс Европаның басқа елдерінде қағаз даярлау өндірісімен крес жорықтары кезеңінде танысты. Алманиядагы бірінші қағаз дірмені 1389 жылы Нюриберг қаласында жұмыс істей бастады. Кейінірек, 1488 жылы қағазды Англияда жасай бастады. 1532 жылы қағаз өндірісі Швецияда, 1565 жылы Московияда қағаз өндірісі іске қосылды. Одан бүрын шамамен XV ғасырдың аяғында қағаз өндірісі Украинаның батысында пайда болды. Қағаз даярлау үшін европа елдерінде томарша, зығыр және мақтакағазды шуберектер қолданылды. Ал басқасында қағаз даярлау технологиясы дәстүрлі болып қалды (1.4 сурет).

Қытайда әүсле қағаз тушпен немесе кисточка кемегімен жазу және сурет салу үшін қолданылды. Қағаз қолданулың басқа аумагы кітаптар болды. Ежелгі қолжазбалық қағаз кітабының үлгісі – «Пиой цзин» буддалық сутра (б.з.Ш ғ). Біздің заманының VI ғасырынан бастап, тасты ойып алатын клишени пайдалану арқылы басу пайда болды. Ары қарай бул технология литографияның пайда болуына әкеп соктырды – бейне жазық тасқа жазып,

сосын қағаз бетіне түсірді. IX ғасырдан бастап Қытайда ксилографияны – мысты ажарланған тақтайшалар арқылы басуды қолдана бастады.



1.4 сурет. Орта ғасырдағы мануфактурада қағаз даярлаудың технологиялық процесі

1041-1048 жылдар аралығында Қытайда Би Шен атты ұста қүйдірілген балшыктар жасалынған қозғалыш қаріп арқылы басуды ойлад тапты. 1340 жылы көпбояулы басылыстың пайда болғанын айгақтайдын екі бояумен басылған бірінші кітап пайда болды. Басылған қытай кітаптарының барлық мекендерге тараптуы шамамен X-XIII ғасырларға тиисілі. XI –XIII ғасырларда Кореяда (XV ғ. Қытайда) басу үшін сырғымалы металды қаріп қолдана бастады.

Ортагасырлық Қытайда қағазды қолдану үлкен көлемдерге жетті. Жыл сайын мин империясында мемлекеттік құжаттарды журғізу үшін бірнеше миллион парактарды қолданды. Қағаз түс қағаздарды, матрацтарды, жамылғыштарды, ширмаларды, перделерді, суреттерді, талисандарды, ойын белшектерді, географиялық карталарды, бағалы құжаттарды, атқыштар үшін тутіктерді, асери сауыттарды, дәретханалық керек-жарактарды даярлау және терезелерді бітеу үшін қолданылды. Қағаз белгілі бір форманы сақтап қалуга қабілетті болғандықтан, Қытайға, Кореяға, Жапонияға және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне тән қағаз желдеткіштер, фонариқтер, әуэ жыландары, конверттер, гирлянда және басқа да бүйімдарды даярлау үшін қолданылды.

Европада қағазды көп мелшерде кенинен қолдануға шамамен 1440 жылы Йоган Гуттенберг ойлаш тапқан кітап басылымы болды. Көп мелшерле қағаз кітаптар, газеттер, журналдар, хаттар, азаматтық, шіркеу және мемлекеттік құжаттарды қолданғанда пайдаланылды. XV ғасырда Батыс Европада күнды қағаздар басылатын сулы белгілері бар қағаз парактары

пайда болды. 60 жылдан кейін, 1500 жылы 260 европалық қалаларда 1500 аса баспаҳаналар және бірнеше жұз «қағаз» дірмендері жұмыс істей бастады.


Европада қағаз мануфактуралар пайда болғанин кейін алғаш рет қағазды өрлемелі орамалық максатта қолдана бастады. Онда қағаз парактарының қындылары және сыйналған баспалық таңбалар қолданылды. Италияның ортағасырлық қалаларында (Венеция, Флоренция, Милан, Падуя) карнавалдар мен мерекелер кезінде жиылғандарға терезелер мен қылтималардан түрлі түсті қағаз орамаларына оралған ерітілген қанттан жасалған түйіршіктерді тастау әдекте айналды. «Конфетти» деп аталатын бұл бұйымдар қағаз орамасының белгілі бірінші үлгілері болып саналды. XV ғасырда Венецияда, сосын Италия мен Алманияның басқа да қалаларында бірінші баспаҳаналық маркалар, этикеткалар және ярлыктар пайда болды. XVII ғасырдың ортасында Англия сөрелеріндегі қағазды американдық темекі мен қытай шайын орау үшін қолданы. XVII-XVIII ғасырларда Еуропаның әртүрлі елдерінде қағазды қаралайым қағаз пакеттерін және орап буатын материал ретінде колданды.

XVI ғасырдың ортасында престелген катырманың бірінші үлгілері пайда бола бастады. Катырма сөзі итальяндық «cartone» сөзінен пайба болған дейді және кatty, мықты дегенді білдіреді. Европада кітап басылымы дами бағағаннан кейін түптеу үшін қағазбен қапталған және терімен, матамен немесе пергаментпен тартылған ағаш тақтайшалар мен шпондар қолданылды. Сонын мұқаба ретінде қайнатылған крахмал желімі немесе декстринмен желімденген және престен еткізілген бірнеше қағаз парагы қолданылды. Бұл материал заманауи катырманың бір үлгісі, кітаптар мен журналдардың сыртқы түттеулері үшін, сосын футлярлар мен орама материалы ретінде қолданылды. Сонымен қатар, XVIII ғасырдың аяғында жаңа материал папье-маше қолданыла бастады. Ол крахмал, гипс, декстрин, бор және каолин қосылған қағаз массасынан даярланды. Папье-машеден ойынышқтар, мұляждар, футлярлар, кобдишалар, қоралтар жасалынды.

Көптеген уақыт бойы қағаз қолмен ғана даярланды. XV-XVII ғасырларда қағаз массасын үтіп даярлау үшін сулы жетек қолданылды (1.5 сурет).

Бұл дәуірдің кәсіпорындары қол еңбегін жұмсайтын мануфактуралар болды. Мысалы 1599 жылы күрылған Брюховинде (Львов мәңгілі) мекеме үлкен үш қабатты гимаратта орналасы. Ол қағаз массасын даярлау үшін барлық жақтармен жаракталды: сулы деңгелекті қозғалысқа экелтін түйіштер, қазандықтар, електер, үстелдер мен қағаз парактарын кептіретін сөрелер, шуберектерді езетін үлкен ыдыстар.

Ресей империясында қағаз мануфактурасының саны бойынша есусы Петр I басқарған дауірге келеді. 1720жылғы бүйіркта қағазды дірмендерде кітаптік, жазба, оралатын, картузды және ойын карталарына арналған қағаздарды жасау туралы жазылған. Картузды қағаздан сол уақытта пакетте, темекі бумасының орамалары және әртүрлі сыйлық орамалары даярланды. Бірнеше қағаз мануфактуралары іске қосылды: Мәскеулік, Царскосельская, Понинковтық, Чулаловтік, Сиелецтік және т.б.



1.5 сурет. XVII ғасырдағы қағаз днірмені

Қағаз өндірісіндегі көп мөлшердегі қажеттілік пен оны қолмен көп жоғары білікті мамандарды қажет ететінін есекере отырып даярлау XVIII-XIX ғасырлардың тұсында қағаз өндірісінің машиналық тәсілін жасаудың әкелді. 1798 жылы шикі қағаз парагын сығып тегістеу үшін ағылшын фабрикаларында біліктік машина-каландрді қолдана бастады. Ал 1799 жылы франциуз шебері Никола-Луи Робер патент алғып әлемде бірінші толассыз жұмыс істейтін қағаз құю машинасын құрастырды (1.6 сурет).



1.6 сурет. Әлемде бірінші толассыз жұмыс істейтін қағазқудо машинасы

Бұл машина қағаз материалдарын колмен құюды механикаландырылғанға ауыстырыды. Қағаз массасын араластырудың процесі толық үздіксіз болды және кәжетті ұзындықтағы қағаз табағын алуға мүмкіндік берді.

Ағашты ыдыстар айналмалы барабан арқылы қағаз массасы екі ағаш цилиндрлермен тартылған електін шексіз лентасына берілді. Су тесіктер арқылы етіп елек бетінде қағаз талшыктарының қабаты қалған. Колмен көлтірілетін лентаның жылжу жылдамдығы 5м/мин жетті. Робердің технологиясы шексіз жүгіріп тұратын електі лентаны колдану және қағаз массасын тұрақты біркелкі жіберу, бұл технология қазіргі уақытта да езгерген жоқ. Күйілған қағаз табағы машинадан кейін кесілмейді және осы уақытқа дейін қол әдісі бойынша жеке парактарды көптіру жоспарланбаған. Бұл Робердің өнертапқыш ойының данышпандылығын айқындайды. Бірақ, көптеген өнертабыстар сияқты, Робер ездігінен өз табысын іске асыра алмады, сол себептен оны 1800 жылы Дидот атты фабрикантка сатып жіберлі. Сосын патентті француз қасіпкерлері Анри және Сили атты ағайындар кайта сатып алғып, Англияға көшіп, онда қағаз даярлау машинасын құрастыруға тырысты.


Робердің табысын тек ағылшын механизигі Брайян Донкин ғана колданыстағы үздіксіз жұмыс істейтін қағаз қую машинасын іске асырды. Ол 1804 жылы Робердің жобасы бойынша Англияда бірінші рет жұмыс ені 30 дюйм (76,2 см) болатын қағаз даярлау машинасының прототипін құрастырыды. Машинаны қайтадан жаңарап, сулы жетекпен жабдықталып 1807 жылы іске қосылды. Донкин електің сілкілеу механизмінің күрьылымын және гауч-прессті жаңартты. Ол езгеріп тұратын декельді белдік орнатып машинаны қосымша пресспен жабдықтады. Кейін, Донкин машинаның жұмыс енін 60 дюймге дейін (152,4 см) ұлжайтты.

1825 жылы бірінші цилиндрлі машина құрастырылды. 1829 жылы Донкин бүмен жылдытылатын көптіру цилиндрлерді колданып, көптіру белігі бар көпцилиндрлі машинаны құрастырып бірталай жетістікке жетті. Осылай машиналық әдіспен қағаз даярлаудың негізгі технологиялық процесстер ендірілді: паракты үздіксіз қалыптастыру, механикалық сусыздандыру және термиялық көптіру. Ақырында қолмен даярлау әдісі жогары өнімді машиналық әдіске көшіп, ары қарай жогары темпте өсуге мүмкіндік туғызыды.

XIX ғасырдың 30 жылдары бірінші қағаз даярлау машиналары Ресей империясының Санкт-Петербург қаласының қую зауытында шыгарыла бастады. XIX ғасырдың 30-40 жылдары қағаз даярлау машинасының құйылатын белгітері қосымша престсу, көптіру, каландрлеу және қағазды рулонга орау секцияларын жаңартып, үздіксіз жұмыс істейтін қағаз даярлайтын желілерді күрды (1.7 сурет). 1850 жылы машиналардың жұмыс ені 0,9-1,5 м, ал жылдамдығы – 3-20 м/мин дейін жетті.

Европада қағазды көп мелшерде пайдалану дәстүрлі шикізат «шуберектердің» жетіспеушілігін туғызыды. Сондықтан технологияны қайта жаңарап, қағазды сүректен даярлау жабдықтары енгізіле бастады. 1670 жылы

Нидерландыда өсімдік талшықтарын үсататын ролл-құрылғы ойлап тапты. Бұл қағазды даярлау үшін үлкен талшықтарды пайдаланып қю үшін біркелкі қағаз массасын алуға мүмкіндік берді. 1719 жылы Рейнор атты физикпен қағазды сүрек талшықтарынан даярлау үсінілді. Бірақ сүрек талшықтарынан қағазды даярлау тек 40 жылдан кейін неміс сынаушы Шеффердин көмегімен іске асты. 1774 жылы швед химигі Карл Вильгельм Шееле хлордың ағарту қасиеттерін ашты. 1792 жылы қағазды ағарту үшін ағылшындар Кемпбелл мен Чарльз Теннант хлорды қолданды, ал 1798 жылы хлорлы әкті пайдаланды. 1807 жылы француз инженері М. Иллиг қағаздың басу қасиеттерін жаксарту үшін қағазды канифольді желіммен желімдеуді үсінілді.



1.7 сурет. XIX ғасырдың 30-40 жылдарындағы қағаздаярлау машиналары

XIX ғасырдың 40 жылдары Саксон елінің токушысы Фридрих Готлиб Келлер талшықтарды ысқылау үшін абразивті тасты пайдаланып, үсактау құрылғысының жанамасын үсінілді. Бұл енертабыс Генрих Фельтер атты инженерге сатылып, ол 1847 жылы сүректі жеке талшықтарға тараудау машинасы – дефибрерді құрастырды. Үлкен айналмалы қурал суды жуып, сүрек жонқаларды талшықты массага үсактады. Дефибрер орамалы қағаз бен катырма өндірісінде үлкен қолданыс тапқан механикалық қағаздың сүрек массасын өндіруге мүмкіндік туғызды.

Сүректің құрылымын және онын химиялық құрамын оқып үйренуіне қарай, сүрек клеткалары әр алуан формада болатыны және езара берік біріккені жөнінде айттылған. Клетканың ішінде ауа мен ылғал толтырылған құыстар орналасқан. Клетка қабырғалары негізінен жоғары молекулалық қосылыс болып табылатын целлюлозадан құралған. Таза күйдегі целлюлоза –

катты зат. Жасуша қабырғаларында целлюлоза молекулалары фибрилл деп аталатын бұмаларға біріктірілген. Фибрилл арқылы сүрек талшығын тарту кезінде көптеген беліктерге үсатуға болады.

Сүректің құрамында целлюлозадан басқа үлкен мәнге ие долған органикалық зат – лигнин болып табылады. Ол есімдік қабырғаларына етіп оларды катты етеді. Өсімдіктің жас клеткаларының тысы таза целлюлозадан тұрады, сондыктан олар майысқақ. Ұақыт ете клетка қабырғалары катайып сыңғыш болады да онда лигнин жинақталады. Сүрек талшықтары сыңғыштық қасиет үшін лигнинге міндепті болып келеді. Лигнин целлюлоза сияқты полимер, бірақ оның молекуласы үш елишемді. Қағаздың жогары сұрыптарын даярлауга сүректі жарамды ету үшін оған қаттылық пен сары қоңыр түс беретін бірнеше орында лигнинен ажыратып алу керек. Сол себепті химия келді.

Еткен ғасырдың ортасында екі ағылшын химигі Уатт пен Барджесс сүректен сүрек жанқаларын құйдіргіш натрий ерітіндісінде өндеп, таза целлюлозаны ала бастады. Кейінірек келе, американ химигі Тильгман шырша сүрегін кальций бисульфитімен және күкірт ангидридінін қосындысымен қыздырып, целлюлозаны алды. Сүректен целлюлозаны қайнатудың бұл әдісі сульфиттік деп аталады да, алынған целлюлоза сульфиттік деп аталады.

Құйдіргіш натрийге натрий сульфиді қосылған ерітінді арқылы сүректі қайнатудың әдісі кейінірек дамыды және целлюлоза алудың бұл тәсілі сульфаттық деп, алынған целлюлоза сульфаттық деп аталады. Бұл әдіс сульфиттік әдіске қарағанда бірнеше ерекшеліктерге ие: сүректің әр алуан түрін қайнатуға болады, алынған целлюлоза жогары мықтылықта ие және ұзаққа тәзімді.

Қайнатқаннан кейін алынған целлюлоза сұртусті немесе қоңырқай түсті болып келеді, сондыктан оны ағарту керек. Ағарту үшін кебінесе қайнатқаннан кейін қалып қойған лигнинді ойрандау үшін хлор және оның қосылыстарын пайдаланды. Соңғы жылдары хлормен ағарту пероксидтер, оттері, озон сияқты зиянсыз заттармен алмастырыла бастады. Қатырманың көптеген түрлері және қағаздың бірнеше түрлері, мысалы орама және техникалық түрлері ағартылмаган целлюлозадан шыгарылды.

Қағаз өндірісінде негізгі шикізат ретінде сүректі және оны талшықты өңдеу үшін механикалық және химиялық тәсілдерін қолдану бұл өндіріс саласының ары қарай дамуына негіз болып саналды.

Қағаз бен қатырманы өндіруде талшықты шикізаттан бөлек саны жыл сайын үлкейе берестін әр алуан қосымша материалдар қосылуы керек.

Кітап және журналдарды басуға арналған қағаздың құрамына талшық арасындағы көністікті толтыру үшін арнайы зат – толықтырғыштар қосады. Оларға каолин, тальк, гипс, бор, титан диоксидін жатқызуға болады. Мұндай қағаздарда басылған таңбалар ете жарық және анық болып келеді.

Жазуға және басуға арналған қағаз желімдену керек. Желім сия мен бояуларға қағаз бетінде ағып кетпеүіне жол бермейді, еткені желімнің бөлшектері талшыққа сіңіп, ылғал жібермейтін тор қуралды. Желімдеу үшін кебінесе канифольді желім колданылады.

Ресейде бірінші қағаз даярлау машинасы Петергоф фабрикасында қойылды, ал кейіншеге, 1817 жылы Красносел қаласының қағаз фабрикасына берілді.

1850 жылы қағаз даярлау машиналары Ресейдін 50 фабрикаларында жұмыс істей бастады. 1885 жылы Ресейде қойылған машиналардың саны 135-ке жетті. Машиналарды қолдану қағаз даярлау өндірісін үздіксіз бір ағынға қойды және парактық қағаздың көп шығарылымынан кейін, оларды рулон түрінде шығаруға мүмкіндік тузызы.

Кеңес үкіметінің бірінші бес жылдығында қағаз фабрикалары қайта құрастырылып жаға техникамен жабдықталған бастады. Бірнеше заманауи цеплюлозалық қағаз комбинаттары құрылды. Алғаш рет қағаз өндірісі үшін машинажасау базасы, құрастырылды, гылыми-зерттеу институттары, зертханалар, жобалау институттары ұйымдастырылды. Қағаз өндірісінің ары қарай қарқынды дамуы еткен ғасырдың 60 - жылдарына тиесілі.

Қағаз бен қатырманы орама өндірісінде пайдалану

XIX ғасырдың басында қағаз бен желімдерінің престелген қатырманы орамалық материал ретінде кеңінен пайдалана бастады. Қымбат тауарлар мен сыйлықтарға арналған қатырмалық кораптар басында жекелеп жасалатын бүйім болып саналатын. Оларға дөңгелек немесе сопақ формаға келтіріп қолмен даярлаған.

1798 жылы Бавария картографы Алоиз Зенефельдер кеңінен таралған түрлі-түсті жазық басылымның әдісін – литографияны ойлап тапты. 1834 жылы бір Лондон қаласының езіндегі 700-ден аса литографтар болды. Бұл сірінке салынған кораптарда, шай қораптарында, балық пен ет салынған қалбырларда, иіс су құйылған ыдыстарда, шарап құйылған шелмектерде және т.б. тауарларда кездесетін түрлі-түсті және арзан этикеткаларды басып шығарудың өндірісін игеріп алуға мүмкіндік тузызы. XIX ғасырдың 50 жылдары АҚШ-тың жекелеп сатылымында ашып жабылатын қакпактары бар жазық қағаз пакеттер мен қатырмалық кораптар қолданыла бастады. Ең алғашқы болып қатырмалық кораптарды «Birf» компаниясының шегелерін орау үшін қолданды. Қатырмалық дайындаудың ақаулары мен тесіктегі болмады, сондыктан оларды дүкендегі тауарды орау үшін бүтіп қойып немесе желімдейтін. 1852 жылы Пенсильвания штатының Бэтлемехеме қаласында қағаз пакеттерін жасап шығарғатын алғашқы станоктар даярланып іске қосылды. 1859 жылы Англияда поштальық ведомствоның тапсырысы бойынша сауқаттар үшін қатырмалық жәшіктегі даярлана бастады.

XIX ғасырдың 60-70 жыллары әлемнің әртүрлі елдерінде қағаз пакеттерін, қаптарды және қатырмалық кораптарды пайдалану кеңінен қолданыс тапты. 1870 жылы тубі бар қағаз пакеттерін даярлау тәсіліне Лютер Чайлдс Кроузелл патент алды. Бұл пакеттер әмбебап тара болып саналады. Оларға қантты, жарманы, макарондарды, конферттерді, тәтті тоқаштарды орай бастады.

1856 жылы екі ағылшын Эдуард Чарльз Хейли мен Эдуард Элис Аллен формасын сақтап қалу үшін қалпактардың ішіне гофрленген қағаз ленталарын жасап шыгару үшін № 1597/56 британдық патентті алды. Патентте гофрленген ленталарды орамала колдану карастырылмаған. Тек 1871 жылы Нью-Йорктегі Альберт Л. Джонса шыны ыдыстар мен шелмектерді сынудан сақтайтын материал ретінде қолданылатын гофрленген қағазға АҚШ-та № 122023 патентті берілді. Джонс ез енергетбасын іске асыра алмады сол себептен екі жылдан кейін оны Генри Д. Норриске сатып жіберді. 1873 жылы Норрис шыны шелмектерді орап бууга мен заттардың арасына қойылатын төсемелерді даярлау үшін бір қабатты гофрленген материалды даярлады. Гофрленген қағазды алу үшін қызыдырылатын ойыктар жасалған біліктерді қолданды. 1874 жылы АҚШ-та Оливер Лонг шыны ыдыстары өнімдерді орап буу үшін жабынды қабаты бар гофрленген қағаз үшін № 154498 патенттін алды. Джонстың алынған патенттіне сәйкес Логтың ұсынысы ойылған қағаздың бір жағына тегіс лентаны желімдеу болды. Сонымен катар қағазды екі жағынан да желімдеуге болатыны жеңіндегі ұсыныс айтылған. Бұл бір және екі қабатты гофрленген қатырманың пайда болуына септігін тигізді. Сол жылы баска американдық енергетбасуши Роберт Х. Томпсон қағаз бен ұсақталған тығын негізінде амортизацияланатын материалды жасап шығарды. Норрис пен Томпсон ез жігерлерін біріктіріп, 1875 жылы Нью-Йорктегі «Tompson & Nortis» атты компанияны құрды. Бұл компания өздері өндеп сатып алған жазық қабаттарды гофрлеу және желімдеуге арналған құрылғылар мен жедеткіші бар конвективтік көптіргіштер сияқты арнайы жабдықты қолдана отырып, бір қабатты гофрленген қатырманы өндіре бастады. Басында гофрленген қатырма арасына салатын және амортизациялайтын материал ретінде ғана қолданылды. 1882 жылы Роберт Х. Томпсон екі жакты (3 қабатты) гофрленген қатырма үшін АҚШ-тың № 252547 патенттін алды да оны өндіре бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Брамах пен Дикинсон екеуі өзара қағаз даярлау үшін деңгеленген електі машинаны, ал Якоб Оехельхаузер езі алғыншының пап-машинаны ойлап тапты. Кейін қағаз даярлау өндірісі машиналардың өнімділігін арттыру жолында есіті. Бұл ең алдымен машинаның жұмыс енін мен олардың жылдамдылығын арттыру мақсатында жүргізілді. XIX ғасырдың 70-90 жылдары АҚШ пен Батыс Еуропада жаңартылған булы құрылғылары арқылы іске қосылатын, сосын электркозғалтқыштар арқылы жұмыс істейтін қағаз даярлау машиналары қурастырылды. Бұл кезеңде бір цилиндрлі машиналармен қоса көп цилиндрлі – ұзынторлы цилиндрлі машиналардың көнінен колдану басталды. Ұзынторлы қағаз даярлау агрегаттары қолданыс тапканнан кейін машиналық әдіспен массасы $1m^2$ 400-1200 г дейнінгі қатырманың өндірісі іске асты.

1868 жылы Ағылшын Чарльз Гоулд кейінрек қатырмалық тара мен ораманы бекіту үшін қолданылатын, журнал мен кітаптарды бекітіп автоматты тігу құралын ойлап тапты. 70 жылдары бұл тігу құралдары баспаханаларда, кейін қатырма даярлау цехтарында да қолданыла бастады.

Бірнеше уақыттан кейін, Е.У. Бонфилд қатырманы тегістеп, оймалап, желімдеу үшін жабдық ойлап тапты. Бұл жабдық жәшіктерді даярлау үшін гофрленген қатырмалық материалдарды кеңінен қолдануға мүмкіндік туғызды.

1879 жылы Балтимор азаматы Роберт Гейр (АҚШ) бүтіліп салынатын қатырма қоралтарды даярлау үшін басу пресін ынгайлады. Прессте орнатылған өтпейтін пышактар бүті үшін бүтілімдер жасап, үшін өткір ұшталған пышактар дайындауды оймалады. Оймалау мен бүктеуге құрастырылған жабдық нарыққа бүтілетін қоралтардың жаппай басылымы басталды. Сол уақытта Генри М. Смит белбесулі қарал шығады. 1884 жылы «Quaker Oats» американ фирмасы сулу жармасын басылған бүтілетін қатырма қоралтарының өндірісін бастады (1.8 сурет). Бірнеше жылдан кейін ораманың бүл түрі тауарлардың басқа да түрлеріне кеңінен қолданыла бастады.



1.8 сурет. 1884 жылы АҚШ-та «Quaker Oats» американ фирмасы шыгарған бүтілетін қоралтардың бірі

90 – жылдардың басында АҚШ пен Ұлыбританияда бүтілетін қатырма қоралтарына бумалярдың арасына картон салынған «Uneeda» атты печенье өндіріле бастады. Бұл сату кезінде таразыда өлшенбейтін ораманың бірі болып саналды.

1883 жылы «Tompson & Nottis» американ компаниясы Лондонда бірінші болып гофора қатырмадан жасалынатын бұйымдарды фадриканы құрды, 1886 жылы жеке фабриканы Алманияда, Фукстальда, Киршберг қаласының манында құрды. 1888 жылы «Tompson & Nottis» компаниясының қатырма бұйымдарының жаңа фабрикасы Францияда жұмысын бастады. XX ғасырдың басында гофрокатырмадан ораманы жасайтын 20-дан аса фирмалар жұмыс аткарды және каркынды дамуын ары қарай жалғастырды. Әлем бойынша қатырма жасау фабрикалары бірінен кейін бірі ашыла бастады: 1902 жылы Чехияда, Австрияда, Нидерландта, Польшада, Жапонияда; 1905 жылы Швеция мен Швейцарияда; 1907 жылы Ресейде

(Сакт-Петербург); 1909 жылы Италияда, 1910 жылы Венгрияда; 1911 жылы Финляндияда; 1913 жылы Данияда, Ресейде (Одесса); 1915 жылы Австралияда.

XIX гасырдың аяғына қарай целлюлоза мен сүрек массасынан қағаз бен қатырманы жаппай өндіру басталды. 1900 жылға дейін қағаз даярлау машинасының жұмыс ені 1,6...3,0 м төнірегінде, ал жылдамдылығы – 30...120 м/минутка жетті. Машинанды құрастырушылар сол уақыттың технологиялық шешімдерін ұсынған көлтеген мүмкіндіктерге тіреллі. Машинаның жылдамдығын шектеу (250 м/мин) гауч-пресстер мен жабынды престердің көмегімен қағаз полотносын сузыздандыру процестерінің аз қарқынмен туспайды. Тек 1908 жылы сорғыш бліктерді, ал 1911 жылы жогары қысымды жүтірткіштерді және тасымалдауыш барабанды-роликтік аппаратурды ойладап тапқаннан кейін ғана бұл шектеулерді енсеріп, қағаз даярлау машиналарының өнімділігін жогарлатты.

XIX гасырдың соңы онжылдығында АҚШ-та, Англияда, Алманияда қатырма бүйімдарын өндіретін машиналардың жанартылған құрылымдары пайда болды. 1895 жылы АҚШ-та Сефтон атты өнертапқыш гофрокатырма өндірісі үшін аралас машинаның жанамасын құрастырды. Бұл қатырма бүйімдарын өндірудің ары қарай дамуына септігін тигізді. 1907 жылы қатырманы тестілеу үшін 1887 жылы Джон В. Муллен ойладап тапқан қатырманың сапасын тексеретін Муллен-тестер гидравликалық өлшегіші қолданыла бастады. XX гасырдың 20-30 жылдары қатырма мен қатырмалық бүйімдарды өндіру үшін жабдықтар заманауи ажар ала бастады (1.9-1.13 суреттер).

1916 жылы американ өнертабушы Сефтон Индиана штатының Кокомо қаласында бірінші 5 кабатты гофрокатырма даярлады. Гофрокатырма даярлау машинасының өнімділігі 3 м/минуттан (1895 жыл) 10 м/минутка дейін (1910 ж.) жетті.


XX гасырдың 20 жылдарының басында Эрнст Могель Дрезденде 30 м/мин жылдамдықта қатырмалық дайындалмаларды өндіретін бірінші тез жүретін роторлы машинаны құрастырды. 1919 жылы АҚШ-та газеттік қағазды шыгаратын машинаны орнатты. Машина 300 м/мин жылдамдықта және 5,9 м жұмыс енінде қүніне 127 т өнім шыгарға бастады.

1970 жылы бұл машиналардың параметрлері ең алдымен АҚШ пен Канадада тұрақтана бастады: жұмыс ені 7-7,5 м және жылдамдығы 800-900 м/мин. Бұл қүніне 400-500 т қағаз өнімін алуға мүмкіндік берді. Газеттік қағазға арналған заманауи машиналардың жұмыс ені 9 м-ге жетеді, ал жылдамдылығы 1100 м/мин.

Техникалық прогресс гофрокатырманы өндіретін машиналардың жылдамдылығын 25 м/мин-тан (1920ж) 400 м/минутка дейін (2000ж) жеткізді. Қатырмалық корапты даярлау үшін күнделікті өнімділік 500 тоннага жетті. Қабаттардың біркелкі катынасында және қысылған массасына қарай қатырманы даярлау машинасының жылдамдылығы 1500 м/минутка дейін жетті.




1.9 сурет. XX ғасырдың басындағы желімдік секциясы бар каширлеу машинасы




1.10 сурет. XX ғасырдың 20 жылдары қолданылған жынжырлы слоттер



1.11 сурет. XX ғасырдың 20 жылдарының ортасында қолданылған бір қабатты қатырманы ондіретін машина



1.12 сурет. XX ғасырдың 30 жылдары қолданылатын жынжырлы слоттер



1.13 сурет. XX ғасырдың 30 жылдарының ортасында ені 1,4 м біркабатты гофрокатырма даярлау машинасы

Әлемдік целлюлоза-қағаздық өндірістің кәркүнди дамуының екі негізгі себептері белгілі. Оның біріншісі – өндірістің әр алуан салаларында қағаз бен қатырманың бірнеше түрлеріне деген үлкен сұраныс. Екінші себеп қағазды даярлаудың әртүрлі әдістерінен қағазды сүрек пен целлюлозадан өндіру ең тиімді болғаны.

Қазіргі уақытта целлюлозаның түрлерінен ең басымы сульфатты ағартылғаны, ал целлюлоза алудың сульфатты әдісі целлюлоза-қағаз өндірісі бар барлық елдерде ең бастысы болып саналады.

Целлюлозаны өндірудің жалпы өндірісінен сульфатты целлюлозаның алатын бөлігі АҚШ, Финляндия, Жарония, Канадада 90%-дан, ал Ресейде 60 %-дан асты. Целлюлозаны алудың технологиясы химиялық технологияның бір тармагы болып саналады. Оны қазіргі алемде дамыту көбіне табигатты корғау сұраптарын тиімді шешуден және адамзаттың өмір сүруінің қағидаларын сақтауымен түсіндіріледі.

Берідегі 10 жыл жоршаган ортаға метилкуйртті қосылыстар белгілестінін біле тұра целлюлоза алудың сульфатты әдісі кеңінен өндірілуде. Қазіргі уақытта целлюлозаны антрахинон қосып натронды тәсілмен өндіру ғана

бәсекеге қабілетті болып табылады. Целлюлоза алуудың сульфиттік тәсілі Ресейдеде, Канада да, орташа европальық елдерде де қала береді. Сульфиттік тәсіл жөніл ағаратын целлюлозаны алуға мүмкіндік береді.

ХХI ғасырда бірқатар елдерде органикалық еріткіштермен қайнататын целлюлозалық зауыттар жұмыс істей бастайды.

Қебіне белгілі кейбір санырауқұлактар, негізінен ак шіріктің санырауқұлактары целлюлозага тимей суректік лигнинде құртуға бейім. Бұл биологиялық делигнификация әдісімен техникалық целлюлозаны алу тәсілі түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта құрамында құкірті жоқ заттармен қайнату әдістері қарастырылып жатыр, мысалы оттегі-сілтілік, тотықын, озоімен өңдеу. Целлюлозаны агарту үшін хлор мен оның қосылыстарын қолданбай, осы заттармен ағартуды қолдана бастады.

1.2 Қағаз бен қатырманы өндіру үшін қолданылатын талшықты жартылай шикізаттар

1.2.1 Өсімдік шикізатының түрлері

Талшықты жартылай шикізаттарды алу үшін өсімдік шикізатының қайнар көзі тұқымды өсімдіктер болып табылады. Тұқымды өсімдіктің негізгі қураушылары – оның өркені, жапырагы және тамыры. Өркендердің суректік және шептік түрлерінен сәйкес өсімдіктерді суректік және шептік деп екіге бөледі. Суректік өсімдіктерге ағаштар мен бұталар жатады.

Ағаштар – сабактары мен тамырлары суректеніп біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, көп жылдық өсімдіктер. Өркен, бұтактар мен тамыр суректік матага қаттылық беретін лигнин тұрактанатын лигнификация процесін тұдышратын ағаштану тән.

Ағаштардың диаметрі бірнеше метр, биіктігі 100 және одан да көп метр болуы мүмкін. Биіктігі бойынша ағаштарды бірінші (25м көп), екінші (15-25 м) және үшінші (7-15 м) аймақты және төмен (шамамен 5-7 м) деп бөледі. Ерекше қолайлы жағдайда өте үзын ағаштар, мысалы эвкалиптер есүі мүмкін.

Ботаникада ағаштар екі негізгі топка бөлінеді: қылкан (бұрлі) немесе жұмсақ суректі топ (қызыл ағаш, шырма, карагай, пихта, балкарагай, кедр және тсуга) және жапырақты немесе қатты суректі топ (қайын, бұк, үйенкі, емен, терек, көктерек және мақталы ағаш). Олар суректің құрылымы мен қасиеттерімен ажыратылады.

Қылқан суректі түрлері қылқан класына жатады (*Conifersida* немесе *Rhipopsida*). Қылқанды ағаштар жеті тұқымдастан, шамамен 55 рудан және 600 түрден тұрады. Жылқан тұқымдастардың өкілдері – негізінен 10...15 тен 100 метрге жететін ағаштар. Қыста өз қылқанын тастанатын ағаштардан басқа қылқанды ағаштардың көбісі өмір бойы жасыл.

Жапырақты суректі түрлері екібөлікті класына жатады (*Dicotyledones*). Олар әр алуан және алемнің барлық орманды аудандарында кең тараган.

Жапыракты ағаштардың саны қылкан текті ағаштардан бірнеше есеге көп тараған, шамамен 12000-нан 30000-ға дейін жетеді.

Ресейде көктерек, қайын, Батыста – бұқ, емен, үйенкі қолданылады. Олар кебінесе тропикалық орманды құрайтын тропикалық аймактарда кеңінен тараған. Кеңінен эвкалипт сүргегі қолданыс тапты. Пісу мерзімі 30 жылға жететін эвкалиптік плантациялар қолданылады. Жапыракты ағаштар (желқабыз климатта) қыста немесе кебу сезонында (тропикалық климат) жапырак тастайтын және жыл бойы жасыл (тропиктер мен субтропиктерде) болуы мүмкін.

Бұталарда да сүркепенетін астыңғы беліктері бар, бірақ ағаштармен салыстырғанда олардың негізгі еркені болмайды және бұтақтану жер бетінен басталады. Бұталардың биіктігі 4-6 метрден аспайды, емір сүру мерзімі кейбір бұталарды есептемегендеге (10-40 жыл) бірнеше жұз жылға жетуі мүмкін.

Шөптік өсімдіктер сүркепенбістін бұтақтардың жоқтығымен сипатталынаады. Жер үсті беліктери (бұтағы, жапырактары) вегетациялық кезең аяқталар кезде өлеіді. Шөптік өсімдіктер біржылдық, екіжылдық және көпжылдық болып белгінеді.

Ресей әлем бойынша сүркептің өнеркәсіптік қоры жағынан бірінші орында тұр, 675 млн га аумақта орналасқан ол шамамен 80 млрд куб метрге тең (әлем корының 25%). Сүрек корының негізгі белігі қылкан текті өсімдіктерге тиесілі (80%). Қылканды ағаш түрлерінен ТМД елдерінің аумағында кеңінен қарғай тұқымының екілдері тараған (Pinaceae), оның ішінде ең көп тарағаны балқарағай (ормандық ауданының 38%), қарайғайдың бірнеше түрі (Pinus рұы, 22%), шыршалар (Picea рұы, 11 %), пихталар (Abies рұы, 5%). Қалған жұмсақ жапыракты тұқымдар қайынға (Betula рұы) және көктерекке (Populus рұы) орман алқабының 17% тиесілі, ал жапырактары катты еменге (Quercus рұы) тек 5%.

Сүрек – талшықты жартылай шикізаттардың негізгі шикізаты, оның үлесі әлем бойынша 95%, ал Солтүстік Америкада 99%. Талшықты жартылай шикізаттардың қалған белігі коллданылған қағаздан (макулагура), сүркепті емес өсімдік заттардан (жармалық және иан дақылдарының сабандары, бағасса, бамбук, мақта және зығыр) және синтетикалық талшықтардан алынаады.

Сүрек талшықтарының өлшемдері мен формасы сүркептің тұқымы мен түріне байланысты (1.14 сурет).

Орта есепте, жұмсақ сүркепті ағаштардың талшық ұзындықтары шамамен 1,3-2,0 мм, ал катты сүркепті ағаштардың талшықтары қыска және ұзындықтары шамамен 0,8-1,2 мм. Қылқан және жапыракта ағаштардың талшықтарының күрылымдары мен ұзындығы қағаз өндірісінде шығарылатын қағаздың сипаттамаларына ез әсерін тигізеді.



1.14 сурет. Жұмсақ қылқанды сүректін (а) және қатты сүректін (б) талшықтары

1.2.2 Сүректі шикізаттың түрлері

Баланстар. Целлюлоза-қағаз өнеркәсіпперіне қалындығы 60-240 мм және жасы 50-200 жылға жуыктайтын бөренелер түріндегі келіп түсетін қылқан және жапыракты сүректерді баланстар деп атайды. Баланстар целиполозаны, сүрек массасын даярлау үшін колданышады. Баланстардың сапасы алынатын жартылай шикізаттың сапасының негізгі факторы болып табылады. Баланстардың сапасы жылдық деңгелектердің енімен, бұтақтылығымен, еркеннің тік және деңгелек болуымен және шіріктің бар – жоқтылығымен түсіндіріледі.

Сапасы төмен сүрек. Сапасы төмен сүрек деп езінің сапасы мен елшемдері бойынша стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келметін сүректі айтады. Сапасы төмен сүректердің негізгі ақауы ішіндегі шірігі болып табылады. Сапасы төмен сүректің жалпы санынан орта есеппен 85%-ды үшікі шіріктері бар сүректер, ал 15 %-ды басқа ақаулар (қисықтық, сопактық, бұтақтану және т.б.) құрайды.

Технологиялық керек-жарақтар арналған отындар. Бұл сүрек арналық техникалық шарттар бойынша жеткізілетін жапыракты тұқымдарға тән. Технологиялық мақсаттар үшін колданылатын жапыракты немесе қылқын тұқымды отындардың сипаттамалық ерекшелігі қыртысының (окорки) киындығы, әртүрлі шіріктердің болуы, үлкен қисықтық, көп бұталанған және әртүрлі елшемдер. Сонымен қатар олар тұқымы бойынша сұрыпталмайды. Мұндай сүректен алынған аралас жанқалар қабықтармен, шіріктермен көп закымданған және тазалаудың ерекше әдістерін қажет етеді. Бұл отындар тек жартылай целлюлоза мен сульфаттық әдіспен алынған целиполоза үшін ғана колданылады.

Орган кесу кезіндегі қалдықтар. Бұл кесілеттің бөренелердің еркендерінің перифериялық бөліктерінің қалдықтары. Олар қылқан мен жапыракты тұқымды сүректің қалдығы. Мұндай қалдықтардың бұтақтары аз

және басқа да ақаулары болмайды. Сонымен қатар қарагайдың сүрегі фенолды заттардан тұрмайды, сондыктан орман кесудің қалдықтары сульфатты, сульфитті және басқа әдістермен целлюлоза өндірулің жоғары сапалы технологиялық шикізаты болып саналады. Орман кесудың қалдықтары өндірістерге дайын технологиялық жаңқалар түрінде жеткізіледі.

Ағаш өңдеу кезіндегі қалдықтар. Бұл технологиялық жаңқа түрінде фанер, жиһаз, орау сияқты ағаш өңдеу өндірісінен қалған қалдықтар. Тұқымдық құрамы жағынан қалдықтар көбінесе жапырақты немесе қылқан жапырақты болып келеді. Бұл қалдықтардың жаңқалары ешемдері бойынша әртурлі, бірақ бұтанактары мен шіріктері жок. Мұндай жаңқалар жартылай целлюлоза, термохимиялық және термомеханикалық массалар, сульфатты, сульфитті және бисульфитті целлюлоза алу үшін қолданыс тапты.

Жұқа қабатты сүрек. Көп жағдайда жұқа қабатты сүрек деп диаметрі 13 см-ден аспайтын жас сүректі айтады. Сонымен қатар осы категорияға ағаштардың үстінгі беліктері, бұталары яғни орман өңдеу касіпорындарында пайда болған орман қалдықтарының еркенді беліктері кіреді. Соңғы уақытта жұқа қабатты сүрекке қыска мерзімле есірілетін жас сүректерді де жатқызуға болады. Жұқа қабатты сүректің негізгі белігі орман өңдеу қалдықтары мен қылқан жапырақта тұқымдардың жас ағаштары.

Технологиялық жаңқа. Талшықты жартылай фабрикаттар үшін сүректік шикізат жаңқалар түрінде қолданылады. Негізгі масса целлюлоза қағаз комбинаттарында баланстардан алынған жаңқа болып табылады. Барлық сүректік қалдықтар, сапасы темен сүректер және отындар технологиялық жаңқага айналады. Бұл жаңқалар өнеркәсіптерге өңдеуге дайын болып жеткізіледі және 84% бірқалыпты ешемдегі жаңқалардан, 3% қабырышықтан, 6% шіріктен, 1% үгінділерден, қалғаны ұсақ түйектен тұру керек.

Үгінділер (отылғы). Дайындалған сүректі кесу кезінде көп мөлшерде пайда болатын үгінділер целлюлоза алу үшін сүректік шикізат қайнары болып саналады. Қылқанды тұқымдардың үгінділерінен алынған сульфатты целлюлоза механикалық көрсеткіштері бойынша жапырақты тұқымдардың сүректерінен алынған сульфатты целлюлозага жақын, опың шығатыш нормасы бірқалыты жаңқадан алынған целлюлозадан 5%-ға аз.

Сүректі емес шикізаттар. Сүрекпен қатар талшықты жартылай фабрикаттарды өндіру үшін сүректі емес шикізаттар қолданыла бастады. Олар біржылдық есімдіктер, екінші рет өндесетін шикізаттар, макулатура.

Біржылдық осімдіктер. Сүректен басқа талшықты жартылай шикізаттарды өндіру үшін орманы жоқ елдердің қызығушылығын тудыратын біржылдық есімдіктер колданыс тапты (камыстың бұталары, наң тұқымдастар және т.б.).

Сүректік емес есімдік шикізатының түрлері анатомиялық-морфологиялық құрылымы мен химиялық құрамы жағынан шартты түрде 2 негізгі топқа бөлуге болады:

- талшықтары үлкен ұзындықпен (10 мм және одан да жоғары) сипатталатын құрамында жоғары мөлшерде целлюлозасы (75-85%) және аз мөлшерде лигнин бар шикізат түрлері;

- талшыктары қыска ұзындықтағы (0,3-2,0 мм) сипатталатын құрамында 35-52% целлюлозасы, 10-25% лигнин, 18-27% пентозасы бар қалған түрлері.

Бірінші топқа мактандың, мактады линтер, зығырдың және кендердің талшыктары, яғни жоғары сапалы қағазды химиялық өндіре арқылы талшыкты жартылай шикізаттарды өндіру үшін колданылатын шикізаттар, ал екінші топқа жаппай қағаз бен қатырманы өндіру үшін колданылатын суректик емес өсімдіктер жатады.

Бұл шикізаттың бір ерекшелігі жыл сайынғы жаңаруы, бірақ оны жинаудың, жеткізу мен сактауының қындығы оның колданысын шектейді. Бір жылдық өсімдіктерден алынған целлюлоза қағазға бір катар ариайы қасиеттер береді (жылтырылқыты, мөлдісіздігін және актығын жоғарлатады), сондықтан қағаз өнімінің қолтеген түрлерінің композицияларында керекті талшыкты жартылай шикізат болып саналады.

Екінші рет өнделетін шикізаттар. Шүберектер (маталық талшыктыр) целлюлозамен салыстырғанда тиімді шикізат болғанымен казіргі уақыттакағазды тек аз көлемде ғана өндіруге мүмкіндік берді. Макта қағазды және зығырлы маталардан, мата өндіру, жіп өндіру және тігін өндірістерінен, макта, зығыр қалдықтарынан алынған шүберекті талшықтар суректик целлюлоза талшықтарының ұзындық және мықтырақ, қағаз бен қатырмага жоғары мықтылық пен майысқақтық береді. Сондықтан олар тек жоғары сапалы құжаттық, акшалық, сыйбалық, картографиялық, көшіру, жазба қағаздар мен қатырманы және басқа да техникалық түрлерін жасау үшін колданылады.

Макулатура. Ол қағаз бен қатырманың колданысы есken сайын ресурстары әрдайым жоғарылайтын целлюлоза-қағаз өндірісінің негізгі шикізаты. Макулатураны өндевудін шамамен өсуі бытадай түсіндіріледі: макулатураның 1 тоннасы суректін 3-4 м³ алмастырады, бұл дегеніміз суректик шикізатты біршама үнемдеу; макулатуралық масса целлюлоза мен сурек массасынан шамамен 2 есеге арзан; макулатураны өндейтін кәсіпорындарды салудың күрілістық жұмыстары бірінші рет өнделетін шикізаттарды шыгаратын кәсіпорындардың бағасынан 1,5 есе томен, табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері жөнделірек шешіледі. Ресейде макулатура қағаз бен қатырманың 40 аса түрлерін шығару үшін колданылады. Оның 80% орама өндірісінің белгігінен тиесілі.

Құрама штаттардың қағаз индустриясы макулатураны өндіре тәсілімен шамамен 25% талшыкты материалдарды алады. Өндөлген макулатураның көп белгілі қатырма өндірісінде колданыс талты.

Арнайы қасиеттері бар қағаздарды өндіру үшін синтетикалық талшықтар колданылады. Синтетикалық талшықтардың кемшіліктері олардың жоғары бағасы, қайта өндірілмейтін шикізатқа мысалы мұнайға тәуелділік және екінші рет өндевуге келмейтіндігі.

1.2.3 Талшықты жартылай шикізаттарды алу

Қағаз өндірісінің екі негізгі кезеңдері бар. Біріншісі, қағаз массасын шикі талшықты материалдарға немесе балансты сүрекке, сүрек емес материалдарға немесе макулатурага айналдыру, талшықты қағаз даярлау үшін жарамды ету. Екіншісі, талшықты массаны немесе талшықты материалдарды қағаз ретінде белгілі құрылымға бекіту және айналдыру.

Қағаз массасының негізгі компоненті талшық. Қағазды алу үшін целиюлозаның талшықтары өзара берік бекітілу үшін жоғары беріктікке ие болу керек.

Өсімдік клеткаларының қабыргалары негізінен табиги целиюлозадан тұрады, сондықтан әртүрлі өсімдік шикізаты техникалық целиюлозаны өндіру үшін жалғыз қайнар көзі болып саналады.

Целлюлоза – эмпирикалық формуласы $[C_6H_{10}O_5]_n$ немесе $[C_6H_7O_2(OH)_3]_n$ болып келетін стереожүйелі құрылымы бар полимер. Табиги целиюлозаның полимеризация дәрежесі үлкен емес және өсімдіктің түріне байланысты. Мақталық целлюлоза үшін 15000-20000, сүектік целлюлоза үшін 5000-10000, сульфатты целлюлоза үшін 1000-1400.

Техникалық целлюлозаны алу процесі целлюлозалық талшықтарды өсімдік шикізатынан өсімдік маталарында кездесстін лигнин, гемицеллюлоза, шайырлар мен майлар сияқты компоненттерді босатумен түсіндіріледі. Өсімдік маталарынан алып тасталатын негізгі зат лигнин болғандықтан, техникалық целлюлозаны алудың процесі *делигнификация* деп аталады.

Қағазды даярлау үшін өсімдік шикізатынан целлюлоза талшықтарын алу үш негізгі әдіспен алынады: механикалық, химиялық және аралас (химикалық пен химиялық өндесуді қосып) (1.15 сурет).

Бұл әдістердің бірін немесе олардың баламаларын қолдану қағаз бен қатырманың алушан түрлерінің санын атуға мүмкіндік береді. Бұл әдістердің езгерту арнағы талаптары бар тапсырыстарды талшық массаларынан алу үшін қолданылады.



1.15 сурет. Талшыкты жартылай шикізаттардың түрлері

Делигнификация дәрежесі мен шығыны бойынша жартылай фабрикаттарды классификациялау

Сүркөтің, камыстың, сабанның құрамындағы таза целлюлозаның үлесі шамамен 35 тең 54 % да дейін жуықтайды. Целлюлоны алудың негізі лигнин целлюлозадан женил болғандыктан көптеген химиялық реагенттермен бұзылуында. Целлюлозаны сүркөтіп немесе басқа есімдік талшығынан алу қайнату процесі деп аталады. Соған байланысты лигнин негізгі жойылатын элемент болып табылатындықтан, қайнату процесі *делигнификация* деп аталады. Жоғары температура мен қысымда химиялық реагенттер қосылған ұсақтаған шикізатты қайнату өндөу ұзақтығы мен шарттарға байланысты бастапқы материалдың саны бойынша әртүрлі шығымы бар *техникалық целлюлоза* алуға әкеледі. Өсімдікті шикізаттың делигнификация өнімі *техникалық целлюлоза* деп аталады.

Шығын саны бойынша техникалық целлюлозаны үш негізгі категорияға бөледі:

1. *Жартылай целлюлоза* – бастапқы есімдік шикізатының массасынан 80 нең 60 %-ға дейін шығымы бар өнім. Жартылай целлюлоза аз мөлшерде ғана лигниннен босатылған (құрамында лигнин 15-20% болады) және жартылай целлюлозаны талшықты массаға айналдыру үшін

химиялық өндөу – қайнату жасау үшін механикалық ұту жасайды.

Гоффрленген қатырма, тубустар, төлке, және контейнерлерді даярлау үшін колданылатын жартылай целлюлозаның талшыктары қатты болады. Ол баспа және жазба қағазын даярлау үшін қолданылмайды.

2. Жоғары шығымды целлюлоза (ЖШЦ) – шығымы 60 тан 50 %-ға дейін. Жоғары шығымды целлюлозаны қайнату кезінде дефибрация нүктесіне жетеді, сондыктан қарапайым сумен шайған кезде талшыктар бөлінуі мүмкін. Сонымен катар жоғары шығымды целлюлозаның құрамында лигнин, гемицеллюлоза және басқа да заттар болады.

3. Карапайым шығымды целлюлоза (КШЦ) – шығымы 50 ден 40 %-ға дейін. Қайнату дәрежесі бойынша ол шартты түрде 3 топқа бөлінеді:

- 1) қатты – лигниннің құрамы 3 тен 8%-ға дейін;
- 2) орташа қатты – лигниннің құрамы 1,53 тен 3%-ға дейін;
- 3) жұмсақ – лигниннің құрамы 1,53%-дан аспайды.

Қайнату дәрежесін үлкейткен сайын қайнатқаннан кейін целлюлозаның шығымы азаяды, ойткені тек лигнин ғана емес гемицеллюлоза да ериді, ал жұмсақ целлюлозаны даярлау кезінде целлюлозаның да шығымы азаяды. Механикалық массалар шығымы және жеке түрінде класификацияланады. Механикалық массалар өте жоғары шығымды талшықты жартылай шикізаттарға (ӨЖШТЖШ) жатады. Өте жоғары шығымды талшықты жартылай шикізаттардың шығымы алу әдісіне қарай шамамен 85-98 %-ды қурайды.

Техникалық целлюлозаны алу әдістері бойынша класификациялау

Делингнификация әдістерінің класификациясының негізіне қолданылатын химикаттардың түрлері мен қасиеттері жатады. Осыдан барлық белгілі әдістерді қызықылды, сілтілік, тотықтырығыш, органосольвентті, сатылық және арасас деп бөледі.

Қызықылды әдістерге натронды және сульфатты тәсілдер жатады. Натронды тәсіл сирек колданылады және көп жағдайда жапыракты тұқымдарды қайнатқанда қолданылады. Сульфатты қайнатуда реагент ретінде күйдіргіш натр мен натрий сульфиді қолданылады.

Тотықтырығыш тәсілдерге сулы оргата тотықтын, ауалы-сілтілік, гидроксипероксидті сілтілік және азотқызықылдық жатады.

Сатылы тәсілдерге екі сульфатты қайнату (бисульфитті-сульфиттік, моносульфитті-сульфиттік, моносульфитті-бисульфиттік және бисульфитті-моносульфиттік) жатады. Процестің әртурлі сатыларында pH мәні әртурлі сульфитті қайнату ерітінділері қолданылады. Бұл топқа негізі әртурлі процестің екі сатысында сульфитті қайнату қызықылы қолданылатын сульфитті әдіс жатады. Сонымен катар сульфитті қайнату реагенттері қолданылатын үш сатылы қайнату варианитары бар.

Аралас сульфитті әдістерінің санына сульфитті-сілтілік процестер кіреді. Оңдағы сульфитті немесе бисульфитті әдіс тек бірінші немесе алдыңғы екі сатыда қолданылады, ал соңғы сатыда делигнификацияның сілтілік әдісінің бірі сульфагты, натронды және содалық қолданылады. Қайнатудың аралас тәсіліне екі сатылы сульфитті-сульфаттық, сульфитті-содалық, бисульфитті-содалық, үш сатылы бисульфитті-сульфитті содалық және басқа да әдістері қолданылады. Аралас тәсілдерге бірінші сатыда сілтілік реагент, екінші сатыда сульфитті қылқыл қолданылатын екі сатылы натронды-сульфиттік тәсіл жатады.

Органсолъфентті тәсілдер өсімдікті шикізатты делигнификацияның дастурлі смес әдістерінен жатады. Олар өзара класификацияланады және дастурлі әдістерге қараста бірката ерекшеліктері бар.

Қызметті бойынша техникалық цеплюлозаны классификациялау

Ағартылмаган цеплюлозаны өсімдік шикізатын қайнату нәтижесіндегі алады. Бұл өнім төмен актықтағы, цеплюлозага ұқсас компоненттерден (лигнин, экстрактивті заттар) тұрады. Қайнату процесі кезінде зиянды заттардан босату цеплюлозаның бұзылуына және оның қасиеттерінің төмендейсінә әкеліп соктырады.

Ағартылған цеплюлозаны химиялық ағартатын реагенттермен ағарту процесінде алады.

Өндөлген цеплюлоза (облагороженная). Цеплюлозаның құрамындағы гемицеплюлозаны толық мөлшерде тазалау үшін оны қосымша сілтілік өндеуге жәбереді. Өндеуді қебінесе ағартумен бірге қосып жасайды. Өндеуден мен ағарту процесінде химиялық қайта өндеуден мен қағаз өндірү үшін қолданылатын жұмсак және орташа қаттылықтағы цеплюлоза жатады.

Жартылай цеплюлоза, жогары шығымды цеплюлоза, ағартылмаган цеплюлоза, жартылай ағартылған, ағартылған және өндөлген цеплюлозалар қағаз берін қатырманың әртүрлі түрлерін шығару үшін көнінен қолданылатын талшықты жартылай фабрикаттар болып табылады. Бұл мақсаттарға әлемде шыгарылатын цеплюлозаның шамамен 93% қайта өндөледі.

Техникалық цеплюлозаның тұтынышылық құндылығының анықтайтын сапасы мен қасиеттерін сипаттау үшін әртүрлі көрсеткіштерді қолданады. Олардың ішіндегі маңыздыларын қарастырайық.

Лигниннің құрамы – қағаз берін қатырманың белгілі түрлерін өндеуде үшін қолданылатын ағартылмаган цеплюлозаның жарамдылығының бағалайтын негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Сульфитті цеплюлозадағы пентозандардың құрамы 4 - 7%, ал сульфагты цеплюлозада 10-11%. Цеплюлозаның құрамындағы пентозандардың құрамы оның механикалық беріктігін жоғарлатуға әсерін тигізеді, желімділігін, үтігілік жоғарлатады, сондықтан олардың қағаз берін қатырма даярлау үшін қолданылатын цеплюлозада толығымен қалуы өнімнің сапасын жоғарлатуға мүмкіндік береді. Цеплюлозаны химиялық өндеуде пентозандар керексіз қоспа болып табылады.

Сульфитті қылқан тектес целлюлозаның құрамындағы шайырдың құрамы жоғары және 1-1,5%-ға жетеді, өйткені сульфитті қышқылдар сүректің шайырлық заттарын ерітпейді. Сілтілік қайнату ерітінділері шайырларды ерітеді, сондықтан олардың целлюлозадағы құрамы көп емес және шамамен 0,2-0,3 %-ды құрайды. Целлюлозаның құрамындағы шайырдың көп мөлшерде құрамы қағаз өндірісінде колданылатын жабдықта жабысқақ шайырлық шөгінділер калыптасып көп киындықтар туғызады.

Целлюлозадағы мыс саны қайнату, агарту және өңдеу процесстері кезіндегі деструкция дәрежесін сипаттайтын. Әрбір целлюлозалық молискуланың аяғында тотығатын мыстың тұздарын қайта өңдеуге экзистін альдегидті топ орналасады. Целлюлоза көп рет деструкцияланатын болса, целлюлозаның 100 граммы мыстың санын қайта қалыптастырады. Жұмсақ целлюлоза үшін қатты целлюлозаға қарғанды мыс саны көбірек болады. Сілтілік ерітіндімен қайнатылған целлюлоза үшін мыс саны шамамен 1,0, сульфитті целлюлоза үшін 1,5-2,5. Целлюлозаны агарту мен өңдеу деструкция дәрежесін жоғарлатады.

Полимерлену дәрежесінде целлюлоза ерітінділерінің тұтырылғыны вискозиметриялық тәсілмен елшеу арқылы анықтылады. Техникалық целлюлоза бірыншай емес және полимерлену дәрежесі әртүрлі жоғары молекулалық фракцияның қоспасы болып табылады. Целлюлозалық жынжырлардың орташа ұзындықтарын сипаттай отырып, техникалық целлюлозалар үшін полимерлену дәрежесі шамамен 4000-5000-ға тең.

Целлюлозаның механикалық беріктік қасиеттері оны үтіккеннен кейін 60° үтігі дәрежесінде дейін жеткізеді. Кебінесе үзілу, сыну, езіліп кету және жұлмалану сияқты кедергілерін анықтайтын. Шикізаттың түріне, алу тәсіліне, өңдеу және басқа да факторларға байланысты барлық атаптап көрсеткіштер үлкен айырмашылықпен ажыратылады.

Қағаз алу қасиеттері – даярланатын қағаздың керекті сапасына жету үшін және әр алуан көрсеткіштердің қатарын сипаттайдын қасиеттердің жиынтығы.

Целлюлозаның ластануы 1 м² ауданға тиесілі қықымдар санымен белгіленетін, белгілі күш асерінен жарықтың көмегімен жарықтандыру арқылы массасы 500 г болатын целлюлозалық папканың суланған үлгісін еki жағынан қықымдардың санымен анықталады.

Осындай шикізаттың қайта өңдеуге дайындау


Сүректік шикізатты сактау мүмкіндігінде тегіс, езиннің биік емес жағалауында орналаскан орман коймаларда (биржаларда) іске асады.

Орманды биржаларда көлік құралдарынан шикізатты шығару, оны биржалық алаң орындарына апару және орналастыру, сактау және өндіріске беру сияқты операциялар орындалады.


Судан немесе темір жол платформаларынан шығарылған сурек бұмалары жаймалау столына түседі және ары қарай ұзындығы 1,25-1,5 м

ұзындықтағы баланстарға бірнеше рет кесетін күралдың (слешер) орманды тасымалдағышына түседі (1.16 сурет).

Кесілген баланстар қыртыстарын алу барабандарына түседі (1.17 сурет).



1.16 сурет. Бірнеше рет кесетін күрілғының жұмыс істеу принципі
1 – кескіш, көлденен тасымалдағыш, 3 – бүйрлі рама, 4 – қармауыш, 5 – көпжынжырлы тасымалдағыш, 6 – жүлдізша




1.17 сурет. Баланстардың құрғак қыртыстарын алу барабаны

Сүрек баланстары барабанның шеткі жағынан беріледі және оның айналуынан бір бірімен және қабырғаларына соқтығысып қарама қарсы шығару бөлігіне жүлжиди. Баланстардың осылай жылжу сипатына қарай интенсивті бүліну және олардың қыртыстарын ағыту жүреді. Солтүстік Американың шығыс аймақтарында ұзын үлкен диаметрдегі ағаштардың сүрек баланстарының қыртыстары гидравликалық әдіспен алынады. Су үлкен ағыспен ұрады да айналып тұран беренеге ұрылады да қыртысын шешеді.

Баланстардан механикалық массаны өндіру кезінде қыртысы алынған баланстар сол мезетте дефибрерге жіберіледі. Жаңқалардан техникалық целлюлоза мен механикалық массаны алу үшін баланстарды технологиялық жаңқаларды алу үшін кесу (рубильная) машинасына жібереді.

Баланстарды жаңқаларға кесу. Кесудің максаты қыртысы алынған баланстарды жаңқаларға ұсактап ешкемдері (ұзындығы 16-20 мм, ені 20-25 мм, қалындығы 2-3 мм) бойынша біртекті және кесілген орны жылтыр ету. Целлюлозалық зауыттардың барлықтарында баланстар дискілік көпшылғылар кесу машиналарында ұсақтайты (1.18 сурет).




1.18 сурет. Дискіл көп шылғылар кесу машинасы

1 – болатты диск, 2 – пышактар, 3 – соратын ауа еткізгіш, 4 – дисктегі тесік, 5 – түтікше, 6 – патрон, 7 – қабы, 8 – күрекші, 9 – жетек, 10 – дискаховик, 11 – баланс, 12 – тіректі пышак

Кесу машинасының жұмыс белгі бірінен кейін бірі орналасатын шылғылары бар болатты диск болып табылады. Баланстар қысқы орналасатын патрон бойымен бірінен сон бірі диске беріліп шылғылардың сокқысына ұшырайты. Тіректі пышакпен эсер ететін кессетін шылғылардың шеттері берсендегі қалындығы 15-25 м қалындықтағы шайбалар кеседі, олар шылғылардың фаскалары арқылы талшықтың бойымен жеке беліктеге ойылып, дисктің тессітерінен басқа жағына етіп, қалтың кабыргаларына ұрылып жаңқаларға үтіледі. Кесілетін шайбалардың қалындығы диск астындағы шылғылардың шыгуымен реттеледі.

Жаңқалардың сұрыптау, тасымалдау және сақтау. Кесу процесі кезінде қаралайым жаңқалармен қатар сұрыптаі арқылы белінетін ұсақталған жаңқалар мен үлкен беліктеге пайда болады. Жаңқалардың сұрыптау жазық сұрыптау күрылғысы көмегімен орындалады. Сұрыптау 20° бұрышта бірінші астында бірі бекітілген үш сүзгі орнатылған металданған қораптан түрады: тесіктері 30×30 мм болатын жоғарғы, 10×10 мм болатын орташа және 5×5 мм болатын астынғы сүзгілер.

Кесу машиналарынан шыккан жанқалар циклонга құлайды да, цилиндрлік кабырга түсіп жылдамдықты жоғалтады да циклонның астыңы белгіне түседі. Циклоннан жанқалар ленталық тасымалдағышка түселе де сұрыптаута жіберіледі. Сұрыпталмagan жанқатар кабылдағышка беріледі және жоғарғы сұзгінің бетіне орнықтырады. Сұрыптаудың кисықтығы және оның дірілдегіш козғалысы арқылы жанқалар сұзгілер бетінің бойымен жылжығанда елемеді, фракцияларға (үлкен, қарапайым, орташа, астынғы жанқалар, үгінділер мен шаң) белгінде де жоғарғы, оргаша теменгі сұзгілер мен қораптың поддонымен кешіктіріледі.



1.19 сурет. Жазық сұрыптау күрылғысы
1 – кабылдау белгі; 2 – металданған қорап; 3 – сұзгілер; 4 – циклон

Қарапайым және ұсак жанқалар жалпы ағынға біріктіріледі және ленталық тасымалдағыш арқылы қайнату цехіне беріледі. Үлкен жанқалар езінің тасымалдағышы арқылы дезинтеграторға беріледі де сұрыптауга қайтадан келеді. Үгінділер мен шаң қораптың поддонынан жойылуға (утилизация) жіберіледі.


Сұрыпталған жанқалар қайнату цехының бункерлеріне, аралық жердің астында орналасқан силос-бункерлерге түседі. Оңдағы корлар целлюлоза зауытының бірқундік жұмысын камтамасыз етеді немесе үймектерге жинақталып сакталады (1.20 сурет).



1.20 сурет. Қайнатуға дайын жанқалар үймектері
Сульфитті целлюлозаны алу өндірісі

Сүректен сульфитті целлюлозаны алудың жалпы сұлбасы келесі кезеңдерден құрылалы (1.21 сурет):

1. Сүректі шыгару, сактау, оны қыртысынан тазарту, кесу және жанқаларга ұсактау операцияларынан тұратын сүректі дайындау.
2. Ca, Mg, Na бисульфиті ерітіндісі және күкірт қос totығының артығы түрінде қайнату қышқылын даярлау. Оған күкірт немесе колчеданды құйдіру, күкіртті газды тазарту және суыту, қышқылды түзіп оны жұту операциялары жатады.
3. Казандарда 0,5-1 МПа қысым арқылы 130-150° С температурада сульфитті қышқыл арқылы жанқаларды қайнату. Сонымен қатар бұл операцияларға SO₂ бөліну мен қайнатылған целлюлозалық массаны шаю жатады.
4. Целлюлозалық массаны қайнамай қалудан, минералды ластанудан тазарту.



1.21 сурет. Сульфитті өндірістің сұлбасы

1 – кесу машинасы; 2 – циклон; 3 – вибросұрыптағыш; 4 – жанқалар салатын бункер; 5 – қайнату казаны; 6 – циклонды күкірт пеші; 7 – скруббер; 8 – селен камерасы; 9 – газдарды сұльтытын холодильник; 10 – абсорбер; 11 – регенерацияның цистерна; 12 – сцежа (ауа соратын резервуар); 13 – жуатын фільтр; 14 – сұрыптағыш; 15 – центриклинер; 16 – қоюлатқыш; 17 – целлюлоза бассейни

Керек жағдайда целлюлозаны ағарту мен өңдеу оның ақтығы мен физика-химиялық касиеттерін жаксарту мақсатында орындаиды.

Аталған операциялардан басқа сульфитті зауыттың құрамадас белігі өнделген сульфитті қалдықтарды – этил спирті, жем ашытқысы, техникалық лигносульфонаттар сияқты пайдалы жанама енімдерге қайта өңдеу цехы болып табылады. Ал қайнату кезінде ($Mg(HSO_3)_2$; $NaHSO_3$; NH_4HSO_3) сияқты ерітептің негіздерді қолданған кезде өнеркәсіппер өнделген қалдықтардан химикаттарды қайта өңдеу цехтарын қурады.

Ағартылмаган сульфитті целлюлозаның беріктігі аса жоғары емес және тез ағарады. Оны механикалық массаларға косынды ретінде колданады, мысалы газеттік қағазға. Ағартылған сульфитты целлюлозаны ақ баспа және жазба қағаздарын алу үшін қолданады.

Целлюлозаны сілтілік әдіспен алу өндірісі. Сульфатты әдіс

Алғаш рет 1853 жылы NaOH натронды әдісі арқылы сүрек целлюлозасы алынды. Ал 1879 жылы натронды әдісте сілтінің регенерация процесі кезінде натрий сульфидіне айналатын арзан реагент Na_2SO_4 натрий сульфаты арқылы сілтінің жогалған беліктерін алмастыру әдісі ұсынылды. Осының нәтижесінде целлюлоза алудың жана сульфатты әдісі ойланап табылды. Отандық тәжірибеде процесс сульфаттық, ал шетелде крафт-процесі деп аталады.

Ақ сілті деп аталатын қайнату ерітіндісінің құрамына байланысты сілтілік қайнатудың келесі әдістерін ақыратады:


- натронды – $NaOH$ ерітіндісі;
- сульфаттық – $NaOH + Na_2S$ (95%) қоспасы;
- полисульфидті – $NaOH + Na_2S + Na_2S_{(x)}$ қоспасы.

Сульфатты целлюлоза өндірісінде сульфитті әдіске тән кезеңдер байқалады, бірақ сілтілер толық регенерацияланған кезде айырмашылықтар да кездеседі (1.22 сурет).

Сульфатты өндіріс келесі блоктардан тұрады:

1. сүректі (өсімдік) шикізатын дайындау;
2. өсімдік шикізатын қайнату;
3. техникалық целлюлозаны өңлеу;
4. сілтінің қайта өңдеу, химикаттарды регенерациялау және органикалық заттарды жою белімі.

Сульфаттық әдісте жогары беріктікте қажет етегін қағаз бен қатырманың техникалық түрлерін алу үшін қолданылатын мықты берік целлюлоза пайда болады. Сульфатты целлюлозаны ағарту бірнеше кезеңдерден тұратын күрделі процесс.



1.22 сурет. Сульфаттың өндірістің сұлбасы

1 – кесу машинасы; 2 – циклон; 3 – вибросұрыптағыштар; 4 – жаңқалар салатын бункер; 5 – жайнату қазаны; 6 – целлюлозаны жуу фильтрі; 7 – сілті жинағыш; 8 – жайнату аппараты; 9 – сода регенерацияланатын қазанды агрегат; 10 – еріткіш; 11 – каустизатор; 12 – ауа шыгару резервуары; 13 – жуатын фильтр; 14 – сұрыптағыш; 15 – центриклинер; 16 – қоюлатқыш; 17 – целлюлоза бассейны; 18 – ақ сілтінің жинағышы; 19 – әк регенерациялау пепіші.

Механикалық (сүректік) массалар алудың өндірісі

Механикалық сүректік массага шығымы 85-98 %, шамамен 1200кВт/сағ асатын жоғары энергияны жүмсау нәтижесінде сурек шикізатын механикалық өндіріс кезінде алынатын жоғары шығымды талышқыты жартылай шикізаттар жатады.

Механикалық массалар екі типке белінеді (1.23 сурет).

Механикалық массаның таза механикалық әдістеріне шығымы 93-98% болатын химиялық реагенттердің колданбай алынатын массалар жатады.

Таза механикалық массаларға жататындар:

- шыныжырлы, престік, бұрандалы және т.б. түрдегі дефибрерлердің дефибрерлік тастарында сүректі ысқылау жолымен алынатын, шығымы 93-98% дәстүрлі дефибрерлік сурек массасы;
- сүректі қысым арқылы дефибрерлік тастарда ысқылау жолымен алынған механикалық масса;
- атмосфералық қысым арқылы дисктік диірмендерде жаңқаларды механикалық өндіріс кезінде алынатын жартылай шикізат, рафинерлі механикалық масса;

- термогидролиттік өндөу (кайнату) және жанқаларды дисқілік дийрмендерде 1-3 дәрежеге дейін қысым арқылы үтіп алынатын термомеханикалық масса.

Химика-механикалық массаларга химиялық реагенттерлі колданып алынатын химика-механикалық массалардың бірнеше түрлері жатады. Сүрек шикізатының механикалық қайта өндөуі – оларды алу өндірісінде негізгі операция болып саналады.



1.23 сурет. Механикалық (сүректік) массаның класификациясы

Химика-механикалық масса 4 түрге бөлінеді:

1. Жанқаларды химиялық реагенттермен жеңіл түрде өндесу арқылы алынған масса.

Химиялық және термогидролитті өңдеулер арқылы және жанқаларды қысым көмегімен екі кезекпен тарту арқылы алынатын химика-термомеханикалық масса.

2. Химиялық реагенттермен өндөлген жартылай шикізаттар немесе олардың жеке фракциялары жататын химиялық модифицирленген масса.

3. Жоғары дәрежеде сульфидтелген химика-механикалық масса жанқаларды химиялық реагенттермен жіті өңдеу арқылы алынады. Тарту атмосфералық қысым арқылы екі саты бойынша іске асады.

4. Күкіртсіз әдіс арқылы алынатын күкіртсіз химика-механикалық масса. Бұл жартылай шикізатты жанқаларды су пероксидінің сілтілік ерітіндісімен бір, екі немесе үш сатылық өндөу арқылы және тарту арқылы алады. Сүректік шикізат ретінде жапыракты немесе қылқан тұқымды сүректердің жанқалары немесе олардың қосындылары қолданылуы мүмкін.

Механикалық массалар әр алуан шарттарда төзетін қағаз бен қатырманың әртүрлі түрлерінің композицияларында кеңінен қолданыс тапты. Соңдықтан бұл жартылай шикізаттар қағаз өнімінің нақты түріне байланысты қойылатын талаптарға сойкес болу керек. Механикалық масса саласының көрсеткіштері:

- 1) фракциялық құрам;
- 2) тартудың дәрежесі;
- 3) көлемдік салмағы (тығыздығы) және үлестік көлемі;
- 4) механикалық беріктігі;
- 5) ластануы;
- 6) актығы.

Осы көрсеткіштерді жеке жеке қарастырайық.

Фракциялық құрамы. Механикалық сүректік массалар гетерогенді фракциялық құраммен ерекшеленеді. Құрам талшықтардың орташа ұзындығымен, ұзын талшықты фракцияның қысқа талшықты фракциясының қатынасымен және әр фракцияның қасиеттерімен (жұқалығы, фибрилдеуі) анықталады. Сүрек массасының фракциялық құрамы %-пен белгіленеді.

Тарту дәрежесі – механикалық массаның сусыздандыруға қабілеттілігі және механикалық массаның қағаз даярлау машинасының сұзгісінде жағдайын анықтайтын негізгі көрсеткіш. Тарту дәрежесі әртүрлі өлшемдерде белгіленуі мүмкін, отандық өнеркәсіпте Шоппер – Риглер градусымен (°ШР) белгіленуі мүмкін. Тарту дәрежесін анықтаудың принципі тығыздығы және құрылымы әртүрлі нақты алынған массаның талшық кабаты арқылы әртүрлі жылдамдықта суды фильтрациялаумен негізделген. Бұл қабаттың тығыздығы мен құрылымы талшықтың өлшемдері мен өндөу дәрежесіне (майлы немесе майсыз) де байланысты. Егер масса майсыз болса суды фильтрден өткізу тез жүреді, ал масса майлы болса жай фильтрленеді. Тартудың сипаты бойынша майлы және майсыз масса деп айырады. Майлы масса жоғары беріктікке ие, ол ұштары әдемілеп өндөлген жұка талшықтармен және көп мөлшерде жұка талшықты элементтер – фибрилдермен сипатталады.

Майсыз дерекі көрінетін массаның механикалық беріктігі тәмен. Ол өндөлмеген талшықтардан, көлденең кесілген талшықтардан және аз мөлшердегі фибрилдерден тұрады. Мұндай масса әртүрлі қалыңдықтаны жоғары талшықты фракциялардан тұрады. Майсыз массада майлы масса сияқты көп мөлшерде ұсак талшықтардан тұрады, бірақ майлы массаның ұсак-түйегіне қарағанда олар өзара бірікпейтін қысқа қалың талшықтардың кесінділері болып табылады. Мұндай механикалық массадан алынған қағаз қосыланған және мықты болмайды, көлемдік салмағы да аз.

Көлемдік салмақ пен үлесті көлемі жартылай шикізаттар талшықтарының ылғалды жағдайда тығыздылығымен сипатталады.

Сүрек массасың механикалық беріктігі. Механикалық беріктікі аныктау үшін массасы 100 г/м² құймалар дайындалады. Кондиционерлеуден кейін біркелкі ылғалдылығы 65 % кезінде бірқалыпты салмақты күйге келтіру үшін құймаларды келесі көрсеткіштер арқылы сынайды:

- а) үзілетін ұзындықка (м) сәйкес үзілу кедергісі (кГс) арқылы;
- б) сығымдау кедергісі кПа (кГс/см²) арқылы;
- в) бүтілу арқылы.

Сүрек массасының кемпіліктері онын аз мөлшердегі беріктігі мен уақыт өткеннен кейін саргаятын қабилеттілігі, яғни актығының төмөндігі. Өзінің құрамында 75 % механикалық массадан тұратын газеттік кағажарық кезінде тез саргаяды. Бұл механикалық массаны алу кезінде құрамында қалып қоятын лигниннің хромофорлы тобының тотыгуына байланысты. Сүрек массасының тағы бір кемпілігі сүректі дефибрлеу кезінде қалып қоятын талшық қындылары арқылы пайда болатын жоғары ластанғандығы (1.24 сурет).

Механикалық масса композия түрінде газеттік, борланған, борланбаған және т.б. қағазды өндіру кезінде қолданылады.



1.24сурет. Баланстардан алынған механикалық массаның талшықтары
(110 есе үлкейтілген)

Баланстардан даярланатын механикалық массасың технологиясы

Дефибрлерлеу процесі сүрек матасын айналатын тастың кедір-бұдырылы бетімен тарамдау операциясымен түсіндіріледі. Дефибрлерлеу үшін жаңа кесілген, бұталары тегіс, орташа жастағы, жылдық сакиналары біртеғіс құрылған орташа диаметрлі сүректер жарамды.


Дефибрлерлік сүрек массасын даярлаудың құрылымдық сұлбасы 1.25 суретте көрсетілген.

Қыртыстары алынған баланстар дефибрлерлік белімге түседі, онда олар дефибрдердің шахтасына немесе престеу қорабына салынып сүмен шайылып отыратын тез айналатын дефибрлерлік тасқа қажалады. Сүрек тасқа

қажалғанда пайда болатын жылу сүректен талшықтарды ажыратуға көмектеседі. Алынған талшықтың масса су бүркегіштерден берілетін су арқылы тастың бетінен шайылып, дефибрердің ваннасына түседі де сұрыптауға жиберіледі.

Дефибрерден алынған масса көп мәлшерде жанқалардан, өндөлмей қалған талшық бүмаларынан, күмнан тұрады, соңдыктан оны сұрыптау қажет. Массаны сұрыптау жұка және өрекшел орындалуы мүмкін.

Ірі елшемделгі жаңқалар шыгарылған өрекел сұрыптау үшін жаңқалау құрылғысы (щеполовка) қолданылады. Жаңқалау құрылғысынан кейін масса жұка сұрыпталуға жіберіледі. Жұка сұрыптаудың негізгі міндеті – талшықтардан ұсақ бөлшектерден тазалау. Жұка сұрыптау бір, екі немесе үшсатылы болып бөлінеді.



1.25 сурет. Дефирерлік сүрек массасын даярлау ендірісінің күрылымды сұлбасы

Жұка сүрьпталған масса орталық насоспен құмнан және басқа да минералды заттардан қосымша тазалау үшін гидроциклонды қондырыға жіберіледі (екі немесе үш сатылы). Тазартылған масса қоюлатыштарға, сосын қоюланған массасын бассейнге жіберіледі. Гидроциклонды қондырығыдан алынған қалдықтар көп мөлшерде құмнан тұрады және көбінесе ағынга жіберіледі.

Сүректі шикізатты тиімді пайдалану мақсатында сүрек массасын даярлау өндірісінде қалдықтарды қайта өңдеу үшін оларды негізгі ағында сұрыптау керек.

кағаз және катырма өндірісінің жартылай шикізаты ретінде колданылатын дефибрерленген сүрек массасының негізгі ерекшеліктері:

- төмен бағасы;
- ауа және су бассейндерінің минималды ластануы;
- шығарылатын қағаздың бірқатар қасиеттеріне, әсіресе баспа қасиеттеріне өң засі.

Дефибрерленген сүрек массасының негізгі кемшіліктері және өндірістік қындықтары:

- сүрек массасының сапасына қойылатын жоғары талаптар және сол себепті шикізат базасының шектелуі;
- өндірістің механизациялану мен автоматтандыру деңгейінің салыстырмалы төмендігі;
- жартылай шикізаттың беріктік қасиеттерінің төмендігі.

Дефибрерленген сүрек массасын өндіру үшін қолданылатын сүректік шикізаттар


Целлюлоза даярлау үшін қолданылатын сүрекке қараганда, дефибрлеу үшін қолданылатын сүрекке жоғары талаптар қойылады. Сүрек матасын жеке талышкыты элементтерге белген кездे алынатын сүрек массасының сапасы бастапқы сүректік сапасына: тұқымына, жасына, талышкытың қасиеттіне, қаттылығына, формасына, баланстың өлшеміне және физика-химиялық қасиеттерге байланысты.

ДСМ даярлау үшін негізгі тұқымдар шырша, пихта, карагай, кедр, көктерек, қарагай.

Дефибрерлердің құрылымы


Әлемдік тәжірибеде дефибрлердің келесі түрлері қолданылады:

1) Сүректі таска гидравикалық беріліс арқылы мерзімді жұмыс істейтін (үш, төрт престелген, екі престі магазинді шахталық, Грейт-Норзен типті екі престі дефибрлер) (1.26 сурет).



1.26 сурет. Престі дефибрер

2) Сүркөті тасқа механикалық беріліс арқылы үздіксіз жұмыс істейтін (жынықырлы, дөңгелекті, (1.27 сурет)).



1.27 сурет. Жынықырлы дефибрер: 1 – ванна; 2 – бүріккіш труба; 3 – кактайтын аппарат; 4 – дефибрерлік тас; 5 – негізгі білік; 6 – дефибрердің жынықырының жетег электроказалткышы; 7 – дефибрердің жынықыры; 8 – шахта; 9 – шахтаны кетеру механизмы; 10 – станица

Дефибрерлік тас – дефибрердің негізгі жұмыс белігі. Дефибрерлік тас білікке кигізілген бетонды жүрекшеден, және сыртқы жұмыс қабатынан тұрады.


Жаңқалардан механикалық массаны алу технологиясы

Жаңқаларды дискті дірменде гарту жабдықтың құрылымы мен жұмысын женилдетеді және шикізаттың саласына қойылатын талаптарды темендедеді. Ойткені, баланстарға қарағанда жаңқалар дефибрирлеу алдында женил әрі тез жылудың және химиялық өндеуге үшінрайды.

Жаңқалардан механикалық массаны алу кезінде талшыктар бірінен рафинирлеу (үгіту) процесінде ажыратылады. Бұл процесстің максаты лигниннің пластификациясы, талшық арасындағы байланыстың элсізденуі және талшыктарды керекті дәрежеге қыскарту кезінде талшықтардың клеткалық қабырғаларының бүлінбеуін қадаңалап отырып, жаңқаларды талшыктардан ажырату. Нәтижесінде рафинерленген механикалық массаның

калдығы аз және сүректік массаға қарғанда жеке ажыратылған талшықтардан тұрады.

Рафинерлентген механикалық масса дефибрерлік механикалық массаға қарғанда мықтырақ және техникалық целлюлозаның орнына қағаздың құрамында оның үлесін үлкейтүге мүмкіндік береді. Негізгі сапалы көрсеткіштерімен (беріктігі мен актығы) ерекшеленетін жогары шығымды массаны алу үшін құрамында лигниннің негізгі белгінің сакталуы болып табылады. Механикалық массаны жанқалардан алу өндірісінің негізгі кезеңдері (1.28 сурет):




1.28 сурет. Жанқалардан механикалық массаны алу өндірісінің құрылымды сұлбасы

Механикалық массаларды алу процесінде жанқалар рафинердің болатты дисктері арасында үтіледі. Массаның керекті сапасына байланысты үтіте бір, екі немесе үш сатыда орындалады. Жанқаларға әсер ететін


дисктердің пышактары жеке талшыктарға, талшық бүмаларына, сүрек бөліктеріне дейін үтітеді (1.29 сурет).

Үлтілетін гарнитураның құрылымы



1.29 сурет. Жанкаларты үтірудың сұлбасы

Қазіргі уақытта қолданылатын үтілген гарнитура бірдей құрылымды секторлардан тұрады. Дисктердің диаметріне байланысты гарнитура жиынтығы 6, 8 немесе 12 сектордан тұрады.



1.30 сурет. Пышакты гарнитураның секторы:
I, II, III – үтіту аймақтары; 1 – ойық,
2 – пышактар, 3 – аралық қабырға

Жұмыс бетінде құю арқылы алынған кескіштер (пышактар) орналасады. Әрбір сектор 3 аймақтан тұрады (1.30 сурет):

1. бөлөтін пышықтырдың немесе бірінші рет ұсататын аймак;
2. өреспел үгіттін аймак (конустық аймак);
3. жұқа үгітудің сыртқы аймағы, бұл аймактың ені үлкен болған сайын массаның сапасы жоғары болады.

Үгіту секторының әрбір аймағы әртүрлі пішіндегі пышактардан тұрады. Пышак арасындағы ара қашықтық аз болған сайын ұзын талшықты фракцияның бөлігі жоғарылаумен түсіндірілетін үгітудің сапасы жоғары болады.

Бетінің профилі сирек болып келетін секторларды колдану үгітудің кесу режиміне экеп соқтырады. Массаның сапасына пышақ гарнитурасының суреті де асер етеді (шамамен 400-ден алас түрлері қолданылады).

Дефибрерлік сүрек массасына карағанда механикалық массаны жаңқалардан алу өндірістің негізгі ерекшеліктері:

- жоғары беріктік қасиеттер механикалық массаның үлесін жоғарлатады және қағаз бен қатырманың құрамында целлюлозаның үлесін азайтуға немесе толығымен алып тастауга мүмкіндік береді;
- шикізаттың сапасына қойылатын катал емес талаптар төмен сұрыпты сүректі және орман кесу мен ағаш өңдеу қалдықтарын қайта өңдеуге мүмкіндік береді;
- жабдықтың жоғары өнімділігі мен шагын өлшемді болғаны өндірістік аландардың габариттері кішірейеді және осыған байланысты курделі шығымдар мен эксплуатациялық шығындар азаяды;
- технологиялық процесс механикаландыру мен автоматтандырудың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді.

Механикалық массаны жаңқалардан алу өндірісінің негізгі кемшіліктері:

- энергия шығынының жоғары үлесі;
- тазалауды қажет ететін ағынды суларды химиялық байланыстырыштармен ластауы (химика-термомеханикалық механикалық массаны өңдеу кезінде).

Жаңқалардан алғынған механикалық массаны қағазды даярлау кезінде құрамына енгізу дайын қағаздың мөлдірсіздігін жоғарлатады.

Термомеханикалық массаны қолдану газеттік, борланған, уітап-журналдық қағаздың баспа қасиеттерін жоғарлатады.

1.2.4 Талшықты жартылай шикізаттарды агарту және өңдеу

Қазіргі уақытта әлемде өндірілестін целлюлозаның жартысынан көбі агартылған түрде шығарылады. Агартылған целлюлоза қағаз бен қатырманың көптеген ак түрлерінің құрамында және жасанды талшық, пленкалар, пластиктер және т.б. өнімдердіхимиялық өңдеу үшін бастапқы өнім ретінде қолданылады. Қағаздың, қатырманың арнайы түрлерін даярлау үшін агартылған целлюлоза мен химиялық өңдеуге арналған целлюлоза керекті физика-химиялық сипаттамаларына жету үшін сілтінің ыстық немесе суық ертіндісі арқылы өңделеді.

Өндірілетін талшыкты жартылай шикізаттардың ақтығы төмен, сондыктан оларды ақтығы 100% барий сульфаты ($BaSO_4$) – эталон ретінде қабылдан, соның ақтығымен бағалайды. Агартылмаган целлюлозаның ақтығы шамамен 20-65 %, сульфатты целлюлозаның ақтығы (түсі қоңыр) шамамен 23-28%, ал сульфиттік целлюлоза үшін ақтығы шамамен 60-70% аралығында ауытқиды. Мұндай ақтықтағы жартылай шикізаттар ак қаразды химиялық қайта лаялау үшін жарамсыз болып келеді. Агарту процесінің қызметі талшыкты жартылай шикізатка жогары және турақты ақтық беру.

Агартылмаган жартылай шикізаттадың қоңырқай түстілігі талшық құрамындағы лигниннің, нақтырақ айтқанда оның хромофорлық топтарының болуымен түсіндіріледі. Бұл процесс целлюлозаны қайнату кезінде немесе сүректі үтігі мен дефибрірлеу кезінде лигниннің күрделі құрылымды-механикалық ауысулары нәтижесінде алынады. Агартылмаган целлюлозаның құрамындағы шайырлар, танидтер және басқа да заттар ақтығын төмнедеті.

Жартылай шикізаттарды 2 әдіспен агартауды:

- 1) лигниннің хромофорлық топтарын агарту арқылы;
- 2) талшыктардан лигнинді алып тастау арқылы.

Бірінші жағдайда целлюлозаны агартауды заттарды агарту арқылы орындауды, бұл агартууды оптикалық деп атайды және ол жогары шығымды жартылай шикізаттар - жартылай целлюлоза мен сүрек массасын агарту үшін қолданады. Екінші жағдайда агарту боялатын заттарды ен алдымен еритін күйге айналдыратын лигнинді жою мақсатында қолданылады. Мұнда сез целлюлозалық макромолекулалардың бумалары арасындағы ішкі қабаттарда терен орналасатын лигнинді жою туралы айтылған. Агартылған целлюлозада лигниннің тек ізі ғана кездеседі.

Орындалатын процестердің мәнінсөз сәйкес агарту қайнатудың жалғасы ретінде қарастырылады.

Агартуудың тәсілдері бөлінеді:

- 1) хлор мен оның қосылыстарын колдану арқылы;
- 2) молекулярлық хлорды қолданбай (ECF);
- 3) хлор мен оның қосылыстарын қолданбай (TCF).

Қазіргі уақытқа дейін негізгі агартауды реагенттер ретінде хлор және оның қосылыстары (гипохлориттер, хлор диоксиді) қолданылады. Бұл құбылыс хлор асерінің лигнинге және басқа да агартақшы заттарға бұзу асерімен түсіндіріледі және оларды сілтілер немесе сумен еритін жеңіл жойылатын қосылыстарға аударады.

Тиімді және экологиялық зиянсыз агартауды реагенттер ретінде сутегі пероксиді (H_2O_2), оттегі (O_2) және озон (O_3) қолданылады. Агартууды заманауи сұлбалары екі кезеңге бөлінеді: қайнатудың жалғасы болып табылатын делигнификация және агарту.

Агарту үшін қолданылатын химиялық реагенттер колданылады:

1. хлорлау – Cl_2 газы, хлорлы су;
2. сілтілеу – натрий гидроксидінің сулы еритіндісі;
3. гипохлоритті өңдеу – натрий, кальций гипохлоритінің еритіндісі;

4. хлор диоксиді – ClO_2 ерітіндісі немесе газ;
5. сутегі пероксиді – сулы ерітіндісі;
6. ыстық өндеу – натрий гидроксидінің ыстық сулы ерітіндісі;
7. суық өндеу – натрий гидроксидінін суық сулы ерітіндісі;
8. ауалы-сілтілік ағарту – газ – оттегі, натрий гидроксидінің ерітіндісі;
9. озондау – газ – озон;
10. оттегімен ағарту – газ – оттегі;
11. пероксиқышқылдар – пероксисірке немесе пероксикумыска қышқылдарының сулы ерітінділері;
12. қышқылдау – SO_2 сулы ерітіндісі, органикалық немесе минералды қышқылдарының әлсіз ерітінділері.
13. комплексондармен (хелаттар) өндеу – ерітінділер – Б трилоны, ЭДТА, НТФ, ИОМС;
14. биологиялық агенттермен (ферменттер, энзимам) өндеу – ак шіріген саныауқұлактар, ферменттер.

Целлюозаны заманауи ағарту көп сатылы технологиялық процесс болып табылады. Целлюозаны өндеудің әрбір сатысында өзінің кимылын әртүрлі көрсеттің ағартқыш реагенттер колданылады. Ағартудың жеке сатылары арасында целлюозаны ағартқыш ерітінділерінің массасынан жою үшін сүмен шаяды және целлюозалық массаны басқа жаңа реагенттермен араластырады. Ағартудың сатыларын орындау үшін аппаратауда ретінде тігінен орналасқан үздіксіз жұмыс істейтін ағарту қондырыгылары колданылады. Сол қондырыгылар арқылы 3-тен 18%-ға дейін концентрацияда масса жоғарыдан астына карай және астынан жоғарыға карай өтеді. Жалпы сұлбада ағарту сатыларының саны 3-тен 8-10-ға дейін жуықтайды.

Жуу үшін әртүрлі құрылымды барабанды фильтрлер және массаны реагенттермен араастыру үшін үздіксіз жұмыс істейтін лиффузорлар колданылады.

1.3 Қағаз бен қатырманы даярлаудың технологиясы

Қағазды ондру


Қағаз даярлаудың технологиялық сұлбасына қағаз массасын құюға даярлау кезеңін, қағаз даярлау машинасында құю және алынған қағазды өндеу жатады (1.31 сурет).

Бұл өндірістің маңызды технологиялық операцияларының бірі үтізу болып табылады. Мұнда кепкен талшықты жартылай шикізаттар алдын ала гидроұсатқыштарда сүмен жуылып, керекті мөлшерде өлшешіп салыналы. Сосын қағаз массасы дайын өнімнің сапасына койылатын талаптарға сәйкес құюға жіберіледі немесе оның композициясына қосымша желімдегіш заттар, толықтырыштар, бояғыштар және т.б. заттар қосады. Қағаз массасының талшықтарына қосылатын компоненттерді тұйбалашу үшін күкір қышқылды алюминий, полиакриламид (ПАА) және басқа да қоспалар колданады.

Дайындалған қағаз массасын концентрациясы бойынша реттейді, массалық немесе машиналық бассейндерде нығыздайды. Қағаз массасын қағаз немесе қатырма даярлау машинасына берер алдында оған айналымды су косып, түйіншіктерден тазалап, арнайы ағынды белгіштер арқылы кернеу құрылғысына беріп, ары қарай машинаның қалыптау қондырығысына жібереді. Қалыптау қондырығысы бір немесе бірнеше рет жылжитын шексіз торлардан немесе тормен тартылған өзара айналатын перфориrlenген цилиндрлерден тұрады. Бұл қондырығыда қағаз немесе қатырма полотносының керекті құрылымын алу үшін судың негізгі белгінен сүзгілеу және құю операциялары орындалады. Сонын машинаның басқа боліктерінде пресстеу, кептіру сұыту, машиналық өндесу мен орау операциялары жүреді. Дайын өнімнің талаптарына сәйкес олар қосымша каландрлеу және супер каландрлеуге келтірілуі мүмкін. Дайын қағаз бен қатырманы керекті формат бойынша кесіп, орап буып дайын өнім қоймасына жібереді. Керекті жағдайда қағаз бен қатырма қосымша бобиналар мен парактарға кесіледі. Олар борлану, ернектеу, гофрлеу және басқа да безендіру сиякты операцияларға ұшырауы мүмкін.

Өндіру процесі кезіндсі пайда болатын қағаз және қатырма қалдықтары (сұлы және кепкен) қайтадан қағаз массасына айналады және дәл мөлшермен қайтадан технологиялық процесске қайтып келеді.

Машинадан шығатын, құрамында талшықтардың үлкен мөлшері қалып қойған айналмалы сулар, қағаз массасына кіретін желімдегіш заттар, толықтырыштар және басқа да құнды компоненттер құргак жартылай шикізаттар мен қалдықтарды тазалау, босату алдында массаны араластыру үшін қолданады. Қалған сулар шығар алдында ағынға жіберіліп, өндіріске қолданатын талшықтарды ұстau үшін жіберіледі.



1.31 сурет. Қағаз өндірісінің құрылымдық технологиялық сұлбасы

Жалпы қағаз өндірісінің қатырма өндірісінен айырмашылығы аз және қағаз бен қатырма түсініктепі арасында айырмашылық жоқ. Шартты түрде қатырма деп 1m^2 массасы 250 г-нан асатын, қалыңдығы 0,5 мм көп материалды айтады. Қатырманың айырмашылығы – көп жағдайда көпқабатты композициялық материал түрінде шыгарылатыны және сыртқы қабатына қарағанда, оның ішкі қабаттары ушін ең арзан талшықты материал

қолданылады. Сол себепті қағаз даярлау машинасының айналмалы су ағынын ағартылған жартылай шикізаттардан даярланған беттік қабаты мен ішкі қабаттар үшін макулатуралық масса мен ағартылмаган жартылай шикізаттардың беттік қабаттары үшін беледі. Егер катырманың сыртқы қабатының актығы нормаланбаса, онда айналмалы сұлар барлық қабаттар үшін жалпы ағынмен жіберіледі.

1.3.1 Қағаз массасын даярлау және үтігү


Целлюлозалық фабрикаларынан шығарылған қағаз даярлау үшін қолданылатын талшықтар қағаз өндіру процесінің тек бөлігі ғана. Егер оларды сол күйінде қолданса, онда сол талшықтар беріктікіті темен, бақыланбайтын құрылымы бар, ретсіз қалыптасқан қағаз өндіру үшін ғана жарамды. Қағаз даярлау алдында талшықтар үтілуге жіберіледі, бірдей пропорцияда талшыкты емес компоненттермен араластырылады және тазартылады. Бұл операциялардың жиынтығы қағаз массасын дайындау деп аталады.

Қағаз массасын даярлау процесінің алдында қағаз талшықтары целлюлозалық фабрикалардан сұйық ботка сияқты талшықты масса күйінде, ылғалды массаның парактар түрінде немесе құргак парактар түрінде келіп түседі. Керекті консистенцияны қамтамасыз ету үшін және басқа қосымша қоспаларды қосуға мүмкіндік беру үшін талшықтар суда жақсы сулану керек. Талшықты массаны сулы сусpenзияға айналдыру үшін жоғары жылдамдықты лопастары бар роторлы резервуарға немесе бакқа орналастырылады. Лопастар интенсивті араластыру мен турбуленттілікті қамтамасыз етеді, талшықты массаны келесі операцияларға жеңіл ауыстыру үшін тез уақытта гидрокостага айналдырады.


Үтігү – қағаз массасын даярлаудың келесі кезеңі. Бірінші механикалық рафинер – казіргі уақытта да кішігірім фабрикаларда үтігудің бастапкы кезеңі болып табылатын ролл қолданылды. Ролл екі жағы дөңгелетілген керекті сопақ формада болатын резервуадан және металданған планкалары орнатылған барабанмен қамтылған. Бұл барабан бірдей металданған планкалардың катарынан тұратын тіректі плита астында айналып тұрады (1.32 сурет).

Жылжымалы планкалар арасына тығылған талшықтарға эсер ету су арқылы қозғалмайтын планкалар арқылы іске асады және ол операцияны **массалық үтігү** деп атайды.

Үтігү процесі кезінде талшықтар фибрілденеді, кесіледі, мыжылады және қыскартылады, сонымен катар олардың бетінде бархаттагы талшық тәріздес фибріллдер пайда болуы мүмкін. Талшықтар ісінген және жұмсақтылған болады, ал олардың бетінің ауданы талшықтан талшыққа түйісу үшін үлкейтіледі және қағаз даярлау процесі кезінде байланыс жақсы орнатылады. Талшықты массаның үтігүге дейін және үтіккеннен кейінгі микросуреттерінде үтігүге ұшырайтын талшықтардың физикалық өзгерістері байқалады.



1.32 сурет. Қағаз массасын роллда үгіту



1.33 сурет. Қылқан текті сүректен алынатын сүректік масса үгітуге дейін (а) және үгіткеннен кейін (б) (160 есе үлкейтілген).

Массалық үтірудың келесі түрі – қосымша үтігу. Қосымша үтігін аяқтайтын операция болуы мүмкін және конустық дірмен арқылы орындалады, мысалы Жордан дірмені (1.34 сурет).

Жорданның конустық дірменің жазық білік арқылы айналатын және конустық каппен қоршалған, тігінен орналасқан металды планкалары бар конустық ротордан немесе конустан тұрады. Талшықтар айналмала конустағы үттегін планкалар мен каптагы айналмайтын планкалар арасынан етіп үтіледі.



1.34 сурет. Конустық дірмен (Жордан)

Заманауи целлюлозалық-қағаз комбинаттарында массалық роллдар рафинер деңгейлік атапталып күрылғымен шектетілді. Олар үздікіз жұмыс істейтін дискілік, конустық және цилиндрлік болып болінеді.

Дискілік рафинерлер теренділгі ортасынан шеттеріне карай төмендейтін фрезерленген ойықтардан тұратын екі тік дискіден тұрады. Бірінші диск айналып тұрады, ал екіншісі қозғалмайды немесе әрбір диск бір-біріне қарама қарсы бағытта айнала алады (1.35 сурет).



1.35 сурет. Дискілік рафинер

Қағаз талшықтарын бір дискінің орталық тесігіне орналастырады және дисктін перифериясына орталық күш арқылы шеттетіледі. Дисктер

арасындағы күйс керекті дәрежеде үтіруді алу үшін реттеледі. Үтіту талшыктарды үтіту, езу және кесу операцияларының жиынтығымен түсіндіріледі. Талшыктың дисктің ортасынан периферияға жылжығанда талшыктар айналмалы және айналмайтын дискілердің рельсфіті беттер арасында бірнеше түйісі әсерінен үтіледі. Дискілік рафинердегі үтірудің дәрежесі мен түрі ағытатын беттердің конфигурацияларына сәйкес ауысып отыруы мүмкін.

Конустық дійрмендер (1.36 сурет).




1.36 сурет. TriConic конустық рафинері

Негізінен қағаз массасын дайындау жүйесінін екі түрі бар. Біріншісі – ен ескі, массалық ролл мен конустық дійрменді қосып қолданатын ванналық жүйе. Екіншісі, жанарак, дискілік рафинерден және содан кейін жүретін конустық дійрмендерден тұратын, үлкен тоннадық фабрикаларда қолданылатын үздіксіз жүйе. Қағаз массасын үздіксіз даярлау кезінде үтіту процесін бақылау және қоспаларды қосу «on-line» режимінде іске асырылады.

Цилиндрлік рафинер (1.37 сурет).

Талшыкты массаның әртүрлі типтері қағазды өндіріс үшін қасиеттерін реттеу және оларды керекті олшемде араластыру үшін ағытылады.

Үтілген талшыктар қағаз композициясы үшін керекті мөлшерде үздіксіз және автоматты түрде әртүрлі қоспалармен, мысалы ішкі желімдегішмен, бояғыштар мен пигменттермен, сонымен катараптолықтырғыштармен араластырылады.



1.37 сурет. Papillon цилиндрлік рафинері

1.3.2 Қағазды толтыру

Қағаздың көпшілігі толықтырғыштар деп аталатын материалдардан тұрады. Олар шыгарылатын қағазға керекті касиеттер беру үшін қосылады. Толықтырғыштар ретінде жұка дисперстелген ерімейтін материалдар немесе минералдар – кеңінен тараған балшық, титан диоксиді және кальций карбонаты. Бұл заттар қағаз даярлау процесі кезінде паракты алу үшін композицияға біріктіріледі. Толықтырғыштардың қызметі – дайын қағаздың мына сипаттамаларын: мөлдірсіздігін, жарықтығын, басу касиеттерін, салмагын, құрылымын езгерту. Сонымен қатар толықтырғыштар қағазға жұмсақтық, көлемділігін езгерту, жылтырлығын үлксайту, қағазды баспа бояуын біртекті сініру үшін қолданылады. Баспа қағазына толықтырғыштарды енгізуін бірінші себебі мөлдірсіздігі мен жылтырлығын жогарлату, бояудын артқы жағына отпесуін қадагалау және талыштың қаттылығын азайту.

Қағаз ондірісінің толықтырғыштарынан жоғары жарықтық, мөлдірсіздігін арттыру үшін жақсы реттелетін касиеттер талап етіледі. Толықтырғыштар ретінде балшық, титан диоксиді, кальций карбонаты, алюминий гидратотығы, тальк, кальций сульфаты, барий сульфаты, табиги немесе синтетикалық силикаттар, силикаттық пигменттер және мырыштық пигменттер.

Баспа және жазу қағаздарындағы толықтырғыштардың пайыздық үлесі қағаздың толық салмагынан шамамен 5%-тен 30%-ға дейін езгеріп отырады.

Кейір қағаздар үшін толықтырғыштың үлесі азырак немесе мұлде болмайды.

Қағаздарды даярлау кезінде керекті нәтижеге жету үшін толықтырғыштардың косымшасы ретінде колданылатын басқа талшықты емес материалдармен арапастырылуы мүмкін. Қағаз өнеркәсібінде канифоль мен ашудастар ішкі желімдеу үшін қолданылады (массадағы желімдегіш): синтетикалық желімдегіш материалдар сілтілік желімдегіші бар қағаздар үшін қолданылады. Крахмалға, камеди және синтетикалық полимерлерге үксас қосымша қоспалар құргақ күйдег беріктікі, адгезияны жақсарту үшін және толықтырғыштарды ұстап тұру үшін қолданылады. Қағаздың құрамына ариайы қоспаларды суда тезімді болу үшін қосады. Бояғыштар мени түрлі түсті пигменттер ак түсті қағазды бояу үшін және түрлі-түсті қағаздың жарықтығын жоғарлату үшін қосады. Оптикалық агартқыштар (бояғыштар) ак қағаздардың жарықтығын жоғарлату үшін қолданылады.

Қағаздағы талшықтың, талшықты емес қоспалардың қосындысы қағаз ендірісінде композиция деп аталады. Оны қағаз даярлау машинасында қағаз парагын алу үшін қолданылатын материалдардың композициясы.

Қағаз құрамына минералды толықтырғыштарды снізу қағаздың бағасын арзандату максатында қосады, ейткені минералды толықтырғыштардың бағасы жартылай шикізаттың бағасына қараганда арзан және өсімдік талшықтарын минералды толықтырғыштарға алмастыру экономика жағынан тиімді:

- қағаздың актығын жоғарлату үшін;
- қағазға мөлдіреместігін беру үшін.

Сонымен қатар минералды толықтырғыштар қағаздың қеуектілігін, оның ауа еткізгіштігін, сініру қабілеттілігін, кептіру жылдамдығын жоғарлатады, суланган кезде қағаздың деформациясын төмендеделі және қағаздың жиірілін азайтады.

Қағаздағы толықтырғыш каландреуден кейін оның тегістігін жоғарлатады, ейткені толықтырғыштың болшектері қағазды каландреу кезінде парактың келір бұдыр бетіндегі ойықтарды толтырады және оның тегістігіне эсер етеді. Бір мезетте парактың нығыздануы пайда болады және оның ауа еткізгіштігін төмендеделі.

Қағаздың құрамында толықтырғыштың болуы оны жарықка беріктігін біркелкі етеді, сонымен қатар қағаздың актығын, мөлдір еместігін, тегістігін және сініру қабілеттілігін жоғарлату қағаздың басу қасиеттерін жақсартады.

Қағазды даярлаганда қолданылатын толықтырғыштың беріктігін жоғарлатқан кезде, қағаздағы толықтырғыштың санын және толықтырғыштың дисперсиялану дәрежесін көбейткен кезде қағаздың беріктігі жоғарылайды. Толықтырғыш ретінде мырыш пигменттерін бланфикс және титан екі тотығын қолданған кезде қағаздың калыңдығы азаяды және беріктігі жоғарылайды.

Көптеген толықтырғыштар қағазды арапастырган кезде шуды азайтады. Тек гипс кана қағазға дауыс беріп ұстаган кезде каттылық береді.

Минералды толықтырыш қағазға керексіз қасиеттер де береді. Минералды толықтырыштың белшектері талшық арасындағы күйстарда орналасады да қағаздың кеуектілігін, оның ауа еткізгіштігін жогарылатады және талшық арасында берік байланысты қуруына мүмкіндік бермейді. Соңдықтан құрамында минералды толықтырышы бар қағаздың механикалық беріктігі темен болады. Сонымен қатар қағаздың сынуга кедегісі азаяды. Қағаздың құрамында толықтырыш көп болған сайн ол алсіз болады және қағаздың шандануы байқалады.

1.3.3 Қағазды желімдеу

Қағазды желімдеу термині қағаздың құрамына оның қызметіне байланысты арнайы қасиеттер беретін әртүрлі заттарды қосу арқылы орындалатын процесті айтады. Бұл процессте қағаздың қасиеттері реттеледі: сия, қағаз еткізбешілігі, құрылымының озгеруі, механикалық беріктігін жогарлату, беттік кабаттың бүлінуге келергісі, ылғалдау кезінде деформацияны азайту немесе ылғалды күйде беріктігін жогарлату. Кейбір жағдайда қағаздың құрамына оны сұт, май, әртүрлі сұйықтықтардың сініп кетуінен сақтайдын заттар қосады.

Қағазды желімдеу дәрежесіне байланысты 3 топқа болінеді: желімденбеген, аз желімденген, қатты желімденген.

Колданылатын барлық заттар езінің қасиеттері бойынша болінеді:

- желімденетін: канифоль, парафин, модифицирленген канифольды желім. Бұл заттар гидрофобтық қасиет береді, бірақ қағаздың беріктігі езгермейді, кейбір жағдайда төмендейді.

- байланыстырыш: крахмал, битум, крахмалды желім, карбоксометилцеллулоза. Бұл заттар гидрофобтық қасиетті аз мөлшерде береді, бірақ қағаздың беріктігі жогарылады, ейткені олар қағаздың талшының желімдейді.

Қағазға ылғалға төзімділік беретін заттар бар. Қағаз массасына үтіккенен кейін арнайы ылғалға төзімді шайырды араластырганға дейін қосса ылғалға төзімділік пайда болады. Ол несепформальдегид және меламинформальдегид шайырлары. Шайырдың мөлшері күрғак талшықтың 5-7%-ын құрайды. Бұл шайырлар алсіреткішті талап етеді. Әлсіреткіш ретінде жербалышқа $Al_2(SO_4)_3$ колданылады. Сонымен қатар синтетикалық желімдер де қолданылады.

Қағазды желімдеу процесі 2 әдіспен орындалу мүмкін: қағаз массасына желімдегіш заттарды қосу арқылы және дайын қағаздың бетін керекті заттармен ондау арқылы. Бұрын қағазға сия мен су еткізбешілік қасиетін беру үшін крахмалды немесе осімдік желімдер қолданылды. Бұл заттар қағаздың құрамындағы талшықтарды өзара желімдеуін қамтамасыз етеді. Осының салдарынан талшық арасындағы байланыс күші жогарыладап, қағаз парагы мықты болады. Қағаздың бетін жогарыда аталған заттармен ондау арқылы сия және су еткізбешілік қасиетін беру механизмі сол қағаздың бетінде сия мен суды еткізбейтін сол заттардың жұқа кабаты пайда болады.

Талшыктарды желімдеудің және қағаз бетінде жұка қабаттың пайда болуының арқасында қағаз полотносының қажалуға берік мықтылығы жогары қасиеттер алынады. Қағаздың бетінде карындашпен, сиямен немесе түшпен салынған мәтін немесе сурет ешіргішпен ешіріледі, бірақ қағаздың беті бүлінбейді. Сондыктан крахмал немесе жануар желімімен бетін желімдеу қазіргі уақытта да қағаздың бетінде жогары механикалық беріктік (акша, күжатты қағазлар) пен қажалуга берік қасиеттер беру үшін қолданылады.

1.3.4 Қағазды бояу

Қағазды әр алуан түскे бояу қағаз даярланатын қағаз массасын бояу арқылы немесе полиграфияда қолданылатын басылым әдісі арқылы немесе қағаз ондірісінде қолданылатын жабдықпен (желімдеу пресі, қағаз бояу машинасы) қағаз бетін бояу арқылы алуға болады. Боялған қағаз түріне фибра мен пергамент үшін негіз, сорғыш, токыма патронлар мен конустар үшін, бөтелекілік, афишалық, сірінке корантары үшін, орама қағаздарының кейбір түрлері, конверттік, тоқымалық, электротехникалық қағаздың түрлері, майлышқа қағаздар, басу үшін қағаздар, қағаз өнімдерінің басқа да түрлері жатады.

Егер қағазды бояу арқылы оған керекті түс берілсе, онда оған бір түс беру үшін қағаздың құрмына керекті бояғыш қосу арқылы алуға болады. Керекті түсті беру қағаздың сарғыштығын жою мақсатында орындаиды және кек түсті бояғыш арқылы актықты жогарылатады.

Боялған қағаздың сипаттына, түріне, бояу әдісіне және қолданылатын бояғыштардың қолданылу шарттарына байланысты әртүрлі талаптар қойылады. Олар көбінесе қағазға ашық түс беру мақсатында қолданылады. Боялған түс сүмен шайылмау керек және жарыққа, жылуға бейім, кейбір жағдайда бояғыштың қышқылға, сілтіге бейімділігі жоғары болу керек және қағаздың боялған бетімен түйісетін арнайы химикалтарға берік болу керек.

Табигаты бойынша бояу процесі коллоидті-химиялық болып келеді. Сол себепті қағаздың компонентіне кіретін ерітіндідегі бояғыш бір тегіс және мықты бекітілу керек. Бояу кезінде адгезиялық құбылыстар мен боялатын беттін бояғышпен әсерлесу күшинін мәні зор.

Қағаз бетін бояудың ерекшелігіне бұл процестің қағаз беттерін өндідеудің басқа түрлерімен (ылғалға беріктігін жоғарлату, биоберіктік, пластикалық) қосу мүмкіндігін жатқызуға болады. Беті боялған қағаздың сапасы (барлық жағдайда смес) массада боялған қағаздың сапасынан асады. Қағаздың бетін бояу әдісі ағынды өндірістік суды су водоемина құйылмайды және оны былгамайды.

Қағазды бояу үшін әртүрлі бояғыштар қолданылады. Оларды қазіргі уақытта қолданылмайтын бейорганикалық (табиги және жасанды) және органикалық деп беледі. Бейорганикалық бояғыштардан ақ қағаздың түсін алу үшін қағаз массасының курамына қосылатын ультрамаринды айтуға болады. Органикалық бояғыштар табиги және жасанды болуы мүмкін.

Сонғылары қағаз өндірісінде кеңінен қолданыс тапты. Өйткені олар даярланатын қағазға әртүрлі түс пен рең береді. Қағазды бояуга арналған органикалық синтетикалық бояғыштар келесі топтарға бөлінеді: негізгі, тік, қышқылды, кубтық және күкіртті. Бояғыштардың көптеген түрлері талшық арқылы адсорбциялық тәсілмен немесе химиялық әсерлесу арқылы иерархиялық еритін бояғыш заттар болып табылады.

Пигменттік бояғыштар – еритін химиялық туындылар, олардың тұздарының бөлініү арқылы немесе басқа тәсілдермен талшықта тұнатын немесе бастапқы материалдардан алынған талшықтарда синтезделетін ерімейтін бояғыш заттар. Пигменттік бояғыштардың қатарына суға тезімділік және жарыққа беріктік жағынан жоғары көрсеткіштерге ие кубтық немесе күкіртті бояғыштар жатады. Кубтық бояғыштар ашық түспен және қанықан реңмен сипатталынады, сол себептен оларды қымбагтылығына және күрделі технологиясына қарамастан қолданады. Күкіртті бояғыштар арзан, бірақ қағазға солғын түс береді.

Негізгі бояғыштар сүрек массасының талшықтарын және агартылмаган цеплюлозаның талшықтарын жақсы бояйды. Бірақ лигнин мен гемицеплюлозаның аз мөлшерінің тұратын агартылған цеплюлоза мен оданда темен токыма талшықтарын жаман бояйды. Сонымен қатар, бұл бояғыштарды араласқан макулатураның талшықтарын бояу үшін де қолданылады. Барлық жағдайда түссіз ағынды сулар алынады. Сүрек массасының талшықтарында негізгі бояғыштарды фиксациялау үшін, яғни талшықтың бояғышпен түйсіү шамамен 20-30 с-қа тен. Негізгі бояғыштың талшықтармен байланысы химиялық болып келеді. Бұл бояғыштың сорбциясы талшықтың құрамында күшті карбокстық топтардың болуында.

Тік бояғыштар мақта және агартылған цеплюлозаның талшықтарының жақсы боялуын камтамасыз етеді және сүрек массасының талшықтарын жаман бояйды. Агартылған цеплюлозаның талшықтарын тік бояғыштармен бояу кезінде бұл бояғыштардың талшықтармен түйсіү бояғыштың маркасына байланысты 2, кейір кезде 4 минутқа дейін жетеді. Тік бояғыштарды қағаздың желімденбеген түрлерін бояу үшін қолданылады, мысалы фибра мен пергамент негізі үшін, сініргіш, санитарлық тұрмыстық мақсатқа қолданылатын қағаздар үшін. Бұл бояғыштар цеплюлозаның гидроксил топтарымен сулы байланыс түзеді.

Кейір санитарлық тұрмыстық қағаздың (дәретхана қағазы, қағаз орамалдары) композициясына цеплюлозаға қарағанда тік бояғыштармен нашар боялатын 40% сүрек массасы кіреді. Жоғарыда көрсетілген қағаздың түрлеріне қолданылатын бояғыштың бұл түрі олардың боялуына ортша талаптар койылатынын ескерсек колдану тиімді. Тік бояғыштардың бір ерекшелігі боялатын қағаздың каппилиярлық қасиеттерінің сақталтуы. Бұл ерекшелік бұл бояғыштардың санитарлық тұрмыстық мақсатта қолданылатын сініргіш қағаздар үшін маңызды.

Қышқылды бояғыштар жібекті, жұнді және полиамидті талшықтарды жақсы бояйды, бірақ цеплюлозаны, сүрек массасын және каолин бөліктерін нашар бояйды. Бұл бояғыштардың көбінесе желімденген қағаз массасын бояу

үшін қолданады. Қышқылды бояғыштар негізгі бояғыш сияқтыв ашық тұс бермейді, бірақ жарыққа тезімді болып келеді. Суда теріс заряды бар есімдік талшықтарындағы қышқылды бояғыштардың тұғбасында күкірт қышқылды алюминийді бояу нәтижесінде пайдалатын электростатикалық тартылыс күші үлкен мәнге ие. Негізгі және тік бояғыштармен бояуды жұмысқаң өндірістік су қөмегімен орындаған жақсы. Қышқылды бояғыштармен бояу кезінде қатты судың тұздары бояу процесіне он асерін тигізеді.

1.3.5 Қағаз даярлау машинасының алдында массаны езу және тазарту

Керекті композициядан тұратын машиналық бассейнде орналасатын дайын қағаз массасын қағаз даярлау машинасының кернеулі жәшігіне салар алдында тазалау керек. Массаны езу мақсатында орындалатын бұл операция құю алдында минералды және органикалық қоқымдардан тазарту мақсатында орындалады. Оларға судан жеңіл бөліктер (ұсак жанжалар, талшықтың жіптер және т.б.) жатады.

Сапасын темендегін, органикалық және басқа да қоқымдардан тұрмайтын қағазды алу тазарту жабдығын қолдану арқылы іске асады. Қағаздың былғануының негізгі қайнар көзіне келесілер жатады: жартылай шикізаттарды сақтау орны, өндірістік су, су құбырлары мен бассейндердің былғануы, химиялық қосынша материалдардың нашар тазалануы.

Қағаз массасын езу

Қағаз даярлау машинасының массалық бассейнінен келіп түсетін қағаз массасын 3-4% концентрацияға дейін езу жақсы сапалы қағазды алудың жолы. Қағаз массасын езудің керекті дәрежесі қағаз даярлау машинасының торлы белгінің күрылымы мен ұзындығымен ғана емес, сонымен қатар үргіту дәрежесі, 1m^2 массасы, талшықтың типі мен талшықтың супензияның температурасы арқылы да анықталады. Шығарылатын қағаздың сортына байланысты концентрациясы 0,1-1,3% қағаз массасын қолданады. Массаның концентрациясы жогары болған сайын ол майлар болады да, одан алынатын қағаз қалып болады.

Массаның концентрациясын пайызбен белгілейді. Бұрын, массаның төменгі концентрациясын белгілеу үшін «езу дәрежесі» терминін қолданған (1.1-кесте).

1.1- кесте

Массаның концентрациясы мен езу дәрежесі арасындағы катынас


Концентрация, %	Езу мелшері
0,1	1000
0,2	500
0,3	333
0,4	250
0,5	200

0,6	166
0,8	125
1,0	100
1,2	83

Езу дәрежесі = 100/концентрация, %. Массаның концентрациясын көркөт мәнінде дейін реттеу және езу массаны тазарту аппаратына түспес бұрын іске асады, ойткені олар масса концентрацияның тек анықталған мәндерінде ғана канагаттанарлық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Қағаз массасын есқі күрьылымды қағаз даярлау машинасының агрегаттарына біркелкі беру құйылатын реттеу жәшігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Айналмалы тор астындағы су жоғары орналасқан құйылатын жәшікке беріледі, ал масса беліктеп металды бассейннің білігінде орналасқан төгетін дөнгелекке беріледі. Бірақ, препеллерлік араластыргышы бар бассейндерді енгизу нәтижесінде массаны машинаның бассейнінен теңестіруші жәшігіне беру тәсілі кеңінен колданыс тапты (1.38 сурет).



1.38 сурет. Қағаз даярлау машинасы алдында теңестіруші жәшіктерді қолданып массаны езу сұлбасы


1 – машинаның бассейні; 2 – айналмалы су резервуары;
3 – теңестіргіш жәшіктер; 4 – қоспалуыш (смесительный) жәшіктер; 5 – реттеуші органдар

Осылан байланысты технологиялық сұлбаға машинаның бассейні мен теңестіруші жәшігі арасында рафинерлер мен массаның концентрациясын реттегітін реттегіштерді қосу мүмкіндігі туады. Рафинерлерді колдану массаны тегістеуге мүмкіндік тұбызады.

Теңестірмелі жәшікten масса мен судың шығынын мөлшерлегіш тиектер арқылы реттеледі. Су мен масса бірқалыпты араластыруды қамтамасыз ету үшін бір мезетте қоспалуыш жішігіне түседі.

Жоғарыда айтылған қағаз массасын езуге арналған тәсіл тез жұмыс істейтін үлкен қағаз даярлау машиналарында қазіргі уақытта

көлданылмайды. Казіргі таңда бұл мақсатта жұмыс деңгелегі тұрақты жылдамдықпен айналып тұратын байпасы бар қоспалуыш насостары көлданылады (1.39 сурет).



1.39 сурет. Қоспалуыш насостар мен байпасты жүйе кемегімен массаны езу сұлбасы
1 – машинадын бассейні; 2 – массанын насосы; 3 – массакоспалуыш жәшік; 4 – масса күбыры; 5 – масса реттеуіш қалқалағыш; 6 – тор асты суының күбыры; 7 – қоспалуыш насосы; 8 – массаны езу үшін күбыр; 9 – айналмалы күбыр; 10 – массаның езүін реттептін жолдағы қалқалағыш; 11 – тізбекұстаяушы; 12 – кернеуіл жәшік; 13 – тізбекті белік; 14 – тор асты суының жинағышы.

Бұл насостар қағаз даярлау машинасының қабылдағышында орналасады және тор асты ваннамен соратын күбырлар арқылы байланысқан. Масса жоғарыда орналасқан қоспалуыш жәшігінен насостың мөлшерлі қалқалағышы арқылы соратын күбырга жиберіледі. Қоспалуыш насосынан талшықты суспензия тазалану үшін кондырығыға айдаланылады.

Айдаланылатын және соратын күбырлар байпасты жолы бар реттелетін қалқалағыш арқылы байланысқан. Осы қалқалағыш кемегімен массаны езу іске асырылады. Қалқалағыш жабық болса, тор асты суы көбірек сорылады және массаны езі дәрежесі үлкейеді. Қалқалағышты ашқаннан кейін соратын жолға масса қайтып келеді де езі дәрежесі төмендейді.

Тәсістірмелі жәшіктегі максималды кернеу арқылы массаны беру қалыпты жағдайда жүреді.

Қағаз массасын тазалау

Қағаз даярлау машинасы алдында талшықты суспензияны тазалау үшін құмсалғыштар, орталық сұрыптағыштар, сепараторлар, күмбөлгіштер және тазалағыштар көлданылады.


Құмсалғыштар. Бұл аппараттар бұрыннан бері көлданылады. Құмсалғыш ұзын ашық наудан тұрады. Онда массаның жылжу бағыты бойымен бір бұрышта ($45-60^{\circ}$) орналасқан, бір бірінен 30-50 см қашықтықта, биіктігі 7-20 см болатын ара қабырға орналасқан. Массадан бетен қоспаларды бөлөтін эффект массаның концентрациясы 0,3-0,5%, ағынның

жылдамдығы 10-17 м/мин болғанда жетіледі. Ағынның жоғары жылдамдықта жылжуы кезінде массаны тазалау тиімділігі төмендейді, ал төмен ағында талшықтардың тұбалауының қауіптілігі туады. Тәуліктік өнімділік 1 т қағаз болғанда, күмсалғышка ариалған аудан 1,5 м² құрайды.

Орталық сұрыптау. Сұрыптаудың белгілі құрылымына жоғары сапалы таза тоқыма қағазын және фотоқағаздың негізін өндіру кезінде қолданылатын эркенсатор қолданылады. Ауыр беліктер орталық күшті қолдану принципі арқылы белінеді. Эркенсатордың негізгі элементі орташа жылдамдығы шамамен 30 м/с болатын дөңгелекті көртпештері бар конустық формадагы барабан болып табылады. Орталық күш арқылы конустың ортасына түсетін масса ағынмен оның кабыргаларына жабысады. Онда ауыр қоқыстар дөңгелекті көртпештер арқылы тоқтатып, талшықтар дросесельдік шлинилер арқылы шыгарушы лотокқа түседі.

Эркенсатордың жұмыс істеу процесі кезінде онда ауыр қоқымдардан тұратын талшықты тығыздығыштар пайда болады. Бұл тығыздығыштар әрбір 8-24 сағат аралығында (эркенсатордың токтау үзактығына байланысты) жойылып тұрады. Эркенсатордың мұндай токтаулары аппаратты тазалаумен түсіндіріледі. Бұл аппараттардың бір көмшілігі өтсемен еткізу мүмкіндігі.

Орталық құмбелгіштер (1.40 сурет). Бұл күмбелгіштер күмсалғыштардың орнына негізінен макулатурадан тұратын орама қағазын даярлау кезінде қолданылады. Өйткені олар тек үлкен қоқыстарды ғана кетіре алады.



1.40 сурет. Орталық құмбелгіш


- 1 – вентиляциялық клапан;
- 2 – керетін шыны;
- 3 – қоқыжинағыш

Эркенсаторларға қарағанда бұл аппараттарда айналмалы беліктер болмайды. Агрегаттың жоғары цилиндрлік белігіне сенгізлестін концентрациясы максималды 1% құрайтын кіру кезінде қысымы 3-6 м болатын массанын суспензиясы спираль түрінде төменге карай түсіріледі.

Орталық күштің әсерінен ауфр қосыулар цилиндрдің қабыргаларына қысылады да аппараттың конустық белгі арқылы гидравликалық тығыны бар қоқыжинағышқа түседі.

Ағынның ішкі бетінде орналасатын жеңіл талшыктар конустагы езінін бағытын езгертуді және ағыс арқылы шығу трубасына қарай ұмтылады. Орталық құмбелгіштер диаметрі 500-600 мм және өнімділігі 1500-3000 парап/мин болып шығарылады.

Тазалағыштар. Қағаз өндірісінің заманауи әдістері массадан ауыр қоқыстарды жою мақсатында «Vortrap» типті тазалағыштарды қолдануын ұсынады (1.41 сурет).



1.41 сурет. Тазалағыш

1 – бергіш; 2 – алғыш; 3 – тангенцилті орналасқан көлтекұбыр; 4 – көретін шыны; 5 – таза бүрктелі су; 6 – қоқыжинағыш; 7 – қоқыстар

3.10 сурет. Тазалағыш

Тазалағыштанды бөліктерге күші 400-800 есе жогары орталық күштер әсер етеді, сондықтан орталық құмтазалағыштарға Караганда тазалағыштар массадан ұсак қоқыстарды да тазалай алады. Бірақ, қысымда көп шығын болғандыстан бұл құрылыштар энергияның көп шығының талап етеді. Бұл аппараттардың трубасының төменгі бөлігінде масса ағыны жылжуының бағытын езерту үшін және тазалаудың тиімділігін жоғарылату үшін бір немесе екі ауытқышты элементтер қарастырылған. Бұл элементтер қатты тозуга бейім, сондықтан олар аппараттардың төменгі бөлігінде конустық пішінді труба бөлігімен алмастырылған.

«ПАМА» жүйесіндегі тазалағыштардың массасының концентрациясы 0,4-1,0 % болғанда өткізу мүмкіншілікі шамамен 800 л/мин құрайды. Тазалағыштардың ерекше түрі «Шартл» жүйесінің «Гидроциклон» болып табылады. Бұл аппараттарда масса жылжуының ағыны езгермейді.

Қоқыс салғышта жиналған қалдықтар шнек көмегімен сусыздандырылып, жіберіледі.

Орталық сепараторлар. Бұл құрылғыларды «центрклинер» деп атайды. Олар тазалағыштар секілі сол принциппен жұмыс істейді. Центрклинердің трубасы бұрышы шамамен 10° болып келетін конус формасында шығарылады. Бұл аппараттардың қоқыссалғышы жоқ. 4-5% мөлшердегі қалдықтар салғышқа түседі, одан насос арқылы центрклинердің тазалауының екінші сатысына тасымалданады. Қебінесе 3-4 сатылы тазалау сұлбасы қолданылады. Центрклинерлердің арқасында массаның үлкен белгінен қоқыстарды ғана тазалап қоймай, басқа әр алуан формадағы массадан да тазалауга болады. Мұндай қозғалыс әртүрлі кедергіге негізделген, сондықтан центрклинерлер массаны тек құмнан ғана емес, талшық қалдықтарынан, қыртыс қалдықтарынан да тазалайды.

Осы ойдан түйетініміз, кейір кәсіпорындарда центрклинерлерді теменде айтып ететін түйінұстағыштарды (узлоуловители) қолданады. Центрклинерлердің шамамен 25 кВт-сағ/т энергиясының шоғары шығыны бұл құрылғыны тек қағаздың арнайы түрлерін шығару үшін ғана қолданылады. Энергияның мұндай жоғары шығымы бір центрклинердің 75-350 л/мин еткізу мүмкіншілігінде қысымда үлкен шығындарға экеп соқтырады. Массаның концентрациясы 0,5% -тен аспай қажет. Откізу мүмкіншілігі 70-90 л/мин центрклинерлерде минералды толықтырыштары жоқ массаны ғана тазалауга болады, ейткені олар соңғылардың беліктерін де жойып тастауды мүмкін.

Талшықтың үлесті массасы бар белшектерді бөлу

Массадан ауыр беліктерді жойғаннан кейін, оны талшық сияқты үлестік массасы бар белшектерді қоқыстардан соңғы тазалау үшін түйінұстағыштарға жібереді. Түйінұстағыштарда қыс өйкітар қолданылады, ейткені бұл аппаратта сұрыптау аз қысымда орындалады. Шлицтердің ені шығарылатын қағаздың түрі мен түйінұстағыштың құрылымына байланысты. Төменде шығарылатын қағаздың түрі мен шлицтердің ені арасындағы тәуелділік көрсетілген (1.2- кесте).

1.2 - кесте

Түйінұстағыштардың шлицтерінің ені мен шығарылатын қағаздың түрі байланысты тәуелділік

Қағаз	Шлицтердің ені, мм
Жібекті және папиустық, конденсаторлық	0,25-0,35
Жұқа баслаханалық	0,4-0,5
Подпергамент, жазба және баспа	0,5-0,6
Газеттік, жоғары сұрыпты орамалық	0,7-0,8
Томенсорты орамалық	0,9-1,2
Катырма	1,2-2,0

Қазіргі уақытта жазық мембранның сұрыптраудың орнына жоғары тазалау эффектісін беретін айналмалы жоғары өнімді түйінұстағыштар

колданылады. Оларды екі негізгі топка бөлуге болады: массаның ағыны ішінен сыртына қарай ағатын дірлдейтін айналмалы барабанынан тұратын цилиндрлік және масса ағыны сырттан ішке қарай ағатын дірлдейтін ванныасы бар жазық түйінұстасыштар.

Масса ағыны ішінен сыртқа қарай ағатын түйінұстасыштар. Бұл жүйелер «Ванделс», «Лямор», «Фойт», «Партингтон». Құрылымы жағынан олар тек барабанның дірлі мен оны орналасуы бойынша ғана ажыратылады. Барабанның дірлі экспентриктер немесе соққыштар арқылы іске асады, ал барабанды балансирге немесе рессорга орналастырады. Барабаннан кейін орналасқан бүркішелі труба суды шлифттерді қоқыстардан тазалау үшін беріп тұрады. Түйіндер қабылдау жаймасы арқылы барабанға беріледі. Бұл типті түйінұстасыштар салыстырмалы аз өнімділік пен барабанның массага азырақ снуїнің нәтижесінде тазалаудың жоғары сапасымен ерекшелінеді.

Дірліді ванныасы мен массаның ағына сырттан ішке қарай ағатын түйінұстасыштар. Масса ағыны сыртынан ішке қарай ағатын жүйелерде барабанның массага терен снуїн камтамасыз етеді және аппараттың өнімділігін арттырады. Бұл түйінұстасыштарда айналмалы барабан емесе ванның дірледейді. Масса жарым жартылай сыртқы жағында орналасқан барабаның қуыстары арқылы қанаттар арқылы итеріледі. Бұл типті түйінұстасыштардың барабанының жұмыс ауданының пайдалану дәрежесі 70%. Ал іштен сыртқа қарай ағатын түйінұстасыштардың колдану дәрежесі 30%. Бұл топқа «Берд», «Беннинг», «Фойт» аппараттары жатады.

Барабанның жұмыс ауданы барабанда орналасқан труба бойымен жүретін бүркіпелі су көмегімен тазартылады. Қоқыстар барабаның сыртқы жағында орналасқан қабылдау жаймасы бойымен тазартылады. Үлкен габаритті аппараттарда массаның аз белгінің жалпы ағынынан үздіксіз беру қосымша түйінұстасыштар немесе центрклинерлер арқылы тазалау ваннының астынғы бөлігі арқылы іске асады.


Дірледейтін түйінұстасыштар. Қағаз даярлау машиналарының өнімділігін арттыру түйінұстасыштардың тиімді құрылымдарын ойлап табуға экеп соқтыруды. «Линден-Джонсон», «Линдблад» және «Лямор» жүйелерінің түйінұстасыштары шығарылды. Түйінұстасыштардың бұл типі Фрайбергтегі (Алмания) ПАМА қағаз даярлау жабдығының зауыты шығарды. Олардың барлығы масса ағыны сырттан ішке қарай ағу принципі арқылы іске асады.

Селектифайерлер (қысым арқылы жұмыс істейтін сепаратор; тік белгіті сұрыптау). Соңғы уақытта түйінұстасыштардың орнына көнінен жоғары өнімділікті камтамасыз ететін селектифайерлер қолданылады (1.42 сурет). Негізі олар қысым арқылы тік белгіті сұрыптау принципі арқылы жұмыс істейді.

Цилиндрдің ішіндегі бір бұрышында орналасқан құбыр арқылы жіберілетін масса қысым арқылы жылжымайтын електрік шлифттері немесе қуыстары арқылы етеді. Цилиндрдің ішінде електрік жанында орналасқан екі тамшы тәріздес кималы қуыс орналасады. Сонын арқасында масса орнығып, електрік қуыстарға толып қалмайды. Қуыстардан өтпей қалған

кокыстар уақыт ете келе автоматты түрде колданыстағы шұра арқылы сұрыптаудың түбі арқылы алып тасталынады.

Електің диаметрі 0,96 м, ұзындығы 0,6 м селектифайердің тәуліктік өнімділігі шамамен 40 тонна. Електің қуыс диаметрі 2 мм. Шлицальык қуыстары бар елтердерді орнатқан аппараттардың өнімділігі шамамен 50%-ке төмендейді. Селектифайердің құрылымының жинақылығы және қосымша бүрікпелі құрылғыларын колданбай тазалау осы аппараттың ерекшелігі болып табылады. Селектифайерден кейін сұрыптаудың қалдықтарында талшықтар қалып қояды, сол себепті оларды қосымша дірілді сұрыптағыш арқылы еткізеді.



1.42 сурет. Селектифайер

1 – массаны енгізу; 2 – массаны шыгару; 3 – сұрыптастың елеу; 4 – ротордың күреі; 5 – сұрыптаудан қалған қалдықтар

1.3.6 Массаны торға шыгару

Қағаз даярлау машинасында даярланатын қағаздың сапасы көп мөлшерде машинаның торына келіп түсетін қағаз массасының шарттарымен анықталады. Біртекті қасиеттері бар қағаздарды алу үшін машинаның торына біртегіс бол түсетін масса ағынында су мен талшықтың біртекті қоспасын қамтамасыз ету керек. Талшық пен су қоспасының біртектілігі қағаз даярлау процесі аралығында машинаның ені бойымен де уақыт бойынша да сақталу керек.

Іске қосатын құрылғылар қағаз массасын кернеулі жәшікке біртегіс етіп түсү үшін, талшық суспензиясын біртегіс етіп орналастыру үшін әртүрлі кондырылғылармен жабдықталады. Бұл тазалау аппаратуrasesы мен кернеулі

жәшік арасындағы беліктे ағын реттегіштерді орнату нәтижесінде іске асады. Ағын реттегіштер әртүрлі құрылымды болады, бірақ дәлдеген мақсаты бір: бір жылдамдықты жасау есебінен ағынды реттеп, талшыктарды біркеleiк етуін камтамасыз ету.

Іске қосу құрылымдары және олардың жұмысы. Қағаз даярлау машинасының іске қосу құрылымдары өзара машинаның жылдамдығына байланысты, құрылымы бойынша ажыратылады. Шығарылатын қағаздың сапасы тордың жылжу жылдамдығына қарапанда қағаз массасының қағаз даярлау машинасының торына жедел түсіне байланысты. Егер массаның жылдамдығы тордың жылдамдығынан азырак болса, массалық ағынның төменгі бөлігіндегі талшықтар езінің бір бөлігі арқылы тормен туїсіп, машиналық бағытта, яғни торды жүру бағыты бойынша созылады. Осының салдарынан өндірілетін қағаздардың төменгі (торлы) талшықтары машиналық бағыт бойынша орналасады. Талшықтардың келесі қабаттары торға туїспей, тордың жылдамдығын алғы үлгермеген төменгі қабаттың талшықтарымен туїсседі. Сондыктan бұл қабаттарлағы машиналық бағыттағы талшықтардың орналасуы анық байқалмайды. Одан да аз мөлшерде қағаз полотносының бетіндегі байқалмайды. Даярланатын қағаз қалың болған сайын талшықтың жоғарғы және торлы қабаттарындағы талшықтың орналасуы әртүрлі болады.

Талшықтардың машиналық бағытта орналасуы қағаздың беріктік қасиеттерінің анизотропиясына әкеледі: қағаздың көлденен бағытындағы беріктік қасиеттеріне қарапанда машиналық бағыттағы қағаздың беріктігі жоғары болады. Қағаздың көптеген түрлері үшін талшықтардың орналасуындағы ауытқу азырак болғаны құлтталады. Сондыктan, көп жағдайда торға түсетін массаның тусу жылдамдығы шамамен тордың жылдамдылығына тең болғаны дұрыс. Массаның жылдамдығы тордың жылдамдығынан 5-10% жоғары. Масса жылдамдығының тордың жылдамдығынан асуы массаның тор бетіндегі көлденен толқындардың пайда болуына және қағаз санылауларының біртегістігін нашарлауына әкеледі. Қағаз даярлау машинасының торына келіп тусу жылдамдығы:

$$v_m = 60\mu\sqrt{2gh}$$


мұндағы $g = 9,81 \text{ м/с}^2$ тең тартылыс күшінің тездектіші;

h – шығарылатын күйс алдында массаның кернеуі, м (куйс биіктігі ортасына дейін саналады);

μ – шығарылатын күйс пен кедергіге байланысты агу коэффициенті.

Қағаз даярлау машинасының торына суспензияны жіберу әртүрлі типтегі кернеулі жәшіктердің көмегімен іске асады.

Торты болік. Өте төмен концентрациялы (0,4-1,2 %) езілген талшықты суспензия қағаз даярлау машинасының торлы үстелде сусыздандырылады да (1.43 сурет), құргақтығы 18-20% ылғалданған қағаз полотносына айналады.



1.43 сурет. Жәй жүретін қағаз даярлау машинасының торлы бөлігі:

1 – кернеулі мжәспік; 2 – білік; 3 – шектейтін сзығыштар; 4 – регистрлік біліктер; 5 – соратын жәшіктер; 6 – тегістегіш; 7 – тор түзейтін білік; 8 – жоғарғы гауч-білік; 9 – төменгі гауч-білік; 10 – автоматты тор түзегіш білік; 11 – тор керетін білік; 12 – тор асты суының аккумуляторы; 13 – тор асты су науасы; 14 – тор асты ваннасы; 15 – гауч астында коректенетін шнектері бар арапастырышы бар бассейн

Біраз механикалық берікке ие мұндай полотно тордан ары қарай нығыздалу үшін басқа сусыздандыратын құрылғыларға жіберілуі мүмкін. Сонымен, қағаз даярлаудың маңызды процесі – қағаз даярлау машинасының торында оның формасы қалыптасады. Регистрлік біліктен кейін массаның концентрациясы – 2,5-3 %. Бұл концентрацияда «қую айнасы» деп аталатын құбылыс аяқталады. Осы кезден бастап қағаз, қағаз полотносы және қағаз полотносының құргақтығы деген үымдар пайда болады.

Сорғыш жәшіктерден кейін қағаз полотносының құргақтығы 10-12%, гауч-біліктен кейін 19-21%, кептіру құрылғысынан кейін – 90-94%.

Қағазды қалыптастыру. Қағазды қую қағаз массасынан машина торында пайда болатын талшықты қабатта ылғалдан артығын жою нәтижесінде алғынатын фильтрлеу процесі болып табылады. Бұл процесс зерттеулерде торлы секцияның үшінен бір бөлігін құрайтын регистралік болікте тез іске асады. Мұнда жіберілген кемшіліктер технологиялық процестің келесі кезеңдерінде түраланбайды да, қағазда ондіру кезінде пайда болған ақау ретінде қалып қояды.

Қағазды қую процесінде талшықтар машинаның торында көлденен бағытта багдарланады (талшықтың осі тордың жылқуы бойынша орналасады). Қағазды қалыптастыру немесе қағаз даярлау машинасының торында талшықтардың орналасуы массаның сипатына, оның концентрациясына, кернеулі жәшіктердің шыгаратын қуысынан масса агуының тор жылжуының жылдамдығына тәуелділігі, сусыздандыру интенсивтілігі.

Қағазды қалыптастыру оның соңғы сипаты бойынша анықталады. Ол жоғары механикалық беріктікке, біргекті құрылымға, 1 м² біргеіс массага, екі жақтың ауданының біргекті сипатынаән тік. көлденен бағыттағы механикалық беріктікке ие болу керек.

Талшықтардың флокуляциясының алдын алу үшін сусыздандыруды тезірек орындау мүмкіндігі тудады. Бұл процестің тиімділігі көп дәрежеде массаның концентрациясына байланысты болады. Төмен концентрацияда

машинаның торынан масса қабаты арқылы суды фильтрлеу кедегісі азырақ болады, яғни флокуляцияның мүмкіндігі темен болады.

Сонымен қатар, көп мөлшерде суды беру әсіресе параптайды болудың бірінші фазасында қағаз полотносының кұрамында талшық пен толықтыргыштың азырақ қалуының себебінен болуы мүмкін. Нәтижесінде, қағаздың торлы бетінде жогарғы беттіне қарағанда толықтырыш азырақ болады да жанжақты қағаз пайдала болады. Бұл ақау қағаз полотносын сусыздандыру процесі нәтижесінде жоюға болады.

Су беру процесінде бастапқы кезеңінде минералды заттардың белгітері қағаз полотносының ішіне жогарғы жағынан алынады. Қағаз даярлау машинасының торында тұнатын талшықты қабаттың қалыңдығы есken сайын толықтыргыштың болшектері қағаз полотносының томенгі қабатындағы кетептің жатқан судығана түрткестейді. Сонымен, толықтыргыштың сұңқар мөлшері қағаздың орташа қабатында, ал аз болған торлы беттінде болады. Тура осындай құбылыс ұсақ талшықта да байкалады. Осының салдарынан қағаздың торлы жағының беті аз жұмылады.

Қағаз полотносының сусыздандыну бір жағынан қағаз массасында болатын судың ауырлық күшінің әсерінен, екінші жағынан регистрлік белгітер мен гидропланкалар және тор арасындағы қысымның ары бері түсінен іске асады. Нәтижесінде параптайды болу кезінде тордагы талшықты қабаттың барлық қалыңдығы еседі және қағаз массасын сусыздандыру үшін соратын құрылғыларды пайдалануын талап етеді. Қағаз даярлау машинасының торында параптың пайдала болу процесін 3 аймаққа болуға болады:

1. Талшықты суспензияны торға жіберу аймагы. Торлы столда аймақ шенберінде су берудін бастапқы кезеңі.

2. Параптың пайдала болатын аймагы. Бұл аймакта сусыздандыратын элементтер болып регистрлік белгітер мен гидропланкалар, немесе екі құрылғының қосындысы және жартылай «сұлы» соратын жәшіктер.

3. Тордан шикі полотноны ары қарай алып сору аймагы.

Мұнда қысымның түсіп көтерілу салдарынан сусыздандыратын элементтер (регистрлік белгітер, гидропланкалар, суды соратын жәшіктер) арқылы судың бос күйінде сусыздандыру жүреді. Бұл аймакта қысымның жоғары түсіп көтерілуін қамтамасыз ететін сусыздандыру элементтері және соратын белгітер орналасады.

Торлы белгітің негізгі мүшесі – тордың езі. Оны, мыспен пен қалайыны қосып фосфор күйімасы болып табылатын фосфорлы коладан құяды. Соңғы уақытта машинаның күімінде жұмсалатын машиналық уақыт пен шығындарды азайту үшін көнінен синтетикалық торлар қолданыла бастады. Тор торлы белгітің жеке элементтері арасындағы байланыстыруши болік қызметін атқарады. Ол кеуделі белгік пен гаучка дейін немесе соратын белікке дейін созылып, суды соратын жәшіктері мен гидропланкалар

регистрлік біліктердің үстінен етеді. Торлы столдың бұл бөлігінде қағаздың талшықты қабатының пайда болу процесі аяқталады.


Соратын біліктерден кейін шексіз тордың кері бөлігі алдыңғы, созылатын реттелетін біліктердің үстінен етіп қеуделі білікке етеді. Сонымен қатар, тордың кері бөлігінде тор тазалайтын қондыргылар орналасады.

Кернеулі жәшіктің шығарушы күйі қеуделі біліктің деңгейінде орналасады. Тордың көздерінен кіретін су тор асты ваннаға жіберіледі де массаны езуге немесе талшықты ұстасу жүйесіне түседі.

Талшықтарды гауч-престен үзу немесе талшықтардың тордың сыртына жығып кетуі сулы ақаулар деп аталады. Заманауи қағаз даярлау машиналарында бұл мақсаттарға гаучтың астында ванна орналасады. Ваннаның түбіндегі шnek массаны машина бұзылып қалған жағдайда сулы ақаудың көп молшері жиналып қалатын үлкен сийымдылықты бассейнге береді. Бұл ақау сосын қоюлатқышқа түседі, кейін машинаның қағаз массасын беру жүйесіне қайтып оралады.

Кеуделі білік. Тордың кері бөлігі қеуделі білікті айналып етіп, жана қабат жағылған қағаз массасы гаучқа қарай жылжиды. Торлы бөлік қеуделі біліктен басталады. Ол іргетастагы шинаның подшипникіне орналастырылады. Подшипниктер регистрлік тіректерге бекітілген. Қеуделі біліктер тордың матасы майысу кезінде шыдамды болу үшін үлкен диаметрде болады. Біліктің сырты мыстан жасалған. Қеуделі білікке торды созу кезінде кернеудің тұрақтылығын сактау үшін үлкен талаптар қойылады. Озінің жеке жетегі жоқ білік тордан айналады, сондықтан оның еркін айналғаны маңызды. Ескі машиналарда бұл білік сырғу подшипниктеріне бекітіледі, ал қазіргі уақытта бұл мақсатта тек шайкау подшипниктері ғана қолданылады. Жұмыс істеге процесінде біліктің беті массаның қалып қалған белшектерінен бүріккіштер мен шаберлердің комегімен үздіксіз тазаланып отырады. Қеуделі біліктің үлкен диаметрі қағаз полотносының сусыздандыруын тездешу үшін көмектеседі. Егер процесстің интенсификациясы сусыздандырудың бірінші аймагында керек болmasa, онда перфорирленген типті қеуделі біліктер қолданылады.

Торлы стол. Торлы столдың мақсаты (1.44 сурет) сусыздандыруды реттеу. Ол үшін майсыз үтілген массасының тез су беруін қамтамасыз ету және майлар үтілген массадан суды жайлап ажырату.



1.44 сурет. Торлы столдың профилі

Сонымен қатар, стол регистрлік біліктер мен кеуделі білік арасындағы беліктегі пайда болатын массаның ағынын алу керек.

Тормен түйсетін столдың қанқасын сүректен, пластмассадан және басқа материалдардан даярлайды. Стол оның сінісінің өлшемін реттейтін қондырылыштармен жабдықталған, яғни стол мен тор арасында тордың тозуын болдырмайтын сулы жастаның орналасады. Тез жұмыс істейтін заманауи машиналарда мұндағы қондырылыштарды жабдықтау керек болмайды.


Регистрлік балкалар. Регистрлік біліктер қатты дірлілік пайда болуына немесе майысып кетпеуіне кедегі жасайтын балкаларда орнатылады. Машинаның екі жағында орналасатын кеуделі білік пен бірінші соратын жәшіктің арасындағы беліктегі станинага бекітілетін балкалар сілкү механизмінің жылжыуын қадағалау керек.

Регистрлік біліктер массаны торға беру құрылғысы мен бірінші соратын болык арасына орнатылады. Олар тек торды гана ұстап тұрмай, сонымен қатар торда орналасатын қағаз массасын сусыздандыруын а эсер етеді. Біліктердің өзіндік жетектері жок, олар тек астыларында орналаскан тордың жылжуы кезінде айналады. Жаңа машиналарда біліктер шариктік подшипниктерде бос күйде айналып тұрады.

Көбінесе іске қосу құрылғысынан кейін біліктер арасындағы ара қашықтық регистрлік боліктің аятына караганда азырақ болады. Бұл талшықты суспензия массасының концентрациясы осы болімде келесі жарым жартылай сусыздандыру жүретін кезеңмен салыстырганда төменірек болатынымен түсіндіріледі.

Суды беру процесін саябырыздау үшін жылдам жұмыс істейтін қағаз даярлау машиналарында науалық біліктер колданылады.

Регистрлік біліктегі талшықты суспензияны сусыздандыру сол судың ауырлық күшінің асерінен пайда болады және таза фільтрлеу процесі болып келеді. Бірақ, процесс регистрлік біліктер арқылы реттеледі (1.45 сурет). Бұл жағдайда суды беру регистрлік біліктің бетімен және оның тұтқырлығы арқылы суды беру күші арқылы шектеледі.



1.45 сурет. Регистрлік біліктің жұмыс істейу принципі:

1 – регистрлік білік; 2 – су қабаты; 3 – тор; 4 – талшықты сүспензияның қабаты; 5 – қысымға қарсы бөлік; 6 – тордың жылжуынын бағыты; 7 – соратын қимыл; 8 – атынып тасталатын су


Бұл факторлармен көрсетілетін қарсы әрекет тек тиімді құралдар комегімен гана асырылуы мүмкін (мысалы, вакуум-насостарды қолдану арқылы).

Тордың регистрлік білікке кірген кезде жогары қысым аймагы, ал шыққан кезде вакуум аймагы құрылады. Сетканың астында пленка түрінде болатын су тор арқылы жогары қарай итеріледі. Бұл құбылысты машина жұмыс істегендегі регистрлік біліктердің тор астында пайда болатын ойықтырдан аңғаруга болады.

Талшықты қабаттан суды сору білік пен тор арасында су күшінің регистрлік білік бетімен түйісу нәтижесінде және біліктін айналымы мен тордың жылжуы кезінде пайда болатын кинематикалық энергия нәтижесінде болады.

Шағылатын планкалар мен дефлекторлар. Орталық қүштердің есерінен су коршы білікке жақында жылдам жұмыс істейтін қағаз даярлау машиналарында біліктер арасына суды аттып кететін дефлекторлар орнатады. Регистрлік біліктер арасына тордың астынғы жағынан сулы қабатты алатын әртүрлі құрылымды шағылысадын планкалар орнатады. Планкалар, регистрлік біліктер сияқты қысымның түсіп көтерілүінің нәтижесінде сусыздандыру процесін тездетеді.

Соратын жәшіктер. Гидропланкалар. Регистрлік біліктерді орнату үшін көп аудан қажет етіледі, сондыктан жылдам жұмыс істейтін машиналардың торлы столының елшемін үлкейтпей олардың онімділігін жоғарлату үшін регистрлік біліктердің орнына су берудің максималды берілуін қамтамасыз ету үшін жаңа сусыздандыратын элементтерді қолдана бастады. Сонымен қатар, сусыздандырулы қағазды қалыптастыру кезінде де реттеу керек. Мұндай мүмкіндіктер заманауи қағаз даярлау машиналарында сулы соратын жәшіктер мен гидропланкаларды (1.46 сурет) орнату үшін туды. Олар тек тордың тірегі гана болып қоймай, сонымен қатар сусыздандыру элементтерінің функциясын орындаиды.



1.46 сурет. Парапайда болу аймағында суды

алу


1 – сулы соратын жәшіктер; 2 – тіректі планкалар; 3 – гидропланкалар.

Сулы қабаттың қысымының нәтижесінде регистрлік білік пен тор арасында парапайда болудың тиімділігі ғана емес, сусыздандыру тиімділігі де төмендейді. Бұл кемшілік сулы соратын жәшіктер мен гидропланкалардың геометриялық формасын енсереді. Олар қағаздың жарық өткізгіштігін жоғарлатуына, торға жіберер алдында массаның төменгі концентрациясының арқасында бұлттылықты жоюына, толықтырыштың шығынын азайтуға және сусыздандыру процесінің тиімділігін жоғарлатуына әсер етеді. Тордың үстінде пайда болған сулы қабат гидропланканың алдыңғы болігімен шабер секілді алынады.

Гидропланкалардың формасы тор мен гидропланканың арасында пайда болатын сиретілудің арқасында қағаз полотносының біртегіс сусыздандыруга жетуге жол береді. Гидропланкаларды термопластикалық материалдардан (мысалы, полиэтиленен) даярлайды.

Көлденең сілкү торлы столдың басы. Ол талшықтардың болігін машинаның көлденең бағытына бұрылсысина көмектеседі. Соның салдарынан, көлденең және машиналық бағыттағы парактың механикалық беріктігінің корсеткіштерінде аса корінеттің айырмашылықтар байқалмайтын қағаз пайда болады. Сілкү тек пайдала болған қағаз полотносында судың мөлшері көп болған жағдайда торлы столдың аймағында пайда болған кезде ғана тиімді болады. Сондықтан тордың көлденең сілкү соратын жәшіктердің секциясына дейін іске асасырылады.

Екі жеке реттелетін сілкү механизмдері бар екізоналық сілкү қағаз даярлау кезінде и төменгі жылдамдықпен жұмыс істейтін қағаз даярлау машинасында қағаз шығару сапасын жоғарлатуға мүмкіндік береді (1.47 сурет).



1.47 сурет. Торлы столдың сілкү механизмдерінің сұлбалары:


а – кеуделі білік; б – бір аймакты құрылғы; в – екі аймакты құрылғы.

Торлы столдың егистрлік белгінен кейін құрамында 2-4% құрғақ заты бар қағаз полотносы вакуум пайда болған соратын жәшіктері бар торга туседі. Бұл жәшіктердің қызметі – қағаз полотносының сусыздандыру процесін тездету, ойткені 4%-дан асатын құргактықтагы қағаз полотносы жайлап сусыздандырылады да, торлы столдың ұзаруы байқалуы мүмкін.

Шыгарылатын қағаздың түріне және қағаз даярлау машинасының жылдамдылығына байланысты машинада орнатылатын соратын жәшіктердің саны 2-ден 12-ге дейін жетеді. Қағазды даярлау үшін майсыз үтілген массаны (санитарлық-гигиеналық және сініретін қағаз түрлері) қолданған кезде 2-ден 4-ке дейін соратын жәшіктер орнатады. Басу үшін қағаздың көптеген ассортиментін шыгарған кезде, сонымен қатар жазба қағазы үшін соратын жәшіктердің саны 7-8, ал қантарды даярлау үшін қолданылатын қағазлар үшін 8-10 жәшікке тең. Егер майлы үтілген масса қолданылса (май еткізбейтін қағазлар, конденсаторлық қағаз) қағаз даярлау машинасында соратын жәшіктердің саны шамамен 8-ден 12-ге тең.

Қағаз жылжу кезінде вакуумның өлшемі жәшіктен жәшікке карай жогарылады және бірінші кезекте шыгарылатын қағаздың түріне, орнатылған соратын жәшіктердің санына және қағаз даярлау машинасының жылдамдылығына байланысты болады. Вакуум бірінші соратын жәшіктердегі барометрлік труба арқылы, ал қалған жәшіктерде вакуум-насос немесе жогары енімділікітін қағаз даярлау машинасының турбоаусорғыштары (турвоздуходувки) арқылы пайда болады.

Соратын жәшіктің құрылғысы 1.48 суретте көрсетілген.



1.48 сурет. Соратын жәшік. 1 – су мен ауа откізгілетін келтеқұбыр; 2 – білтікті бойынша жәшіктерді реттеу үшін болттар; 3 – корпус; 4 – жәшіктің жоғарғы қақпағы; 5 – сорғыштың енін


Қакпак шахматтық ретте орналасқан тесіктері бар перфориленген текта түрінде болады, немесе бір-бірінен бірдей қашықтықта орналасатын ені 20-40 мм болып келетін бөліктерден тұрады. Соратын жәшіктердін ені 200-300 мм, ал ұзындығы тордың енінен 500-600 мм-ге ұлкен. Шеттеріндегі арақабырғалар алмасу нәтижесінде тордагы қағаз полотносының еніне сойкес сору аймагының енін реттейді. Арақабырғалар арасындағы кеңістіктік және жәшіктердің жиектеріндегі аяу беруін тежеу үшін гидравликалық тығын пайдалы болдыратын су құйылады. Майыскак шлангісі бар көлтекұбыр вакуумнасостын құбырымен біріктіріледі.

Соратын жәшіктердің бір-біріне тығыз орнатады, сол себепті ұздіксіз сору аймагы және қағаз полотносының тиімді сусыздандырылуы пайдалы болады. Тордың астында тегістегіштер орнатқаннан кейін соратын жәшіктерді топтайды.

Қағаз полотносынан бірге және тегіс бетін бар мықты құрылым беру үшін, қағаз полотносының екі жағындағы жылтырылыштың аз ғана айырмашылық қағаз даярлау машинасының торына *тегістегіштер* (ровнитель) орнатады. Ол қағаз даярлау машинасының торына қараганда дерекі тормен тартылған толықканды білік болып табылады, яғни тор ұзындығының елшемі сымның аз мөлшердегі санынан тұратын тор. Осыған байланысты қағаз полотносы үзілмеу мақсатында машинаның торынан тегістегіштің бетімен түйіспейді. Тегістегіштің торы коладан немесе тот баспайтын болаттан жасайды.

Тордың бедерлі бетінен тұратын тегістегіш сұлы белгілері бар қағаздарды даярлау үшін қолданылады. Тордың бедерлі жерлері ылғалданған қағаз полотносының бетіндегі жарық көзі арқылы қараганда көрінетін белгілі бір белгі қалдырады. Егер сұлы белгі бір сурет түрінде алыну керек болса, онда тегістегіш торындағы сурет машинаның көнтіру құрылғысында қағаз полотносының колденең отыруын ескерсе отырып кішкене сыртқа шығарылған болу керек. Сонымен қатар, қағаз даярлау машинасы арқылы еткен кезде қағаз полотносының созулының да ескеру керек.

Тегістегішті орнату орны – бірінші 2-3 соратын жәшіктерден кейін орнату. Онда қағаз полотносының салыстырмалы құрғақтығы 6-7% (1.49 сурет).



1.49 сурет. Соратын жәшіктің астында орналасқан тегістегіштің сұлбасы
 1 – тегістегіш; 2 – регистрлік біліктер; 3 – вакуумды камера; 4 – сулы камера


Тегістегішті онын бетіне жабысқан көбік пен талшық қалдықтарынан үздіксіз тазалау үшін сулы бүріккіштер колданады.

Тегістегіштің ішінде булы бүріккіш орналасқан.

Қағаз полотносының тегіс емес жиектерін кесу үшін соратын жәшіктерден кейін полотноның екі жағын су ағынымен 390-440 кПа қысым комегімен ені 10-30 мм болғандарді боллап тұратын *кесінгештіктер (отсечки)* орнатылған. Сонымен катар, торлы столдың аяғында машиналың ені бойымен жылжымалы сулы пышақ (су ағыны) орналасқан. Қағаздың енінен бойымен шетпен енгізілетін қағаздың енін оның барлық ені бойынша ұлкейте береді. Заманауи жылдам жұмыс істейтін машиналарда сулы пышақты іске косу автоматты түрде фотоэлементтің дыбысы бойынша іске асады.

Торлы стол соратын гауч-білікпен аяқталады.

Соратын гауч-біліктер камералық және ұшыбыстық (ячайковые) болып бөлінеді. Бір камералық соратын гауч-вал (1.50 сурет, а) жылдамдыны 250 м/мин-қа дейінгі қағаз даярлау машинасында колданылады. Ол айналатын біліктен 1, диаметрі 7-8 мм-ден 13-140мм-ге дейін ұлкейтілген құыстардан 2, вакуум-насоспен біріккен қозғалмайтын соратын камерадан 3 тұрады. Камера цилиндрлін ішкі кабыргаларына пружина арқылы қысылады.




1.50 сурет. Гауч-біліктегі түрлері:

а – соратын бір камералық гауч-білік; б – соратын екі камералық гауч-білік; г – соратын үйшаштық білік. 1 – цилиндр; 2 – цилиндрдегі күстар; 3 – вакуум-камера; 4 – тесеме(прокладка); 5 – резиналық шина (шланг); 6 – бүріккіш; 7 – қысылатын білік; 8 – біліктің корпусы; 9 – ұяшыктар

Соратын екікамералық білік (1.50 сурет, б) жылдамдығы 250 м/мин жогары жұмыс істейтін машиналарда колданылады.

Тордагы біліктің астында қағаз полотносының нығыздайтын резиналанған қысу білігі орналасады және оның құргактығын 1-1,5%-га дейін жоғарлатуға мүмкіндік береді. Мұндай білікті орнату вакуум-насостың қуатын азайтуға әкеп соктырады. Тура осындағы білікті бір камералық соратын біліктің камерасының үстіне орнатылады. Бір енді камераның орынаға бір камералы соратын құрылғыда, екі камералық құрылғыда бір енді және жінішке камералар бар. Осының арқасында 80 кПа -ға дейін жететін жінішке камерадағы вакуумның елшемін жайлап котеруге болады.

Шыгарылатын қағаздың түріне және бастапқы қағаз массасының қасиеттеріне байланысты гауч-біліктен кейін қағаз полотносының құргактығы 16-22%-ке жетеді. Осындағы күргактықта жай жұмыс істейтін (150 м/мин-қа дейін) қағаз даярлау машиналарында тордан қағаз полотносын шешу және оны престеу болігіне ауыстыру жінішке (50-70 мм) болігі арқылы қолмен немесе 380-580 кПа қысыммен қысылған ауа ағыны арқылы іске асады. Жылдам жұмыс істейтін машиналарда және қағаздың жұка түрлерін (мысалы, конденсаторлық) шыгарғанда вакуум-қайта сору әдісін қолданады (1.51 сурет).



1.51 сурет. Вакуум-қайта сору құрылғысының сұлбасы

1 – топ; 2 – қысу білігі; 3 – вакуум қайта сору білігі; 4 – бүрілательн торды жүргізетін білік; 5 – соратын гауч-білік

Торлы столда бұрылатын торды жүргізеті 4 орнатады. Ол тордың екінші жетекті білігі. Тордың кисық белігіне 40-53 кПа вакуум пайда болатын вакуум-қайта сору білігі 3 жақындаиды. Вакуумның арқасында қағаз полотносы тордан кабылау белігінің астынғы бетіне сорылады және қағаз даярлау машинасының престеу белігіне жіберіледі.

Гауч-біліктің астында гауч-араластырышты бар. Ол араластырылатын құрылғысы бар ыдыстап тұрады да, оған қағаз полотносының кесілеттің жиектері үздіксіз беріліп тұрады. Оған машинаның престеу белігінен келетін сулы жыртылған ақаулар, торда үзілген кездегі барлық масса, енгізген кезде жіпшке лентадан басқа барлық қағаз полотносы келіп түседі. Гауч-араластырыштагы барлық құрамы қағаз композициясында айналмалы ақаулар есебінде қолданылады.

1.3.7 Қағаз полотносын пресстеу

Торлы секциядан кейін қағаз полотносы торлы столдан кейін қағаз полотносын ары қарай механикалық жолмен сусыздандыру үшін пресстеу белімін түседі. Көптеген қағаз даярлау машиналарында пресстеу белімі 2-3 екі білікті престерден тұрады. Майлы үтілген массадан шығарылған қағазды даярлау машиналары 4-5 пресстен тұрады. Қаралайым пресс 2 біліктен тұрады: жоғарғы граниттен немесе стониттен және теменгі, металданған, срезинамен қапталған. Пресстегі сусыздандырудың қарқындылығы қысқыштар немесе екі біліктің біреуін (көбінесе жоғарғыны) итеру арқылы пайда болатын біліктер арасындағы қысым арқылы реттеледі. Эр прессте екі біліктің біреуін ауқымдайтын мауыты (сукно) бар. Мауыттың негізгі қызметі – қағаз полотносының құрылымын пресстеу кезінде езіліп кетуден қорғау, ылғалды сініру, алсіз шикі полотноны пресске тасымалдау және келесі пресске беру. Пресстен өткенде қағаз бір жағымен мауытта жатады да одан маркаланады, ал екіншісі жоғарғы жылтыр білікпен түйіседі. Соның салдарынан қағаздың бір жағы тегістеліп, екіншісі тегістелмейді. Қағаз бетін тегістеу үшін кері прессті орнатады. Онда қағаздың алдыңғы прессте мауытпен түйісken жағы пресстің жылтыр білігімен түйіседі. Престеу процесін ары қарай қарқынды етіп, машинаның пресстеу белімінің дамуы - қаралайым пресстердің орнына соратын және қосарланған пресстерді орнату болып табылады. Бұл пресстердің эр қайсысы жеке жетектің кемегімен жылжиді.

Престеу мауыттарын жуу үшін мауытжуғыштар қолданылады.

Пресстеде қағаз полотносы кезегімен 30-42% құргақтыққа дейін сусызданады. Пресстеу беліміндегі полотноны сусыздандыруды тездету үшін науалық біліктер мен олардың арасында жогары сзыбыты қысымы бар пресстер қолданылады. Полотноны сусыздандырудың негізгі манызы мауытты дұрыс тандау және оларды кондиционерлеу. Торлы секцияда қалыптасқан қағаз полотносы автоматты түрде вакуум-қайта пресстеу құрылғысы арқылы пресстеу белімінің мауытына беріледі.

Қағаз полотносын пресстеуді ақырын 176 - 784 Н/см аралықтағы сыйысты қысымды жоғарылату арқылы орындау қажет. Бұл оның күрілімын қорғауды қамтамасыз етеді. Машинаның жоғары жылдамдылығында пресстеу ұзақтылығы қыскарып қағак полотносын сусыздандыру дәрежесі азаяды.

Пресстеу кезінде қағаз полотносы тек сусызданбай, нығыздалады да. Сонымен катар талшық арасындағы бірігу күші мен түйісу ауданы үлкейеді және қағаздың бірката қасиеттері езгереді: тығыздығы еседі, кеуектілігі, аяу еткізгіштігі, сіңіру қабілеттілігі азаяды, үзілуге, сынуга және тесілуге механикалық беріктігі үлкейеді, мөлдірлігі жоғарылады.

Қағаз даярлау машинасының пресстеу белімі максималды жүктемемен жұмыс істеге керек. Әйткені пресстерден кейін қағаз полотносының құрғактылығын 1%-ға жоғарылату будың шығынын 5%-ға азайтады және машинаның кептіру белімінде кептіру цилиндрлерінің санын 4-5%-ға темендетеді. Сонымен катар, қағаз полотносын кептіру құрылғысында сусыздандыру пресстеу белімінде қарғанда 10-12 есе қымбат және тор арқылы сусыздандыруға қарғанда 60-70 есе қымбат.


Машинаның торлы және пресстеу болімдерін «сұлы» болік деп атайды. Машинада қағаз полотносынан жойылатын судың жалпы мөлшерінен торлы белімге 94-96%, пресстеу белімінде 3-4% тиесілі. Ары қарай кептіру машинаның кептіру белімінде жүргізіледі.

1.3.8 Қағаз полотносын кептіру

Машинаның кептіру құрылғысы қағаз полотносындагы ылгалды булау арқылы соғы сусыздандыру үшін қызмет атқарады. Кептіру белімі шахмат тәріздез екі яруста орналасқан кептіру құрылғыларынан тұрады. Кептіру цилиндрі – ішінен бumen жылтырылатын диаметрі 1500 немесе 1800 мм болатты цилиндр. Цилиндрлердің беті пресстеу біліктірі сияқты жоғары дәрежеде өндөлген – тегістелген және жылтырларатылған. Цилиндрлер 0,35 МПа жұмыс қысымына есептелген. Цилиндрлердің саны шыгарылатын қағаздың және машинаның жылдамдылығына байланысты. Конденсаторлық қағазды шыгару үшін қағаз даярлау машиналары 5-6 цилиндрден тұрады, ал газеттік, қаптарды даярлайтын қағаздарды шыгару үшін жылдам жұмыс істейтін машиналардың цилиндрлері 50-80-ге тең. Кептіру белімі көбінесе 3-5 топқа болінеді. Эр топ кетіру мауыттарымен қапталған қағаз кептіру цилиндрлерінің белгілі санынан тұрады. Кептіру құрылғыларының топтарға болу арқылы әр топтың цилиндрлерінің беттерінің температурасын реттеу мүмкіншілік туды және шыгарылатын қағаздың түріне байланысты кептірудің керекті режимін қамтамасыз етеді. Эр топтың жеке дара жетегі немесе екі топтың цилиндрлері кептіру белімінде үздіксіз жұмыс істеге кезінде цилиндрлердің корші топтарының жылдамдығын қадагалауын жеңілдетеді. Қағаз даярлау машинасының кептіру белімінде қағаздың ету сұлбасы 1.52 суретте көрсетілген.

Кептіру мауыттары цилиндрдің бетіне қағазды мықты етіп қысу үшін, жойылатын ылғалдысінің үшін және машинаның кептіру белімі арқылы қағаз ағынын тасымалдау үшін қызмет атқаралы. Қарастырылатын қағаз даярлау машинасында кептіру белімі 4 топка белгінген 50 кептіру цилиндрлерінен тұрады.

Улкен өнімділікті қағаз даярлау машинасында кептіру белігі келіп шығатын жеделту жүйесін тиімді қолдану үшін тұтастай какпакпен жабылған. Жедетудің қызметі: буды кептіру, кептіру кезінде булы газды қоспадан шығатын жылуды реттеу, жылу жоғалтуды азайту, бу шығынын қағаз кептіруде 20%-ға азайту, кептіру белігінің өнімділігін 15-20%-ға көтеру, қағаз даярлау машинасында қызмет ететін жұмысшылардың еңбекінің сапитарлық шарттарын жақсарту.



1.52 сурет. Қағаз даярлау машинасының кептіру белігінде қағаз жылжуының сұлбасы
а – мауытпен жабылмаган цилиндрдегі қағаз; б – мауытпен жабылған цилиндрдегі қағаз;
в – қағаздың бос жылжуының белімі; 1 – қағаз кептіру цилиндрлері; 2 – мауытты кептіру
цилиндрлері; 3 – мауытты жүргізетін біліктер

Қағаз даярлау машинасының кептіру белігінде қағаз полотносы 92-95% соңғы құргақтыққа дейін сузыданады. Машинаның торлы және пресстеу беліктеріне қараганда кептіру процесінде 1 кг қағазда 1,5-2,5 л су жойылады. Кептіру кезінде бір уақытта ары қарай нығыздалуы мен талшықтардың бір біріне жақындастыру орын алады. Нәтижесінде қағаздың механикалық беріктігі мен тегістігі жоғарылайды. Кептіру режимінен қағаздың тығыздығы, сіриу қабілеттілігі, ауаектігіштілігі, мелдірлігі, отыруы, ылғалға тезімділігі, желімдену дәрежесі мен боялуы байланысты.

Кептіру цилиндрлерінен өтетін қағаз полотносы тәменгі және жоғарғы цилиндрлермен кезегімен езінің бір және екінші жағымен түйіседі. Жақсы түйісу үшін цилиндрлер мен қағаз арасында және енгізуіді женилдету үшін кептіру цилиндрлерін шамамен 180° -ка оқшаулайтын кептіру мауыттары қолданылады.

Кептіру цилиндрінде қағазды кептіру 2 фазадан тұрады: мауыттың үстінде цилиндрдің қызылрылған бетінде және бос жүрісті белігінде, яғни қағаз полотносы бір цилиндрден екінші цилиндрге өткенде. Бірінші фазада ылғалдың негізгі мөлшері буланады: жай жұмыс істейтін машиналарда 80-85%-ға дейін, жылдам жұмыс істейтін машиналарда машинаның кептіру белігінде буланатын ылғалдың 60-75%. Екінші, бос жүрісті фазада ылғал кептірудің бірінші фазасында қағаз сіңіріп алған жылу есебінен қағаздың екі жағында да буланады. Мұнда машинаның жылдамдылығына байланысты температурานың тәмсендесі $4-15^{\circ}$ С-ге жетеді. Температура түскенде эсірессе жай жұмыс істейтін машиналардағы кептіру жылдамдығы азаяды, ойткені бұл машиналарда жылдам жұмыс істейтін машиналарға қараганда қағаз полотносының температурасының тәмсендесі көбірек болады. Машинаның жылдамдығын көтерген сайын қағаздың бос жылжы болігіндегі судың буланатын мөлшері кебееді. Қағаз полотносында судың мөлшерін азайтса бос жүрісте кептірудің қарқындылығы азаяды.

Кептіру цилиндрлерінің температурасын жайлап көтереді және ол қағаздың сапасын жақсартуға, желімдену процесін аяқтауга көмектеседі. Кептіру белігінің аяғында цилиндрлердің бетінің температурасын азайтады, өйткені қағаздың аз мөлшердегі ылғалдылығында жоғары температура талшықтарға эсер етеді. Кептірудің температуралық режимін шыгарылатын қағаздың түріне қарай белгілейді. Кептеген қағаздың түрлері үшін кептіру құрылғыларының температурасы 100-115%, ал кейбір қағаздар үшін 80-100 %. Кептіру цилиндрлерінің температурасын жоғарыслату кептіру процесін тездедеті. Кептіруді қағаздың қасиетіжогалмайтындаң жіберілетін температураны ескере отырып орындау кажет.

Кеп цилиндрик кептіру құрылғыларының модификациялары бар. Олардың бірі – «yankee» кептіру құрылғысы. Ол жалғыз жылтырлатылған, тегіс беті бар үлкен диаметрлі кептіру құрылғысы. Қағаз кептіру кезінде жылтырлатылған бетпен түйіскенде, қағаздың бір жағы өңдудің жоғары дәрежесіне ие болады, оны «машиналық жылтырлату» деп атайды.

Жоғары сапалы құнды және жазба қағаздары ауалы кептірудің қағаздары болып табылады.

Қағаз даярлау машинасының оңдау болігі машиналық каландр мен накаттан тұрады. Қағаз даярлау машинасын тастап кеткеннен кейін қағаз сипаттамаларын бақылайтын соңғы кезең каландреу деп аталады. Кептіру белігі мен накат арасында орналасқан месинааслысқ каландр қағаздың коптеген түрлерінің тегістігін, тығыздығын жоғарлату үшін қызмет етеді. Каланд бірінің үстінде бір тігінен орналасқан тәменгі біліктен қозгалатын 5-8 біліктен тұрады. Біліктердің бетін тегістейді және жылтырлатады. Біліктер арасындағы қысымды қысу және кетеру механизмдері арқылы реттейді.

Машиналық каландр айналу кезінде жақындастын болатты біліктерден тұрады. Кепкен полотноны біліктер арасындағы тесіктерден өткізгендегі ол тегістікке, бетінің беріктігіне ие болады. Каландрлеу дәрежесі керекті өндегеуте байланысты қатты, орташа, элсіз және ешкандай болуы мүмкін. Кейбір жағдайда болаттан болатты каландрлер эластикалық жұмысқа каландрлерге алмастырылған. Бұл жұмысқа каландрлеудегі сонғы жетістік қағаздың басу қасиеттерін жаксартады.

Каландрлеуден кейін қағаз көбінесе машинаның рулонының толық ені бойынша гильзага оратылып, сосын керекті диаметрге және салмағына сәйкес рулондарға оратылады. Орату кезінде қағаздың ақаулары жойылады.

1.3.9 Қатырманы ондіруліц ерекшеліктері

Қатырма бір қабатты, жамылғы қабаты бар және көпқабатты болып бөлінеді.

Бір қабатты қатырманы шығаратын машиналардың құрылымы қағаз даярлау машиналарынан еш кай жерімен ажыратылмайды, бірақ олар қуаттырақ.

Жамылғы қабаты бар қатырма шығарылғанда торлы столдың үстінде тағы бір кернеулі жәшік (ол соратын біліктердің қасында тұрады) орналасады. Жамылғы қабат не басқа композициядан, не болмаса жоғары дәрежеде үтітілген сол композициядан даярланады.

Қатырманың бірқатар қасиеті сыртты қабаттың қасиетіне, мысалы беріктікке байланысты. Әсіресе көпқабатты қатырма даярланған кезде. Көпқабатты қатырма 1 м² массада 400-500 г болып, рулоңда шығарылуы мүмкін (мұндай қатырманың калындығы 0,5 мм).

Қалындығы 1 мм және одан да жоғары көпқабатты қатырма парактарда шығарылады. Тарихка сүйенсек, ең алдымен паакты қатырма ондіріле бастады (Петр I кезінде 300 жыл бұрын).


Қалын қатырмаларды сулы күйінде престеге дейін паактарға кеседі, сосын көптіреді.

Қатырма үшін массаны дайындау қағаз үшін массаны дайындау сияқты кезеңдерден тұрады. Айырмашылығы, қатырма үшін ерескел және мықты талшықтар қолданылады.

Паркалық машинада қатырманы ондіру

Цилиндрдің ішіндегі төгетін орын ваннага қарағанда сұйықтықтың деңгейін ұстап тұру үшін теменірек орналасқан. Сонын есебінен онда гидростатикалық қысым пайда болады. Цилиндр айналғанда оның бетінде талшықтың қабаты пайда болады. Шешілтін білік көмегімен мауытпен жұқа қабат шешіледі де үстінде керекті бірнеше қабатты орнықтыру үшін форматты білікке түседі (1.53 сурет). Ваннаның бойымен ойык орналасқан. Ойық бойынша паак кесіледі. Мауыт үшін мауыт жуғыш бар. Өндірісті жоғарылату үшін тағы торлы цилиндр орнатады. Сулы қабаттың салмағы 30-120 г/м², ең жақсысы 50-60 г/м². Ваннадағы концентрация 0,1-0,3, жақсысы

0,2%. Кебінесе бу мәнен престейді, прессстей қатырмада байланысты болады. Сосын кептіреді. Кептіру камераларда жүргізіледі, онда парактар қысқыштармен қыстырылып, бір біріне ыстық ауамен желдетіледі. Бірақ бұл күрделі. Роликті кептіріштерді колданған жақсы.




1.53 сурет. Паракты қатырманы шығаратын папкалық машинаның сұлбасы
1 – ванна; 2 – торлы цилиндр; 3 – шешілеттің мауыт; 4 – шешілеттің білік; 5 – форматты білік; 6 – жетекті білік; 7 – мауытты жүргізетін біліктер; 8 – бүріккіш; 9 – торды жуатын бүріккіш

Парактық көпқабатты қатырманы жазық торлы машинада алуға болады. Онда жазық сетка және көпқабатты паракты алу үшін форматтык білік орналасады. Бір мезетте форматты білікке үш парак кіре алады. Біліктегі тесік бар, онда пышақ орналасады және ол қатырма парактарын кеседі. Дөңгелек торлы машинада берікті көрсеткіштерінде анизотропиясы жазық торлы машинага қарағанда жоғары. Жазық торлы машинада қатырма ісінген болып шығады.

1.3.10 Қазаң және қатырма даярлау машиналарының классификациясы

Барлық қазаң даярлау машиналарының үш негізгі боліктегі бар: сулы немесе форма қалыптастыратын торлы болік, прессстей және кептіру белгілі. Қазіргі уақытта қолданылатын қазаң даярлау машиналарын (ҚДМ) 4 топқа белуге болады:

1. жазық торлы машиналар (1.54 сурет).



1.54 сурет. Жазық торлы Б-15 қағаз даярлау машинасы

1 – кернеулі жәшік; 2 – кеуделі білік; 3 – гидропланкалар; 4 – сулы соратын жәшік; 5 – соратын жәшік; 6 – соратын гауч-білік; 7 – қайта соратын құрылғы; 8 – соратын престеу білігі; 9 – гранитті білік; 10 – бүтілім реттейтін пресстеу білігі; 11 – кептіру цилиндрі; 12 – мауым беретін білік, 13 – каланд біліктегі; 14 – жаймалау цилиндрі

Олар бір-бірінен торлы столдың өлшемімен, пресстің саны мен типімен, жетек тобындағы кептіру цилиндрлерінің санымен, онде жабдығының типімен, жұмыс жылдамдығымен, өнімділігімен, жетектің типімен және басқа да ерекшеліктерімен ажыратылады.


2. Цилиндр тәрізді немесе дәңгелек торлы машиналар.

Ұзын торлы қағаз даярлау машинасында парапты пайда болдыру үшін колданылатын талшықты суспензия ұзын торга салынады, ал цилиндр тәрізді торлы қағаз даярлау машиналарында талшықты суспензия айналмалы цилиндрлік торға салынады.

Суды алу цилиндрлік тордың ішкі жағына құю арқылы іске асады. Цилиндр тәрізді қағаз даярлау машиналары 10 жеке жеке қабаттан, 1м² үлкен массасын көпқабатты қағаз немесе қатырманы даярлау үшін колданады. Мұнда қабаттар үздіксіз айналатын қысатын мауытта қабаттарды машинаның торлы цилиндрлері арқылы біркелкі полотноға айналдырады.

Дәңгелек торлы машинаны қолдану кезінде әр қабаттың композициясын таңдауга мүмкіндік тудады, яғни ішкі қабаттар үшін төмен сұрыпты арзан шикізаттар, ал сыртқы қабат ушін жоғары тауарлы түр беретін жартылай шикізаттар мен материалдар қолданылады.


3. Арас макиналар (1.55 сурет). Бұл макиналар жазық торлы және цилиндрлік макиналарды біркітіру арқылы алғынған макиналар және оны қорғау қабаты бар көпқабатты қатырманы даярлау үшін қолданады.



1.55 сурет. Арас КДМ сұлбасы

4. Екі жақты сусыздандыратын құрылғыда қағазды қалыптастыратын макиналар (1.56 сурет). Қазіргі уақытта жазық торда қағаз полотносын классикалық түрле қуодың орнына екі жақты сусыздандыру қолданыс тапты. Бұл агрегаттардың қуаттылығын жоғарлатып екі жағы бірдей қасиеттермен ерекшеленсетін қағаз парагын (басуға арналған қағаз үшін тән қасиеттер) алуға мүмкіндік тудырыды.

Екі торлы машина торынан қағаз қалыптасатын екі ұқсайтын қағаз даярлау машиналарын колданады және сол торда қағаз пайда болу кезінде екі жағынан су белінеді. Олар жазық торлы машиналарға қараганда үлкен жылдамдықпен жұмыс істейді және қағазды екі жағынан торлы қылады.



1.56 сурет. Екі торлы қалыптастыратын құрылғы.

1 – көрнекілі жәшік; 2 – тор; 3 – соратын гауч-білік; 4 – қайта соратын білік

Жоғары торлы деп аталағын қалыптастыратын құрылғының келесі түрінде қағаз алдымен жазық торда қалыптасады. Қалыптастырудың аз уақытында кішкене алдыға жылжығаннан кейін қалыптасатын полотноның жоғарғы жағы екінші жоғарғы тормен түйіседі.

Қағаз даярлау және қатырма даярлау машиналарының негізгі көрсеткіштері – шығарылатын қағаздың ені (мм) және жылдамдылығы (м/мин). Салмақ және осы екі көрсеткіш машинандың өнімділігін анықтайды. Қағажәне қатырма даярлау машиналары негізгі көрсеткіш – қағаз полотносының кесілеттің ені бойынша класификацияланады. Қағаз полотносының кесілеттің ені жалпылай өнімнің 420, 840, 2100 мм рулон форматтарына сәйкес анықталады. Газеттік қағаздың рулонының форматы – 1680мм.

1.4 Қағаз бен қатырманы зерттеу және олардың қасиеттері

Қағаз бен қатырманың қасиеттері оларды даярлау кезінде қолданылған компоненттерге байланысты, мысалы талшық бойынша композицияға (әртүрлі талшықтың типі мен салына), талшықты жартылай шикізаттар мен басқа материалдарға, сонымен қатар қолданылатын технологиялық процестерге. Қағаз бен қатырманың бұл қасиеттері сыртқы келбеттіне (түсіне, бейнелердің бар болуына), технологиялық процестердің талаптарына, ең алдымен полиграфиялық бүйімнің сыртқы түріне біршама әсер ететін басу қасиеттеріне, беріктік, өнімнің қорғау дәрежесі мен оның тұтынушысына әсер ететін эксплуатациялық қасиеттерге және полиграфиялық өнімді даярлау мен қолдануға байланысты.

1.4.1 Басу қасиеттері

Қағаздың басу қасиеттері деп таңба бетінде баспа бейнесін ұдайы ендіруін қамтамасыз ететін және оларды біркөштер көрсеткіштер арқылы бағалайтын қасиеттерді айтады. Оларға:

- оптикалық қасиеттер: қағаздың ақтығы, түсі, мөлдірсіздігі, түстік сипаттамалар, жылтырлық;
- құрылымдық сипаттамалар: қағаздың 1m^2 салмағы, біркелкі еместігі немесе терістігі, қалындығы және тығыздығы;
- механикалық қасиеттері: олар беріктік беретін (созған кезде үзілуге берік, сынуга кедергі, жұмалануға кедергі) және деформациялық (үзуге дейін созған кездес ұзаратын, созған және мыжыған кезде тығыз, бұту кезінде қаттылық, ылғалдану кезіндегі деформация, бұралуға бейімділік) қасиеттер;
- сорбциялық қасиеттер: бір жакты сулануда сініру (су, минералды май), ылғалдық құрамы, бояуды қабылдау);
- біртектілік пен беттің тазалығын көрсететін көрсеткіштер: 1m^2 қағаздың массасының теріс еместігі, жарыққашағыштың біртекті еместігі, әржақтылығы, аудан мен жақтары бойынша түстік сипаттамалардың біртектілігі, басудың біртектілігі, шаңдану, парап жиегінің және рулонның сапасы.

1.4.1.1 Оптикалық қасиеттер

Оптикалық қасиеттердің ерекшелігі тегі бойынша қағаздың құрамындағы ингридиенттердің әртүрлілігімен және оптикалық қасиеттер: ақтық, жарық сәулесінің сыну көфициенті (мөллір еместігі, жарық еткізбеушілігі), түстік параметрлерімен түсіндіріледі.

Қағаздың оптикалық қасиеттері табигатқа, қағаз құрамындағы ингридиенттердің қатынасы мен санына, парап қалындығы бойынша оларды дұрыс біртекті етіп жаймалауга және басқа да технологиялық факторларға байланысты.

Ак қағазға түс беру үшін шағылу спектрін көгілдір аумагына қарай жылжытатын нюансты бояғыштар косады. Қағаздың ақтығын, жарықтығын, түстік сипаттамаларын қалыптастыру үшін манызды тәжірибелік мәні ағартатын оптикалық заттарды қолдану. Бұл заттар жарық көзінің кыска толқынды болғаннан көрінбейтін ультракүлгін жарықтанудың энергиясын жүту кабілеттілігіне ие және қағаздың ақтығы мен жарықтығын жогарларату үшін оны көрінетінге айналдыру.

Түс – адамның миси мен көру мүшесі арқылы қабылдайтын жарық көзіне және жарық сәулесін жаймалап, шағылыстырып және жүтатын қабілеттілікке ие түйсік. Қағаз бен қатырманың түсін қабылдайтын жарықтанудың шарттары түс өлшеу тәсілдері секілді арнайы стандартталған.

Қағаз бен қатырма әлбетте ак немесеконыр түсті болады. Ол талшықты жартылай шикізаттарды алған кезде ағарту қолданы ма, соғсан байланысты. Жоғарғы кейбір жағдайда теменгі қабаты да актусті болып келетін борланған жабындыдан тұруы мүмкін. Қағаз масасын даярлау кезеңінде салынатын бояғыштардың арқасында қағаз бен қатырманың кез келген түсін алуға болады. Аралас макулатурадан алынған ағартылмайтын, екінші рет қолданылатын шикізат макуатуралық қатырманың артқы жағында көрініп тұратын сұр түсті болып келеді.

Ақтық. Оны бағалау үшін кеңінен қолданылатын келесі сипаттамалар:

- қағаздың стандартты (Brightness) актығы – бұл толқын ұзындығы 457 нм-де елшеген белгілі жарық көзі арқылы қағазды жарықтаңыру кезінде бетінің диффузиялық жарықтану коэффициенті. Халықаралық стандартқа сәйкес, актық фотометр мен спектрофотометр көмегімен елшеседі. ISO 2470-77 стандартына сәйкес актық 100%-дан асуы мүмкін.

Түс пен актықты жарықтанудың белгілі шарттары бойынша көзбен бағалайды және спектрофотометр көмегі арқылы стандартты жарық кезінін шағылысқан жарығында елшеді, сосын түстік тоны мен актығын табады. Жарық көзі ретінде табиги күндізгі жарық пен оның эквиваленті қолданылады. Қағаздың, полиграфиялық өнімнін, және ораманың ғылыми авторитеті жарықтаңыру бойынша халықаралық комиссия (CIE, Commission International de l'Éclairage) болып табылады. Ақтықты елшеген кезде елшеу жүргізілген жарықтану көзін көрсету маңызды. Тәжірибе жүзінде келесі жарықтану көздері қолданылады: A,B,C, D₆₅ (65 – жарық толқынының жартылай ені).

А көзі қызылрудын электрлік шамдары арқылы орташа жасанды жарықтану шарттарын шыгарады. В көзі тік күн жарығының нормасына сәйкес болып келеді. С көзі флуореспекттік сынап шамы, D₆₅ күндізгі жарық болып табылады.

- *CIE ақтығы* (Whitners) түс пен түстіліктің координаттарымен анықталады (ол үшін CIE -рен мәні анықталады (CIE -Tint)). CIE мәні оптикалық ағартатын заттар мен реалды бояғыштың элементтерінен тұратын адамның көзі арқылы бақыланатын үлгінің актық дәрежесін бағалауга мүмкіндік береді, сондыктан актықты бағалаудың ең күшті тәсілі болып табылады. Бірақ арнайы тәсіл ретінде бұл жүйе тек бір спектрофотометр арқылы ғана елшеп, елшесетін үлгі жоғары актықка ие болған кезде ғана қолданылады.

Ақтықты елшеудің басқа да тәсілі бар. ISO бойынша актық - 457 нм болатын толқын ұзындығы арқылы шағылатын бетте і жарықтың пайызы. Адам көзі 400 дең 700 нм-ге дейінгі толқын ұзындықтагы диапазонды қабылдайды. Кобінесе актық тек целиполозада ғана анықталады. Орама қағазы мен қатырманың кейбір түрлері коныр түсті болып келеді, сол себепті олар ағартылған талшықты қолданбай даярланады.

Мөлдірсіздігі және жарық откізгіштігі. Мөлдірсіздік қасиет қағаз немесе қатырма парагының астындағы парактың басылышын немесе сол парактың артқы жағындағы басылған жерді жауып тұруымен түсіндіріледі.

Бұл касиет басу жүргізілген ораманың сыртқы беті ретінде бұйымдарды орау кезінде маңызы зор.

Мәлдірсіздікті жоғарылату қағаздың құрамына целлюлозалық талшықтарға қарғанда жарық сәулесінің сыну коэффициентінің жоғары мәні бар заттарды қосу арқылы жетеді. Қағаздың жарық еткізгіштігі қағаздың 1m^2 салмағы жоғарылағанда азаяды. Оны үлкейту қағаз тығыздығын үлкейту арқылы жузеге асады.

Мәлдірсіздікті анықтау үшін актықты өлшейтін құралдарды (фотометрлер мен спектрофотометрлер) қолдануға болады.

Түстік сипаттамасы. Қағаздың оптикалық параметрлерін қалыптастыру жарыққа байланысты болады және қағаз қалай жұтады, шағылады немесе жарықты еткізетініне байланысты болады.

Бетке түсетін жарық одан шағылысады. Таза ақ бет барлық түсетін сәулелерді шағады да еш наරсанн жұтпайды. Сұр бет әртүрлі ұзындықтарғы жарық толқындарын біртегіс жұтады. Одан түстін сәуле өзінің спекральді құрамын бұзбайды және тек шағылулын қарқындылығы ғана езгереді. Қара бет жарыкты мұлде шакпайды. Бір дәрежеде шағылатын және жұтатын түс сәулелері түссіз (ахроматты) деп аталауды. Барлық басқа беттер толқын ұзындығына сәйкес түсті береді.

Екі түсіндікі ажыратада белу көрк – ол қағаздың түсі және бояулығы. Бояулық – белгілі толқын ұзындығында сәулеленуді түсірептін заттың қабілеттілігі, ал түс – белгілі жарықтану шарттарында бұл қабілеттілікте іске асырудың нәтижесі. Шынында, қағаздың ақ бояулығы әртүрлі түс беруі мүмкін. Сонымен катар, жарықтық пен түстілік деген ұғымдарды түсінү көрек.

Жарықтық – қағаздың шағылысатын бетінің жарық сәулесінің санымен бағаланатын түстің сандық сипаттамасы. Түстілік – жарықтықты ескермей нақты түсті бағалайтын сапалы сипаттамасы.

Қағаздың актық көрсеткіші қағаздың оптикалық касиеті жөнінде толық мағлұмат бере алмайды. Қебінесе, бір деңгейлі актыққа ие қағаздар көзben әртүрлі қабылданады, яғни әртүрлі сұр, сары, көгілдір түсті рендерге және әртүрлі қанықандылыққа ие болуы мүмкін.

Жылтырылыш – қағаз бетінің айналы түрде жарық ағынын түсіретін касиет. Жылтырылышына тен бұрышта қағаз бетінен жарықты түсіргендегі бір бөлік ретінде анықталады. Қағаз бетінің жылтырылышы айна тәріздес шағылатын жарықтың толығымен шағылатын жарыққа катаинасымен сипатталады. Қағаз бен өқатырманың жылтырылышын 75° бұрышта, ал басылған және лакталған беттерді 60° бұрышта өлшайді.

Жабыны жоқ қағазға жылтырылыш беру үшін оны жылтыр беті бар ендеу шилиндрінде өндейді.

Қағазға жоғары жылтырылышты оны суперкаландрде өндесу береді. Қағазды кезегімен орнатылған прессстелген талшықты материалдан жасалған жұмсақ және катты металданған біліктер арқылы бірнеше құystар арқылы еткізеді. Қебінесе жылтыр қағаз беттерін алу оны борланған жабынмен жауып, суперкаландрдан еткізеді немесе толығымен борлайды.

Жылтырлықты бағалау үшін келесі құралдар қолданылады: глариметрлер, глюсметрлер және рефлектометрлер. Жылтырлату дәрежесін шартты бірлікте белгілейді.

1.4.1.2 Құрылымдық сипаттамалар

1m² салмақ. Қағаз бен катырманың құрамындағы толықтырғыш пен талшықтың қатты бөліктегінің саны 1m² салмақпен бағаланалы. Зертханалық жағдайда бұл көрсеткішті материалдың нақты кесілген бөлігін елшеу арқылы аныктайды, ал нәтижесін әртүрлі, көбінесе г/m² белгілейді. Қағаздың немесе катырманың бұл түрі үшін көптеген беріктік сипаттамалар бірліктің массасы жоғарылаған кезде үлкейеді.

1m² қағаздың салмағы, г

$$m_{1m^2} = \frac{10^6}{(200 \times 250)n} \sum_m \quad (2)$$

мұндагы \sum_m - қағаз үлгілерінің қосылған салмағы, г;

n - үлгілердің саны;

(200x250) – бір үлгінің ауданы, м²

Салмағы 25 г-нан аспайтын қағазды 0,01 г/m²-ка дейін, 25-100 г салмактағы қағазды 0,1 г/m²-ка дейін, 100 г-нан асатын қағаздың салмағын 1г/m²-ка дейін қысқартады.

1m² қағаздың салмағын анықтаудың ең жenіл және тезтесілі квадрантты таразы көмегімен елшеу. Бұл таразыда белгілі аудандағы бір үлгіні елшеген кезде 1 m² салмақ көрсетіледі.

1 m² салмақ коммерциялық катынаста да маңызды. Өйткені, нақты қағаз немесе катырма үшін 1 m² салмақ үлкен болса, орамалық материалдың бір салмағынан аз мөлшерде орама алуға болады. Аудан елшемінің салмағы жоғары болған сайын, аудан бірлігіне тиесілі талшықтың саны көп болады, ал талшықтың үлкен мөлшері судың үлкен бөлігін жоюын қажет етеді және қағаз бен катырма даярлау машинасының өнімділігін өзгертуға экеп соқтырады.


Қағаз бетінің тегістігі (кедір-бұдырлығы) эстетикалық көзқарас бойынша маңызды және басудың сапасы мен жылтырлыққа әсерін тигізеді. Кейір технологиялық басу кезінде кедір-бұдырлық қағаз бейнені анық басуға мүмкіндік бермейді, яғни басу формасынан материалдың бетіне бояу түснепеі мүмкін (мысалы ойынқы басылымда). Басу кезінде басу формасынан бейненің қағазбетіне етуінің дәлдігі көп жағдайда оның құрылымының біртекtilігіне байланысты болады. «Қағаздың құрылымы» деген үгым оның құрамындағы заттардың мөлшері мен олардың арасындағы байланыстың қосындысы тана смес, сонымен қатар параллельдік геометриясы да жатады. Баспа қағазының басу үшін жарамдылығын қамтамасыз ететін сапасының маңызды көрсеткіші бір партиядағы қағаздың біртекtilігі. Баспа қағазының

құрылымы тығыздық, пеуктілік және жарық еткізбеушілік көрсеткіштері бойынша бағаланады.

Қағаз бетінің кедір-бұдырлығы мен тегістігін өлшеудің кеңінен тараған тәсілдері Bendtsen and Sheffield фирмасының Parker PrintSurf (PPS) құралдарын қолдануға негізделген.

Қағаз бетінің геометриясы микро және макро тегістіксіздеғе байланысты және тегістік пен кедір-бұдырлық көрсеткіштерімен бағаланатын өлемдердің әртүрлі принциптерін қолданатын құралдар арқылы аныкталады. Тегістік Беккің құралы арқылы, ал кедір-бұдырлықты Бендтсен, Шеффилд және Паркер құралдарымен анықтауға болады.

Бекк әдісінің мәні зерттелетін үлгі беті мен шыны жылтыр пластина арасындағы вакуумды камераға ауаның белгілі көлемінің етуі үшін уақытты өлшеумен түсіндіріледі. Жылтырлық өлшемі үлгі беті мен шыны пластина арасындағы 10 мл ауаны сору ұзақтылығы болып табылады (1.57 сурет).



1.57 сурет Бекк бойынша тегістікті аныктайтын құралдың сұлбасы

1 – үлгі; 2 – жүктеме; 3 – резиналық пластина; 4 – 10 см² өлшейтін беті бар шыны пластиника; 5 – вакуумды насос; 6 – негіз; 7 – вакуумды сосуд

Бендтсен мен Шеффилдтің құралдарымен қағаз парагы мен дөңгелек беті арасындағы тұрақты қысым арқылы ететін ауа ағынын өлшайді. Бендтсен бойынша кедір-бұдырлықты мл/мин, ал Шеффилд бойынша Шеффилд бірлігі немесе мл/мин-пен өлшайді.

Паркер тәсілі қағаз бен қатырманың кедір-бұдырлығын басу машинасының шарттарына жақын шарттарда өлшеу үшін қызмет етеді. Паркер бойынша кедір-бұдырлықты өлшеу нәтижесі микрометрмен белгіленеді.

Парақтың қалындығын микронда (1 мкм = 0,001 мм немесе 10⁻⁶ м) немесе пункта (1 пункт 0,001 дюймге тең) өлшайді. Қағаз да, қатырма да талшықты құрылыммен сипатталынады, соған байланысты қалындықты толиномер-микрометрмен өлшайді. Ол белгіленген ауданға өлшінген жүктемені жакындау арқылы іске асады. Қағаз бен қатырманың белгілі түрлерінде аудан бірлігінің салмағы жоғарылаганда қалындық та еседі,

осыдан түйіндейтініміз, материалдың белгілі түрі үшін қалындық есken сайын оның беріктік қасиеттері де жогарылайды.

Қағаздың тығыздығы (ρ) белгілі үлгінің 1m^2 салмағы мен қалындығы бойынша келесі өрнекten анықтайты:

$$\rho = \frac{M_{1\text{m}^2}}{\delta} \quad (3)$$

мұндағы $M_{1\text{m}^2}$ - 1m^2 салмақ, г;

δ – қалындық, мкм

Қағаз бетінің құрылымы. Қағаз бетінің құрылымын аздаған бұрышта оны жарықтандыру кезінде көзбен бағалайды, нәтижесінде қағаз бетінің барлық тегіс емес жерлері көрінеді. Қағаз бетін бағалаудың нәтижесі жарықтыққа байланысты. Қағаз бетінің соңғы құрылымы каландрлеу немесе полимерлі пленкамен ламинаттаудан кейін қалыптасады.

Қағаз бетінің тазалағы. Басу басылатын қағаз бен қатырманың беті майда белшектер мен шаңнан бос болу керек. Басу кезіндегі проблемалар белектенген талышқтарға, оның фрагменттері мен бұындарына, талышқты емес беліктердің бар болуына байланысты болады. Одан басқа, проблемалар технологиялық өндеуден туындауы мүмкін және қағаз бен қатырманы өндіру кезінде басу процесінде бөтен беліктердің болуынан киындықтар тууы мүмкін. Мұның барлығы басудың сапасын төмөндөтеді және қосымша қалдықтардың пайда болуына әкеп согады.

Парақ бетін тазалаудың арналық қабылданған бағалау тәсілі жок. Бірақ рулон немесе буманың жиектерінде бос беліктердің болуын бағалайтын әдістер қарастырылған. Қағаз бетінде бөлек бос беліктердің бар-жоқтығын оның бетінің бойымен жұмысқ полиуретанды білікті еткізіп, сосын микроскоп көмегімен белгілі ауданда жинақталған беліктерді санауға болады. Проблемалар туындағанда баспағер оларды анықтап, беліктердің қалай пайда болғанын анықтау қажет. Беліктердің табигатын анықтағанинан кейін ғана проблеманың көзін тауып шешімін табуга болады. Ескеретін жағдай, мұндай проблемалар тек қағазбен қатырмада ғана емес, сонымен катар басу машинасы мен оның жақын орналасқан белшектерінде және бояда болуы мүмкін.

1.4.1.3 Механикалық қасиеттер

Қағаздың механикалық қасиеттері тозуга беріктігі мен кітаптың ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етеді. Беріктік полиграфиялық өнімді даярлау процесінде қағаз бұзылmas үшін керек, басу кезінде қысымға тәзімді болу керек, машинаның қағаз еткізу жүйесінде және бүктемелеу кезінде жыртылмау керек. Бұдан басқа қағаздың деформациялық қасиеттері үлкен мәнге ие, ейткені полиграфияның негізгі технологиялық операциялары қағаздың деформациясымен параллель жүреді. Соңдықтан, технологиялық

режимдер мен өнімнің сапасы қағаздың деформациялық қасиеттеріне байланысты.

Қағаз берітінің беріктігі. Басудың жақсы сапасын және рельефті өрнектеуді камтамасыз ету үшін қағаз берітінің беріктігі сәйкес болу керек. Оффсеттік басылым процесінде сұйық бояулар қолданылады. Олар қағаз берінде және оффсеттік цилиндрде қалып қоятын бояу бөлінетін аймакта қағаз берітінің беріктігіне жоғары талаптар қояды. Қағаз берітінің беріктігін бағалау үшін IGT тесті қолданылады. Белгілі тұтқырлығы анықталған арнайы бояу қағаз немесе қатырманың зерттелетін үлгісіне жағылауды да басудың жылдамдығын арттырганда пайда болатын ақау берінде талшықтардың «жұлмалануы» немесе көбіршіктердің пайда болуы байкалады. Ақау пайда болатын параметрлерді салыстыру қолжетімді нәтижені алуға мүмкіндік береді.

Өрнектеу – қағаз немесе қатырманың берінде рельефті сурет немесе мәтін пайда болатын әдіс. Керекті нәтижеге қолжеткізу үшін қағаз берітінің жоғары беріктігі, талшық арасындағы беріктік пен жабындының беріктігі (болған жағдайда) керек.

Қағаз берітінің беріктігін елшійтін басқа әдісі берінше жабысу дәрежесі әртүрлі таяқшаларды жабыстыру арқылы орындалады. Нәтижесінде Денисон бойынша берітінің жұлмалануға берік деп аталағын көрсеткішті алады. Бұл көрсеткіш қағаз немесе қатырма берінде жабыстырылған таяқшаларды шешкен кезде берінде ешқандай белік бұзылмайды да, сол қағаз немесе қатырма берік болатынын көрсетеді. Таяқшаның саны көп болған сайын, қағаз берітінің беріктігі де жоғары болады. Мұндай әдіс тек жабынды қабаты жоқ қағаздар үшін қолданылады. Жабыны жоқ қағаздар үшін бұл тест қағаз берітінің басу және адгезиялық қасиеттерін талдау үшін қолайлы.

Қағаз беріндеңгі талшықтарды жұлмалануға тозімділігі. Басу процесі кезінде қағаздың беттік қабаты бояу ауысқан кезде пайда болатын механикалық күштердің әсерлесуінің нәтижесінде жұлмалануға ұшырайды. Оффсеттік басу процесінде қағаз берітінің талшықтарының жұлмалануының мүмкіндігі шығындық басылымға қараганда жоғары болады. Қағазды жұлмалау сипаты қағаз құрылымындағы талшық арасындағы әсерлесу ерекшелігіне байланысты. Қағазда күш байланысының бірнеше түрлерін қарастырады:


- бірінші түрі құрылымында беріктігі бойынша жақын талшық арасындағы байланыска ие қағаздарға тиесілі;

- екінші түрі құрылымында басу кезінде аз мөлшердегі күш арқылы талшықтар біртіндел жұлмаланатын қағаздарға тиесілі;

- үшінші түрі құрылымында талшықтың негізгі массасының байланыс беріктігі басу кезіндегі бірқалыпты мәннен жоғары болған кезде пайда болатын қағазға тиесілі.

Таңба берінде бояудың кетіп қалуға кедерегісі. Бұл көрсеткіш ылғалды күйінде мұздатылған немесе сұтылған өнімдерді орау кезінде ораманың ылғалмен түйіскен кезде маңызды. Басу кезінде қағаз пакеттерінде бояу

қабаты кетпей, жағылмау керек. Бояудың кетіп қалуга жақсы кедергісі бояулар мен лактардың керекті құрамы сакталған кезде басу мен лактау технологиясында және қағаз бен қатырма беттерінің қасиеттерімен қамтамасыз етіледі. Бояудың кетіп қалуга кедергісін эталонларға сәйкес стандартты зерттеу тәсілдері арқылы аныктайды (1.58 сурет).



1.58 сурет. Басу кезінде бояудың кетіп қалмауын зерттеу

Қағаз бетінің үзілүгө көбергісі. Материал жолагын үзу үшін қажетті әсер. Материалды белгіленген шегін дейін серпімді және элластикалық қасиеттер шеткіздеді. Белгілі күшпен (кернеу) туатын серпімді аймақтагы деформация (ұзару) сол күшке пропорционал. Бұл тәуелділік Гук заңы ретінде белгілі және келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

$$F = E\Delta x, \quad (4)$$

мұндағы F - бұлдіретін әсер;

E - константа;

Δx - ұзару.

E константасы серпімділік модулі ретінде белгілі (ЮНГ модулі).

Қағаз бен қатырма серпімді қасиеттерді белгілі шеккедейін көрсетеді. Бұл дегеніміз, күш әсері тоқтатылады, үлгі езінің бастапқы калпына қайтып келеді, бірақ серпімділік шегінен жоғары бұл тәуелділік енді әсер етпейді, ейткені, материал жайлап үзілгенге дейін деформацияланады.

Техникалық талаптар материал жолагының белгіленген енін зерттеу тәсілдері мен жүктемені өзгерту жылдамдылығына байланысты болады.

Мұнда үзілуге кедергісі бірліктін еніне әсер ететін күш ретінде тіркеледі. Үзілуге кедергі тік бағытта қолденен бағытка қаралғанда жоғары болады.

Қағаз бетінің үзілуге беріктігі бір нүктеде бекітілген ілініп тұратын қағаз тілімі өзінің салмағы арқылы қандай ұзындықты жыртсылатын көрсететін шартты есепті көрсеткіш болып белгіленетін үзілетін ұзындық болып табылады.


Үзілу нүктесіндегі үзілу кедергісінің мәні жүктемені өзгерту жылдамдылығына байланысты болады. Зерттеу жүктемесін бірқалыпты жағдайда көтергенде статикалық созылу режимінде, ал жүктеме қысқа мерзімде берілсе динамикалық созылу арқылы еткізіледі (1.59 сурет).



1.59 сурет. Серпімді эластикалық қастеттерді көрсететін деформация қысымының тәуелділігі

Үзілетін ұзындық – эластикалық елшем болып табылатын үзу кезінде материал тілімінің максималды ұзаруы. Ол бастапқы ұзындығына қаралғанда қысқыштар арасындағы үлгінің ұзындығын үлкейту ретінде қарастырылып, пайызбен белгіленеді.

Қағаз бетінің жыртуға кедергісі – қағазды жыртқаннан кейін парақтың үзілуйін жоғарлату үшін керекті әсер (1.60 сурет).




1.60 сурет. Жыртуға кедергісін анықтау принципі

Көп жағдайда жыртылу кедергісін көбейту керек, кейір кезде материал өз бетімен таза жыртылғаны керек (мысалы, жыртылмалы ленталарда орама ашуды жеңілдету үшін және ішіндегі тез жету үшін).

Кағаз бетінің қысымға кедергісі. Қысымға кедергіні сынап зерттеу үшін кағаз немесе қатырма үлгісін ауызы жабық дөңгелетілген тесігі бар эластикалық (рәзінкелік) мембранаға бекітіп, қысымды үлгі жыртылғанша үлкейтіп отыралы (1.61 сурет). Бұл сынақ күрделі емес, бірақ нақты шарттарда оның беріктікпен байланысы күрделі болып келеді. Қысымға кедергінің үлкен мәндері материалдың қаттылығын айқындаиды. Кағаз массасын даярлау кезеңінде оған кепкен немесе суланған күйдегі кағаз беріктігінің белгілі мөлшерін сақтап қалуға мүмкіндік беретін несеп және меламинформальдегид шайырлары қосылады.


Қысым арқылы кедергіні сынау



1.61 сурет. Қысымға кедергіні анықтау принципі

Кағаз бетінің сулы күйдегі қысымға кедергісін кепкен күйдегі қысым кедергісін қысым жәсірі арқылы алынған мәндер негізінде және үлгінің белгілі мөлшерде ылғалданғаннан кейін есептейді. Кепкен және сулы күйдегі кағаз бетінің қысымға кедергісінің пайыздық қатынасы сулы күйдегі қағаз бетінің беріктік сактау дәрежесіне сәйкес келеді.

Қаттылық. Ораманы басу, жинау және колдану үшін сыртқы күштің жәсерінен туындастын майысуға кедергі ретінде анықталатын қаттылық үлкен мәнге ие. Қаттылықты белгілі өлшемдегі (ұзындық 1) материалдың бір жағы қысылып тұратын, ал екінші бос жағына қысымды F беру арқылы анықтайды. Мұнда бос жағы мөлшерленген қашықтықка немесе δ бұрышында ауытқиды. Бұл әдіс екі нүктелі әдіс ретінде белгілі (1.62 сурет) және майыстырған кезде қаттылықты (Лоренцен мен Вэттр бойынша, 5°, Lorentzen and Wettres), майысуға кедергіні (Лоренцен мен Вэттр бойынша, 15°), және қаттылықты өлшеу үшін (Табер бойынша, 15°, Taber) қолданылады.



1.62 сурет. Екі нүктелі әдіс арқылы майысу кезінде қаттылықты елшеу үшін жүкті қою

Тік бағыттағы майысу кезіндегі қаттылық мәні көлденен бағыттағы мәнге қарағанда жоғарырақ, сол себепті тік және көлденен бағыттағы қаттылық қатынасы ретінде белгіленуі мүмкін. Бұл айырмашылық кағаз бен катырманы даярлау кезінде талшықтардың әртүрлі бағыттарда болғандылығымен түсіндіріледі. Қаттылық басқа да маңызды касиеттерге байланысты болады. Оны қатырма қораптарын қысу, бірнеше рет бұту, майысу сынектары арқылы және ұрутга беріктігі бойынша көргөзу болады. Майысу кезіндегі қаттылықты елшеу үшін оны Юнг модулі (E) мен материалдың қалындығы (t) келесі үлгіде байланысқанын ескеру керек:

$$\text{Қаттылық} = \text{Константа (материалға байланысты)} \times E \times t^3.$$


Біртекті материалдар үшін бұл кубты тәуелділік майысу шегі аспайтын шарт орындалған кезде іске асады. Кағаз бен қатырма үшін бұл дәреже 3,0-ден төмен, бірақ соған карамастан мәнді (қатырманың кейбір түрлері үшін ол 2,5-2,6-ға тең). Сонымен, қаттылық материалдың қалындығына байланысты екенін аңғарымыз.

Кағаз бетінің қысуға кедергісі. Ораманың талаптарының ішінде қысуды қарастырган кезде орамага оралған өнімдерді сақтау кезінде, оларды тасымалданған кезде әсер ететін сыртқы жүктөрді ескере түсіреміз.

Орама құрылымының, кағаз бен қатырманың әртүрлі түрлерінін, олардың қалындықтарының әр алудан сипаттамалары мен атмосфералық ауыткулардың қысу кедергісіне әсер ететінін ескеру керек. Сонымен катар, ұзак уақыт аралығында болатын (оралған жүк қоймада сақталғанда) статикалық жүкпен қыска уақыт аралығында болатын (құлаған, ұрылған кезде және тасымалдану кезінде) динамикалық жүктөр арасындағы айырмашылықты да ескеру қажет. Қысу кедергісін зерттеу әртүрлі жүктөр арқылы орындаиды.

Зерттеулер көрсеткендей, қораптарды қысу арқылы сынаганда олардың тәртібіне әсер ететін қағаз бен қатырманың касиеттеріне қаттылық пен SCT (Shortspan Compression Test) тәсілі арқылы анықталатын қысу кедергісі жатады.

Улға кеңістігінде қарама қарсы жиектеріне құшті беру арқылы кағаз бен қатырманы үлгілерін қысқанда материал майысады және қысу кедергісі мәні болып табылмайды (1.63 сурет).




сурет. Қысу кедергісі арқылы сынау

Егер күшті бері багытында үлгінің биіктігі талшықтың орташа ұзындығынан аз болса (мысалы ол 0,7мм-ге дейін қыскартылған), онда талшық торына күш талшықтардың өзара ауытқуын тудыратын сол тордың езі қысылатындаі етіп беріледі. Бұл жағдайда талшық арасындағы байланыс, целлюлоза талшықтарының саны мен типі SCT тәсілі бойынша сынақ нәтижесі үшін маңызды болады.


Майысуға беріктік пен бүгілім. Гоффленген және кораптық катырмадан әртүрлі күрылымдағы пакеттерді, катырмалық кораптарды, жәшіктерді даярлаган кезде қағаз бен катырманы қебінесе бүгеді. Жұка материалдар механикалық түрде 180⁰-ка бүгіледі және пайда болған бүгілімдерге мықтылық беру үшін бүктейді. Бүгілетін және қатты катырмалық кораптар даярлайтын қалың материалдарда женіл бүгілу үшін және катырмалық дайындааманы 180⁰-ка бүту үшін із сыйықтары болғанын талап етеді. Катырмалық дайындаамаларға із сыйықтарын әртүрлі профильді тесіктері бар із салатын муфталар арқылы жасалынады.

Із салу процесінде катырмалық кораптың дайындаасының жоғарғы жағында іздер, ал артқы жағында төбешіктер пайда болады. Кораптарды бүткенде материал жүктеменің бірнеше түріне душар болады (1.64 сурет).




1.63 сурет. Қатырманы бұгу кезінде әсер етептің күштер

Қатырманың жоғарғы қабаттары пайда болған қыртыстардың сыртқы жағында пайда болатын көңейеді және үзілі мен созылуға керекті беріктікке ие болу керек. Ішкі қабаттар қысылып қабаттары ажырай бастайды (1.65-1.67 суреттерді қара). Бұту процесі берілген мөлшеріне дейін жалғасып жатқанда артқы беттің қабаттарының ажырауы қалыннатуды тудырады (1.68 сурет). Бұл қалыннатылған жер үзілмей деформацияланбау маңызды, сол себепті аркы жағындағы қатырманың қабаты үлкен беріктікке ие болу керек.




1.64 сурет. Iz salu әсерінен пайда болатын қабатаралық ажырауы



1.65 сурет. Бұктемелеу кезінде ары қарай ішкі қабаттарының ажырауының жалғасы



1.66 сурет. Бұгілген кезде қабат ажырауының микросуреті



1.68 сурет. Іздін пайда болуы

Материалдың жоғары беріктік қасиеттерінен басқа із салу сыйының геометриясы мен ені, із салу мұфтасының тесіктерінің ені мен терендігі және із салу сыйының материалға ені терендігі ете маңызды. Іздер мен бүтілімдерді көзben бакылаганин белек із салудың геометриясын өзгерту арқылы реттеп отыратын бүктелуге кедегісі мен жинақталған кораптың кысуга кедегісін елшеуге болады.


Бүктелетін және желімденетін қатырмалық кораптардың із салынатын сыйықтарының озіндік қасиеттері орамалау машинасына беру алдында желімденген шеткі тігісі бар дайындалмаларды сақтау шарттарының ұзақтығына байланысты. Бұл сипаттама қатырма корабының ашу күші ретінде елшени ү мүмкін. Мұндай аралық сақтаудың шарттары (ылғалдастық, температура, орау тығыздығы мен орналастыру шарттары) – орау операцияларының тиімділігіне әсер ететін факторлар.

Қабаттардың ажырауына беріктік пен талшық арасынан байланыс күшінің мәні (1.69 сурет) көпқабатты қағаз берінде қатырмадан жасалынған бүйімді үшін маңызды және азырау күштерінін әсеріне байланысты.


Бұл мәнді қатырмага екі жакты желімденетін лентамен біріктірілген металданған пластина комегімен, TAPPI тәсілі комегімен (Technical Association for the Pulp, Paper and Converting Industry, АҚШ целлюлоза-кағаз өндірісінің техникалық ассоциациясы) немесе Скотт тәсілімен (Scott) анықтауға болады. Бұл тәсілдер қағаз берінде қатырмандың екіқабатты үлгісін қабаттарды ажырату немесе үзу тәсілімен үзлүк күшін анықтауға негізделген.

Егер қабаттану беріктігі мен талшық арасындағы байланыс күші аз болса, адгезиялық байланыстар женіл бүлініп материалдың композициялық тұрақтылығы өзгереді. Егер талшық арасындағы байланыс күші жоғары болса, онда жақсы із салу үшін керекті ішкі қабаттану болмайды.

Қағаз бетінің жазықтығы мен елшемдерінің тұрақтылығы. Қағаз бетінің жазықтығы – қағаз берінде қатырма парагының ары карай басу үшін, ораманы даярлау мен салу орау операциялары үшін маңызды сипаттамасы болып табылады. Жазықтық бүлінгсін кезде жабдықтың тоқтауына экелетін қағаз беру бұзылады және басу кезінде түстердің сәйкестенуі бойынша проблемалар туындауы мүмкін. Материалдың керекті жазықтығы қағаз берінде қатырма процесте камтамасыз етіледі. Қағаз берінде қатырма полотносында қалыптасу, созылу, кептіру операцияларындағы қандай да бір өзгерістер және ылғалдың болуы қағаз бетінде әртүрлі толқындарға, майысуға, бұрмалануына және ойық беліктердің пайда болуына экеп соқтыруы мүмкін (1.70 сурет).



1.69 сурет. Талшық аралық байланыс күшін сұнау принципі



1.70 сурет. Бүрмалану, майысу, толқындардың пайда болуынын түрлері

1.4.1.4 Сорбциялық қасиеттер

Ылғалдың пайыздағы мөлшері тұракты массага дейін алдын ала кептірілетін үлгіде өлшейді. Ылғал мөлшерін өзгерткенде материалдың көптеген беріктік қасиеттері өзгереді.

Қағаз бен қатырмада целлюлоза талшықтарының салыстырмалы ылғалдылығы жогары болса ылғалды сініре отырып үлкейеді, ал төмен болған кезде ылғалды жоғалтып, тік бағытқа қараганда көлденең бағытта талшық өлшемдері ісініп қысылғанда көбірек өзгереді. Көптеген талшықтар қағаз даярлау машинасы арқылы қағаз полотносының жылжу бағыты бойынша жүретін ескерсек, талшықтардың көлденең өлшемдерінің өзгерісі көлденең бағыттағы өзгерістерінін осуінен экеп соктырады. Сол себепті көлденең бағыттағы өлшемдердің тұрақтылығы тік (машиналық) бағытқа қараганда маңызды. Бұл құбылысты тік және көлденең бағыттарын анықтау үшін тік торғұрыш үлгіні бір жағынан парақ жистіне паралель стіл ылғалдау арқылы анықтауға болады. Целлюлоза талшықтары тез ісінеді, ал ылғалданған жағы көлденең бағытта ұзын жағы тік бағытта орналасатын цилиндр тәріздес болып үлкесіді.

Қағаз бен қатырмадан жасалынған әрбір бұйымында ылғалдың болуы қоршаган ортасын салыстырмалы ылғалдылығымен бір деңгейде болуына асығады. Бұл қасиет гигроскопия деп аталады. Салыстырмалы ылғалдылық өзгерген кезде ылғалдылықтың өзгерісін корсеттік кисықтарды құруға болады. Қағаз бен қатырманың бірге ылғалдылығы салыстырмалы ылғалдылық үлкейіп азайғанда этурлі өзгереді және бұл құбылысты гистерезис эффектісі деп атайды (1.71 сурет). Құбылыс нәтижелері материалды сактау шарттарына байланысты болады.

Ерсалмағаты қағаз ылғалдығы



1.71 сурет. Ылғал құрамының гистерезисі

Бұл құбылыстың қорытындысы қағаз бен қатырманы өндірген кезде ылғалдың болуы материалды басқан кезде, ораманы жинаған кезде және оны

пайдаланған кезде маңызды. Соңдыктан, өндірісте берілген салыстырмалы ылғалдылық мәндерінің орташа диапозонындағы материалдың ылғалдылығына сәйкес келетін ылғал болу диапозонын қолдану керек және осы диапозонды өндіріс циклі барысында колдана отыру керек.


Ауаның ете төмен ылғалдылығында (мысалы қыста, оның мәне шамамен 30%) қағаздың ылғалдылығы нормадан төмен болады. Қатты кептірілген қағаз (ылғалдылығы шамамен 4% аралығында) диэлектрик болып саналады. Машина боліктегімен түйіскен кезде қағаздың бетінде жұмыс істеген кезде парактардың жабысуы және тебуі, машина бөліктегіне жабысу сияқты қындықтарға әкелетін статикалық электр тоғы жинақталады. Статикалық электр тоғымен күресу шаралары ауаны кондиционерлеру, машиналарда қағаз бетінің зарядтарын жоятын электрлік құрылыштар болып табылады. Қаралайым ылғалдылықта (5-7%) олар электрлінбейді, ойткени зарядтар жерге жіберіледі.

Целлюлозалық материалдарды қайта ондеу, сактау және оны откізу процесінде ылғалдаудың әртүрлі езгерістерінен сактау қажет. Басу кезінде, ораманы жинаған кезде, және оны қолданған кезде оптимальды тиімділікке жету үшін кессі шараларды сактау қажет:

- қағаз бен қатырманы сактау және тасымалдау кезінде оларды ылғал отпейтін материалға орау керек;
- қағаз бен қатырманы өндірушінің нұсқаулығы бойынша сактау қажет;
- ылғал откізбейтін ораманы шешер алдында материалдың температуралық тепе-тендігіне жету керек;
- технологиялық процестің әрбір кезеңінен кейін материалдың қорғанысын қамтамасыз ету керек.

Қатырманың беті суық болса ол бояудың температурасын төмендетеді де, оның тұтқырлығын басу кезінде қатты көліршіктенуды тудыратында дарежеге дейін жеткізеді.


Сонымен қатар, суық коймадан жылы өндіріс аймағына тасымалдаған кезде буманың суық жиектері коршаған ауаны суытады және жиектерінде ылғалдың конденсациясына экелуі мүмкін. Бұл ылғал көрінбейі де мүмкін, бірақ оны жұтқан кезде қағаз бетінің майысуы пайда болып, материалды басу немесе орау машинасына беру қындарданайты (1.72 сурет).



1.72 сурет. Қағаз бен қатырма бетінде ылғалдың болуының салдарынан езгерістердің әсері

Тәжірибе жүзінде қағаз бен қатырманы даярлау кезінде гигроскопияның салдарынан туындастырылған мүндай өзгерістерін минимизацияға бағытталған тәсілдерді қолданады.


Қағаздың сұйықтықтармен сулау. Қағазларды бояулармен, желімдермен немесе лактармен сулау – басу мен желімденудің бір қалыпты ағысының керекті шарты. Сулау шарты сұйықтық пен суланатын беттің (адгезия) сұйықтық молекулалары (когезия) молекулярлық тартылышының күшін асыру болып табылады. Мұнда молекулалар сұйықтық қолемінен созылып, бетіне түскен тамшы оның бойымен жағылады (1.73 сурет).



1.73 сурет. Суланудын бұрышы
ж – сұйықтық; т – қатты зат; г – газ (ая)

Бір жағында сулау кезінде суды сіріру. Қағаз бен қатырманың сумен байланысқа түсіү аланғасылырылғыдан немесе бетінде және сауда өндірістерінде мұзлатқыш камераларынан алынған қатырма қораптарының жиектерінде ылғалдың конденсациясынан туы мүмкін. Сонымен қатар су ораманың корғалмаған жиектері арқылы да етіп кетуі мүмкін. Бұл процесті бірнеше рет желімдеу арқылы тәжеуге болады. Сынау кезінде үлгілердің жазық беттерін өлшеу және суға салар алдында берілген уақытқа дейін су өткізбейтін жабысқақ лентамен корғайды.

Жазық беттердің сініруін өлшейтін қаралайым тәсіл – Кобба (Cobb) тәсілі (1.74 сурет). Қағаз бен қатырманың берілген ауданын белгілі уақыт аралығында су массасының сініруін өлшайді (көбінесе берілетін уақыт аралығы 1 немесе 3 минутты құрайды).



1.74 сурет. Кобба тәсілімен зерттеу және капилярлық сынақтар

Суды сініру куресі үшін екі тәсілдің бірі немесе олардың туындылары қолданылады. Біріншіден, масса ішіндегі желімдегішті қолданады, онда суды итеретін желімді қағаз массасын даяргағанға дейін қағаз немесе қатырма даярлау машинасына беретін кезде косады. Желімдеу қағаз бен қатырманың көптеген түрлерін өндірудің стандартты технологиясы болып табылады, бірақ су өткізбеушіліктің жоғары дәрежесі керек болған жағдайда қағаз массасына ылғалға төзімділікті арттыру үшін шайырлар косылады. Көпқабатты қатырма үшін орасындағы қабатты қосқандығы барлық қабаттар жоғары желімдік көрсеткіштермен сипатталады. Екіншіден, қағаз бен тқатырма өндірісінде немесе жеке операция ретінде қағаз бетіне желімдегіш пен беттік жабын жағылады (мысалы, экструзиялық полизилен жабыны немесе басудан кейін лактау).

Баспа бояуын және лакты сініру. Бояудың құрамына еріткіш (кебінесе май, органикалық сріткіш немесе су), түсті бери үшін пигмент немесе бояғыш және пигменттің астармен байланысы үшін байланыстырыш – шайыр кіреді. Лактардың құрамы пигмент пен бояғышты санамағанда үксас болып келеді. Бояудың типі мен басудың технологиясына тәуелді еріткіш баспа бояуын басу формасынан астарға откізу үшін керек. Басудан кейін еріткіш булану, жұту және қатты күйге тотығу әсерінен химиялық ауысада, ультракүлгін, немесе электронды шағылу әсерінен молекула аралық байланыста пайда болады. Басу машинасынан шықкан баспа бояуы толығымен кеппейді, сондықтан олар парактарды бумаға жинаған кезде көрші парактар арқылы жағылмау керек.

Басқа қасиеттер сияқты, бояу мен лакты сініру үшін негізінен құрылымның біртектілігі негізгі қасиет болып табылады. Баспа бояуын біртексіз сініру бояудың таңба бетінің артық жағына етуіне, басудың біртекіздігіне әкеп соқтыруы мүмкін. Қағаз бен қатырмага бояуды сінірудің біртектілігін және керекті қасиеттерге жетуін тексеру үшін стандартты бояу немесе еріткішті сініру дәрежесін елшеуге негізделген сынақтар арқылы тексереді.

Офсеттік басылымның стандартты процесінде бірінші түспен бірге жүретін екінші түс суланған астарға тасымалданады. Белгілі жағдайда бұл үсак белшердің пайда болуына әкеледі, осыған байланысты сумен суланған бетегі бояудың итеретін қасиеттерін тексеру үшін тест ойлап тапты.

1.4.2 Эксплуатациялық қасиеттер

Қағаз бен қатырма өндіріс пен ораманы қолдану талаптарына сәйкес болу үшін сол материалдардың қапдай орама ретінде колданылатынына қарамастан шай үшін орама ма, қатырмалық корап па немесе тасымалданатын тара ма, ораманың формасын сақтап қалу үшін керекті беріктікке ис болатындаи белгілі функциональдық қасиеттерін камтамасыз ету керек. Материалдың беріктігі басу және жинау процесі болсын, оны толтыру (колмен немесе автоматты түрде) операциясы болсын ораманы

даярлау үшін және бұйымдарды сақтау, тасымалдау, еткізу кезінде физикалық корғау үшін керек.

Материалдың технологиясын өндірген кезде орамалы қағаз бер қатырманың беріктігі пен басқа функционалды қасиеттерге нақты талаптар қойылады.

ТМД елдерінде әрбір жана материал мен технологиялар үшін техникалық шарттар (ТШ) және технологиялық регламент (ТР) өндіріледі. ТШ пен ТР еki негізгі функция атқарады. Біріншіден, олар қағаз бер қатырмадан жасалынған бұйымның түрін анықтайтын негізгі өндірістік көрсеткіштерді анықтайды. Екіншіден, ондайре аясында техникалық шарттарды ұстанудың уақыты тексерулері арқылы өндіруші бір партияда немесе басқа да партияданы бұйымның біртектілігінің дәрежесі жонінде толық ақпарат ала алады. Қазіргі уақытта көптеген сыйнектар компьютерлер комегімен жүзеге асады. Жүйеде автоматты түрде берілген диапозон аясында көркөті көрсеткіштерді (мысалы, ылғалдылық, аудан бірлігінде бұйымның қалындығы, салмағы) колдай отырып көрі байланысты да қамтамасыз етуге болады. Бұл басқа да қасиеттерге де тиесілі, мысалы, тұс, жылтырлық және қаттылық.

Беріктікке және басқа да функционалдық қасиеттерін зерттегендеге целиулоза талшықтарының гигроскопиялығын ескереді. Жоғары ылғалдылықта талшықтар ылғалды жұтады, ал төмен ылғалдылықта жоғалтады, осыдан қағаз бер қатырманың ылғалдылығы салыстырмалы ылғалдылық пен коршаған органдың тәуелділігінен ауысып отырады. Беріктік қасиеттер ылғалдылықта тәуелді болғандықтан, сыйнектар берілген салыстырмалы ылғалдылық пен температурада кондиционерленген үлгілерде орындалғаны маңызды және бір қүйде болғаны дұрыс (зертханалық шарттарда бұл 50% салыстырмалы ылғалдылық пен температура 23⁰).

Басуға және қосынша ешдеуге жирамдылық. Тұтынуышны ақпаратпен қамтамасыз ету үшін (мәтін немесе бейне түрінде) және ораманың сыртқы түрін жақсарту мақсатында оған көбінесе басу жүргізеді. Басылған басуды корғау үшін және жылтырлық беру үшін лактауды колданады. Бетінін түсі, графикалық дизайн, мәтіннің болуы жартылай ренде бейнелердің болуы және де жылтырлықтың бар немесе жоқтығы ораманың сыртқы келбетіне өз әсерін тигізеді.

Ораманың мақсатына байланысты әртүрлі графикалық шешімдер колданылады, ойткени орама әртүрлі болуы мүмкін: цементке арналған көпқабатты қағаз мешоктары мен қантқа арналған пакеттерге дейін, сыра бутылкаларына, қатырмалық кораптарға, күргак тәнертепілік астарға, assorti конфеттеріне, шоколадка немесе қымбат косметикага арналған этикеткалар. Бұл бұйымдардың орамаларында басу тараның типіне байланысты – тасымалданатын, топтық, жеке және таңбалай ерекшелігіне байланысты болінеді.

Қазіргі уақытта орама өнеркәсібінде басу әдістерінің бірнеше түрін колданады – офсеттік, флексография, шығынқы, ойынқы, шелкография, және

сандық басылымдар. Олар бір бірінен бірката ерекшеліктермен ажыратылады: бояудың және лактың құрамымен, оны қағаз немесе қатырма негізіне жағылу тәсілімен, басуды мықты және ұзак мерзімді ететін көптіру процестері.

Озгешеліктерге қарамастан, басу процестерінде қағаз бен қатырманың түрлеріне байланысты басу касиеттеріне қатысты жалпылай сипаттамалар да кездеседі – олар бетінің жылтырылығына, оның құрылымына, жылтырылыш дәрежесіне, бетінің беттікігіне қойылатын талаптар.

Басудың түсін спектрофотометрмен немесе денситометрмен (оптикалық тығыздықты олшеуге арналған құралдар) өлшайді. Стандартты жарықта түстерді көзбен алдын-ала белгіленген түстік эталондар көмегімен де бакылауға болады.

Қағаз бетінің pH мәні

Тотығу нағијесінде кебетін майлы негіздегі бояуларды қолданған кезде pH мәні 6-8 диапозонында болғаны дұрыс. РН мәні 5 немесе одан да төмен болғаны орынсыз, ейткені бұл мән бояулардың кейбір түрлері үшін (мысалы майлы, литографиялық) кесуды нашарлатады. РН мөлшерін pH-метр көмегімен таңба бетіне дистилденген судың тамшысы арқылы өлшайді. РН мәнінің диапозоны металданған пигменттермен (мысалы қола) басылатын қағаз бен қатырма түрлері үшін және алюминий фольгасымен ламинаттататын қағаз түрлері үшін де маңызды.

Ауа еткізгіштік

Жабыны жоқ қағаз бен қатырма ауа еткізеді. Белгілі аудан мөлшерінде парактан ауаның белгілі көлемін еткізу үшін қажетті уақыт Герлеу тәсілі арқылы (Gurley) өлшеуге болады. Басу, кесу, із салу және орама машиналарында колданылатын вакуумдық сорғыш арқылы материалды басқа позицияға ауыстырған кезде ауа еткізгіштік маңызды. Талаптарға сайкес келмейтін ауа еткізгіштік ораманың бірнеше белгін немесе бірнеше парағын бір мезетте алуға екеп соқтыруы мүмкін және машинаның дұрыс жұмыс істемеүіне әкелуі мүмкін.

Сонымен катар, бір жағы жабылған немесе жабыны жоқ материалдарды вакуумдық қысқыштармен дұрыс емес қысан кезде пайдаланып проблемалар материалдың өнділмелеген коршы жиегімен ауа сорылған кезде пайдаланып болады. Осы сияқты проблемалар жабдықты қайта реттеу немесе орама құрылымының үйлесімсіздігі және қолданатын көліпурлерге байланысты болады.

Ауа еткізгіштік көпкабатты қағаз пакеттерін немесе каптарды ұсақ дисперсиялық ұнтақтармен толтыру жылдамдығына әсер етеді.

Желімдік қабілеттілік, адгезия және герметизация

Адгезия мәні желімдік қабілеттілік қағаз бен қатырма негізіндегі материалдарды өзара біріктіру үшін маңызды – мысалы, пакеттер үшін шеткі тігістер керек болса, бүктелетін және жинақталған және толтырылған ораманы қатты қатырмалық коралтармен жабу керек болса. Бұл

сипаттамалар адгезивтерді колдана отырып ламинаттауда, этикеткаларды даярлағанда, полимерлік экструзиялық қабатты жакканда және термотігде маңызды.

Көбінесе 50-60% күргак байланыстырылыш заттан тұратын суда еритын негізделгі полимерлердің және синтетикалық полимерлердің сулы дисперсияларының негізіндегі адгезивтер (желімдер) немесе ыстық ерітілген күйдегі «воск-полимер» коспалар колданылады. Термотігде адгезив ретінде материалдың беттің жағылатын немесе оның құрамына кіретін полимер қолданылады. Адгезия үш кезекмен сипатталады:

- бастапқы кезең, сол уақыт аралығында адгезив бір беттің жағылған кейін жабысуга дейін (желімдеуге дейінгі ұстасу уақыты) белсенді (жабысқақ) болып кала береді;
- қатау ұзактылығы, сол уақыт аралығында қосылысты қысым арқылы ұстасу керек;
- кебу ұзактылығы, берік бірігу пайда болу үшін қажет.

Адгезивтердің біркітірілетін беттердің типіне, адгезияның белгіленген кезеңдерінің ұзактылығына және де орамаға койылатын ерекше функционалды талаптар мен оны пайдалану бойынша (мысалы, «сулы» күйдегі беріктік, тамак өнімдерімен тікелей байланыста болу мүмкіндігі және т.б.) тәндейді. Желімденетін беттің бір жағы қағаз немесе қатырма болатын жақсы желімдік қосылыста үзу кезінде талшықтардың үзіліу керекті жугер күшті салу негізінде іске асады. Желімденетін бетке адгезивті жакканда ол пластикалық болып, жағылатын аймакқа біркелкі жайылу керек.

Қағаз бен қатырманың кейбір түрлерін бір немесе екі жағынан экструзиялық полимерлік материалмен жабады, мысалы, полизтиленмен. Мұндай материалдарды қолданып жасалған орама термотігумен біркітіріліп, полимер қағазбен немесе полимермен жабысады. Полимерлік материал қызыдыру мен қысым эсерінен жұмсарадыда балқытпа жабысқақ болады да сосын қайтадан қатайып берік тігіс қалыптасады. Мықты берік термотігісті қамтамасыз ету үшін қағаз бен қатырманың целялюзоза талшықтарынан үзілуге жоғары беріктік талап етіледі.

Шайы бар пакеттер үшін жұқа термобалқытылатын қағаздың құрамына қағаздың талшығына кіретін өте жұқа паракта жаймаланған термобалқытын полимер (мысалы, полипропилен) колданылады.

Нейтралды дәмі мен иісі

Кейбір тамак өнімдерінің дәмі мен иісі ботен заттардың эсеріне ете сезімтал болып келеді, ол ең алдымен майдан тұратын – сары мен есімдік майлары, шоколад сияқты өнімдер туралы айтылған. Сонымен қатар шай, кофе, темекі өнімдерінің иісі мен дәмі озгеруі мүмкін. Бұл озгерістер орама арқылы иісі бар ұшқыш қосылыстардың ұшып кетуінің салдарынан, сыртқы ортадан керексіз қосылыстардың енүінен және орама материалынан қосымша иісі бар қосылыстарды ауыстыру салдарынан туындауы мүмкін. Бірінші екі проблема алюминидік фольга, полимер негізінлегі металданған жабын, жабыны бар полимерлік пленка сияқты материалдармен біркітілген қағаз

бен қатырманың түрлөрі қолдану арқасында шешуге болады. Тамақ өнімдерінің ісі мен дәміне сезімтал әрбір орама қатаң талаптарға сай болу керек.

Қағаз бен қатырмадан тамақ өнімдерінің ісі пен дәміне сезімтал ораманы өндіру кезінде шикізатты мұқият таңдау қажет. Қағаз бен қатырмалық материалдардың диапозоны ете үлкен және қойылатын талаптарға байланысты қағазбен қатырманың көптеген түрлөрі оның құрамындағы компоненттерінің негізіне байланысты мұндай ораманы даярлау үшін өндірістен алғынп тасталыну мүмкін.

Жоғары талаптар қойылатын орамалар үшін бірінші ретенделетін талшық қажет. Жоғары изтижені ағартылған целлюлоза береді. Кейбір тамақ өнімдерінің орамалары үшін целлюлоза мен механикалық масса қоспасынан жасалынған қатырма кеңінен қолданыс тапты. Бірақ, сүректен механикалық массаны алған кезде қалып қоятын шайырлар мен майлар сонында тотығып, қатты ісі бар альдегидтерді түзуі мүмкін. Бөтен іс пен дәмдердің тағы бір потенциалды қайнар көзі борлау үшін қолданылатын химиялық заттар, оның ішінде минералды қосылыстар емес синтетикалық байланыстырыштар болуы мүмкін.

Іс пен дәміне қарай қатаң талаптар қойылатын қағаз бен қатырма негізінде даярланған орама органолептикалық тәсілдер көмегімен зерттеу топтараты арқылы тексеріледі. Бөтен іс пен дәмді езсе оны тудыратын қосылыты жоюға болады (газды хромотография немесе масс-спектрометр көмегімен). Қосылыстардың концентрациясы газды хромотография көмегімен өлшенуі мүмкін. Бөтен іс пен дәмнің көздері басу, жылтырату інтижесінде және орама өндірісінің басқа технологиялық процестерін қолданынған кезде пайда болады.

Өнімнің қауіпсіздігі

Орасмасағас қойылатын негізгі талап – орамаланған өнімнің сапасын қамтамасыз ету. Бұл нақты орама материалдарымен жақын байланыста болатынына немесе оралған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне байланысты кепілдікке экеп соқтырады.

Бұл кепілдіктердің қажеттілігі белгілі нормативті акттармен анықталады. АҚШ-та олар Свод федералды FDA нормативті құжаттармен келтірілген (тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмек препараттарын бакылау бойынша басқарма). Европада Алманияның денсаулық сақтау федералды министрлігінің нормаларын (BGA) қолданады. Голландияда Warenwet нормалары қолданылады. Ойыншық орамаларының талаптары Европалық қауіпсіздік стандарты EN 71 3 тармағына (микроэлементтер миграциясы) кірген.

Орама өнімдерінің тұтынушылары олардың нормаларға сәйкестігін тексеру үшін, сол материалдарды өндіретін мекемелерден бұл материалдардың белгіленген нормативті акттарға сәйкестігін қандай сертификатталған зертханалар арқылы өткізгендігі туралы акпаратты сұрай алады.

1.5 Қағаз бен қатырманын түрлери

1.5.1 Қағаздың классификациясы

Басуға арналған қағаз әртүрлі полиграфиялық өнімді шығару үшін қолданылады: мысалы, газеттер, журналдар, кітаптар, кітапшалар, плакаттар, афишалар, пошта маркалары, ковертер мен ашық хаттар, ақша белгілері, құжаттар және т.б. Басу үшін орал-бумаланатын қағаз және кейбір басқа да түрлери қолданылады.

Басуға арналған қағазға басылатын өнімнің нақты түрінін ерекшелігіне және полиграфиялық технологияның шарттарына сәйкес талаптар қойылады. Басуға арналған қағаздың барлық түлөрі келесі талаптарға сай болу керек:

- біртекті тегіс құрылым және баспа бояуын жақсы қабылдайтын тегіс біріккен беті болу керек;
- керекті актық, мөлдірсіздік және жарықта беріктікке ие болу керек;
- біртекті әртүрлі рені жок түскे ие болу керек;
- керекті механикалық беріктікке және жүктеме арқылы деформациялануға қабілеттілігі болу керек;
- минималды тозаңы бар, қыртысы жоқ, дактары мен механикалық және басқа да ақаулары жоқ таза бетке ие болу керек.

Қасиеттердің сандық қорсеткіштері қағаздың ір түріне сәйкес ГОСТ – пен ТШ-ға сәйкес белгіленеді, сонымен қатар ГОСТ-тар сынақтардың шарттары мен тәсілдерін аныктайды. Қағаздың қасиеттері мен құрылымының біртектілігін қамтамасызету үшін ГОСТ-тар қағаздың 1м² салмақ, тығыздық, жылтырылық сияқты қасиеттері бойынша жіберілетін ауытқуларды нормалайды.

Қағаз қасиеттерінің әртүрлі бағыттардагы әртекстілігін ескерсек, рулондық қағаздың беріктігін машиналық бағытта белгілейді. Қағаз деформациясының нормативін көлденен бағытта береді, ейткені, бұл бағытта ол көбірек деформацияланады.

Қағаздың әрбір түрі үшін 1м² ауданында ұсақ қиқымлардың максималды түрі ретінде белгіленген қорсеткіші нормаланған. Ауданы 0,5 мм² –ден асатын қиқымдар жіберілмейді.

Баспаханалық өнімдерді басуға арналған қағаздың көн ассортиментін келесі қорсеткіштер бойынша класификациялайды:

1. Қызыметі бойынша: шығындық, жазық (офсеттік) және ойыңдық басылымға арналған.
2. Талшықтық құрамы бойынша. Талшықты композицияның 3 түрі колданылады (1.3-кесте): таза цеплюлозалық композиция, № 2 цеплюлоза мен сүрек массасының мешері бірдей ленгейдегі композиция, № 3 көбінесе сүректі-массалық композиция.
3. Қалындығы және 1м² салмағы бойынша. Әртүрлі өнімдер үшін 1м² қағаздың салмагы әралуан болады.

Талшық бойынша қағаздың құрамы

Талшықты материал	Қағаздары құрамы, %		
	№ 1	№ 2	№ 3
Агартылған целлюлоза	100	80-50	-
Агартылмagan целлюлоза	-	-	40
Сүрек массасы	-	20-50	60

Қағаз бен қатырма өндірушілерінде басқа класификация бар. Оларда шығарылатын өнім жалпылай, жалпылай емес және арнайы болып белінеді.

Өнімнің жалпылай түрлеріне жататындар: газеттік, жазба, басуға арналған қағаз, қаптарға арналған, орамалық, гофрлеуге арналған негіз, санитарлы-гигиеналық, гофрленген қатырманың жылтыр қабаттарына арналған қатырма, кораптық қатырма, хром-эрзац.

Жалпылай емес өнім түрлеріне жататындар: конденсаторлық, кабельдік, электризоляциялық, темекіге арналған, папиrustық, билеттік, сызбалық, картографиялық, этикеткалық, түс қағаздық, пергамент тәріздес, пергамин, парафинерлеу үшін негіз, және қатырмалар: электризоляциялық, түптеу, фильтрленген, прессшпан, калибрлік, қаптайтын, каркасты, термоизоляциялық.

Арнайы түрлеріне жататындар: электризациялық, термоберік, химиялық берік қағаз, жасанды былғары, қайта енделген былғары және т.б.

Қызыметтіне қарай қағаз 9 топқа белінеді, ал олар өзара топтамалардан тұрады:

1. басуға арналған қағаз (газеттік, баспаханалық, офсеттік, ойындық басылымға арналған, мұқабалық, форзаңтық, картографиялық, түс қағазды даярлауға арналған қағаз);
2. жазба және дәптерлік қағаз, сызуға, сурет салуға, әртурлі басуға арналған қағаз, арнайы баспалық қағаз-афишалық, құжаттық;
3. электризациялық қағаз (кабельдік, изоляциялық термоберік, электризациялық тотықты, аз дизелектрлік жогалтулары бар кабельдік, конденсаторлық, электризациялық сініретін және т.б.);
4. әртүрлі бұйымдар мен өнімдерді қолмен және машинамен орауға арналған қағаз (тикеткалық, қораптық, пергамент тәріздес, қаптық, темекі орауға арналған арнайы орамалық қағаз, техникалық қағаз түрлері);
5. орайтын және орамалайтын қағаз түрлері – арнайы қызыметтегі орайтын қағаз, жарық еткізбейтін, сіріңкелік қағаз және басқалар;
6. әртүрлі қызыметтегі техникалық қағаз (арнайы сипаттағы қағаз, диаграммалық, қаптау материалдарына арналған қағаз-негіз, хромотография мен электрфорезге арналған қағаз);

7. қағаз-негіз (құралдар үшін, жарықка сезімтал және ауысатын қағаз, қағаз өнеркәсіптері үшін қағаз);

8. аппараттар мен құралдарға арналған қағаз (телефрафтық, әріп басатын аппаратар үшін, электронды акпарарты техникаға арналған, бакылау-кассалық машиналарға арналған, көшірмелерге арналған қағаздар);

9. фильтрлеуге арналған қағаз (арнайы, зертханалық, мұнай өнімдерін фильтрлеуге арналған қағаз және басқалар).

Газеттік қағаз (Newsprint). Газеттік қағаздар көбінесе сүрек массасынан даярланады және газеттерді басу үшін қолданылады. Газеттік қағазда беттік жөлімдегіштер болмайды, ейткені оған жоғары сійретін қабілеттілік қажет етіледі және газеттік бояу таңба бетіне ауалы немесе ыстық кептірусіз ак тез бекітіледі. Көбояулы сапалы басылымға қолданылатын газеттік қағаз көбінесе үлкен беріктік пен бетінің аз мөлшерде шашдануын беру үшін жөлімденген болып келеді. Газеттік қағаздың сапасы оны лаярлау кезінде екі торлы қағаз лаярлау машинасын қолданған кезде жоғарылайды, ейткені ол машинада лаярланған қағаздың екі жағында айырмашылықтар болмайды.

Бұрынғы жылдары көптеген газеттік қағаздар шығынды басылыммен басылатын, ал казір рулондық офсет пен флексография басылымдарымен басылады. Негізінен газеттік қағаз мықты болмагандықтан, рулондардың ақаулары жоғары жылдамдықты машиналарда қағаз полотносының үзіліне әкелуі мүмкін.

Ойынды басылыммен басылатын қосымшалар газеттік қағазben емес жоғары сапалы «roto news» қағазында басылады. «Roto news» қағазы жоғары үтіліген ағартылған талшықты массадан, толықтырғыштың көп мөлшерінен тұрады және ары қарай каландрлеуге жіберіледі. «Roto news» қағазына қойылатын негізгі талаптар: талап етілген сійрі, бояуларға қабілеттілік, жұмсақтық және жаксы майысу, абразивтің жоқ болуы және рулондарда ақаулардың болмауы.

Газеттердің журналдық бөлімдері мен қосымшалар үшін негізінен супер каландрленген сүрек массасы мен толықтырғыштан тұратын ойынды басылымға арналған борланбаған қағаздар қолданылады. Газет газеттік қағазда немесе «roto news» қағазында басылуы мүмкін. Тиімді басылған жарнаманы ойластыру үшін газеттік қосымшалар кептіру құрылғысымен жабдықталған көбояулы машиналарда жоғары сапалы борланған және борланбаған қағаздарда басылуы мүмкін.

Көп колемді басылымдарға арналған қағаз. Тек шығынды басылыммен басылатын көп колемді басылымдарды басуға арналған қағаз жеңіл баспа қағазының негізін қалаушысы. Көп колемді басылымға арналған қағаз мұндай аз салмақ үшін ($25-50\text{g/m}^2$) жоғары мөлдірсіздікке ие. Аз салмақты қағаздар анықтамалар, сөздіктер, қаржы және занды басылымдарды басу үшін қолданады, ейткені олар көлемді азайтып жектізу кезінде шығындарды азайтады. Басу процесінде жеңіл қағаздың тиімді етуі

үшін арнаіы қондырғылар мен техника талап етіледі. Бірақ рулондық офсет жеңіл қағаздарда басуды жеңілдетті.

Борланбаган сүрек массасынан тұратын офсеттік қағаз (MFS – Machine Finished и SC – SuperCalandered). Құрамында сүрек массасы бар борланбаган баспа қағазының салмағы шамамен 30-дан 65 г/м² аралығында болады. Машиналық жылтырылғаты мұндай қағаз газеттік қағазға ұқсас, бірақ оған қарағанда беті жылтыр және актығы жоғарырак болып келеді. Ол актық пен басу қасиеттерін жақсарту үшін толықтыргыштың әртүрлі пайыздық құраммен дайындалады. Мұндай қағаз каталогтар, анықтамалар, мерзімді басылымдар, автобустық билеттер, теміржол жүккүжат және кітаптарды басу үшін қолданады. Құрамында сүрек массасы бар супер каландрленген борланбаган қағаз ойынқы және рулондық офсеттік басылымда көп қолданыс тапты. Супер каландрленген қағаздар толықтыргыштың, каолиннің жоғары пайызынан және дефибрленген сүрек массасынан тұратын баспа қағаздарына қараганда тазалаудың жоғары дәрежесінен тұратын рафинерленген сүрек массасынан тұрады. Сүрек массасынан тұратын супер каландрленген қағаздың басу сапасы жеңіл борланған қағазда басылған басуға жақындейді.

Таза целлюлозалық офсеттік қағаз (WFI – WoodFree Uncoated). Құрамында сүрек массасы жоқ борланбаган офсеттік қағаздың салмағы шамамен 65-170 г/м². Бұл қағаз екі нұсқада – парапты және рулондық және тус пен ренінің әр алуан түрлерімен шығарылады. Сонымен қатар әртүрлі орнектелген офсеттік қағаздар шығарылады. Ақ офсеттік қағаздар актығы жағынан шамамен 75-90% диапозонында өзгереді. Мөлдірсіздік дәрежесі бойынша стандартты қағазға қараганда үлкен мөлдірсіздікке және актыққа ен қағаздар ұсынылады. Боялған офсеттік қағаздардың қатары алты және одан да жоғары. Кітаптар даярлау үшін борланбаган офсеттік қағаз ерекше реңде және калыңдықты өндірілуі мүмкін, өйткені бұл көрсеткіштер басу жіне басудан кейінгі процестердің арнаіы талаптарына керек болуы мүмкін.

Жеңіл борланған баспа қағаздары (LWC – Light-Weight Coated). Мәселен, жеңіл борланған қағаз деп құрамы сүрек массасынан тұратын және бормен бір рет кана жағылған қағаздардың айталы. Сонымен қатар, актығы жағынан жоғары жеңіл борланған таза целлюлозалық қағаздар да кездеседі, бірақ олар бір салмақ бойынша мөлдірсіздігі жағынан калып қояды. Бұл қағаздардың салмағы шамамен 45-130 г/м². Жеңіл борланған (LWC) қағаздар тек жалпылай офсеттік рулонды немесе ойынқы басылыммен басылған журналдар, каталогтар, газеттердің қосымшаларын басу үшін ғана қолданылады.

Таза целлюлозалық борланған қағаз (WFC – WoodFree Coated). Бұл борланған қағаздардың салмақтарының диапозоны шамамен 80-200 г/м² аралығында ауытқиды, ал кейір өндірушілерде 300 г/м²- қа дейін жетеді. Борланған қағаздың ескірген атауы бар *enamels* (глазури). Борланған қағаздар борлы қабаттың санымен өзгешеленеді деген көтөлесу бар, бірақ шын мәнінде қағаздың әр жағына жағылған бордың саны маңызды болып

табылады. Соңғы уақытта борланған қағаздың өндірушілері multiple coated деген терминді қолданады, яғни көп рет жағылған.

Борланған қағазды өңдеу толығымен борланған жоғары жылтырлықтан бастап күлінгіртке дейін езгеріп тұрады. Толығымен борланған қағаз қағаздың басқа түрін береді. Жабынды жағу процесінде қабат бір еткізуде жаңылады, ауалы пышаклен тегістеледі, сосын қағаз полотносы ыстық айналы барабанда көптіріледі. Мұндай технология қағазға айналы жылтырылған береді. Толығымен борланған қағаз томпак болып келеді, ейткені олар каландрленбейді.

Ал стандартты борланған қағаз жылтыр, жартылай жылтыр және күлінгірт болып белгінеді. Күлінгірт борланған қағаздың жылтырылымы 25%-ға тең, ал жылтыр қағазда ол 65%-ды құрайды. Жартылай жылтыр қағаздар аралық мәнге ие. Борланған қағазды қолданудың айманы түрлі түсті журналдарлың мүкабалары, аз таралыммен басылатын арнағы журналдар, компаниялардың жылдық есептері, кормс каталогтары, көркем альбомдар, акциденттік өнімдер.

Оз кезегінде жылтыр мен күлінгірт қағазды қолданған кездегі айырмашылық туралы айту керек. Қол жетінен, аз суреттен тұратын ақпараттық басылымдарды басқан кезде ішкі беттерін жөніл оқу үші күлінгірт қағазда басқан жон, ал сән журналдарын көрісінше, толығымен жылтыр қағазбен басу керек.

Қағаз жылтырылғының дәрежесі каландреудің әртүрлі дәрежесінде және әртүрлі каландрлердің қолданғаның истижесінде жетеді. Қағаз фабрикаларының заманауи жабдықтары күлінгірт пен жылтыр қағазды мәлдірсіздік, жарықтық сияқты басқа да сипаттамалары бойынша айырмашылықтырды байқалмайтындей етіп өндіре бастады. Сыртқы келбеті бойынша күлінгірт қағаз оғсеттік қағазға ұксаганымен, оның бетіндегі басылған бейне борланған қағаздың микрокеуектері ұсақ болғандықтан бояудың құрамындағы барлық пигмент қағаздың бетінде калып қояды да, жарық және қанықкан болып келеді.

Құрамында сүрек массасы бар борланған қағаз (MWC – Medium Weight Coated). Таза целиулозалық қағаз бойынша жоғарыда айтылғаннаның барлығы механикалық массадан тұратын борланған қағазға да тиесілі. Қағаздың бұл түрі қолдану болмысы жағынан толығымен борланмайды. Сүрек массасынан тұратын мұндай қағаз жақсы механикалық қасиеттерге және мәлдірсіздікке ие болғандықтан, біржагынан қығы төмен, екінші жағынан бұл қағаздың қолдану аймағы көбінесе журналдар, каталогтар және осыларға ұксас басылым түрлері. Қағаздың жоғары мәлдірсіздігі дайын бүйімнен салмағын түсіреді.

Әтиケットкалық қағаз (CIS). Әтиケットкалық қағаздың сипаттамалық салмағы шамамен 70-100г/м². Басу процестерінің қоятын талаптарынан болек, әтиケットкалық қағаз лактау, металданған бояулармен басу (куміс, алтын), оймалау, фольгаен өрнектеу сияқты арнағы өңдеу операцияларының талаптарын да қанагаттандыру керек. Тек бұл ғана емес. Әтиケットкалық қағаздарға дайын әтиケットкаларды колданған кезде айтылатын бірката-

талаптар қойылады. Мысалы, сырға арналған этикеткалар қайтпі келетін ыдысы үшін сілтінің ыстық ерітіндісінде бұлшынбек керек, сусындарға арналған этикеткалар ылғалға төзімді болу керек және оларды жабыстырған кезде бетінде қыртыстар болмау керек, конфет, шоколад, темекі орамалары арнайы санитарлы-гигиеналық талаптарға жарап беру керек. Соңықтан, этикеткалар қағаздың мына немесе ана сұрының таңдағанда шығарылатын онімнің қызыметі бойынша сатушыны хабардар ету керек. Бұл тәжірибе коптеген қателерді болдырмауға және осыған байланысты материалдың шығындарды тудырмайды.

Шартты турде этикеткалар қағазды бірнеше түрге болуге болады: күргәк орамаға арналған қағаз бен ылғалға төзімді. Соңғы түрін де өз кезегінде жабыны жоқ, борланған, жоғары жылтыр борланған және металданған деп белуге болады. Күргәк орамаға арналған қағаздар мейрамдық орама қағазын, жұмысқа темегі бумалярын, шоколад, конфет, темекі орамдарын, шыны және металданған консервілген банкалардың этикеткаларын өндіру кезінде колданады. Сусындарға арналған этикеткалар үшін көбінесе ылғалға төзімді қағаз сұрыптарын колданады. ылғалға төзімді қағаздар тамақ пен темекімен тікелей байланысқа жарамсыз, ейткені ылғалға төзімді шайырдың құрамы зиянды және ісі бар.

Сонымен қатар тек осы орама үшін ғана қолданылатын этикеткалар қағаздың түрлері бар, мысалы, есімдік майы мен сабын орамасына арналған этикетка. Аз көлемді шашылатын онімдерді тігілетін пакеттерге орамаланғанда (тұз, кант, бұрыш, тұкым салынған пакеттер) полизтилен жабыны бар этикеткалар қағазды колданады.

Сонымен қатар, этикеткалар қағазды өздігінен желімденетін қағаздарды даярлаған кезде алдыңғы қабаты ретінде колданады.

Оздігінен желімденетін қағаз. Оздігінен желімденетін материалдар (оның ішінде тамак өнідерінде және балалар ойыншылтарында) этикеткалар, ярлыктер, баға жазатын қағаздар, жарнамалық және акпараттық хабарландырулар, плакаттар, декоративті жұмыстарда өндірісінде кеңінен колданыс талты.

Олар паракта және рулонда шығарылады, барлық басылым түрлері үшін жарамды, бірақ көбіне флексография менн паракты офсеттік басылым қолданылады. Сапалы орама өздігінен желімденетін материалдарды қаралайым баспа қағаздары сияқты сақтайды.

Оздігінен желімденетін материал 4 компоненттен тұрады: бетінде (желімденетін) материал – қағаздың әр алуан түрі (оның ішінде термо-және өздігінен желімденетін), қатырма, синтетикалық пленкалар, фольга; сулы эмульсия негізінде желім, астар мен мбетінде қабатты жепіл ажыратанын силикон қабаты және қағаз-негіз.

Оздігінен желімденетін материалдардағы желімнің бірнеше түрі кездеседі:

Перманентті (тұракты) – барлық қызмет ету аралығында жұмыс бетінде қалып қоятын этикетканы колданғанда. Этикетканы ажырату этикетканың немесе жұмыс бетінің бұлшынбек көзделеді.

Суперперманентті – сол мезетте желімдену мен адгезия қасиеттеріне ие. Тегіс емес, кеуекті жұмыс бертерінде (мысалы, гофрленген қатырма) және басқа да құрделі бертерде қолданыс тапты.

Шешілетін – бірнеше уақыттан кейін этикетканы желімнің іздерінен жұмыс берінен ажыратқан кезде қолданылады.

Осыларға коса, мұндай материалдарды шығаратын өндіруші арналы қолданыс үшін езінше арналы желімді қолдануы мүмкін, мысалы, қатты мұздатылған өнімдерді немесе күймдерді маркировкалағанда.

Етикеткалу кезінде желімнің қасиеттеріне және ары қарай қолданысында бірнеше манызды факторлар әсер етуі мүмкін: температура, ылғалдылықтың деңгейі, полярлығы, берінің жылтырылышы, УК сәулелену және басқалар.

Өздігінен желімденетін материалдың сыртқы материалы ретінде оффсеттік, этикеткалық, боялған, металданған, каширленген қағаз, фольга және синтетикалық жіппер қолданылады. Бетінің материалына сәйкес басу және өнлеу процестерінің ерекшеліктері болуы мүмкін.

Мұндай материалдардың өндірушілері, көбінше қағаздың түрі жөнінде және оны қандай мақсаттарда қолдану көркітілген ескермей жатады.

Өздігінен қөшірілетін қағаз. Өздігінен қөшірілетін қағаздар қарапайым және қөшіру қағаздарының қабаттарын алмастырады. Олар жұмыстың процесін азайтады, қөшірмелерді таза етеді. Өздігінен қөшірілетін қағаздар қарапайым қағаздардан техникалық жағынан айырмашылығы бар. Олар химиялық беру жүйелерінен және екі химиялық жабынның арасынан бейнені беретін реакциялардан тұрады.

Өздігінен қөшіретін қағаздың парактарының 3 түрі бар:

Жоғарғы парак (CB – coated back) артқы жағында бояғыш микрокапсулалары бар көрінбейтін қабаттан тұрады. Жазу немесе басу кезінде капсулалар ашылады да босатылған сүйкістік елесі парактың абсорбциялық қабатына етеді және бояу реакциясын тудырады.

Орташа парактар (CFB – coated front & back) алдыңғы бетінде реакция катализаторынан тұратын бояғышты фиксациялайтын каолинді қабаттан тұрады, ал артқы қабаты микрокапсулалары бар қабаттан тұрады. Сол себепті, орташа парактар қыбылдайтын және беретін қасиеттерге ие. Орташа парактарды қолдану бір бланктегі бірнеше қөшірме алуға мүмкіндік береді.

Төменгі қабат (CF – coated front) алдыңғы бетінде реакция катализаторы бар каолинді қабаттан ғана тұрады.

Парактың үш түрі де реңділіктің бірнеше нұсқасында шығарылады. Бірнеше блактың жыныстығын құруға болады, ондағы әрбір қөшірмсіз парагы жеке түстен тұрады. Ол күжат айналымында жұмысты женилдетеді.

Өздігінен қөшірілетін қағаздар құрамында қысымға сезімтал микрокапсулалардан тұратындықтан, сақтау кезінде, басу және басудан кейінгі өндеуде өздігінен қөшірілетін қағаздар белгілі қауіпсіздік шараларын сақтау керек:

- қағазды үлкен бумалярмен жинамай үстінен басқа қағазды қоймау керек;

- басу кезінде мүмкіндігінше минималды қысымды пайдалану керек;
- қағазды аз мөлшердегі бумалармен кесіп, гильотинадағы қысу балкасының қысымын азайту керек;
- жинақтау кезінде жиынтықтаты әр парактың дұрыс орныққанын ескеру керек. Парактың беретін және қабылдайтын жақтарын анықтау үшін арнағы маркер-тесттер қолданылады.

Өздігінен қошірілетін дәстүрлі түрлерінен басқа лазерлік принтерде құжаттарды басу үшін қолданылатын түрлері бар.

Дизайнерлік қағаздар (Fine Papers). Адамның әрдайым жаңаға, бірегейлікке ұмтылуы оны жалпы массадан боліп шығарды, мұндай құбылыс қағаз злемінде де кездеседі. Ейткені, қағаз үйімнің, іскер адамның фирмалық стилі болып табылады. Үлкен компаниялар арнағы тапсырыспен фабрикалардан өзінің қайталанбас қағазына тапсырыс береді және оны пайдалануға эксклюзивті құқық алады. Қазіргі таңда қолданыстағы элиталық қағаздардың өндөулерін, фактураларын, түстерін айтып жеткізу мүмкін емес. Әрбір атауда түсі, құрылымы, өрнектеу бойынша қайталанбайтын қағаз жасырылған. Соңдықтан баспахана оқіліне қағаз өндірушісінен қағаздың осындай түрлерінің үлгілерін алу керек.

Шартты түрде дизайнерлік қағазды бірнеше топқа болуғе болады. Олар жабыны жоқ жылтыр, жабыны бар жылтыр, жабыны жоқ фактуралық, жабыны бар фактуралық, калькалар (транслюсценттік немесе жартылай мөлдір қағаздар).

Аты айтып отырғандай, оларды қолдану аймағы ен алдымен жекелеген дизайнге байланысты – фирмалық стилі, жылдық есептер, жарнамалық-екілдік өнім, парфюмерияға арналған қымбат орама, жеке қаштелярлық тауарлар.

Пергаменттік қағаз. Сыртқы түрі бұлттанып тұратын жасанды жолмен алынған пергамент қағаз даярлау процесінде арнағы процедура көмегімен алынады. Ол ак және ақшыл түste шығарылады. Салмагы 90-250г/м² аралығында болады. Жасанды пергамент шарал карталарына үксас өнімдер, сертификаттар, дипломдар, хабарлама, кепілдік міндеттеме, купондар сияқты полиграфиялық өнімдерді даярлау үшін қолданылады.

Өсімдік пергамент – құқырт қышқылы салынған ванна арқылы етіп, талшықтармен өзара әсерлесетін жіне бір массага айналдыратын қағаздың ерекше түрі. Ол жоғары ылғалға берік және айтқізбейтін қасиеттерге ие. Өзінің ерекше сыртқы түріне және берік бетіне сәйкес, өсімдік пергамент гравюралар мен суреттер, өсненшама, акттар, дипломдар, құнды қағаздар сертификаттарын, тарихи және дің құжаттарын және басқа да ұзақ уақыт сақталатын құжаттарды даярлау үшін қолданылады. Өсімдік пергаментті бетінің май откізбешүшілігі майға сезімтал тауарлар мен бұйымдарды сенімді болатындағы орамалауға мүмкіндік береді. Өсімдік пергаменттінде басу үшін арнағы бояулар қолданылады.

Корғалған қағаздары (Security Papers). Корғалған қағаздар механикалық немесе хияялық өндеуден еткен жасанды және бұрмаланған құжаттарды ашуға бейім болу керек. Сонымен катар, олар каттылық пен ұзақ

мерзімділік жағынан қойылатын талаптарға сай болу керек. Маңызды талаптарға үзілу мен жыртылуға беріктік, қаттылықты ұстап тұру жатады. Қорғау қабаты бар қағаздардың қолданысы тек чектерді басуға емес, олардан жасанды жолмен жасай алатын корғамумм қамбаты бар құнды құжаттарды басу үшін де қолданады.

Түптеу материалдары. Кітаптың қатты түптеу қабын жасау өндірісінде материалдардың бірнеше түрі қолданылады. Ол ең алдымен түптеу қабының негізі саналатын түптеу қатырмасы. Ол түптеудің механикалық қасиетін қамтамасыз етеді. Ол үстінгі жағынан этикеткалық қағазбен, не жарық сыртқы түр беретін арнайы қағаздық немесе синтетикалық негіздері бар материалдар қолданылады. Түптеу жұмыстарына арналған материалдар келесі арнайы талаптарға жауап беру керек: бетінің беріктігі жоғары болу керек, бірнеше майысуға берік болу керек, ультрақұлғін сәулелену әсеріне берік болу керек. Мұндай материалдар қағаздық және синтетикалық негізде болады. Қағазды негіз бұл материалдың түптеу желілерінде қатырмамен желімдену үшін қолайлыш.

Таңдаған беттік материалға және басылымға қойылатын ереше талаптарға байланысты басылымның бірнеше түрін қолданады. Ол офсеттік басылым, фольгамен өрнектеу, трафареттік басылым болуы мүмкін.

Синтетикалық қағаз. Соңғы уақытта синтетикалық қағаз өзінің ерекше қасиеттерінің арқасында кеңінен қолданыс таба бастады. Негізін – ол полипропилен негізіндегі синтетикалық материал. Түрі, сипалануы және басудан кейінгі өңдеу түріне сәйкес ол басым басу материалы. Бірақ синтетикалық қағаз қарапайым қағазға қараганда берік және ұзак сакталады және су, жылу май және химиялық реагенттер әсеріне берік материал. Бетінің жоғары жылтырылғының арқасында жоғары нұктеленуде басылатын бейнелерді басуға болады.

Барлық материаларды екі негізгі категорияға бөлуге болады: каландрленген және бағытталған (ориентированные).

Каландрленген сұрыптар жоғары мөлдірсіздікке, майысу, созылу, көлденең бағытта үзілу сиякты беріктікке ие болады. Материалдың алдыңғы беті артқы бетіне қараганда тегіс болып келеді. Бейімделген сұрыптар тік және көлденең бағыттада үзілуге берік. Қонлаген сұрыптар күліңгірт бол келеді, бірақ кейбір материалдардың не бір беті немесе екі беті де жылтыр болуы мүмкін.

Материал өзінің ешімдерін -30°C -ден $+92^{\circ}\text{C}$ температура аралығында жоғалтпайды. Қысқа мерзімді 102°C -ге дейін жылтыту жіберіледі, балқу температурасы 160°C .

Синтетикалық қағаздың қолданыс аумағы: орман, құрылыш, металжабу, химиялық реагенттерге, бакша материалдарына арналған жұқ биркалары; канцелярлық тауарлар – папкалар, конверттер, күжаттар, карточкалар – визит карточкалары, пропусктер, уақытша идентификацияланған карточкалар, телефон сойлесулерін алғын ала телем карталары, дисконнтық карталар, бассейндерге, тау шаңғы курорттарына және фитнес орталықтарына арналған абонементтер; карталар – географиялық жиналатын, қабырғага ілінетін,

ойын; нұсқаулар – техникалық, жөндеу жұмыстары бойынша, әскери; жарнамалар – хабарландырулар, афишалар, постерлер, буклеттер, теарт қойылымдарына арналған декорациялар.

Сандық басылымға арналған қағаз. Сандық басылым – тез қарқынмен дамып келе жатқан басу индустриясының бағыты. Полиграфиялық өнімдерге қойылатын талаптар – ол жедел және талап бойынша басу мүмкіндігі. Соңдықтан басылымның бұл түрі осы талаптарға жауап береді. Басу процестерінің ерекшелігі полиграфиялық өнімдердің жақсы інтижелеріне жету үшін арнайы қағаздар қолданылады. Сандық басылымның екі негізгі ерекшелігі – аз таралымның тиімділігі және берілгендерді басу кезінде алмастыру мүмкіндігі. Бүтінгі күнде қолданылатын басу жабдығының түріне байланысты сандық басылымға арналған қағазды үш топқа бөледі: Xeikon және Sofan ұқсас машиналарға арналған рулондар, HP Indigo машиналарына арналған парактық қағаз және Xerox, Canon машиналарына арналған парактық қағаздар. Әр жабдықтың өз ерекшелігі бойынша қағазды таңдауга талаптар қойылғандықтан және өзіндік форматы болғандыктан, бүтінгі күні сандық басылымға арналған қағаздың assortisentі нарықта шектеулі.

1.5.2 Қатырманың класификациясы

Қатырма термині дең салмағы үлкен, үлкен қалындықта, қағазға қараганда қатты болып келетін қағаз өнімін айтады. Қатырманың қалындығы шамамен 300 мкм.

Өнімдердің жалпы ресейлік классификатор бойынша (ОК 005-93) қатырма 54 класына жатады (целлюлоза қағаз өндірісі) және 7 жартылай класқа белінеді (4 кесте). ОК 005-93 классификаторында қатырмадан жасалынған тараңың негізгі түрлерінің класификациясы келтірілген.

Тара орамалық қатырмалардың ішінде екі негізгі топты бөледі. Бірінші топқа гоффленген қатырманы өндіру үшін қолданылатын материалдар – жазық қабаттар үшін қатырма (liner-board – картон-лайннер) және гоффлеуге арналған қағаз (coggulating medium или fluting – флотинг). Европа елдерінде бұл материалдарды бір терминмен containerboards атайды. Гоффленген қатырма тасымалданатын тара ретінде қолданылатын негізгі аумағы болып табылады.

Лайннер-қатырма екі немесе одан да көп қабаттардан тұрады және оларды даярлау кезінде қолданылатын жартылай шикізаттың түріне және жабын қабаттың сыртқы түріне байланысты жеке түрлерге белінеді. Лайннер-қатырма табиги қоңыр түсті болады және оны даярлағанда тек бірінші рет өндеслетін жартылай шикізаттар – ағартылмаган целлюлоза мен жартылай целлюлоза, немесе екінші рет пайдалынатын макулатуралық шикізатты қолданады. Соңғы жағдайда тек қатырмалық таратдан шықкан өнделген макулатура ғана қолданылады.

ОК 005-93 классификаторы бойынша қатырманы классификациялау

ОК 005-93 бойынша код	КЧ	Атауы
54 4100	7	Тараорамалық қатырма
544200	0	Женіл және полиграфиялық өндіріс бойынша қатырма
544300	4	Әртүрлі синтетикалық техникалық қатырма
54 4400	8	Күрьльска ариалған қатырма
54 4500	1	Фильтрленген қатырма
54 4600	5	Келік өндірісіне ариалған қатырма
54 4700	9	Басқа да қатырмалар
54 7000	1	Қағаз бен қатырмадан даярланған тасымалданатын тара
54 7100	5	Қатырмадан даярланған тасымалданатын тара
547140	3	Қайтып келетін қатырмалық тара
54 8000	4	Қағаз бен қатырмадан даярланған тұтынушылық тара

Қатырманың сыртқы жабын қабаты ала «мрамор» (mottled top liner) түсті түрде болуы мүмкін. Ол нәтижеге ағартылған целлюлозаны және сыртқы қабаттың салмагын 40г-ға дейін азайту есебінен алады. Жабын қабатының қалыптасуы жогары концентрациялық массадан іске асады. Нәтижесінде ала түс эффектісіне жетеді.

Сонымен қатар ақ жабын қабаты бар лайнер-қатырма (white top liner) және борланған лайнердің (coated white top liner) бірнеше мөлшері шығарылады. Жабын қабат үшін жартылай шікізат ретінде ағартылған қылқан немесе жапырақты целлюлоза немесе олардың коспасы қолданылады. Флотингті кобінесе бірқабатты етіп шығарды және екі түрге боледі – жартылай целлюлозалық (semichemical) және макулутуралық (recycled). Екі жағдайда да композицияға бірінші рет қолданылатын целлюлозалық талшықтар, негізінен қылқан текті сульфатты целлюлоза косылады. Тара орамалық қатырманың екінші тобына тұтынушылық тара – кораптар, бумалар, және басқа да орама түрлерін даярлауға ариалған материалдар жатады. Оларды кобінесе қораптық қатырма деп те атайды. Бұл да қатырманың жалпылай түрі, бірақ оның қатырма өндірісінің жалпы көлемінде гофрокатырмада қаралада томен. Қораптық қатырманың жекелеген түрлері қатырмалық жәшіктеге астарлар мен арасына қойылатын беліктер даярлау үшін де қолданады. Тара орамаларының қатырманың катан классификациясы осы уақытқа дейін шығарылмаган. Ресейде тұтынушылық тараны даярлау үшін қатырманы хромдық, хром-эрзац және қораптық деп беледі. Мысал ретінде ГОСТ 7933-75 «Қораптық қатырма» бойынша хром-эрзацтың маркаларын келтірейік.

1.5-кесте

Тұтынушылық тараны даярлау үшін хром-эрзац қатырмасының классификациясы

Қатырманың маркасы	Колдануы
M – жабын қабаты агартылған целлюлозадан даярланған борланған MН – жабын қабаты агартылған целлюлозадан даярланған борланған А – жабын қабаты агартылған целлюлозадан даярланған	Ойынқы және шығынқы басылымға арналған көпбояулы басуда Оффсеттік басылыммен бір немесе көпбояулы басуда
Б – жабын қабаты агартылмаган целлюлозадан даярланған В – талшық бойынша нормаланған күрамы бойынша	
Г – макулатурадан және басқа да талшықта жартылай шикізаттардан	Жөлімденген қатырманы, тұтынушылар қажеттіліген арналған қатырма

Таза целлюлозалық агартылмаған қатырма (SUS – Solid Unbleached Sulphate) гофротараның сыртқы қабаттары ретінде және гофрқатырмадағы гофрқабаттарына арналған материалдары ретінде қолданылады. Сонымен қатар, оларды жоға беріктікеге қатырмаларды, сүйік тамактар мен сусындар құятын контейнерлерді (полимерлік материалдарды қосып пайдаланғанда) және топтық ораманы даярлау үшін қолданады.

Таза целлюлозалық агартылған қатырма (SUS – Solid Bleached Sulphate) ашық хаттар, кітаптар мен журналдардың жұмсак мұқабаларын және парфюмерия ендірісінде қолданылатын қымбат орамаларды лаярлау үшін қолданылады.

Кораптарға арналған қатырма (FBB – Folding Box Board) беттік қабаттары агартылған сульфаттық целлюлозадан және ортанғы қабаты еханикалық немесе термомеханикалық сүрек массасынан тұратын көп қабатты құрылымнан тұрады. Сыртқы қабаттар қатырмада актық береді, ал ортанғы қабат жоғары топақтық пен жақсы механикалық қасиеттерді қамтамасыз етеді. Бұл қатырма бір жақты не екі жақты болады, яғни, борлану бір немесе екі жағынан жасалынған.

Борланған макултуралық қатырма (WLC – White Lined Chipboard) бағасы төмен кораптар мен орамаларды даярлау үшін қолданады. Ен алдымен, бұл кір жуу үнтақтарына, аяқ киімге, жануарлар тағамына, тамақ енеркесінде арналған кораптар. Қатырманың бұл түрін шыгару үшін қолданылатын шикізат макултура. Композицияға керекті беріктік қасиеттер беру үшін целлюлоза талшықтарын салады. Мұндай қатырманың тек бір жағы ғана борланады, ал екінші жағы сұр болып қала береді.

Біrkабатты қатырма (Solid Board) - калындығы жұқа болып келетін, макулатурадан даярланған қатырма. Қолдануына байланысты сыртқы қабаты ак немесе реңделген қағаздан, фольгадан және пластиктен болуы мүмкін. Қатты қораптар, жылтыр карточкалар, кітап қалтарының жақтары ретінде қолданылуы мүмкін.

Бақылау сұркастары

1. Қағаз бен қатырманың даму тарихы.
2. Қағаз бен қатырманың пайда болуы.
3. Қағаз даярлау машинасының негізгі беліктері.
4. Қағаз күрамына кіретін талшықты материалдар.
5. Қағаз күрамына кіретін екінші рет өндөлетін жартылай шикізаттар.
6. Целлюлоза атудың тәсілдері.
7. Сүреклік массаны алу жолдары.
8. Қағаз бен қатырманы даярлау технологиясы.
9. Қағаз даярлау процесінде колданылатын құрылыштар.
10. Қағаз күрамындағы толықтырғыштардың қызметі.
11. Қағаз даярлау машинасында орындалатын негізгі операциялар.
12. Қатырманы өндірудің ерекшеліктері.
13. Қағаздың басу қасиеттері.
14. Қағаздың құрылымдық сипаттамалары.
15. Қағаздың механикалық қасиеттері.
16. Қағаздың сорбциялық қасиеттері.
17. Қағаздың класификациясы.
18. Қағаздың ассортименті.
19. Қатырманың класификациясы.
20. Қатырманың түрлері.

2 ТАРАУ. БАСПА БОЯУЛАРЫ

Баспа бояулары – басылып жатқан бетте кескін түсіруге арналған, полиграфиялық негізгі материал болып табылады. Олар технологиялық баспа және баспа-танба бетінде мықты кескін түсіруге қажетті белгілі бір оптикалық және басу технологиялық қасиеттерге ие болуы тиіс.

Қазіргі таңдағы барлық полиграфиялық жұмыстардың түп негізі, қазірге дейін салыстырмалы түрде жақсы сакталған, үнгірge салынған түсті бейнелі суреттер болып табылады. Олардың ішіндегі ең ежелгілері б.э.д. 15 мың жыл бұрын салынған. Сонымен қаралайым бояулардың шығарылуы еркениеттің ең ежелгі жетістіктерінің бірі дең сенімді түрде айтуға болады.

Бояу ретінде ол кездерде минералдардың табиги қоспасы – охра пайдаланылды. Оксидтер мен темір оксидтерінің гидраттары бояуга қызығы немесе сары түс берді. Бояудың қаркошыл рендере охрага қара ағаш көмірін қосу арқылы алынды. Бояулар таста жақсы сақталуы үшін, ежелгі суретшілер оларды жануарлар майымен арапастырды. Осылай жолмен салынған суреттер ұзак уақыт бойы сакталды, себебі жануарлар майы ауда қатты қабыршақ түзе отырып, ұзак уақыт кебеді. Охра (грек сезі *wctow-bоз*) – темір оксидінің гидраты мен саздан тұратын табиги пигмент.

Үнгірде салынған суреттерде пайдаланылған қаралайым бояулар құрамы мен алыну жолы бойынша қазіргі бояуларға өте ұқсас. Мысалы, құрамы бойынша кәдімгі күйеге ұқсас, газды күйе, арналы тазалау мен ондеуден кейін бояуга үлкен беріктік пен басқа да қасиеттер беру үшін пайдаланылатын, барынша кен тараған қара пигмент болып табылады.

Баспа бояуы бояғыш зат (пигмент) – қатты дисперсиялы фаза мен байланыстырығыш – сұйық дисперсиялаушы ортадан тұрады. Сонымен бірге бояудың құрамына, оған жабысқақтық, тұтқырлық, жылдам бескіштік және басқа да қасиеттер беретін түрлі қоспалар кіруі мүмкін.

Бояғыш заттар – белгілі түсі бар және басқа заттарға да түс беруге қабілетті химиялық қосылыстар.

Байланыстырығыш – шайырдан, түрлі еріткіштер мен қоспалардан тұратын бояудың сұйық фазасы. Байланыстырығыш бояуларға басу қасиетін, яғни біркелкі жұқа қабатпен жұғу, басу формасынан кешу, формадан басылып жатқан бетке ауысу және беку қасиеттерін береді. Барлық баспа бояуларының ортақ қасиеті олардың басу формасын басылып жатқан материалды жақсы ылғалданыратыны және оның жабысқақтыны болып табылады. Бул үшін баспа бояуы сұйық және аққыш болуы тиіс.

Бояуга арналған метериалдар қойылған міндетке сай бірте-бірте арналы сипат алып, жеke тереңдей ізденуді қажет етуде. Жана технологиялар экологиялық таза, беріктік, декорациялық және түс байлығы жоғары бояулар жасауда мүмкіндік береді. Полиграфияда түсі, технологиялық және қолданыбалы мәні әртүрлі бояулардың сан алуан түрі қолданылады.

2.1 Баспа бояуларының құрамы мен құрылымы

2.1.1 Бояғыш заттар

Бояғыш заттарға суда және әдептегі техникалық еріткіштерде ерімейтін пигменттер, лактар және суда еритін бояғыштар жатады. Көбінесе пигменттер мен лактар қолданылады.

Пигмент – ұсак дисперсиялық кара, ақ немесе түсті суда, майда және кейбір еріткіштерде ерімейтін ұнтақтар. Олар баспа бояуларына оптикалық және кейбір физика-химиялық қасиеттер береді.

Пигментті суспензиялар бояғыштар ерітінділеріне қаратаңда қанықтау, себебі ерітіндімен салыстырғанда, бояғыштың аз ерітіндігінен, оларға бояғыш заттардың (пигменттің) үлкен мөлшерін қосуға болады. Бояуда пигмент бөлшектерінің болуы оның, басу қасиеттерін қамтамасыз ететін тұтындырылғын арттырады, ал ерітіндідегі бояғыштар гомогенді жүйенің тұтындырылғына аз әсер етеді. Нәтижесінде бояғыштар ерітінділері кеуекті қағаздарға тез әрі терен сінеді. Бұл кескіннің айнуын тұдымса, пигментті суспензиялар елеусіз мөлшерде сінірледі және анық (графикалық кескіннің айнуынсыз) кескіндер береді.

Лактар (немесе лакты пигменттер) – суда және басқа да еріткіштерде ерімейтін жоғары дисперсиялық ұнтақтар. Оларды түсті еритін заттардың екі-және үш валентті металл тұздарымен тұндышу арқылы алады. Лакты пигменттердің негізгі кемшілігі – спиртке беріктігінің төмендігі.

Пигменттер, оның ішінде бояғыш лактар, баспа полиграфиялық бояуларын дайындау үшін қолданылады. Бояудағы пигменттің үлесі түстік рендерін бойынша 5-30%-ды құрайды.

Пигменттердің басым бөлігі жасанды жолмен атынады және бейорганикалық текі, олардың берік, химиялық құрамы тұракты болуының өндірістік жолмен шығаруда маңызы зор.

Басу технологиясы және полиграфиялық өнім түріне байланысты пигменттерге келесідей қасиеттер тән:

- белгілі түстік сипатқа (түстік рен, ашықтық және қанықтық) ие болуы және байланыстырылғыштармен бірге басылып жаткан материал бетінде жакканда тұпнұсқаның барлық түсін беруі;

- аз концентрация арқылы бояуды дайындауда мүмкіндік беретін жоғары қанықтыны;

- пайдаланулу мақсатына сай байланыстырылғышпен мөлдір немесе жабын бояу түзуі;

- жарық ұзак уақыт әсер еткенде де түстік сипаттың сактап калтуы;

- баспа-танба бетін тегіс түсіруге және басу формасын ұзак уақыт пайдалануға мүмкіндік беретін бөлшектерінің жұмсақ дисперсиялану деңгейінің жоғары болуы;

- баспа бояуын дайындау процесін қысқартып, бояудағы пигменттің біркелкі таралуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ бояудың қанықтығын арттыру үшін байланыстырылғышпен жақсы дымқылданатын әрі


концентрациясын арттыруга мүмкіндік беретін май сыйымдылығының аз болуы;

- суға, спиртке, майларға, толуол және басқа да еріткіштерге берік болуы.

Жабын эсері (мөлдірлігі) бойынша пигменттер мөлдір, жабын (кроющий) және жартылай жабын болуы мүмкін (2.1 сурет).

Түсі бойынша пигменттер түссіз, түсті, қара және металл түстес (мысалы, "алтын" және "күміс") болып белінеді.

Химиялық құрамы бойынша пигменттер органикалық және бейорганикалық, шығу тегіне қарай табиғи және жасанды (синтетикалық) болып белінеді. Полиграфия өндірісінде бояу дайындау үшін негізінен органикалық, лакты пигменттер қолданылады. Арнайы эффектілер шығару немесе бағалы қағаздарды корғау үшін люминесцентті заттар қосылған пигменттер пайдаланылуы мүмкін.



2.1 сурет. Жабын және мөлдір бояу қабатындағы оптикалық құбылыстар.

1- ак жарыктың түскен саулесі, 2- ак жарыктың шашыраған-шагылышкан саулесі, 3- шашыраған-шагылышкан түсті сауле, 4- ак жарыктың айнадан шагылышкан саулесі, 5- түсті сауле, 6- бояу пигменті, 7- бояу байланыстырышы, 8- астардан шагылышкан түсті сауле, 9- түсті сауле.

Органикалық қосылыштардың түстілік теориясының кейір қағидалары

Бояғыш заттардың маңызды оптикалық касиеті тұс, яғни бірінші кезекте бояғыш заттардың химиялық құрылышына байланысты болатын спектрдің белгілі бір немесе басқа аймагындағы электромагнитті сауле шығару энергиясын іріктеі сініре отырып, жылуға өзгертіп, коршаған ортага бере білу касиеті.

Табиғи жағдайда жарық түрлі мөлдір денелерге оның ішінде, боялған, эсер еткенде, спектрдің көрінетін белгінің барлық саулелері түгелдей шагылышсызы мүмкін, сонда деңе көзге ак болып көрінеді. Егер саулелер

денеге толық сінетін болса ол кара болып көрінеді. Барлық толқындар бірдей деңгейде ішінәр асқарылады, онда зат сүр болып көрінеді. Ақ, сүр және кара заттардың түсі болмайды және ахроматты түстер деп аталады. Жарық сәулелерінің жалпы ағынынан кейбір жарық сәулелері (ұзындығы түрліше толқындар) іріктеі сінірлгенде шағылысқан (сінірлімеген) сәулелерді жинақтау нәтижесінде түс түзіледі – дene боялған қүйге енеді.

Жарық сәулелері түрлі толқын ұзындығына сәйкес келетін жарыкты іріктеі сініру молекуланы өзіне тән негізгі энергетикалық деңгейден басқа жоғары деңгейге, яғни қозған қүйге көшіретін, сондай энергия кванттың сініруге сәйкестікте жүреді.

Осыған сәйкес, жарық ағындарынан молекула энергия айырмашылығы бойынша өзінің энергетикалық деңгейіне сай кванттарды ғана сініреді:

$$\Delta E_1 = E^* - E_0,$$

мұндағы ΔE_1 – бір молекуланың қозу энергиясы;

E^* – жарық сәулесін сініру кезінде қозған қүйдегі молекула энергиясы;

E_0 – молекуланың бастапқы энергиясы.

Энергия жарықтың электромагниттік тербелістер жиілігіне тұра пропорционал жарық энергиясы жеке порциялар (кванттар) қүйіндегі фотондар ағыны болып табылатынын ескерсек, белгілі бір заттарғы молекуланың қозу энергиясы іріктеі сінірлген толқындардың жиілігі мен ұзындықтарына байланысты болады:

$$\Delta E_1 = h\nu \text{ немесе } \Delta E_1 = \frac{\hbar c}{\lambda}.$$

Заттың 1 молі үшін қозу энергиясы келесігे тең:

$$\Delta E_i = \frac{\hbar N}{\lambda}$$

мұндағы

ΔE_i – бір молекуланың қозу энергиясы, кДж;

v – электромагниттік тербелістер жиілігі, c^{-1} ;

h – Планк тұрақтысы $6,62 \cdot 10^{-37}$ кДж с;

c – жарық жылдамдығы, $3 \cdot 10^{17}$ нм/с; λ – толқын ұзындығы, нм;

N – Авогадро саны, $6,02 \cdot 10^{23}$ моль⁻¹.


Спектрлің 400-760 нм көрінетін аймақтарындағы заттың молекулалары 300-158 кДж/моль сәуле энергиясын сініруде, қозған қүйге етуге қабілетті болса, онда дene белгілі бір түске енеді.

Қаралайым жағдайда, бояғыш заттың бір ғана сініру жолағы болғанда 300 Дж/моль-дан бастап сінірлген сәуле энергиясы бірте-бірте төмендегендеге, жолақ ұзын толқындар белгіне ауысады, ал көрінетін косымша түс сарыжасылдан сарыға, қызғышға, жасылға т.б. өзгереді (2.2 сурет).

Оптикалық ауысуда белгілі бір қатынастарда ахроматтық түс түзетіндер қосымша түстер деп аталады.

Мұндай ретте заттар түсінің езгеруі түстін терендеуі немесе батохром эффектісі деп аталады. Керінше ретте, кыска толқынды спектр белгінен қарай жолактың езгеруі түсті арттырады, яғни гипсохром эффектісі байқалады.

Өте көп органикалық қосылыстар арасында энергияны іріктеі сініре отырып, белгілі бір шекте хромофорлы жүйесінің қурылышына байланысты, яғни молекуласында энергия эсерінен жоғары энергетикалық деңгейге көтеріле алғатын электронлары бар, қозған күйге өте алғатын қосылыстар ғана түске бояла алады.



2.2-сурет. Түс шенбері. Түстің жоғарылауы мен терегідеуі

Бояғыш заттар молекуласында козу дәрежесі түрліше электрондар болады, олар екі немесе одан да көп жолактардың және қосымша түстердің қосылуы салдарынан бояудың пайда болуына себепші болады. Бояғыш заттарды синтездеде зертте электронды қурылымдары спектрдің коринетін белгінің сәулелену энергиясының эсерінен қозуга қабілетті қосылыстар түзуге, яғни сінірілу жолагының УК-сәулелерден энергиясы томен ұзын сәулелерге ауыстыруға тырысады.


Электрондардың козу энергиясы олардың іші немесе сыртқы атом бүлтінә жататындығына атомдар арасындағы байланыс түзуге қатысатын немесе қатыспайтындығына бұл байланыстардың сипатына және өзара байланысуына байланысты болады.

Бояғыш органикалық заттардың молекуласын түзуге оның ұзын қос байланысты тізбегіндегі ортақ электрон бүлтін түзетін π-электрондары қажетті және жеткілікті жағдай болып табылады. Сонымен бірге электрондардың қозғалыштығы артады және олардың жоғары энергетикалық деңгейіне көшуге аз энергия жұмсалады, сондыктан да сінірілу жолактары спектрдің коринетін белгінен ауысады.

Жүйенің үйлескен кос байланыска байланысты сінірілу жолактары π -электрондардың ауысуынан жоғары қарқындылыққа ие болады, бул өз кезегінде органикалық қосылыстар бояудың қанықтығына эсер етеді.

Қосылыстың бояуына сондай-ақ байланыстармен үйлескен түйік жүйелер эсер етеді, яғни ароматты ядроларда (бензол, нафталин т.б.) электрон ауысуларының қосымша мүмкіндігі туындаиды, иәтижесінде қарқындылығы төмен аринайы сінірілу жолактары пайда болады. Сонымен бірге үйлескен кос байланысты жүйенің ұзаруы сінірілу жолактарының ұзын толқынды аймақта ауысуына эсер етеді, яғни түстің тереңдеуі (батохромды эффекті) байқалады.

Бояныш заттар молекулаларына электрон жүйтари белінбеген орын алмастырыштарды енгізу үйлескен кос байланысты молекулалардың полярлануын түдірады, яғни жарықты сінірге байланысты емес π -электрондардың тұракты ауысыу байқалады. Үйлескен байланыстагы тізбектің π -электрондарымен байланыска тусуге кабілетті электрон жүйтари белінбеген алмастырыштар молекуланың бір шетінде – он зарядтын, ал екінші шетінде теріс зарядтын туындауына эсер етеді, яғни молекула полярлы сипатқа ие болады:



Молекуланың негізгі күйден ауытқуын туындалатын полярлы құрылым оның қозған күйге аз энергия шығынымен өтуін қамтамасыз етеді. Белінбеген электрондарын үйлескен жүйеге беруге қабілетті алмастырыштар электрондонорлы (Э.Д.) деп аталады. Берілген электронлар молекуланың жалпы π -электронларды жүйесіне қосылады және қажетті козу энергиясы азаяды.

Гетероатомдары нитрозо-($N=O$), карбонильді ($>C=O$), имино-($>C=N$) және басқа кос байланыстармен байланысқан үйлескен байланыстар жүйесіне электронды акцепторлы (Э.А.) алмастырыштарды косу π -электрондарды тартады және олардың жүйеде қозғалуы мен полярлауын туындалады. Бұл козу энергиясының азаюына және осыған орай сініру жолағының спектрдің ұзын толқынды аймагына ауысуын туындалады.

Үйлескен кос байланыстары жүйесеге Э.Д. және Э.А. алмастырыштарды косу тізбектің қарама-карсы ұштарында бояғыш заттар молекулаларының полярлануын арттырады. Осылың салдарынан козу энергиясы төмендей сініру жолактары ұзын толқынды аймақта ауысады, яғни түс тереңдейді.

Осыған орай, үйлескен кос байланыстагы ұзын тізбекті органикалық қосылыстарға Э.Д. және Э.А. алмастырыштарды енгізу, әдетте аз энергиямен жүретін сінірілу жолактарының спектрдің ұзын толқынды (400-760 нм) аймактарына ауысуын, сондай-ақ сінірілу жолактары санының артуымен жүретін, мүмкін болатын электронды алмасуларды арттырады.

Жарық энергиясының іріктеі сінірілуіне молекуладағы кез елген өзгерістер әсер етеді, мысалы: үйлескен жүйеге Э.Д. және Э.А. алмастырыштар арасынан жана үйлескен жүйелердің қосылуы: басқа

металлдар мен кешенді қосылыстардың түзілуі. Барлық жағдайда молекула құрылсының езгеруі бояғыш зат түсіне эсер етеді.

Бояғыш зат молекулалары жарық энергиясын сіңіріп, негізгі күйден, ете аз уақытқа созылатын (10^{-8} - 10^{-11} с), қозған күйге ауысады. Сонымен бірге сіңірлген энергия сәулелену түрінде қайтпайды, тербеліс энергиясының артуына жұмсалады, яғни коршаған ортаға шашырайтын жылу энергиясына айналады. Мұндай қозған молекуланың дезактивтенуі оның жойылуына және түстің жогалуына эсер етпейді.

Дегенмен кейбір бояғыш заттар, сіңірлген энергия ішінәра энергиясы аз жарық сәулелері түрінде таралғанда және флюорицентті бояғыштарға тән ішінәра жылуға ауысқанда қозған күйден негізгі күйге ауысуы мүмкін.

Пигменттердің қасиеттері

Пигменттердің бірқатар қасиеттері – түстілік, құрылымдық, майсыйымдылық, жарыққа төзімділік және баскалар – бояулардың баспада пайдаланылу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге дайын онім сапасына да эсер етеді. Сонымен бірге пигменттің қасиеттері оның химиялық табигатына ғана емес, оның дисперсиялануына, бөлшектер пішініне, өлшемдер бойынша таралу сипатына (полидисперсиялануына), ылғалданғыштығына, адсорбциялау қабілетіне байланысты.

Құрғак пигменттер – түстік қасиеттері байланыстырышпен араласқан соң ғана байқалатын ұнтақ тәрізді заттар. Пигменттердің түстік қасиеттері дайын бояу бойынша ғана байқалады.

Пигменттің құрылымы. Бояудың сапасы мен басу жұмысындағы сипатына пигменттің физика-химиялық қасиеттері, әсіресе құрылымы, яғни пигмент бөліктерінің мөлшері (дисперсиялану дәрежесі) және өлшемдер бойынша таралу сипаты, бөлшектердің кристалды немесе аморфты күйлері, кристалды модификациясы, адсорбциялы қасиеттері және т.б. эсер етеді.

Пигменттің дисперсиялану деңгейінің жоғарылығы (бөлшектер өлшемінің кішілігі) дисперсиялы жүйенің тұрактылығын қамтамасыз етеді, байланыстырышта біртекті таралған пигмент бояудың басу қасиеттерін арттырады, олардың қанықтығына жөн басқа да қасиеттеріне эсер етеді.

Пигменттің бірінші құрылымды жоғары дисперсиялы бөлшектері сулы ортада пигмент қосылған сәтте пайда болады және беріктігімен, беттік бос энергиясының мол корымен сипатталады. Осыдан соң, сұзіден еткізуде, кептіруде және сақтауда пигменттің агрегациясы мен агломерациясы жүреді, яғни жүйенің сыртқы ауданымен бос энергиясын қыскартуға үмтүлігінде оның салдарынан, екінші құрылымдары түзіледі. Осыған орай, пигменттің құрамында, бөлшектері берік байланыстармен взара әсерлесетін, байланыстары әлсіз, коагулянттары вандер-ваальстық құштердің әсерінен үштаскан, бірінші құрылымды бөлшектер мен агрегаттар қашанда кездеседі.

Пигментті майдалауда бірінші ретті димперсиялануды алу ете кын. Пигмент ұнтағының бөлшектері ірі, баспа бояуы ретінде пайдалануға жарамсыз, өлшемдері 10-100 мкм аралығына сәйкес келеді. Соңдықтан да,

баспа бояуларын дайындауда пигменттің дисперсиялану қасиетінің, яғни агрегаттар мен агломераттардың бояуды үйкеуде байланыстырыштың барлық көлемінде біркелкі майда бөлшектерге ұсақталуының мәні зор.

Пигменттің байланыстырышта бояуды дайындау мен үйкеуде дисперсиялану қасиетіне бәрінен бұрын агрегаттардың (екінші ретті құрылым) беріктігі, дисперсияланыштығының бірінші дәрежелілігі әсер етеді.

Құрамындағы агрегаттарының екінші ретті құрылымының беріктігі әлсіз, және бірінші ретті дисперсиялану дәрежесі жоғары пигменттер үйкеуде тез ұсақталауды.

Агрегаттар, яғни екінші ретті құрылым түзу қасиеттерінің жоғарылығымен техникалық қоміртегі (кара пигмент) көзге түседі. Оның агрегатында бірінші ретті бөлшектердің саны 60-тан асады, ал көгілдір фталоцианды пигмент салыстырмалы түрде майда, бірақ берік агрегаттар түзеді. Сондықтан фталоцианды және бірқатар басқа да пигменттерді дисперсиялауга мүмкіндік болмайды. Осыған байланысты баспа бояулары өндірісінде пигменттерді байланыстырышта дисперсиялауды жетілдірудің және тұрақтылығы жоғары бояу дисперсияларын алушың маңызы етсе зор.

Пигментті үйкеуден соңғы дисперсиялану деңгейін, сулы ортада түзілу деңгейімен тендей дәрежеге жеткізу үшін беттік белсенді заттар (ББЗ) қосуға болады. Фталоцианды пигмент пен техникалық қоміртегі (кара пигмент) диспергаторы ретінде, қоміртегі атомының саны 1-21-ге дейін ауыткытын, алкильді қалдықты мыс фталоцианиның туындылары пайдаланылады. Дисперсиялауда тиісті ББЗ қосу бояуды дайындау уақытын 1,5-4 есеге қыскартып, оның тұрақтылығын, қанықтығын (5-10%-ға) арттырады.

Бояудың қанықтығы (бояғыштық қасиеті) баспа-таңбаны белгілі бір қалындықта алуша бояудың жоспарланған түсті бере білу қасиеті.

Пигменттің дисперсиялану дәрежесі бояудың түсіне, қанықтығына, мөлдірлігіне, сондай-ақ баспа өнімінің сапасына әсер етеді. дисперсиялану дәрежесі артуымен, белгілі бір деңгейге дейін, түстің қанықтығы да артады. 12.1-кестеде дисперсиялануына байланысты пигмент бөлшектерінің сипаттамасы берілген. Қаралайымдық үшін бірлік ретінде көлемі 1cm^3 , массасы 1г, тиісінше тығыздығы 1g/cm^3 пигмент бөлшегі алынады.

2.1 – кесте

Пигмент бөлшектерінің дисперсиялану деңгейіне байланысты сипаттамасы

Белшектерінің олшемі, см	Белшектің дисперсиялану дәрежесі	Белшектер саны	Белшек көлемі, cm^3	Белшек массасы, г	Барлық белшектер бетінің косындысы, $\text{cm}^2/\text{г}$
1	1	1	1	1	6
0,1	10	10^3	10^{-3}	10^{-3}	6×10
10^{-4}	10^4	10^{12}	10^{-12}	10^{-12}	6×10^4
10^{-n}	10^n	10^{3n}	10^{-3n}	10^{-3n}	6×10^n

2.1-кестеде көлтірілген мәліметтер, пигменттің майдалану мөлшеріне сай бөлшектер саны артады, ал олардың көлемі мен массасы кішірейеді. Пигменттер барлық бөлшектері беттінің қосындысы елеулі мөлшерде артады, нәтижесінде бірдей мөлшердегі пигменттен боялғандығына қарамастан, бояу қанықтығы артады.

Дегенмен бояудың қанықтығы бояу бөлшектері өлшемінің белгілі бір деңгейнде дейін артады.

Пигмент дисперсиялану артуына сай, агрегаттар мен агломераттар түзілуіне, сондай-ақ пигмент бөлшектері мен бояу байланыстырылышының өзара әсеріне ықпал ететін, ылғалдану адсорбциясы, беттік энергиясы мен басқа да құбылыстардың мәні артады.

Пигменттің дисперсиялану дәрежесі бояу қабатының тегістігі мен жылтырылғына әсер етеді. Бояу қабатының қалындығы елеусіз (1-2 мкм) болғанда пигмент бөлшектерінің олшемі осы қалындықтан артпауы тиіс, себебі бөлшек баспа-таңбаның жінішке бояу қабатының тегістігін қамтамасыз ете алмайды.

Бояуды дайындау процесі мен бояу сапасы тек қана дисперсиялануға ғана емес, сондай-ақ бөлшектер құрылымына да байланысты болады. Дайындау жағдайлары, химиялық табигатына байланысты тұнба аморфты, кристалды немесе аралас құрылымды болуы мүмкін. Мысалы, молекулалардан бөлшектер түзілу жылдамдығы кристал түзілу жылдамдығынан жоғары болса пигмент аморфты қүйде болады. Аморфты қүй тұракты болмайтындықтан, кристалл пішінді, мысалы фталоцианды пигмент пайдаланылады. Пигмент кристалдары құрылымының ерекшеліктері кристалл элементтер құрылымдарының байланыс қүшімен айқындалады және беріктігін қамтамасыз етеді. Байланыс беріктігі артқан сайын бөлшектер қаттылығы артады, сондыктан да кристалл құрылымды пигменттер нашар дисперсияланады.

Химиялық табигаты түрліше пигменттердің кристалдары құрылымы да өзгеше болады. Кейбір пигменттер полиморфтық, яғни түрліше кристалдық модификацияларда, мысалы, α- және β- пішінді фталоцианды пигменттер, титан екіюкисі анатозды және ритульдық пішінде болады.

Әдетте бір пигменттің модификациялары тек қаттылығы бойынша емес, басқа да түстік қасиеттерімен өзгешеленеді. Кейде аморфты түлбалар уақыт отуімен кристалданады, кейде бір кристалды формадан тұрактырақ модификацияға көшеді. Мұндай өзгерістер пигменттің тұрақсыздығын көрсетеді. Сондыктан да пигменттің түзілу және тұракты қүйге көшуінде пигментті алу жағдайларының маңызы зор. Табигаты бойынша пигменттер полидисперсиялық, себебі, бөлшектер олшемдері түрліше, сондыктан да негұрлым көп кездесетін бөлшектердің орташа олшемі немесе фракциялық құрамы бойынша сипатталады.

Баспа бояулар пигменттерінің дисперсиялану сипатының жанама көрсеткіші – үлестік сыртқы бет ауданы бөлшектер өлшеміне байланысты болады. Пигменттің үлестік сыртқы бет ауданының қосындысы 1 грамм немесе 1 см^3 бөлшектер беттерінің қосындысына тең және m^2/g немесе m^2/cm^3 -

пен белгіленеді. Пигменттің үлестік сыртың бет ауданын есептеуде бөлшектерді тегіс диаметрлері бірдей дұрыс пішінді деп қабылдайды. Бұл жағдайда үлестік геометриялық бет ауданы (S_r) деп аталатын көрсеткіш табылады.

Бөлшектер беттерінің тегіс еместігін ескере отырып, үлестік беттік ауданды адсорбциялық әдіспен анықтауда, көрсеткіш, әдетте S_r -мен салыстырганда, жоғары болады және адсорбциялық (S_a) деп аталады. Бұл көрсеткіштерді салыстыру үшін 2.2-кестеде кейбір пигменттердің физика-химиялық қасиеттері берілген.


2.2 – кесте.

Кейбір пигменттердің физика-химиялық қасиеттері


Атаулары	Тығыз-дығы, г/см ³	Бөлшектердің орташа беттік диаметрі, мкм	Үлестік геометриялық бет ауданы S_r , м ² /г	Үлестік адсорбциялық бет ауданы S_a , м ² /г
Жақұт лак СК	1,53	0,10	39,2	43
Көгіллір фталоцианинди	1,57	0,10	38,2	50
Сары меллір 0	1,50	0,15	26,7	29
Техникалық коміртегі	1,8-2,0	0,01-0,04	90,0	140
Бөлшектердің оргаша беттік диаметрі ретінде, агрегат бөлшегінің төнгерігінде суреттелген, эллипс ұзындығы мен енінің орташа өлшемдері алынады.				

Пигменттердің дисперсиялану дәрежесі, оның ішінде агрегаттардың саны мен пішіні жөніндегі анық түсінікті электрондық микрофотографиялар береді (2.3 сурет). Суреттердегі үлкейтілген кескіндер бойынша бөлшектердің өлшемдері алынап, түрлі өлшемдердегі бөлшектердің саны есептеледі және өлшемдері бойынша пигмент фракцияларының таралу кисығы кескінделеді (2.4 сурет).

Пигмент фракциялары таралу кисығы бөлшектер өлшемдері мен полидисперсиялығы жөнінде түсінік береді. Бөлшектер өлшемдерінің және олардың фракциялық күрьымы мәліметтері бойынша үлестік бет ауданы мен бөлшектердің орташа өлшемдері есептеп шығарылады.



2.3-сурет. Түрлі типтегі пигменттердің морфологиясы ($\times 13\,000$):
а- сары мәлдір 2К пигменті, б- ашық-қызыл 2С пигменті, в- қызыл мәлдір СБК лагы



2.4-сурет. Техникалық коміртегі болшектерінің олшемдеріне сай кисық сыйыктың орналасуы: 1 – газдық пештің; 2 – газдық каналдық жогары дисперсиялық.

Баспа бояуларында пигменттер болшектерінің орташа олшемдері 10^{-5} - 10^{-4} см (0,1-0,5 мкм), ал 1 см³ пигменттердің саны 10^{12} - 10^{15} тен. Сондыктan да көз жекелеген майда болшектерді көре алмайды, бояуды біртекті орта ретінде қабылдайды.

Майсыйымдылық және майлыштық молшері. Майсыйымдылық және майлыштық олшемі пигменттің физика-химиялық байланыстырылышпен әсерлесуінің шартты олшемі, үntак түрлідегі пигменттің байланыстырылышта езілуге, оны бойына сіріру және сықпа күйіне етуге қабілеттілігі.

Майсыйымдылықты анықтау үшін байланыстырыш ретінде – зығыр майы, ал майлылық мөлшерін анықтауда н-ноан қолданылады.

Майсыйымдылық – механикалық әсерлерсіз ұнтақ түріндегі пигментті сықпа күйге ауыстыруға қажетті майдың ен аз мөлшері, пайызben анықталады.

$$M = \frac{m_{cs}}{m_p} \cdot 100,$$

мұндағы: M – майсыйымдылық, %;

m_{cs} – байланыстырыш заттың мөлшері, г;

m_p – пигмент мөлшері, г.

Майсыйымдылық сондай-ақ 100г пигментті ұнтақ түріндегі күйден сықпа күйге (мл/100г) ауыстыруға кеткен байланыстырыштың мөлшері (мл) бойынша да анықталуы мүмкін (байланыстырыштың тығыздығы 1-ге жуық).

Бояудың кейбір касиеттері пигменттің колемдік концентрациясына байланысты, сондыктan да қажет жағдайда колемдік майсыйымдылықты (M_v) есептеп шыгарады. Бул корсеткіш ұнтақ күйіндегі пигментті сықпа күйге ауыстыруға жұмсаған байланыстырыш колемін оның 100cm^3 қатынасы арқылы анықтайды.

Майсыйымдылық корсеткіші бойынша пигмент пен байланыстырыштың аракатынасы анықталады немесе бояудың қанықтынын елеулі мөлшерде ауытқып отырады (2.3-кесте).


2.3-кесте

Пигменттердің майсыйымдылығы және бояудағы шекті концентрациясы

Пигменттің аты	Салмақтық майсыйымдылық, мл/100 г	Бояуға аккыштық беру үшін косылған байланыстырыштың майсыйымдылығына сәйкес пигменттің жобалық мөлшерлі концентрациясы %
Алюминий гидроксиді (Al(OH)_3)	145	33
Мырыш оксиді (ZnO)	31	70
Титан диоксиді (TiO_2)	39	64
Фталоцианнды көлілдер 0	56	55
Жарыққа тәзімді сары	64	52
Негізгі қызылт лак	68	51
Молдір сары пигмент К	84	45

Майсыйымдылық жоғары болғанда пигменттердің шекті концентрациясы томендейді, сондықтанда бірқатар жағдайларда пигмент мөлшерін арттыру арқылы бояу қанықтығын котеруге мүмкіндік болмайды.

Майсыйымдылық күрделі функция болып табылады және пигменттің химиялық табигатына, оның дисперттілігіне, адсорбциялық қабілетіне, езілгіштік және бояу-байланыстырылыш шегіндегі молекулалық өзара әсер қүшіне қатысты басқада факторларға байланысты болады. Мысалы, дисперттілік деңгейі артқанда майсыйымдылық жоғарылайды, себебі, бөлшектердің байланыстырылышпен әсерлесетін жалпы ауданы артады. Майсыйымдылық сондай-ақ пигменттің сыртқы қабаты сипатына, яғни тегістік деңгейіне және сұйық затты сініретін күystардың болуына байланысты. Дисперттілік деңгейі артқан сайын, яғни бөлшектердің сыртқы ауданы үлкейгенде адсорбциялық процестермен байланысты майсыйымдылық артады және пигменттегі күystардың болуына байланысты майсыйымдылықтың томендеуінің салдарын жояды.




2.5-сурет. Дисперттілікке байланысты техникалық көміртекінің майсыйымдылығының (1) және беттік ауданының (2) езгерісі.

Пигменттер ішкі бетінің байланыстырылыштың белгілі бір мөлшерін сініретін агрегаттар түзуге қабілеті майсыйымдылыққа елеулі әсер етеді. Сондықтан да сінірілген байланыстырылыштың мөлшері тек дисперттілік деңгейіне ғана смес, байланыстырылыштың пигменттепен өзара әсері бөлшектер мен агрегаттар үшіншінен тән. Агрегаттар мөлшеріне байланысты катты езгереді. Пигменттің агрегаттану қасиеті, яғни екінші кезекті құрылымды түзуге қабілеттілігі, косалқы көрсеткіш – майлылық мөлшерімен анықталады.

Майлышык мөлшері – н-нонан ұшпайтын сұйықтығымен араластырыланда 1г пигменттің сінірген (химиялық өзара эсерсіз) мөлшері, $\text{см}^3/\text{г}$ -мен елшеннеді.

Тұтқырлығы аз н-нонанның бір белігі агрегаттар ішіндегі белшектер аралық күйстарды толығырақ толтырады, ал оның бір белігі белшектер бетіне, беттік ауданына (S_a) пропорциональды мөлшерде, адсорбцияланады. Сондыктан да майлышык мөлшері, белшектердің беттік ауданымен және құрылымдануымен байланысты кешенді көрсеткіш болып табылады.


Күйстары үлкен агрегатты пигменттер құрылымдарында н-нонан сұйықтығы көп болатындығын электронды микрофотографиялардан коруге болады (2.6 сурет).



2.6-сурет: Техникалық коміртегінің морфологиясы:
а – құрылымдану төмен (майлышык мөлшері- $0,3\text{ см}^3/\text{г}$),
б – құрылымдану жоғары (майлышык мөлшері- $2,0\text{ см}^3/\text{г}$).


Ұсакталу ұзактығына байланысты агрегаттардың белгілі белігінің жойылуымен қатар жүрестін кейбір органикалық пигменттердің майлышык мөлшерінің езгерісі 2.7-суретте көрсетілген.

Егер органикалық пигменттер агрегаты ретінде елшемдері $0,25 \text{ мкм}^3/\text{г}$ ден үлкен болшектерді алатын болсақ, онда агрегаттардың қолемдік үлесімен майлышык мөлшері арасында байланыс байқалады (4 кисық), мұнда абсцисса осі бойына, агрегаттардың пайыздық үлесі, ал ординатада майлышык мөлшері көрсетілген.



2.7-сурет. Пигменттің майлылық мөлшерінің виброұсақтау уақытының ұзактығына байланыстырылғы. 1 мөлдір 2К, сары мөлдір 0, көгілдір фталоцианинді, 4 өлшемдері 0,25 мкм-ден үлкен агрегаттар.

Іс жүзінде, 2.8 суретте көрсетілгендей пигменттің дисперсиялануымен екінші кезекті құрылымды агрегаттар түзу қасиеттерінің түрлішесі сипаттарты кездесу ықтимал. Майлылық мөлшерінің мәні 0,5-тен 1,5 және одан да жогары аралықта ауытқып отырады. Ендеше майлылық мөлшері пигмент агрегаттарының құбыстарына байланысты болады және пигменттің құрылым түзу қасиеттеріне шартты түрде баға беруге мүмкіндік береді.



2.8-сурет. Дисперсиялануы мен құрылымдануы түрлішесі пигменттердің морфологиясы:

а – дисперсиялануы жогары, 1 – күрылымдануы темен, 2 – күрылымдануы жогары;
б – дисперсиялануы темен, 1 – күрылымдануы темен, 2 – күрылымдануы жогары.

Жарыққа төзімділік. Жарыққа төзімділік деп бояу қабатының күн сәулесінде өз қасиеттерін сақтап қалуын, езгертуеін айтамыз. Полиграфиялық онімдер (плакаттар, географиялық карталар мен коркем туындылар) бояуының жарықтөзімділік қасиеттерінің олардың пайдаланылу үзактығына әсері ете зор. Баспа бояуларының жарыққа төзімділігі пигменттің күрылымы мен химиялық табиғатына байланысты. Химиялық күрылымы үксас пигменттер мен бояғыш лактар түсті езгерту сипатты бойынша да үксас болады. Мысалы, бірқатар азопигменттер мен азолактар онып кетеді (выцветает), қсантенді бояулық лактар уақыт откен сайын сарғаяды, кейір пигменттер мен бояулық лактар алғашқыда карақошыл тартып кейіннен ақшылданады. Фосфорлы-вольфраммолибденді қышқылды негізгі триарилметанды бояулық лактар жарыққа төзімділігімен сипатталады.

Жарыққа төзімділікті күн сәулесінде анықтау тиімді, бірақ үзак уақыт алады, соңыктан да рутты-кварцит және ксенонды шамдар колданылады. Жарыққа төзімділікке сәулелендіру қарқыны мен жарықтың спектрлік кұрамы әсер етеді. Күлгін және ультракүлгін сәулелер әсерінен бояу түсі тез езгереді. Ылғалдылық пен ауа температурасы жоғарылағанда жарықтөзімділік томендейді.

Пигменттің жарықтөзімділігін жарықтөзімдік эталон ретінде қабылданған пигменттермен салыстыру арқылы анықтайды және сегізбаллды жүйе бойынша бағалайды. Жарықтөзімділік жоғары пигменттерге – 8, ал томендерге – 1 балл беріледі.

Тығыздық. Баспа бояулары органикалық пигменттерінің тығыздығы салыстырмалы түрде үлкен емес және $1,4\text{--}2,5\text{ г}/\text{см}^3$ аралығында ауытқып отырады, ал бейорганикалық пигменттердің $2,0\text{--}5,7\text{ г}/\text{см}^3$, металдық “күміс” және “алтын” $2,07\text{--}7,8\text{ г}/\text{см}^3$. Байланыстырылғыш тығыздығы 1-ге жакын болғандықтан, бояу тығыздығы негізінен пигмент тығыздығына байланысты болады. Өз кезегінде, бояу тығыздығы бояу шығынына әсер етеді, яни, бірдей жағдайда, тығыздығы жоғары бояу көп жұмсалынады, сонымен бірге тығыздығы жоғары пигменттер уақыт откен сайын тұнуы мүмкін, нәтижесінде бояу пигмент пен байланыстырылғышқа ажырайды.

Пигменттер мен бояу лактарын ату

Баспа бояуларының пигменттері түгелге жуық бастапқы қолданылатын заттар дисперсияланған күйде болатын, өлшемдері шағын белшектер түзілүн қамтамасыз ететін, курделі тұндыру әдісімен сулы оргата жасалады. Мысалы, бейорганикалық пигмент – алюминий гидроксидін алюминий сульфаты мен соданы сула ерітіндіде өзара әсерлестіру арқылы алады.

Суда еритін бояулардан бояғыш лактарды да сулы оргата алады. Бояғыш лактардың бояулары қышқылдық (анионды) және негіздік (катионды) болып болінеді.

Кышкылдық бояғыштар – сілтілік металдардың еритін тұздары, кышкылдық қасиет көрсетеді және негіздермен бірігіп, тұз түзеді. Сілтілік металдардың еритін тұздары диссоциация барысында түсті аниондар түзелі.

Кышкылдық бояғыштар сілтілік металларының тұздары суда жақсы ериді, бірақ сілтілік металл атомының екі - немесе ушвалентті металл (Ba, Ca, Zn, Al) атомымен орын басу реакциясына түскенде суда ерімейтін тұз – бояғыш лак түзеді. Кышкылдық бояғыштардан алынған бояғыш лактары ак пигменттің бетіне тұндыру арқылы альяну мүмкін, бул жағдайда ол субстрат деп аталады. Тұнұ нәтижесінде бояғыш лак жіңішке қабат пен субстраттың бетіне бекінді (яғни ак пигмент боялады). Субстрат бояғыш лактардың бірқатар қасиеттерін – дисперсиялану, мелдір немесе жабын бояу пайда болу кабілеттілігін тузырады. Субстрат ретінде алюминий гидроксиді, баспа агартқышы және басқа ак пигменттер пайдаланылады.

Кышкылдық бояғыш лактар, пигменттес карағанда тұрақсыз және суда немесе спиртте аздан ериді. Бояғыш лактардың молдірлігі молдір немесе жабын субстрат негізінде алынған лактар арқылы реттеліп отырады.

Негізгі бояғыштар – органикалық негіздердің және күшті кышкылдардың еритін тұздары. Эдетте олардағы электрондонорлық функцияларды амин топтары немесе олардың туындылары атқарады және суда жақсы еритін тұз кышкылы колданылады.

Бояғыш лактарды алуда негізгі бояғыштардан әлсіз гетерополиқышқылдар, сирекірек мыstemірцианизіді немесе басқа да тұндырыштар пайдаланылады. Жоғары сапалы лактар негізгі бояғыштарға фосфор-вольфрам-молибденді кышкылмен әсер ету нәтижесінде алынады.

Бояғыш лактарды алу үшін негізінен тұз кышкылы қосындысы түріндегі суда еритін үшфенилметанды және қсантенді бояғыштар колданылады.

Негізгі бояғыштардан алынған бояғыш лактардың канықтығы, жарық және суға төзімділігі жоғары, бірақ спиртке беріктігі темен.

Реакция нәтижесінде түзілген бояғыш лак, сондай-ақ органикалық пигмент болшектері бірінші кезекті құрылыммен және бірінші дөрежелі дисперсиямен сипатталады. Түзілген тұнбаны сүзгіден откізіп, құрамы 20-40% судан тұратын пигменттік сықпа алады. Көптірілік кондырында 100°C температурада сықпаны судан ажыратады. Нәтижесінде пигмент болшектері бірігелі, агломераттар мен кесектер түзелі. Осыдан кейін құрғақ пигментті ұнтақтайтын.

Баспа бояуларына арналған пигменттер мен бояғыш лактарды дайындау

Түсті баспа бояуларын дайындауда, канықтығы дисперсиялануы мен түстік гаммасы көң органикалық пигменттер мен бояғыш лактар бірдей деңгейде пайдаланылады.

Органикалық пигменттерді, бояғыш лактарды, негіздік және кышкылдық бояғыштарды белгілеу үшін оларға ат кою жүйесі игерілген.

Жүйеге сәйкес атаулар пигменттің, бояғыш лактың, негіздік немесе қышқылдық бояудың табиғатын байқататын сезден; бояғыш заттың түсі мен оның еселік сипаттын (акышыл, ашық, каракошыл); аріппен белгіленген реинен (С-сағыш, Ж-жасыл, К-қызыш, Н-негізгі және т.б.) құралады. Егер заттың реңі, басқамен салыстырғанда, анық байқалатын болса, осы рең дәрежесін санмен белгілейді. Мысалға: 2К пигмент сары, ал 4К сарының қызыштық реңі айтарлықтай жоғары. Кейде бояғыш заттың атауына, жарықтозімді, молдір немесе химиялық класы (мысалы, фталоцианды көгілдір пигмент) секілді сипаттамалар тіркеліп жазылады.

Қышқылдық бояғыштардан алынған бояғыш лактарының аттары лак сезінен басталып, одан соң түс, рең, түндіріштің түзләгі металлдың бас аріпі корсетіледі (Б-барий тұзы, К-кальций тұзы). Мысалға: қызыл лак СВ – барий тұзымен есеп ету арқылы алынған сарғыш реңді қызыл лак.

Органикалық бояғыш заттар химиялық классификацияға сәйкес, хромофорлық жүйенің ортақтығына байланысты кластарға болінеді. Баспа бояулары үшін келесідей кластардагы бояғыш заттардың практикалық мәні зор: азобояғыш, арилметанды, ксантенді, фталоцианды және тағы басқалар.

Азобояғыш заттар құрамының кабаттасқан қос байланыс жүйесінде бір немесе бірнеше азотоп ($-N=N-$) кездеседі. Азобояғыш заттардың түсі азотоппен байланысқан қалдықтардың табиғатына, Э.Д. және Э.А. функцияларына және басқа да факторлардың саны мен орналасу күйіне байланысты болады. Азобояғыш заттардың барлығы біразбояғыш затты – құрамында бір азотоп және дисазопигментті құрамында екі азотоп кездесетін болып белінеді.

Моноазопигменттер қанық, түстері таза, жарықка тезімді, езілген сілтілер, қышқылдар, уайтспирт, зығыр майымен пластификаторлар есеріне тезімді. Оларды сары, қызыл-сары және қызыл бояулар дайындауда пайдаланады.

Дисазопигменттер, монозопигменттермен салыстырғанда, қанықтығымен, молдірлігімен, түрлі еріткіштер есеріне беріктігімен ажыратылады, бірақ олардың жарықтозімділігі төмен. Бұл пигменттердің басты кемпілігі – улылығы.

Бояулар дайындауга азопигменттерден басқа, қышқылдық азобояғыштарға барий және кальций тұздары немесе олардың қоспасымен есеп ету нәтижесінде алынған лактар пайдаланылады. Азобояғыштардың бояғыш лактарының түстік ерекшеліктері жақсы, бірақ азопигменттермен салыстырғанда олар еріткіштермен күн саулесі есеріне осал. Қызыл және қызыл-сары бояулар дайындауда пайдаланылады.

Арилметанды бояғыш заттар метанның туындысы болып табылады. Бояуларды дайындау үшін негізгі арилметанды бояулардан гетерополиқышқылдар (фосфорлы-вольфрамды-молибденді) қоспасын түнлірү арқылы алынған бояғыш лактар қолданылады. Негізгі лактар жоғары бояғыштық касиеттерімен, тазалығымен жарықтозімділігімен спиртке беріктігі төмен еріткіштер есеріне орташа тезімділігімен

сипатталады. Бұл өнімдерді әрлеуде спиртті лактарды пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Ксантенді бояғыш заттар. Ксантенді бояуларды гетерополиқышқылдармен тұндыру арқылы бояғыш лактар алады. Олардың канықтығы, түстерінің қоюлығы, жарықтезімділігі жогары бірақ спирттің, тоуолдың және кейбір еріткіштердің әсеріне алсіз.

Фталоцианинди бояғыш заттар. Фталоцианинди пигменттердің канықтығы оте жогары. Олар 500°C-ка дейінгі ыстыққа берік, жарықтезімділігі, сілтілер, қышқылдар, спирт пен органикалық еріткіштердің басым болігінің әсеріне тезімді. Сонымен бірге олардың түстері канық (көйлір және жасыл түстер), кейбір пигменттер мен бояғыш лактардың қасиеттері 2.4-кестеде берілген.

2.4 – кесте

Пигменттер мен лактардың физика-химиялық қасиеттері

Атаулары	Тығыздық, г/см ³	Майсыыйымдастырылған мл/100г	1-10Баллдық жарықтезімділік	Cу	спирт	Зығыр майы	толуол	Уайт-спирт	Этилацетаты	5%-ы түздө	Кышқыл	5% нат-рий гидроксиді
Мелдір түсті сары пигмент	1,4	60	6	5	3-4	3-4	2	4	2-3	4-5	4	
Мелдір сары пигмент 0	1,55	60	5	5	5	5	4-5	5	5	5	4-5	
Мелдір түсті сары пигмент 23	1,59	63	7	5	3	4-5	2	4-5	3	5	5	
Ал кызыл пигмент 5С	1,43	64	-	5	4-5	5	5	5	5	4-5	4	
Ашық кызыл пигмент 4Ж	1,50	60	6	4-5	3	2	1	2-3	4	4	4	
Ал кызыл концентратты пигмент	1,54	74	6	4-5	4	4	2-3	4	2-3	5	4	
Жасыл фталоцианинди пигмент	2,02	46	6-7	5	5	5	5	5	5	5	5	
Көйлір фталоци- анинди пигмент	1,62	60	7	5	5	5	5	5	5	5	5	
Қызыл лак ЖБ	1,64	64	2-3	5	4	4-5	4	5	4-5	4-5	3-4	
Негізгі кызылт лак (ксантениді)	2,15	68	5	4	1	4-5	3-4	5	3	4	4	
Қызыл курен лак СК	1,46	84	5	4-5	3-4	3	3	5	4	4	3	
Негізгі кек лак К (арилметанды)	1,37	72	5	5	1	4	4	5	3	1	4	
Негізгі жасыл лак (арилметанды)	2,13	60	5	5	1	4-5	3	4		1	4	
Негізгі күлгін лак (арилметанды)	1,57	118	4	5	1	2	3	5	3	1	5	

Техникалық көміртегі. Полиграфияла мәтіндерді және баска да енімдерді басу үшін кара бояулар кеңінен колданылады. Бұл жағдайда пигмент ретіндегі қанық қоныр түсті, түсетін жарықтың 95-97%-ын сіздерін техникалық көміртегі (кул) пайдаланылады. Техникалық көміртегі жарыкка төзімді, тіпті ұзақ уақыт құшті жарық түсінеге дейін шыдайды, судың жеріне, сілтіге, қышқылдарға, майларға, хош істі көмірсүтектерге де және баска да еріткіштерге берік. Бұл пигменттің қосылуымен тек қана жабын бояулар дайындалады.

Пигменттің кемішліктеріне оның химиялық қабыршық түзу процесстерін баяулататындығы және бояудың қанықтығын қүшейту үшін елеулі мөлшерде пигмент косуға кедері келірстін, майсыйымдылығының жогарылығын жатқызуға болады.

Техникалық көміртегі көмірсүтектердің – негізгі белгі метаннан тұратын, табиғи газдардың толық жанбауынан пайда болады. Табиғи газдарды жағу үшін түрлі әдістер колданылады: пештерде немесе термиялық ыдырауларда газды диффузиялық жалынмен жағу.

Газды каналдық техникалық көміртегі металл жағу камераларына келіп түсін табиғи газдың диффузиялық жалынмен толық жанбауы нәтижесінде пайда болады. Газды ауа шектеулі жағдайда жағу нәтижесінде көміртегінің бір болгі техникалық көміртегі түрінде каналдарда тұнады.

Газды пештік техникалық көміртегі табиғи газды пештерде ауа шектеулі жағдайда жағу нәтижесінде алынады.

Қышқылданған (модификацияланған) техникалық көміртегі каналды техникалық көміртекті қосымша өндеу нәтижесінде алынады. Ол үшін ауамен тотықтыру, калий бихроматы немесе сутегі асқын тотығы қолданылады. Мұнда беттің бұдырылануы есебінен пигмент сыртқы ауданының үлесі мен ерігіштік артады, майсыйымдылығы төмендейді. Бұл бояудағы пигмент концентрациясын 3-7% арттырып, оның қанықтығын жогарылатады. Баспа бояуларын дайындауда қолданылатын техникалық көміртегінің қасиеттері 2.5 кестеде көрсетілген.

2.5 – кесте

Техникалық көміртегінің физика-химиялық қасиеттері

Техникалық көміртегі	Белшектердің орташа диаметрі, мкм	Беттік ауданы, м ² /г	Майсыйымдылық, %	Ұшатын заттар сыйымдылығы, % (t = 105 °C)	pH	Ылгал мөлшері, %	Қанықтық, %
Газды каналдық	0,010-0,040	90-100	180-185	1,5	3,7-4,5	2,5-2,7	100
Тотықкан газды каналдық	—	250	120-125	9-15	1,5-2,6	4,6	95-105

Газды пештік	0.055-0,065	40	80-90	0.3-0.8	9-10	0.5-1.0	50-55
--------------	-------------	----	-------	---------	------	---------	-------

Бейорганикалық пигменттер – түсті және ак суда ерімейтін түздар немесе кейір металдардың тотықтары. Бейорганикалық пигменттердің басым бөлігі бастапқы заттардың сулы ерігінділерін синтездеу арқылы алыналады. Сондыктан да пигменттер қасиеттеріне (дисперсиялану деңгейі, рең, майсыйымдылық) бастапқы заттар концентрациясы, реакция температурасы, тұну жылдамдығы, араластырылу карқыны, пигментті алғаннан кейін косалқы еритін түздардан жуу, сұзу, кептіру және ұсақтау мөлшерінде етеді.

Бейорганикалық пигменттер органикалықтардан жарыққа тәзімділігімен ерекшеленеді, бірақ олардың дисперсиялану деңгейі мен қанықтығы томен. Сондыктан да бояулар дайындауда үшін бірнеше жасанды ак түсті бейорганикалық пигмент, милюри және металдық көк пигмент қолданылады. Ақ пигмент ретінде алюминий гидроксиді, күкіртқышқылды барий, мырыш оксиді және титан диоксиді пайдаланылады. Олардың негізгі қасиеттері 2.6-кестеде көрсетілген.

2.6-кесте

Ақ пигменттердің негізгі қасиеттері

Атаулары	Тығыздығы, г/см ³	Белшектердің орташа диаметрі, мкм	Сыну коэффициенті πD
Алюминий гидроксиді Al(OH) ₃	1,9-2,3	0,01-0,10	1,49-1,50
Күкіртқышқылды барий BaSO ₄	4,0-4,7	0,5-1,7	1,64
Баспалық агартқыш	2,7-3,3	—	—
Мырышты агартқыш: мырыш оксиді ZnO	5,5-5,7	0,3-0,4	1,90-2,05
Титанды агартқыш: титан диоксиді TiO ₂	3,9-4,2	0,17-0,35	2,55-2,70

Алюминий гидроксиді – тығыздығы жоғары емес, дисперсиялану деңгейі жоғары, майсыйымдылығы үлкен ак жұмсақ ұнтақ. Оның сыну коэффициенті байланыстырылыштың сыну коэффициентіне жакын (май, олиф 1,46-1,59) сондыктан баспа-техникалық қасиеттері жаксы меллір ак бояу түзеді. Ақ бояуды түсті бояулардың тығыздығын төмendetуде пайдаланады. Меллір бояғыш лактар дайындауда субстрат және толықтырғыш ретінде пайдалануы мүмкін.

Күкіртқышқылды барийдағы ак бояудың үлесі 93-99%. Жарыққа, қышқылдарға, сілтілерге және басқа да реактивтерге жоғары тәзімділігімен, сондай-ак орташа тығыздығымен аз майсыйымдылығымен сипатталады. Байланыстырылышпен меллір дерліктей бояу түзеді. Бояғыш лактардың субстраты және толықтырғышы ретінде пайдаланылады.

Баспалық ак бояу – алюминий гидроксиді мен күкіртқышқылды барийдың коспасы. Байланыстырышпен, түсті бояуларды сұйылттын және олардың баспалық қасиеттерін жақсартатын, жартылай мөлдір бояу түзеді.

Мырыштық ак бояу – ақшылдығы 98% және тығыздығы жоғары жұмсақ ак ұнтақ. Байланыстырышпен жабын бояу түзеді. Түсті бояуларды ағартуға, түсті фонда басуға және басқа да мақсаттарда пайдаланады.

Титандық ағартқыш (титан диоксиді) – таза ак түсті, тығыздығы орташа, химиялық реагенттерге (қышқылдарға, сілтілерге, майларға және басқаларға) төзімді, жарықта төзімді, майсыйымдылығы үлкен емес, байланыстырышпен пигмент, мұқаба қабында, және түсті фонда басуға колданылатын күшті жабын бояу түзеді.

Милори – ұсақ дисперсиялық, тығыздығы $1,82-1,97 \text{ г}/\text{см}^2$ жеіл көк пигмент, майсыйымдылығы үлкен емес ($35-60 \text{ мг}/100\text{г}$). Милори қосылған бояулар мөлдір және қанықтығы жоғары. Пигмент қышқылдарға төзімді, жарық төзімділігі жоғары, бірақ сілтілерге төзімді емес, сондықтан да оны сабынның және түрлі жууга арналған ұнтақтардың корапшасын басуға пайдалануға болмайды. Милори көк бояулар және кара бояудың қосалкы рені ретінде пайдаланылады. Пигмент – табиғаты бойынша, қабықтузу химиялық үдерісін жылдамдататын, белсенді катализатор.

Металдық пигменттер – металл материалдарды ұсақтау нәтижесінде алынған қабыршак түріндегі бөлшектері бар ірі дисперсиялық ұнтақтар. Негізінен таза алюминийден алынған “куміс” және мыс негізіндегі қоспалардан алынған “алтын” пигменттер пайдаланылады.

2.1.2 Байланыстырыштар

Байланыстырыштар пигменттің жеке бөлшектерін тұтас дисперсиялық жүйеге байланыстыратын сұйық фазадан тұрады. Байланыстырыш бояуға баспалық және баспа-таңбада беку қасиеттерін береді.

Басу процесіндегі бояудың сипатын анықтайтын басу қасиеттері – бояу аппаратындағы таралу, формаға түсіру, басылымдағы материалмен өзара әсерлесу, бейнені алу – түрлі басылым әдістеріне арналған бояуларда айтарлықтай ерекшеленеді. Бояулардың барлық түрлері мен ассортименттері, оларды өзгерту арқылы бір ғана пигменттен кез келген басылым әдісіне арналған бояу дайындауға мүмкіндік берестін, байланыстырышқа байланысты. Баспа бояуларын дайындауға арналған байланыстырыштардың жалпы атаву – фирмистер.

Байланыстырыш пигментті біргекті массага байланыстырады. Бояу кинетикалық және агрегатты тұракты болуы тиіс. Бұл үшін байланыстырыш, пигмент бөлшектерінің дымқылдануы мен тұракталуын қамтамасыз ететін, беттік-белсенді заттардан тұруы керек. Ол пигмент бөлшектерінің сыртқы бетінде құрылымдық адсорбциялы-солваттты қабабты ұстаپ тұруға кабілетті, бөлшектерді агрегаттанудан сақтайтын молекулалық массасы үлкен зат болуы тиіс.

Байланыстырыгыштың баспа бояуның қасиеттерін қамтамасыз етудегі рөлі – оған дымқылдану, сондай-ақ тиісті технологиялық процеске сай тұтқырлық беру қасиетінде. Байланыстырыгыш пигментке, материал формасына қатысты химиялық инертті және мөлдір, ашық зиянсыз болуы тиіс.

Баспа-таңба алу дегеніміз баспа бейнесін түзетін бояу қабатының бекіп, жайылып кетуден қорғауы және баспа еріткіштерінің жаксы сақталуын қамтамасыз етуі болып табылады.

Байланыстырыгыш минералды майда ерітілген қара майдан тұрады. Оның құрамына міндепті түрде қабат түзетін заттар мен еріткіштер кіреді.

Қабаттүзгіштер – көп жағдайла әртүрлі қара майлар және оларды өндөу онімдері (канифольдар, формальдегид шайыры, циклоакаучук, алкидты шайырлар, битум және басқалардың туындылары). Олар баспа бояуларының қаттылығын, жылтырлығын, бескі мен эластикалық қасиеттерін аныктайды.

Еріткіштер – баспа-таңбалардагы бояудың бескі механизмін және тұтқырлығын аныктайды. Еріткіштер ретінде кепкен минералды майлар және олардың туындылары мен осімдік майлары пайдаланылады.

Жоғары жылдамдықта баспа жұмыстарын атқару баспа еріткілеріндегі бірінші бескіндік жылдам етуін талап етеді. Бұл үшін майлармен бірге керосинің фракция қосылады. Терен баспада еріткіш ретінде толуол пайдаланылады. Бояудың бескі екі сатыда жүрелі: “ұстай” немесе алғашқы бескітілүү және акырғы бескітілүү.

“Ұстай” баспа-таңбаларындағы бояудың оларға әлсіз әсер етілгенде жағылмауын қамтамасыз ететін және баспа-таңбаны одан әрі өңдеуге мүмкіндік беретін күйде болуы. Ақырғы бескітілүү бастапқы сүйкі материалдан қатты қабат түзілуі нәтижесінде жүзеге асады. Баспа өнімі, басылым әлсіз және басқа технологиялық процесс факторларына байланысты баспа-таңбада бояудың бескінің келесідей механизмдері болады:

- химиялық қабат түзетін – оттегі әсерінен полимерлі қабаттың немесе УК-сәулелендіру әсерінен фотохимиялық полимердің түзілуі;

- сініру және сініру процесі нәтижесінде еріткіштің белінің булануы;

- еріткіштің булануы.

Келесі варианкттар (комбинациялар) әддегегі болып саналады:

- басылып жатқан материал бетінде бояудың механикалық (санылауларға оту, қағаз талшықтарына сіну) бескі. Бұған баспаның тиісті қысымы әсер етеді;

- басылып жатқан материалдың сыртқы капиллярларына капиллярлы әсер арқылы бояудың сінуі (мысалы, күйілмалы баспа);

- басылып жатқан материал мен бояу арасында (әсірессе тегіс беттерде) полярлы байланыс (химиялық және физикалық эффекттер)арқылы бояудың бескі.

Байланыстырыгыштың құрамы бояудың бескітілүү механизмінен байланысты аныкталады. Қабат түзілу химиялық процестері төмендегілердің есебінен жылдамдатылуы мүмкін:

- катализаторлардың пайдаланылуы. Олар аз мөлшерде бояудың өзінде де болады, бірақ жағдайда дайын бояуға арнайы қоспалар қосылады;
- сиккативтер деп аталағын катализаторлар;
- температураның арттылуы (газды кептірішті колдану);
- ИК-сәулеленуді пайдалану. Тотықтырғыш полимерлеу немесе аралас әдіспен бояуды бекітуде ИК-сәулелену тотығу процесін арттырады, ал ИК-кептіріште орнатылған ауаның берілүү оттегінің бояу кабатына келіп түсін арттырады, истижесінде қабат түзілу карқыны жогарылайды;

-УК-сәулеленуді пайдалану. УК-сәулелену зерімен қатты қабат түзу арылы полимерленуге кабілетті, байланыстырғыш заттың құрамында кездесетін УК-бояуды пайдалануда, сәулелендіріштің қуаты жеткілікті болғанда қабат түзілу уақыты секундтың жүзден бір болігіне дейін қыскарады.

2.1.3 Баспа бояуларының қасиеттерін реттейтін қосымша заттар

Өндірушілер ұсынған қосымша материалдардың ассортименті таңба бетіндес бояудың кебу процесін жылдамдату, білік үстінде бояудың кеүіп кету процесін алдын алу, қағаз мен катырма талшықтарының жүлмалануының алдын алу, үлкен бейнелердің біртегіс басылуын қамтамасыз сту, ете қанық бояуларды жарықтау, басу машинасы тоқтаған кезде резина мен білкітке бояудың жаналануы, бояу қабатының ошіп калмауы үшін беріктігін арттыру сиякты мәселелерді шешуге көмектеседі.

Тәжірибе жүзінде барлық бояулар колдануға дайын болып шығарылады және қосымша қоспаларды қажет етпейді. Бірақ, жұмыстың кейбір тұстарында немесе басу процесінің дұрыс емес жүргізілуінде олардың қасиеттерін дұрыстау қажеттілігі туады.

Технологиялық процессті оптимальды жүргізуде келесі шарттар орындалу керек:

- басу цехінде керекті климаттық шарттарды колдана;
- сапалы басылатын материалды колдану;
- «қағаз-бояу» белгін дұрыс таңдау;
- бояуды өндіруші- фирманиң ұсыныстарын дұрыс пайдалану;
- бояу және ылғалдау білдірілген калыпты физикалық күйін бакылау.

Басу шарттары бұзылғанда немесе қағаз мен бояудың қасиеттері нормативтерге сәйкес келмеген жағдайда бояудың құрамына арнайы қосымша қоспалардың (10%-дан көп емес) аз ғана мөлшерін қосады. Қосымша қоспалардың шамадан тыс мөлшері бояудың көпкомпонентті жүйесінің балансын және оның дисперсиялық жүйесінің тұрактылығын бұзады. Сонымен катар, қосымша қоспалар баска да зерттеуде мүмкін, мысалы бояудың бір қасиетін жаксартса, екінші қасиетін бұзады.

Бояу қасиеттерін реттеген кездес оның тұтқырылығын, жабыскактығын, бояу қабаты түзілген кезде тотығу полимеризациясын басаңдату немесе тездету сиякты қасиеттерін дұрыстау керек болады. Бояу тұтқырылығын азайту оның жаймалануын жаксарту үшін жасалынады және Р-51, Р-2 сиякты

еріткіштерді косу арқылы іске асады. Бұл еріткіштер жарық аз тұтқырлықты сұйық зығыр және минералды майлардың коспасы. Тұтқырлықпен бірге бояудың жабысқақтығы да төмендейді. Тұтқырлық пен жабысқақтықты жоғарлату үшін бояуга алкінді шайырларды (Д-1600, ПН-53, Д-4100) косу керек.

Бояу арқылы қағазды жұлмалағанда оның жабысқақтығы азаяды. Бұл жағдайда тұтқырлығы аз еріткіштерді колдану тиімді емес, ойткені олар тұтқырлығын азайтқан кезде бірқатар қындықтарға тап болады: бейненің дәлдәгә төмендейді, байланыстырыштың сініруі күшейеді және бояу қабатының беріктігінің томендеуіне әкеледі.

Бұл жағдайда тиімді құрал ретінде құрылымдық гельдік пасталарды колдану болып табылады. Пасталар парафиннің, минералдық майлар мен алюминий стеараты гелінің коспасы болып табылады. Олар құрылымды болғандықтан, бояудың тұтқырлығын жоғарлатады. Бірақ паста құрамындағы алюминий стеараты еріткіштердің сініру жылдамдығын және бояудың бастилған бекітілуін томендетеді. Жабысқақтықты азайту мен бояудың басу қасиеттерін жаксарту үшін басқа құрылымдық коспалар колдануы мүмкін – алюминий октааты, алюминий хелаты және т.б.

Бояудың келесі бетке оттеуін тежейтін құрайдар (противоотсырывающие средства). Жаңа басылған таңбалар алынған сәттің бірінші минуттарында бумадағы көрші таңбаның артқы бетіне бояу жағылып және онымен жабысып кету мүмкін. Бұл құбылысты болдырмау үшін таңбалардың бетіне басу машиналарында орналасқан пульверизаторлар арқылы арнайы ұнтақтарды шашады. Ұнтақ белшектері таңбаның бетіне жағылып, бумадағы таңбалардың жабыспауына және бояудың оттеуіне әкеледі. Бұл ұнтақтар ретінде крахмал, қант опасы, химиялық жолмен алынған бор колданылады. Сонымен катар сұйық құралдар да кездеседі.

Бояудың келесі таңбаның артқы жағына оттеуін тежейтін құралдардың қатарына 10-11 пастасын жатқызуға болады. Ол полимерленген зығыр майының коспасындағы аэросил суспензиясы және лецитиннің беттік-белсенді затының және алкінді шайырдың коспасы күйінде шығарылады. Бұл құбылысты азайту үшін бояу құрамына пастаның 5 %-ын косады. Бұл коспаның заманауи түрі төмөннөлекулярлы полизтиленнің воскы негізінде жасалынған коспасы. Бояудың таңбадағы беріктігін жоғарлату үшін бояуға 10-18 пастасын қосды. Ол зығыр және минералды майлардың коспасынан тұратын полизтиленді воск суспензиясы болып табылады. Паста бояумен жақсы араласады, бояу қабатының беріктігін жоғарлатады.

Сиккативтер мен антиоксиданттар. Тотыңу полимеризация механизмі арқылы соңғы бескітілуді жылдамдату үшін бояуга сиккативтер қосылады. Ол үшін кобальттік және коргасынды сиккативтер колданылады. Олар керосинді фракцияла ерітілген нафтен қышқылдарының тұздары болып табылады. Сұйық сиккативтер бояудың тұтқырлығын азайтады, оны болдырмау үшін сиккативті пасталар колданылады.

Сұйық сиккативтерден басқа бояудың тұтқырлығына эсер етпейтін сиккативті пасталар шығарылады. Олар парафиннен, вазелиннен және МП-1

майынан тұратын кобалты, корғасын сиккативтерінің коспасы. Тотығу полимеризация арқылы туындағының бояу аппараттарының біліктірінде бояу қабатының пайда болуын тежеу үшін тотығу полимеризация процесінің ингибиторлары (антioxиданттары) болып табылатын феноллар немесе хош иісі бар аминдер қолданылады.

Ингибиторларды кейбір бояуларға тұрақтылық беру үшін қосады. Басу процесі кезінде бояуды дұрыстау үшін антисиккативті пасталар қолданылуы мүмкін. Бояу біліктірінде бояудың кеүіп кетпеуін реттеу үшін оларды құрамы гидрохинонның тұратын аэрозолді препараттен шашады. Басу машинасы ұзак уақытқа токтаған кезде біліктір мен форманың үстіндегі бояу кеүіп кетпеу үшін осындағы өндісден өткізді.

2.2 Баспа бояуларын дайындау

Баспа бояуларының басым белгілі байланыстырылыштагы пигменттің суспензиясы болып табылады. Осы құрамдас біліктірдің әрбірі бояуга тиісті қасиет береді. Қоңтеген қасиеттер пигмент пен байланыстырылыштың өзара әсерінс байланысты болады.

Олардың құрамы мен қасиеттеріне әсер ететін дисперсиялық жүйелердің негізгі сипаттамасы төмендегідей: дисперсиялану деңгейі, көлемдік концентрация, дисперсиялық фаза біліктірінің өзара және сұйық дисперсиялық ортамен әсерлесуі.

Дисперсиялану дәрежесі пигмент бөлшектерінің өлшемдерімен анықталады. Баспа бояулары пигмент бөлшектерінің басым белгінің өлшемі 0,5-0,1 мкм және одан да кіші. Бұл әрбір бөлшек көлемінің ете кіші екендігін көрсетеді. 2.1-кестенің мәліметтері көрсеткендегідей, егер өлшемдері 10^{-4} см болғанда, бөлшектердің саны 10^{12} дәрежесіне тең болады, ал олардың жиынтық сыртқы бетінің ауданы 6×10^4 тең болады. Бұл бояулардың оптикалық қасиеттеріне, әсіресе олардың қанықтығына елеулі әсер етеді. Бөлшектердің өлшемдері неғұрлым кіші болған сайын олардың жалпы саны мен жиынтық сыртқы бетінің ауданы үлкен болады және жалпы көлемдері бірдей болғаның өзінде, пигменттің біркелкі қабатымен үлкен ауданды бояуға болады. Дисперсиялану дәрежесінің жогары болуы бояудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Байланыстырылышпен салыстыранда, пигмент бөлшектерінің тығыздығы үлкен болатындықтан бірге-бірге ауырлық күшінің әсерінен шегеді және бояу қабаттарға ажырайды. Стокс бойынша в шөгү жылдамдығы τ бөлшектер өлшемдерінің квадратына пропорционал:

$$\tau = \frac{2}{9} \cdot \frac{r^2(d_n - d_{av})g}{\eta},$$

мұндағы: d_n -пигмент тығыздығы;

d_{av} -байланыстырылыштың тығыздығы;

g -ауырлық үдеуі;

η -ортаның тұтқырлығы.

Сондықтан да бөлшектер өлшемдерінің кішіреоі пигменттің шөгү жылдамдығын және бояудың қабаттарға бөлінуін баюлатады.

Бірақ ұсак бөлшектердің жоғары дисперсиялану деңгейі бәрінен де маңызды. Нәтижесінде олардың кинетикалық энергиясы байланыстырыш молекулалары кинетикалық энергиясына сәйкес келеді. Сондықтан молекула бөлшектері, олардың біркелкі таралуын қамтамасыз ететін жылулық броундық қозғалыска түседі. Нәтижесінде дисперсиялық жүйеге қабаттарға бөлінуге қарсы, тұрактылық немесе кинетикалық тұрактылық беріледі.

Пигменттің көлемдік концентрациясы. Дисперсиялық жүйелер қасиеттеріне дисперсиялық фаза мен дисперсиялық орта арасындағы катынас елеулі әсер етеді. Тәжірибелде бұл катынастарды массаның пайзызық көрсеткіштері түрінде береді. Бояудың бірқатар маңызды қасиеттері көлемдік толу дәрежесімен немесе пигменттің бояу жалпы көлеміне катынасы түрінде көрсетілетін, көлемдік концентрациясымен физикалық тұрғыдан байланысты:

$$Cv = \frac{V_n}{V_{kp}} = \frac{V_n}{V_n + V_{co}},$$

Бояудың қанықтығы көлемдік концентрацияға байланысты, себебі оптикалық эффект бастаптанбадағы пигмент қабатының қалыңдығына байланысты. Ол өз кезегінде, бояудың қандай көлемі пигменттен тұратынына байланысты. Көлемдік концентрация сондай-ақ тұтқырлық пен құрылымтүзілуге әсер етеді.


Дисперсиялық фаза беліктерінің өзара және сүйкі дисперсиялық ортамен әсерлесуі. Кез келген деңеде фазалар белдеуінде орналасқан молекулаларға ерекше жағдай тән, себебі деңсінің ішінде орналасқан молекулалардан айырмашылығы, олар өздеріне ұксас бөлшектермен тек белгілі деңгейде гана шектеседі. Сондықтан олардың молекулалық күш аймагы көршілес бөлшектердің молекулалық тартуымен толық компенсацияланбауы, фазалар белінің сыртқы бетінде бос энергияның – сыртқы бет тартылысы пайда болуына ықпал етеді.

Сыртқы бет энергиясының бөлшектердің жынытық беттік ауданы үлкен дисперсиялық жүйелердегі мәні ерекше. Дисперсиялану дәрежесі артқан сайын бөлшектер сыртқы бетінің көлемге катынасы немесе оның үлестік сыртқы беті артады.

Бөлшектер өлшемдерінің ұсак болуынан олардың массасын, салмагын, кинетикалық энергиясын молекулалық тартылыс күшімен салыстыруға болады. Сондықтан да пигменттің бөлшектері бір-бірімен, әр түрлі деңгейдегі агрегаттар түзіп, тіркеседі немесе коагуляцияланады (2.9-сурет).

Агрегаттық тұрактылықтың бұзылуы орын алғып, дисперсиялану деңгейі темендейді. Бұл агрегаттардың шөгүіне немесе кинетикалық тұрактылықтың бұзылуына экеп соғады.

Келесі жағдайларда бөлшектердің тіркесуі және агрегаттық тұрактылықтың жойылуы, бояудын механикалық қасиеттерін күшті өзгертетін, біртұтас кеңістіктік құрылымның түзілуін қамтамасыз етеді.



2.9-сурет. Пигмент бөлшектерінің коагуляциялық құрылымы:
а- жекелеген байланыстар; б- д- агрегацияға сольвация кедергі стадиясы;
а- жекелеген агрегаттар; г- біртұтас құрылымдық каркас.

Молекулалық тартылыс күші және олардың эсерінен пайда болатын коалгумациялық құрылымтүзілу бояулы заттың химиялық құрылышы мен пигменттің физикалық құрылымына байланысты болады.

Бөлшектердің өзара эсерлесуіне олардың байланыстырылышпен эсері кедергі келтіреді. Байланыстырылыштың полярлы компоненттері пигмент бөлшектерінің сыртқы бетіне, молекулалық күштік аймақтарды ішінәра компенсациялайтын, сольватты қабат түзіп, тұнады. Олар бөлшектердің жакындастыруына және молекулалық тартылыс күпімен тіркесуіне кедергі келтіреді (2.9б сурет). Байланыстырылыштың беттік-белсенді заттары пигмент бөлшектері беттеріндегі функциональдық топтармен химиялық реакцияға түскенде стабилизациялануы айрықша тимді болады.

Сонымен беттік-белсенді заттардың тұнуы және стабилизациялауы қабаттың түзуі бөлшектердің коалгумациялық тіркесуіне – құрылымтүзілуіне кедергі келтіреді. Бұл жүйеге агрегаттық тұрактылық береді. Нәтижесінде бояудың құрылымы мен қасиеттері пигменттің агрегациялауга бейімділігі мен байланыстырылыштың стабилизациялау қасиетіне байланысты.

Баспа бояуын дайындау. Баспа бояуын дайындаудың мәні пигменттің сұйық байланыстырылышпен араластыру болып табылады. Сонымен бірге пигменттің жоғары дисперсиялану деңгейі, бояудың байланыстырылышта біркелкі таралуы мен стабилизациялануы – кинетикалық және агрегаттық тұрақтылық қамтамасыз етіледі. Баспа бояуын өндіру технологиялық сызбасы, оның тәртібі және қолданылатын құрал-жабдықтар пигменттің қасиеттеріне, бояудың түрі мен пайдаланылу бағытына, құрамына, байланыстырылыштың тұтқырлығы мен ұшқыштығына байланысты болады.

Пигмент, құрамында ұсақ бірінші ретті бөлшектер және өлшемдері 20-100 мкм және одан да ұсақ агрегаттардан тұратын, полидисперсиялық ұнтақ түрінде пайдаланылады. Соңықтан бояу өндірісінің негізгі міндеті – екінші ретті агрегаттарды жою және жоғары дәрежелі бірінші ретті дисперсиялануды қайта қалыптастыру үшін пигментті байланыстырылышпен араластыра дисперсиялау. Техникалық шарттарға сәйкес бояуда өлшемі 10 мкм-ден үлкен бөлшектер болмауы тиіс. Бұл жекелеген ірі бөлшектердің шеттік өлшемін көрсететін, дисперсияланудың шартты сипаты болып табылады. Бөлшектердің негізгі болігінін өлшемдері әлдеқайда ұсақ болады.

Тұтқыр бояуларды дайындауда орамалы (валковые) бояу ұсактайтын машиналар қолданылады. Тұтқырлығы темен бояуларды дайындауда бисерлі диәрмен типтес дисперсиялаушы машиналар қолданылады. Құрамында ұшқыш ерітінділер кездесетін бояулар, герметикалық жабылатын шарлы немесе білікті диәрмендерде өндіріледі.

2.3 Баспа бояуларының қасиеттері

2.3.1. Баспа бояуларының реологиялық қасиеттері

Реология – құрылымдалған дененің ағу қасиеттерін зерттейтін ғылым саласы.

Сұйық байланыстырылыш бояуга ағу қасиетін береді. Пигмент бөлшектерінің бір-бірімен тіркесуі бояуга қатты құрылымдық қасиет береді.

Әдеттегі сұйықтықтардың механикалық қасиеттері, сұйықтық акқанда байқалатын тұтқырлық немесе ішкі кедергімен анықталады. Сыртқы күштердің әсеріне сұйықтықтың табиги механикалық реакциясының өлшемі ағу жылдамдығы болып табылады. Сұйықтықтардың басым белгілі сыртқы әсерлер ұлғауына пропорциональды ағу жылдамдығының артуымен сипатталады. Бұл Ньютон тәндігінің дифференциялдық күйімен сипатталады:

$$P = \eta \cdot \varepsilon.$$

мұндагы ȳ- кернеудің Р ағу жылдамдығына ε қатынасы арқылы анықталады.

$$\eta = \frac{P}{\varepsilon}$$

Байланыстырығыштың пигментпен араласуы жүйенін тұтқырлығына елеулі әсер етеді. Біріншіден, көлемнің белгілі бір белгі, жүйенін ағуын нашарлатып, тұтқырлықты арттыратын қатты дисперсиялық фазамен толған Эйнштейн дисперсиялық жүйенін тұтқырлығының дисперсиялық фазаның (пигменттің) көлемдік концентрациясымен тұзу сызықты байланыстыратын келесі заң шығарылды:

$$\eta = \eta' (1 + KC_v),$$

мұндағы η' -таза дисперсиялық ортанын (байланыстырығыштың) тұтқырлығы;
 C_v - дисперсиялық фазаның (пигменттің) көлемдік концентрациясы;
К- пішіндік фактор - бөлшектер пішініне байланысты коэффициент.

Шар пішінді дисперсиялық фазалар бөлшектері үшін $K=2,5$. Созылыңғы пішінді бөлшектер шар пішінді бөлшектерден айтарлықтай ерекшеленеді. Екіншіден, тұтқырлықта пигмент бөлшектерінің бір-бірімен және байланыстырығышпен өзара әсері тұтқырлықта ықпал етеді.

Эйнштейн ұсынған заңда бөлшектердің өзара әсерлесуі және дисперсиялық фазаның көлемдік белгілінін ұғаюы есепке алынбаған. Заң сүйытылған жүйені дәл сипаттайды. Пигмент концентрациясы артқанда, әсіресе баспа бояуларындағы олардың үлес салмағына барынша жақындағанда тұтқырлықтың күргартуы байқалады.

Эйнштейн заңынан ауытқудың негізгі себебі – пигмент бөлшектерінің молекулалық тартылымын күшімен байланысуының салдарынан коагуляциялық құрылым түзілүнде. Бұл жағдайда, бояудың акқыштығын тежеп, тұтқырлығын арттыратын тарамдаған ірілігі түрліше агрегаттар пайда болады (2.10 б сурет).

Пигменттің концентрациясы жоғары болғанда біртұтас құрылымдық каркас (2.10 в сурет) пайда болып, бояу тұтқырлығын арттыратындығы соңашылғы ол енді сүйек ретінде ага алмайды. Коагуляциялық құрылымның P_b беріктігі құрылымдық байланыстардың T көлем бірлігіндегі санына және жекелеген байланыстардың f беріктігіне, $P_b = f(T, f)$ байланысты. Оз кезеңінде, құрылымдық байланыстардың саны пигменттің көлемдік концентрациясына C_v , бөлшектердің дисперсияланғыштығы мен пішіндеріне, сондай-ақ, кездесетін құрылымдық байланыстардың олардың мүмкін болатын шектік санына қатынасын көрсететін құрылымдану дәрежесіне Φ байланысты болады.


Сонымен коагуляцияланған құрылымның беріктігі жекелеген байланыстардың f беріктігіне, көлемдік концентрацияға C_v , бөлшектердің дисперсияланғыштығы мен пішіндерінің жынытығын көрсететін факторға D байланысты.

Коагуляциялық құрылымдардың ерекшелігі, олардың тез жойылып акқыштығын тудыратын, пигмент бөлшектерінің аралығындағы байланыс

беріктігінің төмендігі болып табылады. Сондықтан коагуляциялық құрылымның беріктігі P_h аққыштық шегі деп аталады.

Белшектер арасындағы байланыс жылулық козгалыс процесінде айқындалады, сондықтан да олардың саны мен құрылымдану деңгейі уақытқа байланысты езгереді. Уақыт етуімен механикалық бұзыулар қалпына келеді. Осы жолмен бояудың тиксотропиясы яғни, оның коагуляциялық құрылымның изотермиялық түзіліу және механикалық бұзылудан соң қалпына келу жүзеге асады.


Уақыт етуімен аққыштық шегінің езгеруі сипатынан (2.10 сурет) тиксотропиялық құрылымының толық даму мерзімі бірнеше тәулік екендігін көруге болады.



2.10 сурет. Тиксотропиялық құрылымтүзілүү сыйбасы:
а- шекті бұзылған жүйе, б- ішінара құрылымдалған, в- шекті құрылымдалған.


Уақыт етуімен ағу шегінің өзгеруі сипатынан (2.11 сурет) тиксотропиялық құрылымының толық даму мерзімі бірнеше тәулік екендігін көруге болады.

Тиксотропиялық құрылымының қалпына келуінің жылдам және баяу сатылары болады. Жылдам сатысы коагуляциялық байланыстардың кейір мәлшерінің тез айқындалуы негізінде аққыштық шегінің пайда болуымен байланысты. Екінші баяу сатысының мәні аққыштық шегінің бірге-бірге есүімен және белшектердің байланыс аймагынан сұйықтықтарды ысырып шығарып, сольватты қабаттың жіңішкеруі нәтижесінде байланыстардың шектік мүмкіндікке дейін бекуінде болып табылады.



2.11 сурет. Тиксотропиялық құрылымтүзілу

Ағу шегінің мөлшері пигменттің түріне (2.12 сурет) сондай-ак оның дисперсияланғыштығына, бөлшектер пішініне, және олардың тіркесу беріктігіне байланысты. Мейлінше құрылымдалған суспензиялар әдеттегі байланыстырығыштарда техникалық көміртегі және кейбір органикалық пигменттер түзеді. Аз құрылымдалған пигменттерге миlorи және ақ бояудың түрлері жатады. Тиксотропиялық құрылымтүзілу байланыстырығыштың, байланысу беріктігін f төмендететін, пигменттік суспензияларын стабилизациялау қасиетіне де байланысты.



2.12 сурет. Пигмент концентрациясының аккынштық шегіне әсері:
1- миlorи, 2- жарықтезімді сары, 3- техникалық көміртегі.


Полимерлеу жолымен, алкінді олифтерді және карамайларды пайдалану арқылы байланыстырығыштың тұтқырлығын арттыру оның стабилизациялау қасиетін арттырып, құрылымтүзіүін төмендетеді.

Құрылымдалған бояулардың тұтқырлығы. Осыған дейін көрсетілгендей, коагуляциялық құрылымдардың тиксотропиялық сипаты

олардың акқыштығы мен қатты затқа ұксастығын бір мезгілде арттырады: олар төменгі кернеуде пішіндерін сактап, жоғары кернеуде агады.

Бояулардың реологиялық қасиеттерін, олардың кернеуге байланысты агу жылдамдығын өлшеуге мүмкіндік беретін, вискозиметрлерде зерттейді. Ол үшін ротациялық типтегі, біліктірі ортақ, араларына зерттелетін материал құйылған екі цилиндрден тұратын вискозиметрлер пайдаланылады (2.13 сурет).

Цилиндрлердің бірі белгілі бір жылдамдықпен айналдырылады да, екіншісі орнында қалады. Зерттелетін материал цилиндрлік күста қозғалып, онда цилиндрдің айналу жылдамдығы мен бояудын тұтқырылығына байланысты болатын ішкі кернеу пайда болады. Тұтқырлық кедергісін F ішкі цилиндр ілінген сымды немесе пружиналы динамометрдің айналу бұрышы бойынша өлшейді.



2.13 сурет. Ротациялық вискозиметр


Кернеуді кедергінің цилиндр бетінің ауданына қатынасы арқылы анықтайды:

$$P = \frac{F}{S},$$

цилиндрлік күстегі жылдамдық градиенті айналудың бұрыштық жылдамдығы және цилиндр радиусының мөшері бойынша есептеледі.

Жылдамдықтың кең диапазонында кернеуді өлшеу нәтижелері бойынша кернеудің стационарлы ағымының $P = f(\epsilon)$ жылдамдық градиентіне байланыстырылығын табады. Тәжірибеде көбінесе кері байланыс (градиент жылдамдығының кернеуге байланыстырылығы) қолданылады. Графикалық түрде берілген буд байланыс $\epsilon = f(P)$ реологиялық кисық деп аталады. Баспа бояулары мен байланыстырыштар реологиялық қасиеттері бір-бірінен ерекшеленеді. Байланыстырыштардың басым белгілі мен кейір бояулар туралы

пропорциональды байланыстары $\epsilon = f(P)$ Ньютондик сұйықтықтар болып табылады. Сонымен бірге көптеген бояуларда ағу заңдылығының бұзылуы (тұтқырлық аномалиясы) байкалады (2.14 сурет).



2.14 сурет. Реологиялық қисықтар: 1- қатты затқа үкес артқан жүйе, 2- сұйыққа үкес артқан жүйе, 3- артқан Ньютондик сұйықтық

Бояу құрылымын және тұтқырлығын өзгертий ағады. Толық реологиялық қисықта бұл төмөнгі линиялық бөлік пропорциональды тәуелділікке $\epsilon = f(P)$ сәйкес келеді.

$$\eta_0 = \frac{P}{\epsilon},$$

мұндағы 0 индексі о-ге жақын төмөнгі жылдамдықтардағы өзгерістерді көрсетеді (2.13 сурет, 1-қисық).


Ағу жылдамдығы артқан сайын, бұзылған байланыстар саны артады, ал тиксотропиялық процестер байланыстарды қалпына келтіріп үлгермейді. Ағыска кедерігі азаяды, кернеу артқан сайын жылдамдықтың пропорциональды емес артуы байқалады. Реологиялық қисық құрылымдарының бұзылу деңгейі артқан сайын, тұтқырлықтың кемуін көрсететін, тузулік емес аймаққа етеді. Құрылым толық бұзылған соң, Ньютоның ағу заны сақтала отырып, кернеу мен жылдамдық градиенті арасындағы тікелей байланыс қалпына келеді. Қисық қайтадан тұзу сызықты бөлікке шығады. Жылдамдық ете жоғары болғанда $400-500 \text{ c}^{-1}$ бояулар қайтадан тұтқырлығына ие болалы, бірақ көрсеткіш, құрылымның толық бұзылуына сәйкес келетін, ең төмөнгі мәнге η_{min} сәйкес келеді.

Тиксотропияның бояу тұтқырлығына әсері. Егер тұтқырлықтың өлшеу алдында бояу бірнеше тәулік бойы шектік берік тиксотропиялық құрылым түзілетіндей жағдайда сақталса, онда өлшенген тұтқырлық ең жоғары мәнге сәйкес келеді. Бояудың сақтау ұзактығы түрліше болғанда, реологиялық қисықтың төмөнгі бөлігінде, сақтау неғұрлым ұзак болса, бұрышы соғұрлым кіші болатын қисықка сәйкес келеді.

Жылдамдық үлкен болғанда куатты механикалық әсерлер тиксотропиялық құрылымды бұзады. Сондықтан ең төменгі тұтқырлық η_{min} сынақ алдындағы сактау ұзақтығына да және тиксотропияға да байланысты болмайды.

Бояудың реологиялық қасиеттерінің практикалық сипаттамасы. Басу кезіндегі бояудың сипаты тұтқырлықтың аномалиялық дәрежесімен η_0/η_{min} анықталады. Басу сәтіне дейін бояу аппаратындағы тиксотропиялық құрылым бұзылатындықтан ең жоғары тұтқырлық η_0 құрылым бұзылғаннан соң ешінеді. Жұмыстың күндығы елшеулерді ең төменгі жылдамдықтарда (10^{-4} - 10^{-5} c^{-1}) жүргізуге тура келеді. Бұл әдеттеі вискозиметрлерде мүмкін емес. Өлшемдердің жөнілдегу үшін жылдамдықтың ең төменгі мүмкін болатын шегінде анықталған мәндер η_0 пайдаланылады.

Реологиялық қасиеттердің шартты сипатын анықтау үшін, тұрақты жүктен бастырылған екі әйнек арасындағы бояудың агу көлемін өлшеу ($0,1 \text{ cm}^3$) әдісі пайдаланылады (2.15 сурет).



2.15 сурет. Бояудың агуын анықтау


Қысым әсерінен бояу жылдам агады, ал кейіннен, қысым төмендеген сайын жылдамдық азаяды, әйнектер бір-біріне жақындаған сайын агу кедергісі артады.

Бояудың агуы 15 минуттан соң тоқталады. Бояудың қоюлығы аккан дактың диаметрі бойынша анықталады. Бұл көрсеткіш бояудың механикалық қасиеттерін жанама сипаттайды, бірақ тұтқырлық және беріктік қасиеттерін ажыратпайды және тиксотропия жөнінде малімет бермейді.

Бұзылған құрылымның төменгі тұтқырлығына жақын, агу жылдамдығы жоғары болғандағы тұтқырлық білдірілген вискозиметрде жуық шамамен анықталады (2.16 сурет). Бұл күрал, білдірілген зерттелетін бояу толтырылған цилиндрдің тік санылауы арқылы құлау уақытын анықтау негізінде, тұтқырлықты жеткілікті деңгейде дәл анықтауга мүмкіндік береді. Білдірілген түрлішік қысым бере отырып, реологиялық қисықтарды алуға және тұтқырлық аномалиясы дәрежесін бағалауға болады.

Тұтқырлығы аз бояулардың (ойындық баспаға немесе флексографияға арналған) тұтқырлығы стандартты құрылғыдан бояудың белгілі көлемінің

секундтар ішінде ағып шығу уақытымен сипатталады. Негізгі баспа түрлеріне арналған бояулардың тұтқырлығы туралы мәліметтер 2.7 кестеде көлтірілген.



2.16 сурет. Өзекті вискозиметр ПВК : 1-өзек, 2-бояулы құыс, 3- термостат,4-термометр, 5- фиксатор, 6- ришки, 7- жүк жыныстыры

2.7 – кесте

Баспа бояуларының қасиеттері

Баспа әдісі және бояу типі	Баспа процесінде бояуды көшіру механизмі	Кептіру әдісі	Динамикалық тұтқырлық үшін басылым материалындағы бояу қабатының қалындығы	Басылым материалы на бекітген болудың мөлшері	Қосымша мәліметтер
Жазық оффсеттік Майлы бояу негізді Ультракүлгін/электронды сәулелі кептіру	1МПа байланыс аймагында бояудың таралуы	Физикалық сінірлү: Химиялық тотығу, молекулалардың тізбектеу, полимерлі торды түзу	40-100 Па с сықпа сипатты 0,5-1,5 мкм	90-100%	Баяу кептіру баспаның жоғарғы сапасы

Ойындың басылымы Сұйылтқыш: су немесе толуол, УК-кептіру	Бояудың таралуы, ұяшыктарды босату, баспа кысымы 3 МПа байланыс аймағында	Сұйылтқыштың булануы, УК-сөүлендіру әсерінен макромолекулалардың тізбектеу	0,05-0,2 Па ^ж 0,8-1,0 мкм 5-8 мкм	25% 100%	Қазаудың сініру касиетінің жоғарылығы. Сұйылтқыштың регенерациясы. Бояудың қалын қабатының мүмкіндігі.
Флексографиялық басылым. Сұйылтқыш: су, спирт, УК-кептіру.	Бояудың байланыс аймағында 0,3 МПа таралуы	Сұйылтқыштың булануы, сөүлендіру әсерінен макромолекулалардың тізбектеу	0,05-0,5 Па ^ж 0,8-1,0 мкм до 2,5 мкм	20-30% 100 %	Орташа сапа Сұйылтқыштың регенерациясы. Бояудың қалын қабаты, жоғары сапа
Шығындықтың басылымы	Бояудың байланыс аймағында 0,3 МПа таралуы	Макромолекулалардың сініру және кептіру	50-150 Па ^ж 0,5-1,5 мкм	90-100%	Баяу кептіру
Трафареттік басылым. Сұйылтқыш, УК-кептіру	Кешіру қабатымен жабылмаган тор ұяшыктары арқылы бояуды басып шыгару	Бояу типіне байланысты	Тор ұяшыктарының ұзындығына байланысты 12 мкм	Бояу типіне байланысты	Қолданылуының әртүрлілігі. Сапаның темендігі

2.3.2 Баспа бояуының жабысқақтығы

Басу процесі кезінде бояудың қасиетіне, тиісінше, баспа-таңба сапасына жабысқақтық елеулі әсер етеді. Бояу аппаратындағы бояудың таралуында, формага түсіру және басылымдағы материалға көшіру кезіндегі бір-бірімен катар жүретін екі құбылысты ажырату кажет. Біріншіден, бұл бояудың әрекеттесетін бетке жабысқақтығы, екіншіден, екі сыртқы бет аралығындағы бояу қабатының қарсылық әсери.


Бұл түрліш мәндегі бояудың физикалық қасиеттерінің басу процесі кезінде байқалуы болып табылады.

Бояудың жабысқақтығы. Жабысқақтық немесе адгезия – бұл түрліш екі материалдың (бояу мен біліктің, бояу мен басу формасының, бояу мен қағаздың) молекулалық тартылыс күші немесе қос электрлік қабаттың тартылыс күшінен байланысуши сыртқы бетінде пайдаланылған тартылу күші немесе бір-бірімен жабысуы. Адгезия бояудың (байланыстырылғыштың)


және бояумен байланыска түсетін сыртқы беттің химиялық құрамына байланысты болады. Мөлшерлік түргыдан ол сыртқы бет бірлігіне тартылу күшімен немесе сыртқы беттен жабысқан бояуды ажыратуға жұмсалатын күшпен елшеседі.

Жабысқақтық бояудың реологиялық қасиетіне – агуына байланысты болады. Молекулалық тартылыс күші, атомдар мен молекулалар өлшемдерімен салыстырлыктай, жақын қашықтықтарда әрекеттеседі. Сондықтан да жабысу үшін беттесетін денелердің неғұрлым жақын болуы қажет. Бірақ қатты денелердің сыртқы беті тегіс емес кедір-бұдыр болып келеді. Сондықтан да екі қатты дененің байланысында молекулалық күштер азғана беттесу нүктелеріндегі әрекеттесіп (2.17а-сурет), іс жүзінде денелер бір-бірмен жабысады.

Беттесетін екі дененің бірі, қатты дененің тегіс емес барлық сыртқы бетіне ағып бара алатын, сұйықтық болғанда молекулалардың жақындастыру жеңілдейді. Бұл қатты денемен сұйықтықтың беттесетін барлық аудандарында молекулалардың әрекеттесуін қамтамасыз етеді (2.17б-сурет).



a



b

2.17 сурет. Екі дененің байланысының сыйбасы:

а- екі қатты денемен, б- қатты дене және сұйықтықпен

Баспа бояуның агуы молекулалық табигаты бояудың білікке, баспа формасына, қағазға және басқа да материалдарға дымкыштық пен жабысқақтық беруге тиісті байланыстырылыштан алынады.

Формага және формадан түсіруде, басылымдағы материалға енгізуде, бояу бір мезгілде екі сыртқы бетте жабысуы және олардың арасында болыну тиіс. Осыған байланысты жабысқақтық беріктігі немесе адгезия (жабысқақтың бірінші көріні) бояу қабатының ажырауға кедергі күшінен (жабысқақтың екінші көріні) жогары болуы тиіс.

Басуда бояу сыртқы бетте жабысады және сұйық күйде таралады. Когезияның молекулалық күшін, жаңа бос сыртқы беттерді алу үшін когезиялық күштерге карсы аткарылуы тиіс жұмысты ескере отырып, жанама жолмен және жуықта анықтауга болады. Когезияны басу күші A_k жанадан пайда болған сыртқы беттің бос энергиясына тең. 1m^2 есептегендегі $A_k = 2\sigma$, мұндағы беттік тартылыс. Екінші жағынан, бұл жұмыс когезиялық күштерді F_k молекулалық күштердің асері шегінде г қашықтықка артқа тастау болып табылады. Егер бұл қашықтық 10^{-5} см-ге тең деп алсақ және қашықтық артқан сайын молекулалық күштердің күрт кемітінін ескерсек (карапайымдылық үшін молекулалық күштердің жарты мәндерін аламыз),

онда тәжірибелік анықталған беттік тартылыштың мәні бойынша көзсия күшінің мөлшерін есептеп шыгаруға болады:


$$A_k = 2\sigma = \frac{r}{2} F_k = 0,5 \cdot 10^{-7} \cdot F_k.$$

$30 \cdot 10^{-3}$ Дж/м²-ге тең.

Полимерленген олиф майы үшін беттік тартылыш
Бұдан көзсия жұмысы $A_k = 2\sigma = 60 \cdot 10^{-3}$ Дж/м²-ге, ал 1м² көзсия күші
 $F_k = 60 \cdot 2 \cdot 10^{-3} \cdot 10^7 \approx 10^6$ Н/м²-ге тең.

Басу кезіндегі жабысқақтық мәні. Қағазға, қатырмага және басқа да соған ұксас материалдарға басу кезіндегі бояудың адгезиясы, целлюлоза талшықтарында кездесетін полярлы гидроксиль тобының көп болуы нәтижесінде беттік белсенділіктің жоғары болатындығымен түсіндіріледі. Физикалық адсорбция нәтижесінде әдеттегі байланыстырыштар негізінде дайындалған бояулар қағазға жақсы жабысады. Байланыстырыш пен целлюлоза талшықтары арасында химиялық байланыстарда болуы мүмкін.

Дегенмен мұндай бояулармен полярлы емес полимерлі материалдарға (мысалы, полиэтиленде) басу кезінде бояу жабысқанымен, кейіннен кебу кезінде бояу қабыршакталып кетеді. Сондықтан жасанды материалдарга басу үшін байланыстырыш (шайыр, полимерлер, сұйылтқыштар) құрамы басылымдағы материал табигатына сай келетін, бояудың жоғары дәрежелі адгезиясын камтамасыз ететін, бояу түрі таңдалып альянады.



2.18 сурет. Бояу созындыларының (тәж) түзілуі мен үзіліүі:

а- ұзын созбалар (тозандану), б- қысқа созбалар (тозандану жок)


Жабысқақтықтың екінші ретті байқалуы – бояу қабаттарының бөлінуге қарсылығы – бояу жайылмай қалмас үшін тым аз болмауы тиіс.

Баспа кемшілігінің келесі бірі – баспа өнімін жарамсыз етіп, форманы ластайтын қағаз беліктерін бояудың жұлып алуы. Қағаздың беттік беріктігінен жабысу кедергісі артық болғанда бояудың қағаз беліктерін жұлып алуы байқалады. Бұл қағаз кемшілігі болып табылады, дегенмен көп жағдайда тиражды қағазды ауыстыру мүмкін болмайтындықтан, бояу қасиеті жуулуды тудыратын күштің сипатына сай өзгертіледі. Мұндай кернеулер байланысу аймагынан баспа-танба алу кезінде, сондай-ақ баспалық формадан ауытқуда және бояудың созылуы қабаттың біртектілігінің жойылуында байқалады. Оnda вакуумдық құystар пайда болады да, кейіннен, ақыргы үзілдерден бұрын белгілі бір шектерде бояу созындылары түзілетін, изолацияланған беліктердің пайда болуына экеліп соғады (2.18-сурет). Созындылар мен вакуумдық құystардың түзілуі, пайда болатын кернеудің бояу ішіне қарай бағытталатындығынан, бояу жұлдынуына себеп болатын қосымша кедергілер тудырады.

Бояудың жұлдынгыштығы тұтқырлықка байланысты болады және басу жылдамдығы артқан сайын жогарылайды. Сондықтан қағаз беті беріктігін өлшеуде, бояу жұлдынгыштығы басталатын ең төменгі басу жылдамдығы анықталады.

Бояудың жабысқақтығы оның тозандануы, яғни басу кезінде бояудың ұсақ болжектерінен тұрқаты бояу тұмандының түзілуіне де байланысты болады. Бояу тозаңының пайда болуының себептерінің бірі – бірнеше жерден үзілетін, ұзын, жіңішке бояу созындыларының түзілуі (2.18а-сурет).

Басу жылдамдығының артуы бояудың жіңішке жілтей созылуына эсер етеді. Сонымен бірге бояудың созылуы оның реологиялық қасиеттеріне де байланысты. Бояудың созылғыштығы оның тұтқырлығы артқан сайын жогарылап, керісінше, тұтқырлық аномалиясы жогарылаганда кемиді. Сонымен күрілымдығы мен тұтқырлық аномалиясы жогары болғанда, созылғыштық (жілтер ұзындығы) пен тозандану деңгейін төмен болады (2.19 сурет).



2.18 сурет. Бояу тұтқырлығы аномалиясы деңгейінің тозандануға эсере

Кұрамында алқидті шайырлар кездесетін, көп компонентті байланыстырыштардың стабилизациялау қасиеті жоғары болады. Соңдықтан да, оғсетті және жылдам басуға арналған бояулардың тұтқырлық аномалиясы төмен болады, бұл аппаратта бояудың жақсы таралуына және түрлі материалдар бетіне жақсы басылуына ықпал етеді. Сонымен бірге теменгі құрылымдану тозандануды қамтамасыз етеді. Міне, осылай бояудың реологиялық қасиеттерінің курделелігі мен көп түрлілігі технологиялық қасиеттерге әсер етеді.

2.3.3 Бояудың оптикалық қасиеттері

Бояудың оптикалық қасиеттері, оның ішінде түсі бәрінен бұрын пигментке байланысты болады. Пигмент пен байланыстырыштың үйлесімділігімен өзара әсери де өз ықпалын тигізеді. Бояудың оптикалық қасиеттеріне олардың түстік сипаттараты жатады: жылтырлық (глянец), мөлдірлік немесе өған керісінше – жабындық қасиет; қанықтылық; жарықтозімділік, соңдай-ақ түстің сұйытқыштар мен реактивтерге теziмділігі.

Күн сәулесімен немесе жасанды жарықпен кез келген затты жарықтандырганда, жарық ағынының ішінде шағылысуы байкалады. Ашықтық, яғни белгілі бір бағыттағы бет бірлігінен сәулелендірілген жарық ағыны, іс жүзінде бояу қасиеті ретінде ашықтықты сипаттайтын, шағылысу коэффициентіне байланысты болады.

Әдетте сыртқы беттен әртүрлі бағыттарда қарқындары әр түрлі жарық ағындары шағылысады. Бұл нысанға түрлі бұрыштардан караганда байқалатын ашықтықтың өзгерісіне сәйкес келеді. Тек қана өте құнгырт сыртқы бет (кулінгірт қағаз) жарыкты барлық бағытта бірдей шағылыстырады.

Бояудың ашықтығы шағылысқан сәуленің мөлшерін сипаттайтын және көзben қараганда субъективті жарық әсери.

Ашықтығы жоғары ахроматты сәулелендірудің шағылыстыру коэффициенті 100%-ға жуықтал, ақ бояуга сәйкес келеді. Шағылыстырылған теменгі коэффициенті (5-6%) қара сыртқы бетке сәйкес келеді.

Түстілік және түстілік рең. Әдетте, сыртқы беттер сәулені түрліше шағылыстырады: толқын ұзындығыны белгілі бір мәнге сәйкес келетін сәулелерді – жоғары, ал келесілерді төменгі дәрежеде шағылыстырады. Мұндай беттердің спектрлер белгітері үшін шағылыстыру коэффициенттері түрліше, соңдықтан да беттердің түстері де түрліше болады.

Кез келген курделі сәулеленуге, зерттелетін үлгіге сай, монохроматты түс таңдау алуға болады. Мұндай монохроматты түстің толқын ұзындығы λ әрпімен белгіленетін оның түстік реңін анықтайтын түс сипаттамаларының бірі. Түстің келесі сипаттамасы – қанықтық. Сәулелену, В₁ түстің реңін анықтайды, В₂ ахроматты ақ түспен түрлі ара катынаста болуы мүмкін. Бұл ретте түс реңі бұрынғы күйінде қалады, ал өзгеретін дәрежесі – ол ақ түс, сол себепті оны ағару дәрежесі деп атайды. Басқаша айтканда, сәулеленудің

қаныктығы түспен айқындаушы, аталмыш гүлдің ренін езгертеді, субъективті қаныктық бояуда бояуши заттың көрсеткіші ретінде қабылданады немесе бояудагы баспа таңба қаныктығының дәрежесі р түстің тазалығымен көрсетіледі немесе сәулеленудің ашықтық қатынасымен, түстің ренін айқындаушы түстің ортақ ашықтығын сипаттайды:

$$\bar{p} = \frac{B_{\lambda}}{B_{\lambda} + B_{\text{сез}}} \cdot 100$$

Монохроматты сәулеленудің дәлдігі 100% тең, себебі


$$\bar{p} = \frac{B_{\lambda}}{B_{\lambda} + 0} \cdot 100.$$

Ахроматты түстің тазалығы нөлге тең

$$\bar{p} = \frac{0}{0 + B_{\text{сез}}} \cdot 100.$$

Сонымен, түсте үш сандық сипаттама болады: ашықтық, түс ренделілігі және тазалығы.

Түстің сипаттамаларында айрықша мағына көп бояулы басуда түсті түпнұсқаның колористік дәлме-дәлділігі: көгіллір, кара қошқыл, сары және кара(триадты) үш негізгі түсті бояуга тәуелді болады, жогары ашықтық және түс қаныктылығына ие болу керек. Дұрыс жағдайда олар спектр аймақтарының бірінде сәулеленуді толыктай жүтуы тиіс және өзге екеуінде көрсетілуі керек (2.20 сурет).



2.16 сурет. Пәк және шынайы бояудың спектрлік кисык шагылыштары

Шынайы бояулар үштік бояуды құрайды, олар идеалды бояулардан бірталай ерекшеленеді, бұл түстің тиянкты болу мүмкіндіктерін шектейді.


Басу өнімінің түрі мен қолдануына байланысты баспа таңбалар жылтыр және күлінгірт болады.

Жылтыр баспа таңбаның жалтырлығы қағаздың жалтырағы тәрізді. Ол арада белсек-бөлек бағыттарда үлгінін біркелкі емес ашықтының көрсетіледі және нәтижесінде сәуленің шағылуы шағылу және құлау бұрышына тең.

Жылтыр бейнені алу үшін аса жылтыр (борланған) қағазға басады, арнайы шайырдің көп мөлшері бар жылтыр бояулар қолданады, баспа таңбаны лактайды, түрлі пленкалармен жабады.

Жалтыр сәуленің тегіс бетте айнадай шағылуынан пайда болады. Шағылған сәуле бояушы заттен оптикалық байланысқа кірмейді. Сол себептен жылтыр шағылу сәуленің жұтылуын талдамайды және шағылған сәуле дәл сол спектральды құрамда болады, құлаган сәуле сияқты. Әдеттегідей жарық түсіру кезінде жылтыр беттің бетіндегі іздер ак болады, бояудың түсіне тәуелсіз, сонда илану қызын, корінген жылтыр бояулы затқа қарап білуге болады. Түсті бейнеге ондай бояудың ішкі пигментті бөліктеріне кіріп, таңдаулы сәуленің жұтатын болігін алады.

Көп ретті сынып, нүрдүң сол болігі бояудың қабатында ашылады және боялған (2.21 сурет) болып шыгады. Ақырында, жылтыр бейнeden шағылған жарық, шағылған түсті сәулелер ак дактармен үйлесіп кетеді.



2.21 сурет. Бояудың беттіне түскен сәуленің шағылуы
а – жылтыр беттен, б – күлінгірт беттен

Сәуленің ак белігі келенке ретінде бакылауышка белгілі бір бұрышта ғана көрінеді. Басқа бағыттарда бастысы тек түрлі түсті сәулелер көрінеді, ак түспен араласпагандар, соған байланысты бейне қанық болып қабылданады.

Күлінгірт беттен шағылған саулелер, ак және түсті сәулелер, жан жаққа шағылады, және бакылауыш баспа таңбаның тусу бұрышына қарамастан түсті сәулелердің акпен араластырып қабылдайды, ол қанықтылықты темендетеді.

Баспа бояуының молойрлігі мен жабын қабілеттілігі. Түрлі-түсті бетте басуда, түрлі түсті қағазда немесе түштей материалдарында бояудың жабу

қабілеті мықты болуы тиіс, себебі таңбадағы бояу жұка қабатпен жабу үшін және түрлі түсті фонда анық бейне шығару үшін.

Керісінше, көп бояулы баспада, әртүрлі реңдер бояуды арапастырумен шығарғанда, олар мәлдір болуы керек. Дисперсты жүйс сиякты бояудың мәлдірлігі мен жабу қабілеті бояуга байланысты. Бояуда дақтың көп бөлігінің болуы бояудың ішіне кіруі сәулениң көпретті сиңуына экеледі. Егер әр дақтың бөлігіндегі етуйнде сиңу көп болса немесе қосуши пигмент шекарасы сиңу коэффициенті 1-ден ерекшеленсе, бояу қабатына кірген сәуле, бастапқы бағытынан ауытқиды (2.21б сурет). Нәтижесінде сәулениң басты болігі сол қабатта қалады және астарға жетпей шығады. Бұл кезде бояу мәлдір емес болып келеді. Бақылауыш шағылған сәулелерді астардың түсіне қарамай қабылдайды.

Сәулениң катты сиңуы байкалганда бояу мәлдір болады, қосуши – пигменттің сиңу коэффициенті 1-ге жақындағанда сәулениң бағыты бастапқыдан озгермейді, тұрып қалмайды, барлық боліктерден отеді де, астармен және бояудың томен жаткан қабатымен әсерлеседі (2.21а сурет). Сондыктan сәуле астардан шағылып, кері кайтқанда, бояу қабатынан шығып, бақылагыш сәулені қабылдайды, оның түсі бір біріне салынған бояудың қабаттарының оптикалық көрсеткіштерімен анықталады.

Түрлі-түсті фонда басуға ариалған бояуларды, мысалы түптеуге, жабу қабілетіне тексереді. Тексеру үшін оларды ақ және қара беттерге жабады (актығы жоғары қағаз және қара бояулы баспа таңба). Қара негіз сәулениң жұтылуын экеледі, бояудың қабатынан откен оларды, бақылагыш шағылған сәуле деп байқамай кетеді.

Жабын қабілетінің сипаттамасын ΔЕ бояудың түстік айырмашылықтың көлемін ақ және қара негізде анықтайды, оның жабу қабілетінен азды көпті болады.

Көпбояулы баспаға ариалған баяуларды мәлдірлікке зерттейлі. Ол үшін қара негізде әр түрлі қабатпен бояуларды жағады және оның оптикалық тығыздығын анықтайды. Мәлдірлікте он баллды шкаlamen өлшейді, оптикалық тығыздығының жоғарылауы ретінде D бояудың қалындығына байланысты h, мәлдірлігі жоғары бояудың, катынасы кіші $\Delta D / \Delta h$.

Мәлдірлік (жабын қабілеті) - он баллды шкаlamen өлшенеді: 10 балл максималды мәлдірлікке сәйкес (соған байланысты жабын қабілеті минималды), ал 1 балл - минималды мәлдірлік(максималды жабу қабілеті).

Карқындылық – минималды шығын кезінде бейнеге қажетті оптикалық сипаттама беретін бояудың қабілеті (жалпы оптикалық тығыздық). Екі бірдей түсті бояудың ішінен, бірдей оптикалық эсерді аз қажет ететін бояу қарқынды болады. Оптикалық карқындылықты баспа таңбала оптикалық тығыздықта бояудың санымен бағалайды. Карқындылықты анықтаудың белгілі әдісі зерттеліп жаткан бояуды зерттелген бояумен салыстыру болып табылады.

Бояудың карқындылығы, көбіне, пигменттың қабілетіне, оның химиялық құрамына, дисперсты дәрежесіне және де бояудың концентрациясына тәуелді. Пигменттің концентрациясының бояуда

жогарылауы май сыйымдылығының жогарылауы мен факторына, пигменттін біркінен және дисперсты жүйеде бояуды косушымен шектеледі.

Бейненің оптикалық тығыздығы бояудың қарқындылығына ғана тәуелді смес, сонымен катар баспа таңбаның санына да тәуелді, себебі ол формадан қағазға ететін бояудың көфициентіне, бояудың техникалық қасиеттеріне тәуелді.

Сонымен катар, бейненің оптикалық тығыздығы қағаздың бояуды қабылдау мелшеріне де байланысты. Тегістігі ете жогары қағазға бояу аз кетеді, оларда бояуды қабылдау мелшері аз және микро тегістеуге, ак астарды бояуга жеңіл.

Қарқындылық (I) пайызбелі және бояу қабатының қалындығына (h_0) көрішамасын өлшенеді, сонымен көлтірілген тұс көрінеді:

$$I = \frac{1}{h_0} \cdot 100.$$

Жарыққа төзімділігі бояудың баспа таңбага басылу кабілетімен жарық түскенде өзінің кабілетін өзгертуеүмен сипатталады. Ол пигменттің жарық төзімділігіне тәуелді. Жарық төзімділігі сегіз баллды шкаламен өлшенеді, оны эталонмен салыстырып алады - көгілдір жартылай ренкті шкаламен (сегіз жартылай ренк жолақшалар көгілдір әртүрлі жарық тұрақты бояулармен боялған). Оте әлсіз жарық төзімділік 1 үлпаймен бағаланады, 2 - әлсіз, 3 - қанағаттандырлық, 4 - әжептауір, 5 - жаксы, 6 - ете жаксы, 7 - тіпті керемет, 8 - арнаулы. Басу процесін жоспарлаған кезде осы параметрлерді ескере отырып бояуды таңдауга болады (2.8 кесте).

2.8 - кесте

Өнімнің әр түрінен байланысты бояудың жарыққа төзімділігі

	WS 7-8	WS 6	WS 5	WS 3-4	WS 1-2
Өнімнің түрі	Декоративті түрлі-түсті бояу, сыртқы плакаттар, бутафория (магазиннің серелерінде)	4 апта аралығында күндізгі жарықпен зертлесетін орамалар мен плакаттар, кітап мұқабалары, географиялық карталар	Орташа колданыстағы баспа өнімі	Күн соудесімен әрекеттеспейтін проспекттер мен каталогтар	Пошта арқылы жіберілетін қағаз пакеттері, қалтар, жарнамалық материалдар, жол жүру билеттері

Таңбаны жарық төзімділігіне сынау үшін, оны токыма шкаланың жаңына қыстырып, ылғалдан қорғалған күндізгі жарығы бар белмеде үстап тұрады (соғуле зертсін тигізеді). Таңбаны кішкене мөлдір емес, қалындығы 0,5 мм-ден аспайтын қатырмамен жабады. Сынакты тездету үшін күндізгі жарықтың орнына жогары қысымды ксенонды шамдарды колдануга болады.

Сөүле асерін тигізу процесінде таңба түсінің бірінші өзгерісін және ол сайкестенген эталонды белгілейді. Таңбаның жарықта төзімділігін сол таңбага жақын эталонның тиісті номеріне сәйкес ұпайлармен бағалайды. Егер таңба түсінің өзгерісі екі көрші эталонның орташасы болса оған екі номер беріледі, мысалы 6-7. Бірақ мұндай класификация 5-тен төмен болғанда колданылмайды. Токыма шкаланың дәрежесі және олардың белгіленуі 2.9 кестеде көрсетілген.

2.9 кесте

Токыма шкаланың дәрежелері

Токыма шкаланың дәрежесі	Бағасы	Мамыр мен тамыз айлары аралығында күндізгі жарықтың сөүле асерінің шамалас ұзактығы	Ескертү
WS 1	ете төмен	1-2 күн	Түстер жарықта төзімді емес
WS 2	төмен	4-7 күн	
WS 3	біркелкі	2 апта	
WS 4	жақсыға жақын	1 ай	
WS 5	жақсы	2 ай	Түстер жарықта төзімді
WS 6	ете жақсы	4-6 ай	
WS 7	тамаша	1 жыл	
WS 8	ерекше	2-3 жыл	

Еріткіштер мен реактивтердің асеріне бояудың жарықта төзімділігі. Бояуга судың, спирт, бензин, майлардың және басқа да еріткіштердің, еріткіш қышқылдарға және сілтілерден оларды қосуышылар ериді немесе пигменттің химиялық курамы өзгереді, салдарынан бейненің түсі өзгереді, негізгі түрі нашарлайды. Ерігіштің мен пигментте болатын химиялық курамының өзгеруі оның табигатынан болады. Сол себепті бояудың тұрақтылығын пигментке сәйкес керекті немесе басқа да реагенттермен таңдайды.

Алайда бояудың төзімділігіне және байланыстыруышының курамына, сол немесе өзге езгішті еритін шайердің және басқа да компоненттердің бары асер етеді.

Бояулар басу өніміне байланысты еріткіштермен реагенттерге қатысты әртүрлі тұрақтылығы болуы тиіс. Мысалы, плакаттармен афишаларды басуға арналған бояулар суға беріктігімен, химиялық тауарларға арналған боялар-қышқылдармен сілтілерге жоғары беріктігімен ерекшеленеді. Сол сияқты, сілтілік желиммен жапсыруға арналған баспа өнімдеріне плакат, көрнекті материалдар, маркалар, этикеткалар және т.б..

Баспа өнімдерін лактау технологиясында лакта болатын еріткіштің курамына мән беру керек, ол бояу қабатын бұзыу мүмкін (мысалы, спирт).

Бояудың беріктігі бесбаллды жүйемен өлшенеді-ең жоғары беріктік 5 баллмен өлшенеді.

2.3.4 Қағаз бен бояудың өзара әрекеттестігі

Бейненің пайда болуы басу процесінде қағазбен бояудың әрекеттесуінен пайда болады. Бейненің сапасы - графикалық дәлдік, оптикалық тығыздық, түстің көрсетілуі және де технологиялық процестің тоқтаусыз етуі, қағаз бен бояудың физикалық және технологиялық қасиеттеріне байланысты.

Қағаз бен бояудың асерлесіүі келесіле, біріншіден, бояудың формадан қағазға тасымалынан және баспа таңбаның пайда болуына, тұпнұсқаны жүргізуімен, екіншіден, баспа таңбада бояудың бекітілуімен түсіндіріледі. Осы процестер сан-алуан және материалдың қасиетіне байланысты, басу шарттарына тәуелді болады. Қағаздың түсті түсінің контрасты бояудың түстерімен араласуы суреттің оргак колоритін тұпнұсқамен салыстырганда езгертуі мүмкін.

Қағазды бояумен сулауы, оның жұгы мен жабысуы бояумен қағаздың байланысында болып жатады, оның дәрежесі рельеф бетіне тәуелді, ал тиімді тегістіктен, демек, баспадағы кысымға да тәуелді.

Басу дәрежесі формадагы бояудың қалындығына байланысты. Боялған жер басылған бояудың тегіс емес жеріне бояудың кіріп кетуімен салыстырганда аланың үлкейтеді. Ол үлкейген сайын оның қалындығы да қалындейдьы. Бояу қалындағаннан қағаздың тегіс емес жерлерін тузулеп тегістейді және оның басу элементтерінің формасымен байланысуышы бетінде тегістейді.

Қағаздың кедір-бұдырлығын тегістеу үшін керекті бояудың саны және оның бояу мөлшері бояудың бетіне байланысты болып келеді.

Бояу мөлшерін бояуды жылжыту коэффициентімен – формадағы бояу санымен баспа таңбаға өткен бояу санымен катынасы арқылы өлшейді. Максималды ауысу болғанда пайда болатын кабаттың қалындығы бояу сыйымдылығын анықтайдай.


Жоғары бояу сыйымдылықты тегістігі төмен қағаз және кедір-бұдырлы (шероховатой) бет алады. Оны басу үшін формада бояудың көп мөлшері қажет, ол бояудың баспа таңбада жайылуына экеледі, сондыктan да бейнеде графикалық және реңді өзгерістер болады. Керісінше, жоғары тегістікті қағаз аз бояу мөлшерімен анық бейне береді.

Бояудың қасиеті ауысу коэффициентіне де катысты. Бұл параметр бояудың минималды тұтқырлығының жоғарылауымен үлкейді. Бірақ бояудың тұтқырлығы жоғары болмауы керек, себебі тұтқыр бояу бос орындарды аз уақытта толтырып үлгермейді және бейне толықтай басылмай қалады. Тұтқырлықтың аз болуы формадағы кысымның болуынан бояуды басу элементтерінен ығыстырып тастайды, салдарынан бейне кисайып кетеді.

Әдеттең тыс тұтқырлық оның жабысқақтығын қөбейтеді, бояу кабатын белуге арналғандай, бояудың талшықтарын және толықтырыш беліктерін жүлмалануына экеледі.

Сіңіріту мәні. Бояу мен қағаздың катынасы оған бояудың етуінде немесе оның компоненттері қағаздың кеүекті құрылымына енуі. Енү жылдамдығы мен терендігі қағаздың тесіктеріне және тұтқырлығына байланысты. Сол себепті кеүектілік беттің сипатына байланысты болады. Мысалы, қабілеттілігі жоғары тегіс қағаз майдада кеүекті құрылымға ие, ал тегістігі аз, мысалы газеттік қағаз, ірі кеүекті құрылымға ие. Кеүектігіне байланысты қағаздар бояумен әртүрлі агады.

Қағазбен катынаста бояу форманың қысымының арқасында қағаздың кедір-бұдырына жабысады және оның кең бос орындары бір жүйе ретінде енеді. Қысымды алған соң капилляры күш қосылады да, сіңіру пайда болады (2.22 сурет). Ирі кеүекті қағаз болғанда және аз тұтқырлықты бояу бүтіндей компоненттерге белмей жүтылуы мүмкін. Майдада кеүекті құрылым таңдамалы бояудың аз тұтқыр компоненттерді жұту шарттары-майлармен еріткіштер. Талшық беттің және толықтырғыш белшектерінің таңдаулы сіңірге әсер ететін байланыстырғыш адсорбциясы.



2.22 сурет. Қағадың бос орындарына бояудың етуі:
а – форма қысымымен, б – капилляр қысымымен

Таңдаулы сіңіру нәтижесінде бояу қабатындағы пигменттің концентрациясы үлкейеді, соның салдарынан оның бекітілуіне әсер ететін бояудың қаогуляциялық құрылымының беріктігі жоғарылайды.

Бояу мен қағаздың нақты әсерлесіүі үшін бір жағынан бояу мен оның компоненттерінің құрамы мен тұтқырлығы, екінші жағынан қағаз құрылымының кеүектілігі баспа өнімінің сипатына және басу шарттарына сәйкес болу керек.

Қағаз бен бояудың қасиеттерінің сәйкесіздігінен туындаған таңдамалы сіңірудің бүлінуі технологияның әртүрлі ақауларына экелуі мүмкін. Бояудың шамадан тыс сіңірілуі таңбаның артқы беттіне етіп кетуіне экеледі. Еріткіштердің толықтай сіңбесін бояудың бекітілуін төмендегетеді.

2.4 Баспа бояуының ассортименті

Басылымның әр түрі басу аппараттарының құрылымына қарамастан бояудың арнайы түрін колданады. Баспа бояуларының нарығы әр басылым түріне байланысты кең таңдау жасауға мүмкіндік береді.

2.4.1 Офсеттік басылымға арналған бояулар

Офсеттік басылым үшін жогары тұтындырылған (динамикалық тұтындырылғы $\eta = 40 - 100 \text{ Па}\cdot\text{с}$) паста тәріздес баспа бояулары керек. Бояу былай келтірілуі керек, боялатын аппараттың жайылатын блістеріндегі және басу формасын резенде маталы бетке тасымалдау кезінде кеүіп кетпеуді керек. Қолдама оффсеттік басылымға арналған баспа бояулары (ылғалданылған) ерітіндісі мен бояулар) басу формасы мен ерітінді арасындағы ылғалданылған формалардың белгілі мөлшерін қабылдау керек немесе тікелей ылғалданылған аппараттың альну керек. (Керісінше, ылғалдануның қолданбайтын оффсеттік басылымда бояуга силикон майын косады, ол форманың бос орындарына бояудың жағылуна кедегі етеді). Оффсеттік басылымда басу бетінде ете жуқа бояу қабатын жағады (шамамен 0,5-1,5 мм). Оффсеттік бояулар келесі компоненттерден тұрады:

- фирнис (байланыстыруыш зат) негізінен катты шайырлардан тұрады (20-50%) және көп мөлшерде канифольдан, алкідты шайырлардан (20% дәйін), зығыр, соя, тунг майлары қосылған есімдік майынан (30% дәйін), минералдық майлардан (20-40%) және түрлі сиккативтерден (<2%) тұрады;
- пигменттік белік (бояғыштар) түстін рецине байланысты және 10-30%-ды құрайды;
- қосымша заттар (коспалар) 10%-ды құрайтын беліктен тұрады. Қосымша заттарға жататындар:
 - кептіру катализаторлары (кобальт, марганец және басқа да металдардың қосындысы);
 - материалдың мықтылығын жақсартуға арналған восктар;
 - бояу салынған банкада немесебойу жәшігін бетінде уакыттан бұрын кеүіп кетпеудің кадағалайтын заттар;

Оффсеттік бояулардың кұрамындағы шикізат материалдарының жалпы сипаттамасы 2.10 кестеде көрсөтілген.

2.10 кесте

Оффсеттік басылымға арналған бояудың шамалас кұрамы

Шикізат материал	Паралтық оффсеттік бояулары, %
пигмент	10-20
Катты шайыр	25-35
Алкідті шайыр	5-15
Минералды майлы еріткіш	0-30
есімдік майы	30-0
Коспалар	8-12
Сиккативтер	1-8

Дайын баспа өніміне мен басылатын материалдардың сапасына қойылатын сан алуан талаптар бояудың кейбір компоненттерінің пайызыдық катынасының езгерісіне әкелу мүмкін. Бояуды даярлау кезінде құрамын дайындау үшін оффсеттік басылымның басу-технологиялық талаптарын

ескерген жөн. Үлкен мәнгеге мәлдірлік, басу-техникалық касиеттер, оған консистенция, бекітілу дәрежесі, жылтырлық, эмульсиялануға икемділік (бояу мен ылғалдау затының езара асерлесуі), басылатын бетке бекітілу және бояудың сәйкестігі сиякты касиеттер ие.

Бұл сұраптарды шешу үшін оффсеттік басылымда бояулардың әртүрлі кластарының спектрін қолдануға болады.

Оффсеттік баспа бояуларының класификациясы:

1. Типі бойынша: триадалық, қоспалық.
2. Түсі бойынша: түрлі-түсті, кара, ақ, алтын күміс.
3. Жабын кабілеті бойынша: молдір, жартылай жабын, жабын.
4. Қолданылатын басу жабдығы бойынша: кептіру құрылышы бар рулондық машиналар, кептіруі жок рулондық машиналар, парактық машиналар.
5. Қолданылатын ылғалдау жүйесі бойынша: спиртті ылғалдау жүйесі бойынша, ылғалдаудың әртүрлі жүйесімен жұмыс істей үшін, ылғалданусыз басу үшін.
6. Материалдың сініру қабілеттілігі бойынша: сініретін материалдар үшін, қағаз, қатырма, борланған қағаз (жылтыр немесе қуліңгірт), борланбаған, каландрленген, газеттік қағаз үшін. Сінірмейтін материалдар үшін (фоли бояулары).
7. Арнайы қызметтегі бояулар: ароматталған, тамак өнімдерін орау үшін басуда, металданған, люминесценттік, УК-бекітілетін, интерферентті, термохромды.

Көп жағдайда, төрт бояулы басылыммен тұпнұсқаны ұдайы өндіру үшін триадалық бояулар қолданылады: сары, қызыл, көк және кара.

Триадалық бояулардың әр алуан түрлері кездеседі: парактық басылым үшін, газды кептіруі бар немесе жок рулондық басылым үшін, ылғалданудың әртүрлі жүйелері үшін немесе құрғақ оффсет үшін, сініретін және сінірмейтін материалдарда басу үшін.

Төрт бояулы машиналарда басу кезінде, бояу бірінен кейін бірі берілгенде (кеппеу басу) бояу таңбасын алудың керекті шарты бояу жабысқақтығын дұрыс таңдау болып табылады. Бірінші болып жағылатын бояудың жабысқақтығы келесі бояуга қарағанда жоғары болу керек. Бұл бояулардың дұрыс жагылуының шарттарын жогарлатады.

Триадалық бояулар. Төрт бояулы басылым әдісімен тұпнұсқаны басу үшін әдетте триадалық бояулар қолданылады: сары, қызыл, көк және кара. Триадалық бояулардың сан алуан түрі қолданылады. Олар әмбебап немесе арнайы қатаң белгіленген басу материалының түріне немесе арнайы жабдықтың түріне байланысты жұмысқа арналған болып белгінелі.

Қоспалық бояулар. Егер тұпнұска арнайы «firmalық» түстерден тұратын болса (мысалы, фирманның атауында, оның логотипінде, жарнамасында) және оны қолданылатын триадалықбояулардың түстік рендері арқылы ала алмаган жағдайда арнайы қосымша қоспалықбояулар қолданады, мысалы Pantone.

Pantone сериясындағы бояулар – бұл әмбебап оффсеттік бояулар, қазаң мен катырма бетіне басуға арналған, ылғалдаудың әр алуан жүйесіне карамастан, бір немесе көпбояулы машинадарда колданылады.

Pantone Color Formula Guide жинағышына сәйкес Pantone сериясының 14 негізгі бояулары арқылы 1000-нан көп түстерді алуға болады (2.11 кесте).

2.11 кесте

Pantone негізгі бояуларының тізімі және олардың қасиеттері (Akzo Nobel, Arets Graphics, BASF, Edwards & Co Ltd және т.б. фирма-өндірушілердің берілгендері бойынша)

Негізгі түстер	Жабын қабілеттілігі	Жарықка тұрақтылығы, балл	Тезімділік			
			с	қ	ек	с
Yellow	м	5	+	+	+	+
Yellow 012	м	6	+	+	+	+
Warm Red	м	4	-	-	-	-
Rubin Red	м	5	+	+	+	-
Rhodamine Red	м	5	-	-	-	-
Purple	м	6	-	-	-	-
Reflex Blue	м	4	-	-	-	-
Process Blue	м	8	+	-	+	+
Green	м	8	+	+	+	+
Orange 021	м	6	+	+	+	+
Red 032	м	6	+	+	+	+
Blue 072	м	5	-	-	-	-
Violet	м	6	-	-	-	-
Black	ж	8	+	+	+	+

Тезімділік: с – спирт; қ – кышкылдар; ек – еріткіштер косындысы; с – сілтілер.
 Жабын қабілеттілігі: ж – жабын; м – мелдір.
 Цвет: с – сары; қ – кызыл; ек – көк; ж – кара.

Қоспалы бояуларды даярлаған кезде әртүрлі түстердің бояулары әртүрлі жарыққа тезімді болып келеді, сондыктan құрамдас бояудың жарыққа тезімділігі аралас бояулардың мәніне сәйкес болу керек.

Кейір жағдайларда эталонды түстер картасы немесе түсті таңдау кітабы бойынша таңдалған бояулар басу кезінде дәл түсті бермеуі мүмкін. Ол келесі себептерге байланысты болады:

1. Қағаздың сипаттамасы. Түсті таңдау атласында борланған жәнеборланбаған қағазда әр бояменбасылған үлгілер бар. Олардың арасында айтарлықтар айырмашылық байқалады – борланған қағаздағы түстер анық және таза болып көрінеді. Борланбаған қағазда басу үшін үлгі бойынша борланған қағазға арналған бояуды ғандаса, нәтиже күтілетін нәтижеден бөлек болуы мүмкін.

Таңбаның бетіндегі бояу түсінің езгеруіне қағаздың тусі әкелуі мүмкін (мысалы, оның сарғыштығы). Офсеттік басылымға арналған бояулар мелдір және жартылай мелдір болғандықтан, бояу кабатынан қағаздың тусі көрінуі мүмкін. Бұл эффекті бояуга меллір смес агартқыштар косса азайтуға болады (50% және одан да жоғары).

2. Бояу кабатының қалыңдығы. Таңба бетіндегі бояудың реңі бояу кабатының қалыңдығы езгерген кезде езгеруі мүмкін: ол қалың болған сайын оптикалық тығыздықтың мәні жоғарылайды. Бояу беру деңгейін езгерте отырып оптикалық тығыздықтың керекті мәніне жетуге болады, бірақ оның арнағы шегі бар. Бояу түсінің карқындылығын азайту үшін мелдір агартқыштар қосады.

3. Бояу аппаратын жуу сапасы. Басу кезінде алдыңғы жұмыста қолданылған бояу аппаратының дұрыс жуылмауының нәтижесінде ашық бояулардың түстері езгеруі мүмкін. Сондықтан әрқашан ашықбояуларга ауыскан кезде бояу біліктерін мұқият тазалау қажет.

Pantone бояулары бояу аппаратында кеппейтін (мысалы, Pantone Fresh), күліңгірт қағазда және орамалық катырмаларда басуға арналған оксидантты көбестін (мысалы, Pantone OXY) және фоли (сінірмейтін материалдарда басу үшін, мысалы Pantone FOIL) болып белгінеді.

Металданған бояулар. Бұл бояулар қола мен алюминийдің жұка ұнтақтарынан даярланады. Қолданылатын металданған пигментке байланысты олар «алтын» немесе «күміс» болуы мүмкін (2.12 кесте). Металдық эффекттің әсері болу үшін, алтын үшін сары түсті, ал күміс үшін көк түсті жартылай реңмен басылатын беттің бетін алдын ала басып алу қажет.

2.12-кесте

Кейір металданған бояулардың пигмент құрамы және негізгі реңдері

Аталуы	Түсі	Мыс, %	Мырыш, %
Rich gold	жасыл	70	30
Rich pale gold	сарғыш	80	20
Pale gold	қызылт	90	10

Басу кезінде қоспаларды қолданбау керек, ейткені олар тотығуға әкеледі және таңбаның жылтырын төмендетеді. Бояудың бекітілуін тездешіл, металдық әсерге ИК-кептіруді қолдану арқылы жетуге болады.

Тәжірибелік нәтижелер көрсеткендегі, металданған бояулармен жұмыс істегендегі басу формаларының таралымға төзімділігі темен, ал бояу шығыны көп (шамамен 1,6 г/м²), ол таралымды басу шығындарын көбейтеді.

Флуоресценттік бояулар жарықталу эффектісін алуды қамтамасыз етеді, ейткені олардың құрамында люминофор белшектері бар. Олар люминофорлар – жарықталу әсерін тудыратын зат. Люминофорлар спектрдің көрінбейтін аймагынан ультракүлгін сәулелерді немесе көрінетін жарықты жутады, сонын салдарынан бояу қабатының жарықталу эффектісі көрінеді.

Флуоресценттік бояулар афишалар, әртурлі жарнамалық өнімдерді басқанда және картографияда қолданыс тапты. Бұл бояулар сонымен қатар жасанды мен фальсификациядан қорғауга арналған полиграфиялық өнімдерді басу үшін де колданады. Флуоресценция түсі спектр аймагының көрінетін әртурлі белгі үшін арнайы таңдалынады. Pantone түстік аныктамаларында флуоресценттік бояулардың түстері Pantone 801-ден Pantone 807-ге дейін көрсетілген.

Флуоресценттік бояулармен басу үшін жақсы сіңіру қабілеттілігі бар борланбаган қағаздар қолданылуы мүмкін. Борланған қағазда басқан кезде бояуга сиккатив косу керек, ал косымша таңбаның беріктігін арттыру үшін бейнені лактау қажет.

Флуоресценттік бояуларды қарапайм бояулармен араластыру флуоресценция эффектісінің жоқ болып кетуіне әкеледі.

Табигаты жағынан флуоресценттік бояулар жоғары температураға берік емес, сондықтан оларды басудан кейінгі өндісде таңба бетін қыздыруды қарастыратын операциялардан алшак үстаяу керек.

Термохромды бояулар. Кейір жағдайларда, әртурлі өнімдердін этикеткалары мен орамаларын безендіру кезінде температура өзгерген кезде бейне түсінің өзгерісіне әкелетін термохромды эффектілер қолданылады. Термохромды бояулар (Termochromic Inks) температуралы суыту кезінде түссіз түстен түске өзгеретін және көрісінше қыздырган кезде түсті түстен түссіз түске айналатын пигменттерден тұрады. Температураға байланысты, орамадағы немесе этикеткадағы сурет не көрінеді не көрінбей қалады. Соған байланысты, бөлме температурасында термохромды бояулар түссіз болады да басу сапасын бакылау киынға түседі.

Термохромды бояулар парактық басуға арналған, ал басу машиналары әртурлі типтердің ылғалдау аппараттарымен жабдықталады. Басу кезінде бояу қабатын максималды қалың етіп жағу керек, өйткені термохромды бояулардың карқындылығы қарапайым бояуларға қаралғанда төмен болады.

Басылған таңбаның жоғары түстік дәлдігіне жету үшін басылатын беттің түсі ак болу керек. Сары түсті қағаздарды термохромды бояумен басуға болмайды.

Фоли бояулары пленка, өзі желімденетін материалдар, пластик, металданған қағаздар, ламинаттар сияқты сіңірмейтін материалдарды басуға арналған. Сіңірмейтін материалдарда сіңіретін материалдарға қаралғанда бояу қабатының кебуі таңба бетінде тотығу полимеризация арқылы жүзеге асады. Фоли бояуларында сиккативтердің жоғары мөлшері бар, өйткені олар тотығу полимеризацияның катализаторлары болып келеді.

Фоли бояуларымен басқан кезде басылатын материалың беті активті болу керек, мысалы, адгезияны жақсарту үшін корондық разрядпен өнділу керек.

Фоли бояуларымен жұмыс істегендеге спиртті ылғалдануды колдану керек. Ылғалдау ерітіндісін беру минималды, болады, pH қышқылдық деңгейі 5,3-тен аспау қажет, өйткені pH өлшемі төмен болса, бояудың кебуі бойынша

мәселелер туындаиды. Үлгілдау аппаратының ыдысындағы температура шамамен 12-14⁰ С аралығында ұстау үсніләди.

Үлгілданусыз оффсеттік басылымға ариналған бояулар. Соңғы жылдары кеңінен колданыс тапкан басылымның бір түрі ылғалданусызыз оффсеттік басылым. Бұл басылымды қолдану дәстүрлі технологияға карағанда бірката ерекшеліктерге ие, мысалы жаман сініретін материалдар бетінде бояулардың бекітілу уақытының азаою және таңбалардың жогары қанықтылығы. Күргақ оффсет үшін арнайы триадалық және қоспалық бояулар, мысалы PANTON және сонымен қатар металданған бояулар мен майлы баспа лактары жасалынған. Бұл бояулар үшін ылғалды оффсетте қолданылатын сол қосымша заттар қосылады. Сонымен қатар, бояудың тұтқырылығын төмөндөтеп қоспаларды қолданбау керек.

Үлгілданусызыз басуға ариналған басу машиналары бояу аппараттарымен формалық цилиндрлердің температураларын реттейтін қондырылым мен жабдықталу керек. Бояу аппаратының термореттеу құрылғылармен жабдықталмagan машиналармен жұмыс істегендегі бояудың тез қызып кетуінен форманың ашық элементтерінің бояуды қабылдау қабилеттілігі туу мүмкін.

Үлгілданусызыз оффсеттік басылымда қағаз бен қатырманың борланған және борланбаган сұрыптары қолданылады. Баспа бояуының жоғары тұтқырылығына байланысты жұлмалануды болдырмау үшін басылатын материал бетінің мықтылығы жоғары болу керек.

УК-негізіндеі бояулар оффсеттік басылым үшін қатты және сұйық компоненттерден тұрады: бірінші топқа пигменттер, фотопициаторлар, толықтырыштар және воск, екінші топқа шайырлар, олигомерлер және мономерлер жатады. УК-сәулелену асерінен бояудың құрамына кіретін фотопициатор бос радикалдар немесе катиондар түзейді де, олар байланыстырыштың компоненттері – мономерлер мен олигомерлермен реакцияға түседі және макромолекулалардың кеңістік аралық тігілуін тудырады.

УК- негізіндеі бояулар орама және этикетка өндірісінде кеңінен колданыс тапты, ейткені бекітілу уақытының аздығынан олар өңдеу операцияларын басудан кейін сол мезетте орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, УК-бояулар жоғары жылтырылышқа, жоғары карқындылыққа ие.

УК-бояулармен жұмыс істеу бірката ерекшеліктерге ие.

УК-бояулар мен лактардың құрамына кіретін акрилаттар резинаматалық пластинкалар мен резиналанған біліктердің беттерінің ісінуіне экелуі мүмкін. Сол себепті, оффсеттік резина мен біліктері УК-бояуларна бейім болатында арнайы EPDM (этилен-пропилен-диен-мономер) жабынмен жабылуы керек. Бірак EPDM-беті жабылған біліктер дәстүрлі бояуларға сай келмейді, ейткені олар құрамына кіретін алифалық көмірсүтектерінің асерлесуі кезінде қатты деформацияланады. EPDM біліктерінің деформациясын металданған бояулар да туғызуы мүмкін.

Сондыктан, УК-бояулармен жұмыс істейтін машиналарда біліктердің үстіне нитрил-каучукты жабын жабады.

УК-бояуларға және арнайы жуу материалдарына беріктікті жоғарлату үшін басу пластиналарын алдын-ала термоендеуден өткізеді.

УК-бояулардың қасиеттерін реттеу үшін арнайы қоспалар қолданылады. Ал стандартты дәстүрлі бояуларға арналған қосымша күралларды қолдануға болмайды. Ылғалдау ертіндісіне де арнайы қоспаларды қосады.

УК-кептірудің қуаты басу жылдамдығына байланысты таңдалады. Әдетте, кептірудің орташа қуаты шамамен 80-120 Watt/см.

УК-бояулар тек УК-саулеңен арқылы ғана бекітіледі. Сондыктан, олармен жұмыс істегендегі басудан кейін басу машинасын жуудын қажеті жоқ. Бояулар басу машинасының бояу аппаратында ұзақ уақыт қала береді, бірақ оларды тігінен түсстін күндізгі жарықтан қорғау қажет. УК-бояулар температурасы 15-тен 20⁰ С аралығында даярлау уақытынан бастап 12 ай аралығында жарамды болып келеді.

Гибридті бояулар. Латын сезінен аударғанда «гибрид» сөзі екі әртүрлі компоненттердің қосындысы дегенді білдіреді. Сонымен, гибридті бояулар қыскартылған түрде есімдік және минеталды майлардың негізінде дәстүрлі оффсеттік бояулардың қоспасы ретінде қарастыруға болады. Бұл бояудың бекітілуі аралас үлгіде орындалады, яғни, олар тотығу полимеризация мен УК-саулеңен арқылы бекітіледі.

Бұл бояулардың негізгі ерекшеліктері мыналар:

Гибридті бояулар УК-бояулардың негізгі ерекшеліктеріне ие, яғни бекітілудің жоғары жылдамдығы, жоғары жылтырылыш және дәстүрлі бояулардың жағымды қасиеттеріне ие, мысалы УК-бояуларға қарағанда олар агрессивті және улы емес.

Гибридті бояуларға УК-бояуларға қарағанда беітілу үшін энергия аз мөлшерде қолданылады. Гибридті бояулармен басқанда машинаға қолданыстағы екі, үш кептіру күрьшлиғысының орнына тек бір ғана кептіру күрьшлиғының орнатуга болады. УК-лактау кезінде машинаға праймер жағудың қажеті жоқ, ейткені УК-лак бояумен араласа алмайды. Сонымен, машинаны екі лактау және екі кептіру күрьшлиғыларымен жабдықтаудың қажеті жоқ.

Гибридті бояулардың бір кемшілігі полимерлік материалдарда басуға болмайды, ал УК-бояулармен көбінесе пластикте басу қолданылады.

Интерференттік бояулар құнды қағаздар мен баспа да баспа өнімдерін қорғау үшін арнайы декоративті эффекттерді беру үшін қолданады. Олармен басылған бейшелер көшірмелен өткізгенде көрінбейлі, ал таібаларды фальсификация жасатын болса, ол бояуларға ұксас бояуларды табу мүмкін емес.

Интерференттік бояулардың құрамына жарық саулеңсінің кулау бұрышына байланысты түсін езгертертін арнайы пигменттер қосады. Ириодиды деп аталағы, патенттеген арнайы пигменттердің құрамы негізінде перламутр етіп төгілестін эффектісі бар бояулар даярланды.

Пигмент бетінің бөліктері металл оксидтерімен жабылған. Ириодинді пигменттер негізіндегі бояулар стандартты триадалық бояулар сияқты да қолданыла береді. Олар жоқ дегенде төтіле эффектісін құрайды.

Сонымен катарап, байланыстырыштарға енгізілетін сұйық кристалды полимерлер қамтамасыз етептің түсті интерференттік бояулар береді. Бұл бояуларды қолдану кемпірқосақ тәріздес эффект береді және танбалағы түстің озгеруі көру бұрышына байланысты болады. Мұндай эффекті кебінесе қымбат косметикалық, арак-шарап, және дәрі-дәрмек орамасында қолданады.

Мұндай бояулар ультракүлтін соулелер арқылы бекітіледі және УК-кептіру құрылғысымен жабдықталған оффсеттік, флексографиялық, шығынды басу машиналарында қолданылады.

2.4.2 Шығындық басылымға арналған бояулар

Аз көлемде қолданылып келген баспаханалық басылымда пастағеріздес бояулар қолданылады, олардың негізгі белгі органикалық, бейорганикалық пигменттер және фирмистар болады. Кағаз бен катырмада олар оффсеттік баспа бояулары сияқты басылатын материалды сійіру арқылы, сосын тотығу полимеризация арқылы кебеді. Сіңірмейтін материалдарда, мәлдір немесе металданған кағазда басқанда кебу тек тотығу полимеризация реакциясы арқылы ғана орындалады.

Шығындық басылымның класикалық әдісі қазіргі уақытта негізінен тек газеттерді шығару үшін ғана қолданыс тапты. Бояуларға қойылатын талаптар басылымның сипатына, қағаздың қасиетіне және басу машинасының типіне байланысты ажыратылады.

Шығындық басылымға арналған байланыстырыш қатты шайыр, алкидті шайыр және еріткіштерден тұрады. Қатты шайыр бекітілу кезінде еріткіштерді ажырату арқылы алынатын қабат тұзуші болады.

Алкидті шайыр пигменттің дисперсиялануын жеңілдететін стабилизатор болып табылады. Ол бояуларға жоғары агу қасиетін береді. Бұл қасиет форманың бетіне жаюды және жаймалапуды жеңілдетеді, бірақ таңбаның сызбалық ауытқуларына экелуі мүмкін. Сондықтан бояуларды даярлаган кезде оларға церезин, парафин, жоғары дисперсиялық толықтырыш негізіндегі пасталар сияқты қоспалар қосылады.

Газетті онімдер шығындық басылымның ротациялық машиналарында басылады. Баспа түйісуінің ұзақтылығы секундқа да жетпейді. Сондықтан таңба басылғаннан кейін бояу тез кеүіп кету керек. Газеттік машиналарда басу секцияларына бояу орталық бояу станциясынан құбыр арқылы етеді, сондыктан оның тұтқырылығы аз болу керек, шамамен 3-4 Па·с.

2.4.3 Ойындық басылымға арналған баспа бояулары

Ойындық мен оффсеттік басылымдардың бояулары бір-бірінен тұтқырылығы бойынша ажыратылады. Ойындық басылымда сұйықбояу қолданылады.

Ойыңқы басылымның бояу аппараты қолданылатын дәстүрлі басу әдістерінің ішінде бояу жәшігінен қағазға дейінгі бояудың қыска уақытта жетуін қамтамасыз ететін әдістің бірі. Ол бояудың тұра басу формасынан тікелей баратын бояу жәшігінен және ракельден тұрады. Аппараттың жабық жүйесі томен тұтқырлықты бояуларды қолдануға мүмкіндік берді. Технологиялық тәсіл бойынша ойыңқы басылымның бояуларын даярлау оффсеттік басылымға қарағанда жenіl. Ассортименті ете үлкен: мысалы, бояу қабаты 2 мкм-ден үлкен болып жағылатын бояулар және арнайы металданған пигменттері бар бояулар қолданылады. Баспа бояулары басу формасынан тікелей берілетіндіктен, оның құрамы озгеріп тұрады.

Ойыңқы басылымның бояуларын даярлағанда еріткіштерді қолдану үлкен мәнге ие. Олар томенгі тұтқырлықты қамтамасыз етеді, олардың көмегімен пигменттердің концентрациясын немесе бояудың оптикалық тығыздығын озгертуге болады. Еріткішті таңдаганда келесі параметрлерді ескеру керек:

- қайнау, булану және жану температурасын;
- жарылу шегін;
- иісінің бар-жоқтығын;
- еңбекті қорғау шараларын;
- экологиялық тепе-тендіктері.

Бейнелер мен ораманы басқан кезде заманауи ораманың талаптарына сәйкес еріткіштердің көптеген түрлерін қолданады. Бейнелерді басу үшін негізгі еріткіштер толуол (құрамында бензол бар <0,3 % таза толуол), қсилол және бензиндер (өрт қаупсіздігіне сәйкес көптеген мемелекеттерде тиым салынған).

Толуол – нефтехимияның енімі, түссіз жаңғыш сұйықтық. Қолданылатын байланыстырығыш компоненттерінің еріткіші болып табылады және энергия шығынының аз мөлшерін қолдана отырып кебеді.

Қсилол химия жағынан толуолға жакын, бірақ езінің ете томен булану жылдамдығының нәтижесінде дәстүрлі ойыңқы басылымда қолданылмайды. Ойыңқы басылымның негізгі еріткіштері орамада этил спирті, этилацетат (сірке эфир) және су болып келеді. Ойыңқы басылымның сумен арааластырылған баспа бояулары бейнелерді ондірген кезде екінші рольге ие.

Ойыңқы басылымға арналған қағаз құрылымы ұсақ қеуектілігінде, сондықтан бекітудің бастапқы кезеңінде еріткіш таңдамалы сінірледі. Толықтай бекітілу кептіру құрылғыларында еріткіштің булануымен жүзеге асады. Бояудың шайырлық болігі мен пигмент қағаздың бетінде қалып қояды, сондықтан бояу қабаты тез қоюланады және кебеді. Пигменттің қағазға енүп бояудың бекітілуін қамтамасыз етеді.

Бояу құрамындағы пигменттің көп болігі таңбаның сапасын әсер етпейді. Бояу мен пигменттің мөлшері басу элементтерінің терендігіне байланысты. Бірақ қағаз бетіне бояудың тек жартысы ғана сінірледі.

Бояуларды басуға даярлағанда олардың тұтқырлығын реттегендеге толуолдан басқа қоспалар – түсін реттейтін ақ бояулар қосылады.

2.4.2 Флексографиялық басылымға арналған бояулар

Флексографиялық басылымда баспа бояулары тұтқырлығы жағынан ойыңдықтың басылымның бояуларына ұқсас және калыңдығы 1 мкм-лі құрайтын. Флексографиялық баспа бояулары эластикалық басу формасына бояу аппараты арқылы етеді, ол аппарат камералық ракельдің жүйеден және растрлық біліктен тұрады. Бояудың тұтқырлығын реттеу басудың жоғары сапасын алу үшін маңызды. Бояулар жоғары тығыздықта ие болу керек, жағылатын қабат біркелкі болу керек, және анилоксты растрлық біліктегі күйстардың толуын қамтамасыз ету керек. Бояуларды даярлағанда әртүрлі пигменттердің ассортименті флексографиялық басу әдісінде сан алуан. Сол себепті оларды қолдана отырып онім шығаруда қолданады.

Ойыңдықтың басылым сияқты, флексографиялық басу әдісінде еріткіштің типі үлкен роль атқарады. Ол басылатын бетке жағылғаннан кейін жылу арқылы буланады. Нәтижесінде таңба бетіндес күргақ бояу қабаты пайда болады. Көпбояулы басылымда аралық ептіруді қолданады, ейткені кеппей басу әдісі қолданылады.

Флексографиялық басу әдісінде сріткіштер ретінде этилацетат, спирттер және су қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Баспа бояуларының құрамы мен құрылымы.
2. Бояғыш заттар туралы жалпы түсінік.
3. Органикалық косылыштардың негізгі қагидалары.
4. Баспа бояуларының құрамына кіретін пигменттер. Олардың түрлері.
5. Пигменттердің құрылымы.
6. Пигменттердің касиеттері.
7. Пигменттерді алу жолдары.
8. Баспа бояуының құрамына кіретін сұйық фаза – байланыстырылыштар.
9. Баспа қояларының касиеттерін реттейтін косымша қоспалар.
10. Бояу лактарын алу технологиясы.
11. Бояудың таңба бетіндегі бекітілу кезеңдері.
12. Баспа бояуларын даярлау.
13. Баспа бояуларының реологиялық қасиеттері.
14. Баспа бояуларының оптикалық қасиеттері.
15. Қағаз бен бояудың өзара әрекеттесуі.
16. Офсеттік басылымға арналған бояулар.
17. Шығыңдық басылымға арналған бояулар.
18. Ойыңдық басылымға арналған бояулар.
19. Баспа бояуларының арнайы түрлері.
20. Флексографиялық басылымға арналған бояулар.

3 ТАРАУ. ПОЛИМЕРЛІК МАТЕРИАЛДАР

3.1 Полиграфиялық материалдардың құрылышы, құрылымы және оларды алу жоллары

3.1.1 Негізгі мағлұматтар. Полимерлердің класификациясы

Соңғы он жылдықта жоғары малекулалық қосылыштар өмірде жиі қолданылып келеді. Полимерлер адамзат қоғамы мен түрлі салаларда: өнеркәсіп пен шаруашылықта, ғылым мен техникада, көлік саласының барлық түрлерінде кеңінен қолданылуға. Заманауи полиграфия өндірісінде де полимерлік материалдар кеңінен қолданыс тапты.

Өнеркәсіпте шығаратын полимерлердің кеңінен қолданылатын түрлері:

- а) пластикалық масса және органикалық эйнектер;
- б) синтетикалық каучуктар;
- в) синтетикалық және жасанды талшыктар;
- г) пленка және қалың декоративті-қорғаныстық жабындылар (бояу, лактар, сырлар).

Синтетикалық полимерлік материалдардың көп тарапту, олардың қасиеттерінің әр түрлілігімен, химиялық құрылышымен, және модификация жолы арқылы өндедуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар полимерлік материалдардан баспа өнімдерінің қонструекцияларында да өндеді.

Полиграфиялық полимерлердің қолдану аясы да әр түрлі. Бұл полимер негізгі және қосымша материалдарды алу, технологиялық процесстерде полимерлерді және олардан жасалған өнімдерді қолдану және полиграфиялық құрылыштарды өндіру сияқты процесстер болып табылады. Қонструекцияларда полимерлік заттар полиграфиялық технология кезінде өндеделеді. Мұндағы технологиялық жағдайда полимерді қажетті құрылымда алу үшін химиялық процесстер жүргізіледі.

Полимер бұйымдарының технологияда қолданысы кең ауқымды, полиграфияда олар келесі манызды ерекшеліктері үшін қолданылады:

- 1) Талшыктар түзе білу қабілеті. Полимер макромолекуласы пішінінің жоғары анизотропиясы арқасында олар механикалық далада оңай бағдарлайды және беріктігі жоғары талшыктар түзеді;
- 2) Термомайысқыштығы. Қатты полимерлік денелер – пластиктер зерттегі қатты денелерге қарағанда (анорганикалық шыны, металдар, керамика) майысқаштығы жоғары болып келеді. Сол себептен полимерлік денелер морт сынуға азырақ бейімді болады;
- 3) Полимер макромолекуласының ұзындығы мен майысқаштығы оның жоғары эластикалық қасиетке ие болуына себеп. Сонымен коса полимер үлкен деформациялық қасиетке ие.
- 4) Жабысқаштық қасиеті мен лак кабыкшасын тудыратын басқа да ұксас қасиеттері.

Полимерлер төмөн молекулалық байланыстар

Полимерлердің төмөн молекулалардан басты айырмашылығы оларды еріту кезінде алдымен дұмрудың өтүі. Полимер сұйықтығының тұтқырылығы сонда шоғырланған (1%-та дейін) полимер сұйықтығы белгілі концентрациядағы төмөн молекулалық байланыстардың тұтқырылығын айтартылған жағарлатады. Басқа сұйықтықтар сияқты полимердің концентрацияланған сұйықтықтары мен балқымалары да эластикалық қасиетке ие. Полимердің жоғары молекулалық массасы төмөн молекулалық сұйықтықтарға қарағанда олардың релаксация уақытының спекторын көнектеді.

Жоғарыда айтылған полимер құрамындағы заттардың ешқайсысы төмөн молекулалы заттарда кездеспейді. Полимерлік бұйымдарды технологияда колдану үшін ең алдымен жоғары молекулалық заттардың құрылышының ерекшеліктерін танысу қажет.

Полимер малекулаларының тізбекте орналасуы олардың ең маңызды қасиеті болып табылады.


Полимер ұзын, тізбектей орналасқан және майысқақтық қасиесте ис макромолекуланың химиялық байланысынан тұрады.

Макромолекула үлкен молекуляры массага ие, озара тізбектей немесе арасында байланысқан атомдық құрылым немесе атомдардың тобы деуге болады.

Полимердің малекулалық массасы бірнеше мыңдан миллионға дейінді құрайды. Ал төмөн молекулалық заттардың массасы ондаған немесе жүзденген гана болады. Жоғары молекулалық заттар мен төмөн молекулалық заттар арасында молекулалық массасы 1000 – 5000-ды құрайтын олигомерлер болады.

Заттың негізі тек малекула массасына гана тәуелді емес. Олар сонымен қоса химиялық және физикалық құрылымына да тәуелді болады. Мысалы глицерин эфиры мен майлы қышқылдың молекулалық массасы 800-ге дейін барады. Алайда олар құрамында кездесетін есімдік майы мен жапанжапуарлардың майы төмөн молекулалық заттарға жатады. Есесіне молекулалық массасы 300-ді құрайтын құрамында смоля қышқылы бар канифоль олигомерге жатады.

Коптеген жоғары молекулалық заттар, әсіресе синтетикалар жеке-жеке қайталанған макромолекулалық құрылымы бар буындардан тұрады. Ал атом тізбектерінің шексіз қайталануы макромолекуланың буыны деп аталады. Мысалы, поливинилхлорид макромолекуласының құрылымы




Бұл буын әдетте жақшамен қоршалады: $(-\text{CH}_2\text{-CHCl}-)_n$.

Сонда полимердің молекулалық массасы мономердің қысқаша молекулалық массасына айналады. Және олар M=pn-мен байланысқан.


Мұндағы n – полимеризациялық деңгейі (мономер молекуласының макромолекулаға біркен малекула санын көрсетеді).

Мономерлі бұынды құрайтын формуладағы макромолекуланың полимеризация деңгейі « n » :



Полимер пайда болатын тәмен молекулалық қосылыс мономер деп аталаады.

Мысалы, пропилен $\text{CH}_2=\text{CH}-\text{CH}_3$ полипропиленнің мономері:



Полимеризация деңгейі және көлемі бірдей болып келетін макромолеуулалар табиғи да, синтетикалық та жоғары молекулалық заттардың арасында кездеспейді. Полимерлік материалдардың макромолекуласының олшемдері әр түрлі болып келеді. Сондықтан да көбінесе полимеризация деңгейі мен молекулалық массасын орташа мәндегі қолданылады.

Полимер негізі оның химиялық құрылымына тәуелді болады. Жоғарымолекулалық заттардың ерекшелігі олардың макромолекуларының молекулалық массасы, өлшемі және құрылымы болып табылады.

Молекула олшемі осекен сайын кинетикалық және молекулааралық энергия да оседі. Сондықтан да гомологиялық катарды тәмеммолекулалық заттардың балқу және қайнау температуралары жоғары болады. Балқу процесі қынданап, сұйықтықтар біріге бастайды. Сондықтан да полимер макромолекулалары газаралас бола алмайды. Тек қана қатты немесе жабысқақ сұйық түрде ғана болады. Полимердің физикалық құрылымы олардың макромолекуларының орналасу ерекшеліктеріне де тәуелді болады.


Полимер құрылымы, құрылышы және құрамы бойынша бір-бірін толықтырып тұратын бірнеше топтарға жіктеуге болады.

Топология бойынша полимер макромолекуласының негізгі 3 геометриялық пішіндегі түрлері болады.


Сызықты – бір-бірімен бір сызықтың бойында кезекпен кезек орналаскан макромолекулардың буыны. Сызықты полимердің макромолекуласының моделі белгілі бір аймақта ұзак уақытқа дейін қызмет етеп алады.

Айырланған полимерлер сызықты полимерлерден қарағанда негізгі құрылымы бүйірленген тармактардан тұратын атомдар болып келеді. Полимердің бұл түрінде макромолекулалары бір орталықтан шықкан күрмеу

құрамынан тұратын жүлдіз пішіндес полимерлер кіреді. Айырланған полимерге сонымен қоса әр буындары қыска тармактан тұратын санырауқұлак пішіндес полимерлер де жатады, мысалы полигексадецилакрилат



Торлы немесе тоқымалы полимерлер бүкіл аймақты қамтыған тор пішіндес макромолекулалардан тұрады. Көбінесе тоқымалы полимерлерде макромолекулалар әр түрлі болып келеді. Олардың құрылымынан макромолекулаларының аралары кең немесе жиңи тоқымалы екендігін оңай ажыратуға болады. Тоқымалы полимерлерге сонымен қатар әр буында параллель орналасқан талшықтардың бір бірімен талшық біріктірілген түрі «баспаңдақты полимер» жатады.



3.1 сурет: Топологиялық макромолекула түрлері
А – сзыбышты полимер; Б – шұбарланған; В – жүлдізшашты; Г – тамырлы; Д – тоқымалы; Е – баспаңдақты

Макромолекулалық геометриялық формасы полимер құрылымына белгілі дәрежеде өз әсерін тигізеді:

- сзыбышты және айырланған полимерлер термомайысқақ және оңай балқытын болып келеді;

- сзыбышты полимерлердің белгілі дәрежеде қалыңдығы болады, олардың макромолекуласы бағдарлауға остиң механикалық аймагына бағытталған (мысалы талшықтарды немесе жабындылар алу кезінде);

Торлы полимерлер сыйықтықта калқырайды, ерімейді, олар тек сыйықтықта ісінеді; мұндай полимерлердің молекулалық массасы ескерілмейді (барлық байланыстар жекелеген макромолекулаларсыз жалпылама бір тордаған орналасқан). Торлы құрылымды тек термореактивті полимерлерден ғана алуға болады.

Макромолекуладағы бір немесе бірнеше мономер буындарының түріне байланысты гомо- және сополимер болып белінеді. Олар бір немесе екі типті буындардан тұрады (3.1-кесте).

Оз кезегінде сополимерлер буындардың орналасу түріне байланысты келесі топтарға белінеді:

- статистикалық* – тізбекте ретсіз орналасқан сополимерлік, мономерлік буын;
- алмасуышы* (альтернативті) – тізбектегі буындардың кезекпен орналасуы;
- құрастырылмалы* (блок-сополимер) – құрылыштары әр түрлі буындардың кезекпен тізбектей жалғанған құрылымынан тұратын сызықты макромолекулалар;
- баулы* – бір бірімен кезектесе орналасқан бірнеше химиялық байланыстан тұратын мономер буыны.

3.1-кесте

Сополимер түрлері

Полимер түрі	Макромолекула құрылымы
Гомополимер	-A-A-A-A-A-A- (-A-) _n
Сополимер	
а) статистикалық	-A-B-B-A-B-A-A-B-A-B-
б) алмасуышы	-A-B-A-B-A-B-A-B-A-B-
в) құрастырылмалы	-A-A-A-A-A-A-A-B-B-B-B-B-
г) баулы	-A-A-A-A-A-A-A-A-A-A-A-A- I I (B) _n (B) _m

Жоғарыда айтылғандардан бөлек полимерлерді гомотізбекті және гетеротізбекті деп болуге болады. Бірдей атомдардан қуралған тізбекті полимерді гомотізбекті полимер дейді. Ал, керісінше, әр түрлі тізбектерден қуралған тізбекті полимерді гетеротізбекті полимер деп атайдыз.

Полимер макромолекуласының құрамында ионоген тобының болуы немесе болмауы да полимер түріне әсер етеді. Құрамында ионоген тобы бар томен молекулалы электролитті полимерлерді полиэлектролиттер дейді.


Жоғары молекулалық қосылыстар химиясы дамыған сайын полимерлердің де құрамы артып, жана түрлөрі жарыққа шыға бермек. Соның он жылдықта түрлі полимерлердің озара және томен молекулалық қосылыстармен біріктірілуінің арқасында өмірге түрлі композициялық материалдар келуде. Полимерлік композиттерге озара байланысқан және жартылай озара байланысқан торлар жатады. Алғашқысы табигатынан аса жоғары өзара байланысқан қасиетке ие тордан тұрса, екіншісі үш өлшемді тор мен сызықты полимерден тұрады.

3.1.2 Полимер құрылымы мен қасиеттерінің ерекшеліктері

Полимер макромолекуласында ең алдымен полимердің химиялық және қеңістіктік құрылымына назар аударады.

Макромолекуланың химиялық құрылымы – бұл тізбектегі буындардың ретпен байланыссы.

Симметриялы емес буын құрылымы, мысалы:



Озара екі түрлі жолмен байланысуы мүмкін:



басы-аяғы



басы-басы


Макромолекулалары жоғарыда көрсетілген әдістердің бірімен байланысан полимерді регулярлы полимер дейіміз. Екі әдістегі буындардың бірігүйен тұратын макромолекула регулярлы емес полимер макромолекуласы болады.

Макромолекуланың қеңістіктегі құрылымы – бұл қеңістіктегі атом немесе атом топтарының негізгі макромолекула тізбегімен байланысты нақты орналасуы.


а) Винилді мономерге айналған макромолекуланың қеңістіктегі таралу құрылымы $\text{CH}_2=\text{CH R}$ (винилді мономерге құрамында винил тобы бар қосылыстар жатады $-\text{CH}=\text{CH}_2$).

Егер $(-\text{CH}_2-\text{CHR}-)_n$ макромолекуласын созылмалы тізбек ретінде қарастырасқ, онда тетраэдрлік құрылымы бар (sp^3 -гибридизация) көміртек атомы $109^\circ 28'$ бұрышпен байланысан зигзаг түріне болады. Қеңістікте R тобы әр түрлі жағдайда орналасуы мүмкін. Бұған мысал ретінде «голова-хвост» типінде байланысан 4 буыннан тұратын тізбекті алуға болады.

1. R орынбасары бастапқы тізбек жазықтығына қарағанда бір бағытта орналаскан




2. R орынбасары бастапқа тізбекке қарағанда әр түрлі бағытта орналаскан




Егер макромолекуланың бастапқы тізбегіндегі R орынбасары ($-\text{CH}_2-\text{CHR}-$)_n реттесіп орналаскан болса, онда полимер *стереорегуляры* деп аталады:

- Олар немесе тізбек жазықтығының екі жағында кезеңімен орналасады (*изотактикалық полимерлер*)




- Немесе тізбек жазықтығының екі жағында кезеңімен орналасады (*синдиотактикалық полимерлер*)





Стереорегуляры полимерлер кристаллдануға қабілетті, олар жылу сақтағыштық және беріктік қасиетке ие.

Егер макромолекула тізбегіндегі орынбасарлар ретсіз әр аймақта орнасан болса, онда мұндай құрылымды полимерлер *стереорегулярысыз* немесе *атактикалық полимерлер* деп аталады.




Атактикалық полимерлер кристалдана алмайды және көбінесе эксплуатациялық қабілетті жағынан да химиялық құрамы үқсас келетін стереогулярылық полимерден қалыс қалады.

б) *Диенді мономерден құралған макромолекуланың кеңістіктең құрылымы*. Құрылымды буында мұндай макромолекулалар екі байланыска ие болады. (мысалы, 3.2-суреттегі полибутадиен немесе 3.2-суреттегі полизопрен). Бұндай жағдайда цис - және транс- изомерлі формалар болуы мүмкін:



Осы типтегі стереорегулярлы полимерге табиғи каучук мысал бола алады (цис-полизопрен):



Полимерлердің төмен молекулалық немесе молекуласыз заттардан айырмашылығын олардың химиялық және механикалық қасиеттерінен, сонымен қатар сұйықтықтарының әрекеттесуінен анық байқауға болады.

Ерекше механикалық қасиеттері:

- эластикалық қасиет – қысым кезінде ерекше деформациялық қасиетке ие болуы (каучуктар);
- морт сұнныштық қасиеттің төмендігі әйнек тектес және кристалдық полимерлер (пластмассалар, органикалық әйнек);
- макромолекуланың белгіленген механикалық аймаққа бағдарлану дәлдік қасиеті (талшықтар мен үлдірлерді жасау кезінде қолданылады).

Полимер сұйықтықтарының ерекшелігі:

- полимердің аздаған концентрациясы кезінде сұйықтықтың жабысқақтығы;
 - полимерді еріту ісіндіру сатысы арқылы жүзеге асады.
- Ерекше химиялық қасиеті:
- аздаған реагенттердің комегімен озінің физика-механикалық қасиеттің жылдам езгерте алуы.

Полимердің ерекшелігі тек молекулалық массасының жоғарылығындаға емес, сонымен қоса оның макромолекуласының тізбектей құрылымы мен жансыз дүние үшін ерекше қасиет майысқақтық қасиетке ие болуында. Сонымен қатар өз пішінін ешқандай химиялық қосылышсыз өзгерпіп, кайта қалпына келе білу қасиеті. Полимердің майысқақтығына бірден бір себеп макромолекула тізбегіндегі молекула ішілік σ-байланыстың үзілмеуі. Әр түрлі жағдайға байланысты макромолекула тізбегі әр түрлі геометриялық пішінде бола алады. Алайда озінің ішкі геометриялық пішінін өзгерпейді.

Макромолекуланың майысқақтығына бағытталған полимердің ерекшелігі полимерді деформациялау кезінде байқалады.

Полимерді деформациялау кезінде полимер макромолекуласы тегістеледі де, қысымды жібергеннен кейін олар σ-байланыс комегімен озінің бастапқы формасына оралады. Осы айналмалы байланыс оның майысқақтық қасиеттің себебі болып табылады.

Макромолекула тізбегіндегі σ -байланыс бойынша молекулалардың еркін айналуы, яғни олардың майысқақтық дengейіне молекулааралық және – ішілік әрекеттер етеді. Сонымен қатар көлемді (R) орынбасарлардың да әсері бар (3.2 кесте).

3.2-кесте

Молекулааралық және ішілік байланыстардың макромолекуландың майысқақтығына әсері

Капрондағы молекулааралық байланыстар [-NH-(CH ₂) ₅ -CO-] _n	(-CH ₂ -CHCl) _n поливинилхлоридінің С-Cl полярлы байланысы

Майысқақтық дengейіндегі байланыста полимерлер майысқақ тізбекті және қатты тізбекті болып болінеді. Бұл полимерлердің қолдану аясын анықтауға мүмкіндік береді. Майысқақ тізбекті полимерлерді каучук ретінде пайдаланса, қатты тізбекті полимерлерді пластмасса, талышқ, үлдір өндіруде пайдаланады.

Макромолекуландың майысқақтығы σ -байланыстың айналуына келергі келтіретін молекулааралық және ішілік әрекеттесулер әсерінен төмендейді. Соңықтан капрон мен поливинилхлорид қатты тізбекті полимер құрамына жатады. Полимерді кристализациялау кезінде молекулааралық әрекеттесу күшініп, майысқақтығы төмендейді. Сол себепті оңай кристализацияланатын полиэтилен каучукқа жақтты қасиет көрсетпейді.


Сырқы және ішкі қоршаган орта жағдайларына байланысты полимерлер әр түрлі физикалық жағдайда бола алады: аморфты немесе кристалды жағдайда.

- *Аморфты жағдай* полимер макромолекуласының ретсіз орналасуымен түсіндірледі.

- *Кристалды жағдай* тек стереорегуляры полимерлерде болады. Алайда олар төмен молекулалық заттардың кристалды жағдайынан әлдекайда ерекшеленеді. Кристализация процесі макромолекуландың тізбекті құрылудына әсер ететіндіктен, кристалды полимерлерде макромолекула тек жартылайғана ретсіз болады.

Полимердің кристализациясы – бұл макромолекула тізбектерінің бірнеше аймакта ретпен орналасуы.

Бір макромолекуланың өзі ғана кристалды да аморфты да аймактан өтуі мүмкін.



3.3 сурет: Полимер белгіндегі кристалды аймактардың құрылымдық түрлері:

а) фибрillялық құрылым; б) қоймалы құрылым

Кристалды аймактағы фибрillялық құрылым қатты тізбекті полимерге тән, ал қоймалы құрылым жұмысқа тізбекті полимерге тән құрылым.

Кристалды полимерде үнемі аморфты аймақ және оның кристалдану деңгейі болады. Сыртқы жағдайға байланысты полимердің кристализация деңгейі езгеруі мүмкін. Мысалы, полимерді созған кезде кұрамындағы макромолекулалар ретпен орналаса бастайды және осылай полимердің кристалдық қасиеті де арта түседі. Полимердің бұл қасиеті талшықтарға беріктік қасиет беру үшін оларды созған кезде колданылады.

Аморфты полимерлер температурага тәуелді үш түрлі физикалық (деформациялық) жағдайда бола алады: әйнектес, жоғары эластикалық, және жибысқақ. Тәжірибе жүзінде полимерлі колдану кезіндегі температурага байланысты полимердің осы жағдайлардың қайсысында болатынын білу ете маньзыды. Әйнектес полимерлерде деформация деңгейі айтарлықтай көп (1–10%). Сонымен қоса полимерлі әйнек 0,1–1% деформация кезінде ақ бұзылатын төмен молекулалық әйнектес деңелерге қарапанда әлдекайда берік болып келеді. Әйнектес полимерлер пластмасса ондірісінде көнінен қолданылады.



3.4 сурет. Полимердің физикалық жағдайының температурага тәуелділігі

Жоғары эластикалық полимерлер жүзделген проценттерге кайта деформациялануға қабілетті. Эксплуатация жағдайында барлық каучуктер жоғары эластикалық күйде болады. Бұл қалыпта тек полимерлер ғана бола алады.

Жабысқақ ақкыш жағдайда полимер ете жоғары деформацияға ие жабысқақ сұйықтық күйінде болады. Бұл жағдай әдетте жоғары температурада ғана жүзеге асады және өндірісте полимердің кайта өңдеу үшін қолданылады.

3.1.3 Полимерлік материалдарды алу жолдары

Жоғары молекулалық қосылыстардың үлкен топтамасынан төменде біз тек құрамында қөміртек атомдары бар органикалық жоғары молекулалық қосылыстарды ғана қарастыратын боламыз. Бұл полиграфия өндірісінде көнінен қолданыска ие болған материалдар.

Полимерлік материалдарды алу үшін негізінен төмендегі төрт амал қолданылады:

1. Табиғи қосылыстардан жоғары молекулалық материалдарды беліп алу;
2. Полимеризация комегімен жоғары молекулалық материалдарды синтездеу;
3. Конденсация комегімен жоғары молекулалық материалдарды синтездеу;
4. Табиғи немесе синтетикалық жоғарымолекулалық материалдарды химиялық өңдеу.

Табиғи қосылыстардан жоғары молекулалық материалдарды беліп алу


Химияғының тууынан бұрын, табиғи көздерден өнім алу үшін маңызды материалдар жібек, макта, жұн және басқа да талшықты материалдар, ақуызды немесе крахмалды желім, тері өнімдері қолданылатын. Қазіргі химияғының шарықтау кезеңіне жеткеннен кейін бұл дәстүр еліде өз жаһасын табуда.

Табиғи материалдардың комегімен синтетикалық полимерлер алу қазіргі қоғам талаптарын толық қанағаттандыруда үлкен рол атқарады. Солай бола тұра химия жетістіктері табиғи аналогтардан да асатын, жоғары сапалы полимер материалдарын өндіруге мүмкіндік тудыруды.


Полимеризация комегімен жоғарымолекулалық материалдарды синтездеу

Полимеризация – бұл ешқандай қосымша онімсіз және құрам озгеруінсіз жоғары молекулалық қосылыстар комегімен бірнеше мономер молекулаларын біріктіру. Полимеризацияға арналған мономер өніміне

реакцияға түсуге кабілетті заттар жатады. Бұл екі немесе үш байланыстан тұратын бөлінбейтін қосылыс:




сонымен қатар кейбір заттарда циклондық құрылым болады. Мысалы:



Бұл жағдайда реакция C—O циклын ашуға бағытталған.

Полимеризацияның схемалық реакциясы әдетте, жай ғана макромолекуладағы мономер молекулаларының бірігуі ретінде көрсетіледі. Мысалы, этилен полимеризациясы



Алайда мономердің қысқаша байланысы және $-\text{CH}_2-\text{CH}_2-$ типі мүлдем болмайды. Полимеризация реакциясының басталуы үшін мономер молекуласы активті болу керек, яғни оларды бос радикала немесе ионға айналдыру қажет. Бастапқыда полимеризация *радикалды* механизм (радикалды полимеризация) бойынша жүреді, екіншісінде *ионды* механизм (катионды полимеризация немесе анионды полимеризация) бойынша жүзеге асады.

Полиэтилен (оны этиленнен алу сұлбасы жоғарыда көрсетілген) жартылай мөлдір деңеден тұрады. Полимеризация кезінде молекулалық массасы 25000–50000 (жоғары қысымды полимеризацияда) және 60000–300000 (төмен қысымда) дейін оседі.

Полиэтилен макромолекуласы парафинді көміртегінен тұрады, сондықтан ол полярлы емес және химиялық инергия. Бұл контеген химиялық реагенттер мен ерімейтін материалдармен әректесуі үшін маңызды. Полиэтилен химиялық аппараттар, ыдыстар, сонымен қоса үлдірлі материалдар жасауда қолданылады.


Полиэтиленнен жасалған ылыштарға, дорбаларға қаріп басу кезінде поляры емес бетке байланысты бояудың адгезияға үшірауы сиякты киыншылықтар туындаиды. Сондықтан разрядтау немесе газды жалынмен өндөу арқылы полиэтиленнің бетін активандіреді.

Бұл жағдайда полиэтилен беті қышқылданады және бетін полярлы қышқыл тобы жабады. Позитилен молекуласында айналымға келергі келтіретін топтар жоқ. Полиэтиленнің полярлы емес буындарының арқасында айналымға қарсылық потенциялы слеусіз аз.

Сондықтан да полиэтилен макромолекуласы жұмсақ және оңай бағдарланады. Сонымен қатар олар жәй құрылымды және оңай


кристалданады. Қалыпты температурда полиэтиленнің кристаллизация деңгей 60–70%-ды құрайды. Бұл оған беріктік қасиет береді, бірақ деформациялық қасиет сакталады және материал майысқақ күйін сактайды.

Поливинилхлорид хлорлы винилды полимеризациялау кезінде пайдала болады




Пластмасса негізі ретінде көнінен қолданылады және полимерге баспа-таңба енгізу үшін біріктіретін бояуларды дайындау кезінде қолданылады.

Полистирол стиролды полимеризациялау кезінде алынады және




қатты эйнектекес материал түрінде болады. Ол пластмасса негізі ретінде қолданылады. Полистирол мелдір, органикалық эйнектің бір түрі болып табылады. Оның бұл қасиеті жұқа полистирол үлдіріне престеу жолымен баспа өнімін алу үшін қолданылады.

Поливинилацетат винилацетатты полимеризациялау кезінде алынады. Полярлы топ молекулалардың айналуын кындардып, макромолекуланың майысқақтық қасиетін төмендедеді



Сондықтан поливинилацетат қатты күйдегі эйнектекес полимер. Есесіне полярлы топ оған бірнеше ерітінділерде ери алатын ерігіштік қасиет береді.

Полакрилат – акрил қышқылын полимеризациялау кезінде алынатын полимерлердің жалпы атауы. Кебінесе метил эфирін полимеризациялау арқылы алынатын метакрил қышқылы сұранысқа ие. Бұл қатты аморфты мелдір зат (органикалық эйнек немесе плексиглас). Мелдірлігі силикатты эйнектен де жоғары, тіпті ол ультракулагін сәулесін еткізе алады. Қызыдуру кезінде эластикалық болады, ал қызыдурудан кейін қайта өз қасиетіне келе алады, сондықтан да пластмасса ретінде қолданылады.



Сополимеризация – поляризация жүргізу мономер тізбектері макромолекулаға айналдыратын мономерлердің полимеризациясы. Бұл материалдың қасиетіне және процесс жүргізу жағдайына байланысты әр түрлі өзара сәйкесінше түрлі құрылым мен байланыста болатын мономер буындары мономерлердің аралас полимеризациясының нәтижесінде макромолекулалар түзеді. Бұл материалдардың қасиетін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, мономерлерді бүйір орынbasарларымен араластыра отырып, немесе олардың тармақтың майысқықтынына және полимердің физикалық негізіне тікелей байланыс жасайдын кристализациялану қасиетіне эсер етуге болады.

Полимеризация жүргізу дің бірнеше техникалық түрлері бар.

Кұрастырмалы полимеризация сүйік немесе қысым арқылы төмendetілген мономерлерле жүзеге асады. Полимеризация барлық аймақты қамтиды, алайда процес артқан сайын жабысқақтық та артады, жылубергіштік қасиет төмендейді, және диффузия кынадайды. Нәтижесінде полимеризация деңгейі бойынша біртекті емес зат түзіледі.

Лакты полимеризация сүйіктықта жүзеге асатындықтан полимеризациялатын онім сүйік полимер немесе лак құйінде болады. Сүйіктық полимеризацияның орташа деңгейін төмендетеңді, және сүйіктықта мономердің бірнеше саны қалады. Сондыктan полимер әдетте сүйіктықтан болғап алынып, қолданыска катты құйде беріледі.


Дисперсионды полимеризация майлы мономер немесе мономер костасы сулы ортала стабилизатор мен эмульгаторсыз полимеризация инициаторын қосу арқылы өндіріледі. Нәтижесінде әр тамшысында мономерлі заттың полимеризациясы туындағы эмульсия пайда болады. Полимеризация өнімі эластикалық және катты полимердің судағы дисперсиялық белімінен тұрады. Мысалы, полимеризация инициаторы мономерде еритін (бензолдың немесе басқа органикалық заттардың тотығы) немесе суда еритін (сутегінің немесе басқа органикалық емес заттардың тотығы) болып келеді.

Дисперсионды полимеризация өнімдерінің колдану аясы әртурлі. Полимерлік материалдардың ішінде қатты ұнтақты (поливинилхлорид, полистирол) немесе эластикалық каучукты айтуға болады. Алайда сулы дисперсияда колданылатын онім ретінде желім мен үлдірлер когамда үлкен қызыгуышылық тудыруда.


Конденсация комегімен жоғарымолекулалы материялдарды синтездеу

Поликонденсация – бұл төмен молекулалық заттарды (су, спирт) беліп шығаратын бір құрылымды немесе әртүрлі құрылымды молекулаларды біріктіре реакциясы.

Фенол мен формальдегид әрекеттестіру арқылы фенолформальдегид алуға болады. Бірінші кезеңде фенол спирті түзіледі:



Келесі кезекте судың комегімен конденсацияланатын молекулалар фенолформальдегидінің сзықты макромолекулалары:



Полимер өндірісінде поликонденсациялауға сонымен қоса қарапайым және күрделі эфирлердің, амидтардың және басқа да заттардың құрылымынан тұратын материалдар алу да жатады. Алайда бұл жағдайда мономер тізбегі коміртегі байланысымен емес азот немесе комір қышқыл газының атомдарымен біргіп гетеротізбекті макромолекула түзеді.


Поликонденсацияға реакция нәтижесінде молекулалық үлкендеңінде молекулалық үлксюіне әсер ететін заттарды қолданады. Полимер түзілудің ең басты шарты реакцияға түсетін ең аз дегендегі міндетті түрде екі функционалдық топтың қатысуы. Мысалы, этерификация реакциясы арқылы полиэфир түзілуі үшін міндетті түрде екі негізді қышқыл немесе екі атомды спирт реакцияға қатысуы кажет. Екі негізді немесе екі атомды зат реакцияға түскенде сзықты құрылымды полимер түзіледі. Ал айыр және кеңістік құрылымды полимер алу үшін функционалдық үштен кем болмауы кажет.

Табиги немесе синтетикалық жоғары молекулалық материалдарды химиялық өндіреу


Көптеген маңызды материалдарды тек табиги жоғары молекулалық қосылыштарды өндіре арқылы алады. Көбінесе бұл жаңа функционалды топтардың пайда болуы мен полимер құрылымының өзгеруінсіз функционалды топтардың орнын басуға мүмкіндік береді. Осы арқылы материалдарда көптеген қосынша қасиеттер пайда болады. Дәл осы тәсіл

арқылы қазіргі таңда карапайым және күрделі цеплюлоза эфирлерін, карбоксиметилцеплюлозаларын өндірісте алуда. Сонымен қоса цеплюлозадан үлдірлер мен желім ретінде колданылатын ерігіш материалдар алынуда.

Синтетикалық полимердің функционалдық тобын өзгерту арқылы түрлі материалдар алуға болады. Мысалы, поливинил спиртін винил спиртінен ($\text{CH}_2=\text{CHOH}$) полимеризация арқылы тікелей алмайды. Себебі бұл зат ұтқыр, сондықтан поливинилацетаттың гидролиздеу арқылы ғана алынады:




Поливинилацетатты поливинил спиртін альдегидтермен полимерлеу арқылы алады. Мысалы, майлыш альдегидтен желім ретінде колдануға болатын поливинилбутираль немесе бутвар спиртті қышқыл алынады.



Перхлорвинил поливинилхлоридін қосымша хлоридтеу арқылы алады. 60–65% хлорлы материал эфирде, галоген туындыларда және басқа ерітінділерде жаксы ериді. Перхлорвинил ерітіндісі желім, лак және байланыстырығыш ретінде жаксы колданылады.

Карбоксиметилцеплюлозаның натрий тұзы (NaKMЦ) жібек цеплюлозасымен натрий тұзын өңдеу кезінде монохлор сірке қышқылына айналады:



3.1.4 Полимерлердің қасиеттері

Термомеханикалық қасиеттер

Полимердің полиграфиялық материал ретіндегі көптеген физикалық қасиеттерінің арасында негізгі назар аударатыны ерігіштігі мен механикалық қасиеті, сонымен қоса температурага байланысты өзгеруі. Дәл осы қасиеттері полимердің молекулалық-физикалық құрылымына жаһандағы тиесілдік. Полимерлер мен олигомерлердің ерігіштік қасиеті желімдер мен байланыстырығыштарға арналған белгімде қарастырылады. Бұл белгімде механикалық сипаттының бірнеше ерекшеліктерімен танысатын боламыз.

Полимердің механикалық сипаты қатты немесе сұйық агрегаттық күйлердің қасиеттерінде қолданылатындығымен анықталады. Сұйық агрегаттың күйде олардың механикалық сипаты ете жоғары жабысқақтықпен (10^3 – 10^5 пуаз) түсіндіріледі.

Ағындағы макромолекулалардың орны немесе созылуы жаңті, кабыкшаны және басқа да заттарды формалау үшін колданады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы полимер ерітінділеріне да қасиеттері, олардың қасиеттері концентрацияға және ерітінді құрылымына жаһандағы тиесілдік. Пленка түзетін олигомер ерітінділерінің тұтқырлығы бояуларды бекіту механизміне байланысты теменде қарастырылған. Бұл белгімде полимер тұтқырлығы тек кана олардың физикалық күйінін өзгерісіне байланысты қарастырылады.

Физикалық күй өзгерісін және механикалық қасиеттерді сыйыктық құрылымды полимерлер мысалында қарастырган тиімді. Жеткілікті дәрежедегі жоғары температурада жылулық қозғалыс энергиясы молекулалық тартылыш энергиясына тең немесе одан үлкен болып келеді. Онда порцесс кезінде молекулалар бір біріне қасытынан қозғалады. Сыртқы күштердің әсері кезінде молекулалардың немесе ағынның қайтымысыз, үздіксіз қозғалысы орын алады, олардың жылдамдығы тұтқырлық шамасына және әсер ететін күш шамасына тәуелді болады. Бұл тұтқыр ағатын күйге тән сипат болып келеді және полимерлердің сұйық агрегаттық күйіне тән.

Салындалату шамасына байланысты жылулық энергия томендейді және ол молекулалардың тартылу энергиясынан томен шамага жеткенде молекулалардың қозғалыштығы, яғни олардың өзара ауысуы бір-біріне қасытынан ауыстыруын белгілеумен алмасады, шеттету жүреді.

Полимер және томен молекулалық сұйықтардың қозғалысын ажырату ете маңызды болып келеді. Соңғылары еру температурасына дейін сұтқанда қатты агрегаттық күйге отіп кристаллданады және кристаллдық құрылым пайда болады. Жеке томен молекулалық сұйықтар және ерекше сипаттағы олигомерлер кристаллданусыз катаяды.

Осылайша олар тұтқыр ағатын күйден аморф құрылымды физикалық шыны тәріздес күйге енеді.

Шыны тәріздес күйге енген кезіндегі катаю тұтқырылтың шексіз үлкен мәнге енуі түрінде белгіленген. Бұл жағдайға тұтқырылқышамасының 10^{13} мәні сәйкес келеді деп есептеуге болады.

Қатты агрегаттық күйдегі кристаллдық және шыны тәріздес заттарда құрылым элементтері (молекулалар, молекулалардың полярлы аймақтарымен, иондармен) арасындағы өзара әсерлесу күші олардың ара қашықтығы аз болғанда және тығыз қорапта үлкен болады. Осылайша қатты денслердің серпімділігі шартталған, яғни қайта деформациялану мүмкіндігі туады. Әсерлесу күшін алдын алу ішкі энергияның есүімен және үлкен күшті қажет етумен жүзеге асады. Осыдан деформациялаудың үлкен кедергісі серпімділік модулінің шамасымен, сонымен катар қатты дененің беріктігімен сиатталады.


Тартылыс күші аракашықтық байланысты азаяды, ейткені олар қыска мерзімде ғана қозғалады. Сондықтан қатты денслер үлкен деформациялар жасай алмайды және 1-2 % -ға ғана созылғаннан кейін бұзылады.

Үлкен молекулалық массаға ие полимерлерде сұйықтықты сұйықанда мұлдем басқаша болады.

Бұл жерде молекулалардың тартылыс күштері бастапқыда макромолекулалардың тек бірнеше аумактарында ғана байқалады. Құрылған сирек құрылымдық тор макромолекулаларды байланыстырады және олардың қозғалу мүмкіндігінен айырады, яғни акқыштықты болдырмайды.

Бірақ макромолекулалар аймагы жалғасу түйіндерінің аралығында қозғалыштықты сактайды және әртүрлі конформацияларды қабылдай алады. Сыртқы созу күштері кезінде құрылымдық тор макромолекулалардың қозғалыш аймақтары шығындық конформацияларға ауысуы есебінен деформацияланады.

Алайда теменделгі сыйбада көрсетілгендей небәрі 15 көміртегі атомынан тұратын оралмалы конформациядан біржелкі тізбекке айналған ете үлкен деформацияны көруге болады.



3.5 сурет. Конформациялы ауысу кезіндеңі сыйкыты макромолекула деформациясы

Бұл деформация атом аралық қашықтықтың және валентті бұрыштардың өзгеруісіз жүзеге асады, валентті бағыттар аймагында айналу нәтижінде жүреді. Бұл өзара әсерлесу күштерінен және ішкі энергиядан

арылу арқылы жүретін серпімді қатты денелердің деформациясына қараганда аз күшті қажет етеді.

Бұл деформациялар қайтымды, өйткені созатын күшті алғы тастаганнан кейін жытулық қозғалыс берілген температурадағы орташа статистикалық күйге сәйкес келетін оралған конформациялардағы молекулалық тізбекті қалпына келтіреді.

Кіші күштер әсері кезінде жүретін өлшемі бойынша үлкен кері деформацияларға қабілеттілігі илгіштік немесе жоғары дәрежедегі илгіштік деп аталады, олар серпімділікке қараганда қаралайым қатты денелерге тән болып келеді.

Бұл касиеттердің полимерлердің физикалық күйі илімділік күй деп аталады.

3. Қажетті тұтқырылықты алу үшін полимеризация процесі аяқталады. Осылай, тұтқырылығы әртүрлі 20-дан 200-пазга дейінгі алкілті олифтер алынады.

Олардың алкілті деп атап себебі – моно- және диглицеридтерді байланыстыру үшін екі негіzlі қышқылдар қолданылады. Жоғарыда көрсөтілген материалдарда, қышқылдар мен спирттер глифталетті олифтер деп аталауды. Алкілті олифа техникалық өнім ретінде әртүрлі құрылышты заттар қосындысынан тұрады, бірақ та ен маңыздылары болып негіzгі есімдік майдан ғері майлы қышқылының радикалы көп, үлкен молекулаларға заттар болып табылады. Сонымен, мысалда, 6 радикалды майлы қышқыл көрсетілген.

Бұл алкілті олифандың ерекше қасиеттерін айқындайды, себебі есімдік маймен салыстырғанда функционалдығының үлкейсендігін көрсетеді. Мысалы, функционалдығы 6-ға тең зығыр майының алсақ, суретте көрсетілген алкілті олифандың функционалдығы 12 болады. Сол себепті алкілті олифа әлде қайда жоғары пленкатузуші қаситеke ғе. Бұл жартылай кебетін майларды пленкатузуші жаксы қасиетке ғе алкілті олифага өндіруге мүмкіншіліктерін ашады. Функционалдықтың үлкейтуге бұдан да мүмкіншілік беретін алкогольз үшін төрт атомды пентаэритті спирттің қолданылуы. Пентафталды деп атаптатын олифандың құрылышына мысал төменде келтірілген



Алкідті олифандын полимерленгендерден тез орындаудан басқа езгешелігі – пигменттермен араласканда тұрақты, басу қабілеті жоғары бояуды құрайды.

Алкідті шайырлар алкідті олифтер секілді жартылай эфирлер болып табылады, бірақ та жоғары полимерленгенімен және жоғары тұтқырлығымен (300–800 пуз) ерекшелінеді. Бояулар ушін байланыстырығыштар ретінде аз тұтқырлықты ерткіштердегі алкідті ерітінділер қолданылады. Бояуларда алкідті шайырлар олифалар сияқты екі қызмет атқарады. Біріншіден, олар зығыр майында ерітілген және зығыр майымен қатар тотықтыратын полимеризация салдарынан болатын қабат түзуге қатысады. Екіншіден, алкідті шайырлар олифага қараганда пигментті сусpenзияны одан да жаксы тұрақтандырылады. Олар диспергирлеуді жесілдетеді және бояуды дайындағанда пигментті бірқалыпты орнықтырады. Алкідті шайырдың күрамын өзгерте отырып, тұтқырлықты, жабысқақты және бояудың басқа да қасиеттерін өзгертуге болады.

Осылай, басу технологиясының даму талабына сай және химиялық өндірістің мүмкіндігіне карай бояуды байланыстыратын тотықтыргыш полимеризацияның түрі өзгеретіндігін полиграфиялық бояулардың тарихы көрсетеді.

Негізгі материал – кебетін есімдік майы, пленкатузуші бола тұра тіпті басу қол становында жүрсе де, бояуга басу қасиеттерімен қамтамасыз етпейді. Сол себепті май полимерленген олифага айналдырылады. Ал алкідті олифалар бұларға қараганда алде кайда жетілген. Бұл үлкен молекулярлы функционалды байланыстырығыштар. Олар тез бекитін және жақсы басу қасиеттерімен қамтамасыз етеді.

Тотықтыргыш полимеризациямен байланыскан заманауи байланыстырығыштар полимерленбеген зығыр майындағы тұтқырлы алкідті ерітінділер болып табылады. Мұндай түр бояудың басу қасиеттерін жақсартып және оларды реттеуге мүмкіндік береді. Бұл бояудың басу қасиетін және тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторы болып

жоғары тұтқырлықты, молекулылық массасы көп байланыстырыштың байланысты. Сонымен қатар байланыстырыштар майдағы шайырлы ерітінділер секілді полимерленген дәрежесіне қарай біртекті болмауы да мүмкін және де алқылт шайырлар өзі де құрамы бойынша біртекті емес, молекулалық массасы әртүрлі заттардан құралған.

Тотықтырыш полимеризацияның химиялық процестері лак-бояулы техникада секкатив деп аталатын катализаторларды қосқанда тез жүреді. Олар кобальттың, марганецтің, мырыштың және басқа да металдардың тұздары (немесе қышқылы) болып келеді. Әртүрлі металды сиккативтер тотықтырыш полимеризация процесінің әртүрлі сатыларын тездедеді (гидроқышқылдардың түзіліу, бұзылуы және т.б.). Сол себепті әртүрлі сиккативтерді қосқанда жоғары нәтижелер алуға болады (мысалы, кобальт-мырыш). Сиккативтің әсері оның бояудагы санының өсуіне байланысты. Дегенмен тиімді концентрация бар, яғни одан асып кеткен жағдайда пленкатузлудің жылдамдығы азаяды. Тиімді концентрация металға байланысты әртүрлі болып келеді және атомның катынасына байланысты: тиімді масса пайызбен 0,0022 атом массасына тең.

Тәжірибе жүзінде бұл жынық есептеуді қолданбайды. Бірақ сиккативтің артық мөлшерін қоспауға тырысады, себебі ол пленкатузуді нашарлатып қана коймай, бояудың басқа да қасиеттеріне әсер етеді: тұтқырлығын өзгертеді, байланыстырыштың полярлығын және оның пигментке катынасын өзгертеді, оффсеттік бояуларда сумен эмульгиленуі және т.б.

Бояуга сиккативті металдар нафтенді қышқылдардың тұздары ретінде енгізіледі, мысалы кобальт нафтенаты. Нафтенаттар бұрын қолданылған зығыр майы тұздары мен шайыр қышқылдарында молекуларлы массасы аз болғанына байланысты, сиккативті металдар нафтенаттарда линолеаттарға және резинаттарға қаралғанда көбірек, сондықтың нафтенаттар бояуга аздал салынады. Сиккативтер бояуга дайындалып жатқанда қосылады, ал кейде керек болған жағдайда дайын бояуга қосылғы болуы мүмкін. Сиккативтермен қатар бекітілу жылдамдығын реттеу үшін антиоксиданттар қолданылады. Бұл үзак уақыт бойы басу машинасы жұмыс істеген кезде, ал бояу болса бояу аппраттының білікшелеріне қата бастаған кезде қажет. Антиоксиданттар ретінде фенол мен ароматты аминдер қолданылады. Тәжірибеде аэрозольды қантамадагы гидрохинон ерітіндісі қолданылады, оны қажет болған жағдайда бояу аппраттының білікшелерінің бетіне себеді. Пленкатузлудің жылдамдығына кейбір пигменттер де әсер етеді. Мысалы, миорид пленкатузу процесін жылдамдатқаны сонша, алдын ала кебуге алып келіп согады. Күйе көрісінше, пленкатузудің жылдамдығын азайтады.

Фотополимеризация әсерінен байланыстырыштардың қатуы

Бұл жағдайда, байланыстырыш зат текті қоспадагы олигомерлі сұйық шайырдан тұрады, ол олармен ультракүлгін сәуле әсерінен полимеризация реакциясына түсе алады. Осы фотополимеризация бояудың ен бекітуін қамтамасыз ететін көпістікті құрылымның түзілүіне әкеледі.

Фотополимеризация сонымен қатар флексографиялық басу формаларын даярлаган кезде де қолданылады.

Фотополимерлейтін материалдар туралы кейбір сипаттамалар төмөнде көлтірілген. Олардың басты артықшылығы болып кез-келген бетте лезде бекуі, сонымен қатар жоғары сапалы бейне болып табылады.


Сіңу процесі кезіндегі беку

Егер сипатталған жағдайларда пленканың қатты заттегі химиялық өзгеру кезінде пайда болса, ал қалған барлық жағдайда қатты пленкатұзуші алдын ала байланыстырылғыштар құрамына арнайы еріткіштерде ерітілген шайыр және полимер түрінде енгізіледі. Сіңу кезіндегі беку кеуекті материалдарда ғана болады, сол себепті ол қағаз берінде бояудың әрекеттесуі болып табылады. Беку жылдамдығы мен таңба алуың сапасы қағаздың сіңіру қасиеті мен бояудың құрамына байланысты (байланыстырылғыш). Ирі кеуекті материалдарда бояу қағазға форманың қысымынан толыктай сініп кетеді. Бұл бояудың тез «ұстауын» қамтамасыз етеді. Ақтық беку капилярлық қысым процесі кезіндегі сіңуде жүреді.

Уашборн заңына сәйкес сіңірілу жылдамдығы тұтқырлыққа кері пропорционал болғандықтан бояудың аз тұтқырлық компоненттерінің айрықша сіңу жүреді – ол еріткіштер. Нәтижесінде бояу қабатындағы шайыр мөлшері еседі. Бояу қоюланады және катады.

Мұндай таңдаулы сіңу, ертүрлі дөрежеде басу қағазының барлық дерлік түрінде жүреді. Дегенмен ол бояу құрамына аз тұтқырлықты еріткіштер таңдал алынған, кіші кеуекті қағазға бояумен басқанда айқын байқалады.

Егер боу құрамында және қабат сипатында болып жаткан өзгеруді еріткіштерлің боліну мөлшеріне байланысты қарастырсақ беку механизмі түсінікті болар еді. 3.10-суретте шайыр ерітіндісін тұтқырлығы мен оның концетрациясының қаралайым байланысы көрсетілген. Осындағы түпнұсқа бояуды дайындау үшін бастапка шайыр концентрациясы ретінде тұтқырлығы жұмысшы тұтқырлыққа (η_b) сәйкес келетін байланыстырылғышты аламыз. Баспа-таңбадағы бояудан еріткіш алынғанда, байланыстырылғыштың тұтқырлығы артады. Еріткішті толытымен алып тегінде 100 % қатты шайырга өткенде тұтқырлық сансыз көп еседі (η_c) және 3.10-суреттегі 1 қисық сызығының үзілігінен байқалады.



3.10-сурет. Еріткіш тұтқырлығының шайыр концентрациясына байланысы:
1 - жоғары температуралы шайыр жұмсару; 2 - төмен температуралы шайыр жұмсару

Бірақ бояудын бекуі үшін еріткіштен толыктай айрылу қажет емес, себебі концентрацияның өсуіне байланысты шайыр ерітіндісінің қоюлануы сондай жоғары болғаны сонша, онда біршама еріткіш қалса да, жүйе толыктай катып қалады деп айтуга болады. Ол бояу пленкасында аса төмен дуффузия әсерінен қалады, ал кейбір жағдайларда еріткіш пен шайыр арасында болатын молекулярлық құштер әсерінен қалады. Сонымен катар еріткішті толыктай алып тастауға орныксız, себебі катты шайырлар кебінесе шыны тәріздес және нәзік. Бір шайырдағы бояу кітап парагын ашқанда және басқа әсерлерден болатын майысуларап шыдай алмас еді. Қалған еріткіш қабатты пластифирилейді және оған механикалық әсерлерге төтеп беретін турактылық береді.

Сонымен катар – плекатузуші – қалыпты температурада катты болуы тиіс. 3.10-суреттегі 2 кисық сзық сұйық шайыр ерітіндісі үшін концентрацияның өсуіне байланысты тұтқырлықтың өсуін көрсетеді. Бұл жағдай еріткішті толыктай алыптастағанның езінде, таза шайырдың тұтқырлығы қанша жоғары болса да бекуді қамтамасыз ете алмайды, ол ақырғы маңыздылыққа ие және кабат соына дейін аққыштықты, жабысады, қатуды сактайды.

Бояудын бекуі үшін сонымен катар пленкатузушінің ерітіндіде толық катуына дейін сакталуы маңызды болып келеді. Ол еріткішті алып тастау мөлшеріне байланысты жекеше аз молекулалы заттектер секілді кристалланбауы керек. Қатты жартылай кристалланған фаза бояу қабатының оптикалық (оған көмексілік берер еді) және механикалық (артық каттылық және нәзіктік) сипатын нашарлатады. Ақырында кристализация, ерікті еріткіштердің белгілімен бірге жүрер еді. Жақсы бояу пленкасы гомогенді қату нәтижесінде берік және эластикалық іркілдек түзілгенде пайда болады.

Бұл үшін, плекнатузушілер бір жағынан агрегаттық күйі жағынан қатты болса, екінші жағынан аморфты болуы керек. Табиға шайырлар және оның өнімдері, сонымен катар синтетикалық шайырлар дәл осындай болуы керек.

Шайырдың физикалық қасиеттері молекулярлық санымен және полимерлену дәрежесіне байланысты емес. Шайырлар ішінде аз

молекулалық материалдар да кездеседі (канифоль, битум). Полимерлер шайырдың қасиеттеріне ие бола алады (фенолформальдегидті шайырлар).

Сондыктан қатты шайырлардың кристалдық денелерге карағанда фазалық ауысымның температурасы болатын, сұйық агрегаттық қүйге еткенде балқу температурасы болмайды. Фазалық ауысымның нүктесі жоқ, себебі барлық температуралда шайырлар аморфты және сұйық фазалық қүйде болады. Бұл тұтқырлықтың температурага байланысты кисығымен түсіндірледі (3.11-сурет). Сұйықтықтың тұтқырлығы температура төмендегендеге жогарлайды. Бірақ кристалдана алатын заттектер үшін, кисық (3.11.1-сурет) балқу температурасы кристалды құрылымды қатты қүйге етуімен байланысты үзіледі. Басқа жағдайда балқытылған шайырларды салықыннатқанда байкалады (3.11.2-сурет), тұтқырлық шыны тәріздес қүйге ететін қатумен сәйкес келтін бірқалыпты және үзіліссіз шексіз үлкен сандарға дейін үлксіеді. Бұкіл сұйықтық бойына тән тұтқырлықтың температурага байланысты экспоненциалды тәуелділігі


$$\eta = A \cdot e^{W/kT}$$

мұндагы K – Больцман константасы,


W – процесс ағымының активация энергиясы сакталады.

Тәуелдік кисығы $\eta = f(t)$ сұйықтан қатты қүйге етуін қамтиды, бірақ температуралда сұйық және қатты фаза арасында ешқандай тепе-тендік және фазалық ауысымның нүктесі секілді нүктелер жоқ. Сондыктан шайырдың балқу температуралырын анықтауда шартты сипаттамалар қолданылады – жұмсару температурасы T_p . Шайырдың қаттыдан сұйық қүйге етуі белгілі бір интервалда жүреді. Бояуды дайындағанда мейлінше жұмсарту температурасы жоғары шайырды тандайды (100°C және жоғары). Бұл ыстық уақытта баспа-таңбаның бетіндегі бояудың еру қаупітілігімен ғана байланысты емес. Ондан да маңыздысы, жұмсарудың жоғара температурасы бояудың беку тәзделілігімен байланысты.

Бұған түсінкеме жоғары (1) және төмен (2) жұмсару температуралы екі шайыр үшін тәуелділігі 3.12-суретте көлтірілген. Пунктермен сол шайырлардың ертінділеріне тәуелділік $\eta = f(t)$ көрсетілген. Олардың кұрамында беку процесі кезіндегі байланыстырыштан ерткішті бөліп алу нәтижесінде пайда болатын біршама ерткіш бар.



3.11 -сурет Тұтқырлықтың температуралық тәуелділігі: 1-кристалдайтын заттек, 2-қатты қүйдегі аморфты шайыр (шыны тектес)



3.12-сурет байланыстырығыштың бекуіне шайырдың жұмсару температурасының әсер етуді: 1-жұмсару температурасы жоғары шайыр үшін, 2-жұмсару температурасы төмен шайырлар үшін, 1- және 2-толыктай еріткіштік алынбаған байланыстырығыштар үшін

Екі жағдайда қалдық еріткіштің қалып қоюна руксат етілген, мысалы, 20 %. Барлық температураларда 100% шайыр тұтқырлығынан гөрі ерітінді тұтқырлығы төменірек. Еріткіштің болуы жұмсарту температурасын азайтады T_{p1} -ден T'_{p1} -ге дейін және T_{p2} -ден T'_{p2} -ге дейін. Бірақ та, шайырдың жоғары балқу жағдайында, ерітіндінің жұмсару температурасы белме температурасынан жоғары, сол себепті де еріткіш толығымен алынбаса да, байланыстырығыштар ката береді. Шайырдың төмен балқуында басқаша. Мұнда қалдық еріткіштің тұра сондай мөлшерінде жұмсару температурасы белме температурасымен ұқсас және беку үшін еріткіштердің көбірек алыш тасталуының қажет, содан келе, уакытта көбірек жұмсалады.

Осылайша, еріткіштің алыш тастау процесінде жоғары жұмсару температурасы бекуді жылдамдатады. Байланыстырығыштың шайыр ерітіндісінің пленкатузуші болып табылатын жұмыс сипатты ең басты жабысу мен тұтқырлыққа байланысты болып келеді. Олар шайырдың сипаттамасымен қамтамасыз етіледі. Шайырдың құрамын езгерте отырып, тұтқырлықты, еріткіштің бояудың қай түріне арналғанына байланысты, кең түрде езгертуге болады. Шайырлар сонымен катар байланыстырығышқа

пигментті суспензины тұрақтандыратын қасиет береді. Көбінесе бояудың бүкіл жүйесіне біркелкілік қасиет (беку, тұрактылық, механикалық және оптикалық қасиет және т.б.) беру үшін әртүрлі шайыр ерітіндісін таңдайды, полимерлер, сондай-ақ арнайы қосындылар косады.

Пленкатузуші ретіндегі шайырлар


Кара бояуды алу көп уақыттан бері табиғи қазба – битум, қара түсті қара шайырлар немесе мұнайды айдау кезінде алынатын шайыр тектес қалдықтарды қолданып келген. Битумның әртүрлі маркаларының ішінде пленка түзуші ретіндегі жұмсару температурасы 110–135 °C. В иесе Г маркалы лакты битумдар қолданылады. Бұл арзан әрі қол жетімді материалдың бір кемшілігі, жалпы қара түсті боғанымен, жұқа қабатын жақсанда коңыр түске ие болады. Сондықтан ол тек, газсттік және кітапжурналдық бояулар үшін ғана жасалады, бірак соңғы уақытта оған деген сұраныстың төмөндесу процесі байқалады.

Бейнелі қара бояулар үшін, одан да бұрын түрлі-түсті бояулар үшін арнайы ашық түсті шайырлар ондіріледі. Сонымен қоса ксінін катты табиғи шайыр - канифоль қолданылады, ол қағазды канифольды жапсырумен танымал. Ол минералды майлар мен басқа да комірсуге тектік ерітінділерде жақсы еріп, жабысқақ және тұтқыр ерітінді түзеді. Дегенмен канифольдің ез ерітіндісі байланыстырығыш ретінде қолданыла алмайды, біріншіден, ол төмен температуралы балқу температурасына ие, екіншіден, оның түзілетін шайырлы қышқылдары пигменттер мен форманың басу элементтеріне химиялық активтілікте көрсетеді. Сол себепті де оның қышқылдығын төмөндөту үшін алдын ала химиялық өндөуден өткізеді. Ұзақ уақыт бойында бұл канифольдан глицеринде эфир (КГЭ) алушмен, канифольды глицеринмен этерификациялау, сонымен катар канифольды мырыш және кальций тотығымен нейтралдау және канифольды тотық тұзының түзілуі (резинант) арқылы жүргізіліп келді. Бір мезгілде химиялық өндөсу балқу температурасын жогарлатады. Балқу температурасын одан да жогарлату канифольды пентаэритті эфир (КПЭ) түзілуімен бірге пентаэриттіп канифольды энтиферикациялау арқылы жүзеге асырылады.


Шайырдың құрамы көбінесе бояу саласына эсер етеді. Бекүмен қоса олар пигменттің дисперсиялануын және пигменттік суспензияның тұрақтылығын, мөлдірлігін, бояудың түсі мен жылтырлығын, эластикалығын, өшіп кетуге деген мықтылығын анықтайды.

Шайырлар бөлсек қасиетке әртүрлі эсер еткендіктен бояуга көбінесе оптимальды нәтиже алу үшін шайырларды үйлестіріп қосады. Жалпы алғанда, катты шайырлар алғыс тұрақтандырығышқа йе. Сол себепті көп бояуларға тұрақтандырығыш ретінде алкідті шайырлар қосады.

Катты пленкатузуші шайырлардың ассотиментінің дамуы канифольдің түрленуіне келіп тіреледі. Осылай канифольдің демиразициясына жүгінеді, яғни тотықтың екі молекуласының екі байланысты қосылуы.




Канифоль сондай-ақ малеинді ангидридпен өндөледі. Сонымен катар біріктіріш өнім – канефольді-малеинді өнім түзіледі.



Екі жағдайда да функционалдық жогарылайды. Димеризондалған канифольдің молекулаларында екі карбоксилді топ бар, малеинизирленген канифольда – үшеу. Сол себепті осы жартылай өнімдерді этирификациялау кезінде жоғары молекулалық шайырлар және содан жоғары балқу температурасы пайда болады.

Одан кейінгі шайыр ассортиментінің әртүрлілігі канифоль эфирі мен фенолформальдегидті шайырдың үйлесімділігімен қол жеткізіледі. Мұнда аралық өнім, фенол өнімдерінің формальдегиді мен будың поликонденсациясы (третбутилфен бұры, октилфенол бұры) арқылы алынатын, сзыбыты құрылышқа ие шайырлар болады. Бұл балқу температурасы темен (50-70 °C) термопластикалық шайыр.



Оларды қышқылды канифольдің екі молекуласын қосу арқылы өзгерті (модификациялады). Пайда болған екі негізді қышқыл глицеринмен немесе пентаэритритпен этерификацияланады. Мұнда балқу температурасы жоғары (150°C -ге дейін) қатты шайырлар пайда болады. Осындай шайырлардың әр түрі неше түрлі фенолдың туындылары мен фенолоформальдегидті және канифольді компоненттердің фазалық арақатынасы негізінде алынады. Бұл ерітіндімен үйлестіріп жасалынған байланыстырыштарды дайындау үшін шайырлардың ерігіштігін реттеуге көмектеседі.

Еріткіштің ен басты техникалық сипаттамасының бір болып ерігіштік, булану жылдамдығын анықтайтын тұтқырлық және булану қасиеті болып табылады. Еру біршама пленкатузушінің молекулалық құрылымы мен еріткіштің қатынасына байланысты, себебі ол еру кезіндегі ішкі энергияның өзегеру шамасын анықтайды.

Сондыктan еру қасиеті туралы емес, осы еріткіштің пленкатузушінің нақты бір түрін еріту қасиеті туралы соз еткен жөн. Сол себепті де әралуан класы әртүрлі еріткіштер қажет: күрделі және жай эфирлдер, спирттер және көмірсүткөр және т.б.

Канифольді шайыр және битумдар негізіндегі байланыстырыштарды дайындау үшін бұрынғы уақыттан бері көмірсүткөр еріткіштер колданылып келген: минералды майлар, толуол, скіпидар және т.б. Комірсүткөр еріткіштердің еріту қасиеті онын құрылымына, ол алифатты, нафтеноны немесе ароматты болып таблица ма, соған байланысты ажыратылады, себебі олар полярлығы мен поляризациялануымен айқындалады. Алифатты шекті көмірсүткөр полярлы емес және напар поляризацияланады. Олар шайырларды ете нашар ерітеді.

Ароматты еріткіштер ең жоғарғы поляризациялануды көрсетеді, соның арқасында еруге жеткілікті шайырдың эфирлі тобымен тартылыс күшін

ныгайтады. Осыған байланысты ароматты көмірсүтектер ең жоғарғы еріту қасиетімен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда баспа бояуларына арнайы еріткіш-майлар шыгарылады (баспа майы немесе БП). Бұл үшін құрамы мен шыққан кен орны әртүрлі мұнай өнімдері алынады да, лайықты өндөу арқылы әртүрлі мөлшердегі алифаттық шекте мен ароматтық көмірсүтекті фракцияны бөліп алды. Мұндай майларға сипаттама 3.5-кестеде берілген. Кестеде көрсетілгендей, оларға жоғарғы еріткіш қасиетті беретін ароматиканың мөлшеріне қарай ерекшеленеді.

Заманауи баспа бояуларын өндіруде сонымен қатар еріткіш ретінде керосинде фракциялар қолданылады. Майлармен салыстырғанда баспа бояуларының арнайы еріткіштердің тұтқырлығы аз. Көмірсүтек құрамы мен еріткіш қасиеттерімен ажыратылатын, керосиндік фракцияның бірнеше түрі қолданылады. Сонымен қатар заманауи баспа бояу өндірісінде ешқандай ароматикадан тұрматын және нашар еріткіш қасиетке ие еріткіштер қолданылады.

Мұндай еріткіштерге, сулы газды катализіде гидролиздеу арқылы алынған, алифатты синтетикалық көмірсүтектер фракциясы жатады.

Булану жылдамдығын айқындастырып, булану – еріткіштің маңызды техникалық сипаты болып табылады, сол себепті де, қайнау температурасы жоғары жай керосинге қарағанда, бояуды еріткіштерге қайнау температурасының аз шегін көяды (20–30 °C).

Шайыр ерітіндісі немесе лактар, мысалдары теменде келтірілген, дербес байланыстырыштар да бола алалы, бірақ олар көбінесе беку механизмі әртүрлі еріткіштермен үйлестірілген бояу құрамына енеді. Қара ротациялық бояуларда тұтқырлығы жоғары, битумды жартылай немесе толықтай ауыстыруға арналған, ароматталған май МП-І2 қолданылады.

3.5-кесте

Еріткіштер ретінде қолданылатын кейбір лактардың шамалас құрамы


Лак 8008	Лак 8009	Лак 8005
Зығыр майы 60% ПЭМАК шайыры 40%	Зығыр майы 15% ПЭМАК шайыры 32% МП-1майы 31% РПК-220-270 22%	МП-1майы 40% шайыр 60% Пенталин

Аралас ерітіндісі бар байланыстыруышылардың бекуі

Көп компонентті байланыстыруышылар деп негізі болып жай жақсы немесе жаман ерітінді қоспасындағы яғни сұйықтықтағы, қатты шайырды айтамыз. Өзінше бұл сұйықтық кальпиты температурада осы шайырды еріте алмайды. Мұндай байланыстырыштар тандамалы сіциру процесінде еріткіштердің бөлінуіне қарай айрықша тез қатты пленка түзеді.

Мұның себебін түсіну үшін, шайырдың комбинерленген еріткіштерде еру ерекшелігі мен осы ерітінділердің құрылымын карастырайық.

Еру процесі шайыр молекулалары мен еріткіштің біркелкі қоспа болуына экеп созады(3.13-сурет). Көбінесе бұл энтропияның үлкеюімен бірге жүреді $\Delta S > 0$, егер тек ерітіндіде еріткіштің бір тәртіппен орналасқан молекулалары болмаса.




3.13-сурет Ерітіндінің құрылу сызбасы: А – басталқы күй, Б – ерітіндінің тепе-тендік күй

Еру кезінде шайыр молекулаларының өзара әрекеттесуі үшін энергия E_c және сонымен қатар, еріткіш молекулаларының өзара әрекеттесуі үшін энергия E_p жұмсалады. Бір уақытта шайыр мен еріткіш молекулаларының өзара әрекеттесуі үшін де энергия болінеді E_{cp} . Ишкі энергияның жалпы өзгерісі $\Delta E = E_c + E_p - 2E_{cp}$.

Еру кезінде термодинамикалық потенциалдың өзгеруі ішкі энергияның өзгеруі мен энтропиялық мүшеден тұрады $\Delta U = \Delta E - T\Delta S$.

Егер термодинамикалық потенциал азайса $\Delta U < 0$, шайыр еріп, ерітінді бірқалапты болады. $\Delta S > 0$ және энтропиялық мүшесе теріс таңбалы боғандықтан, шешуші белгі немесе көлем ΔE болады. Жақсы ерітінділерді қолданған жағдайда еріткіштің молекулаларымен шайыр молекулаларының солватациясы жүреді. Егер сольватация энергиясы жеткілікті үлкен болса және $2E_{cp} > E_c + E_p$, онда $\Delta E < 0$ болады және $\Delta U < 0$ да еруге сай болады. Нашар еріткіште еру энергиясы аз $2E_{cp} > E_c + E_p$ және $\Delta E < 0$. Онда ΔU энтропиялық мүшеге байланысты болады да көлемі температура жоғарлаған сайын үлкейеді. Сол себепті де жаман еріткіштерде шайырлар тек қыздырған кезде ериді.

сolvатация, диссоциация, еру



- жаксы еріткіш молекулалары
- нашар етікіштің молекулалары
- шайыр молекулалары

3.14-сурет Жақсы және жаман еріткіш қоспаларындағы ерітінді құрылымы: А – шекті сольватация және еру; Г – нашар еріткіштегі минималды сольватация; Б және В – еріткіш қоспасындағы аралық күй

Сольватация – қайтымды процесс және (хемосорбция болмаса) десольватациямен бірге жүреді. Жақсы еріткіш жағдайында тепе-тендік қатты сольватация жағына қарай жәнетолық ерутеге жылжытылған.


Нашар еріткіштегі тепе-тендік десольватация жағына жылжытылған. Тұрақтандыратын сольватты қабаттан ерікті молекула агрегатталған. Бұл нашар еріткіштегі шайырдың қалыпты температурала еруімеуіне сай келеді.

Нашар және жақсы еріткіштер қоспасында аралық типті жүйелер пайда болады. Олардың жүйелің құрылымы 3.14-суретте көрсетілген: А – шекті сольватация мен жақсы еріткіштегі шайыр молекулаларының тұрақтануына сай келеді – тольық еру; Г – нашар еріткіштегі минималды сольватация және тұрақтану , агрегатталған шайыр молекуласы ерімейтін қатты фаза құрайды.

Осы екі төтенше жағдайда әртүрлі жақсы және нашар еріткіштердің аракатынастагы үзіліссіз катардагы аралықты елестеткен жөн, шартты түрде Б және В позицияларында көрсетілген. Жақсы еріткіштің мөлшері ұлженген сайын сольвация, тұрақтану оседі де, агрегация төмендейді.

Нашар еріткіштің енгізу кері әсерге келтіреді, яғни агрегация дәрежесі өсіп, тұрақтану төмендейді. Байланыстырышты дайындау кезінде гомогенді жүйелер практикалық маңызға йе, яғни оларда агрегация әлі шайырдың шөгуін шакырмады.

Ең маңыздысы, агрегация ерітіндінің тұтқырлығын жоғарлатады. Сол себепті комбинерленген ерігіштегі ерітінді сол шайырлардың жақсы еріткіштегі ерітіндісіне қарағанда үлкен тұтқырлыкка ие. Бұл Е-12 шайыр ерітіндісі мысалымен 3.15-суретте көрсетілген, ол үшін зығыр майы жақсы еріткіш болып табылса, минералды майы нашар еріткіш болып табылады.



14-сурет Е-12 шайыр ерітіндісінің әртүрлі еріткіштергі тұтқырлығы: 1-еріткіш; зығыр майы 100%; 2-еріткіш; зығыр майы 50%; минералды май 50%; 3-еріткіш; зығыр майы 25%; минералды май 75%

Бұл сондай байланыстырыштардың тез пленка түзілуімен негізделеді, себебі бір жақсы еріткішті қолданған байланыстырышка қарағанда, кебу аз мөлшердең еріткіштердің белінуімен жүреді. Бұл заманауи баспа бояуларын даярлаганда кеңінен қолданылады.

Сілтремін материалдағы бояудың беку ерекшеліктері

Қағазға, қатырма қағазға және басқа да капиллярлы-кеуекті материалдарға басқан кезде, бояудың бекуі үнемі сінумен қатар жүреді, ол қандайда бір дәрежеде беку үшін қолданылатын негізгі процесспен қатар жүреді. Бұл бекуді тездetedі әрі женілдетеді, бірак қажетсіз қындықты тудыруы мүмкін. Мысалы, басу элементтерінің контурының шегінен шығып кететін бояудың әсерінен графикалық, бояудың бұрмалануға көрі жаққа ұрылуына, бейненің сапасының нашарлануына, бояудың белек компоненттерінің сінірлі нәтижесінде механикалық беріктікін томендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Сондыктan заманауи баспа бояуларын дайындаған кезде, қағаздың қусуктілігінс байланысты бояудың бекуі мен жақсы бейненің қалыптасуы үшін максатты түрде сініруді пайдалануға көніл бөледі. Бұдан да толық сініру ротациялық машиналарда ірі қеуекті қағазға шығынкы басылыммен басқанда пайдаланылады. Сініру арқылы тез бекуі үшін, аз мөлшерлі пигмент (куйе шамамен 10%) пен аз тұтқырлықты байланыстырышты қолдана отырып, осы бояуларды аз тұтқырлықты етеді.

Ұзақ уақыт бойында байланыстырыш ретінде битумды фирмис қолданылып келген – минералды майдагы битум ерітіндісі. Битум бір уақытта пленкатузуш де, пигментті тұрактандырыш та болып табылатын. Аз тұтқырлыкты (10–15 паз) газеттік тез бояулардың бекуі, басу кезінде бояу форманың қысымы әсерінен ірі қеуекті қағазға енүі кезінде жүзеге асады. Содан соң капиллярлы құштер әсерінен жайлап сіну жүреді.

Қазіргі таңда газеттік бояудың жасау рецепті жетілдірілген, жекелеп айтқанда, ротациялық машиналарда үлкен жылдамдықпен басқан кезіндегі беку жылдамдығы арттырылған. Осында тұтқырлықты азайту керек еді. Бұған жету үшін битум мөлшерін азайтуға болмайды, себебі, бояудың пигментті суспензия ретіндегі тұрақтылығының азауына экелер еді. Соңдықтан, заманауи газеттік бояуларды дайындағанда, байланыстырғыш ретінде минералды май МП-12 қолданады. Ол басқа майлардан жоғарғы тұтқырлығымен және көп мөлшерде ароматты көмірсүтегінің болуымен ерекшеленеді. Жоғарыда ароматты көмірсүтектер поляризацияланатындығымен және адсорбиялануға жақын болатындығымен ерекшеленетін туралы көп мәрте айтылған. Сол себепті ароматты көмірсүтектер байланыстырғыш ретінде битумды алмастырады. Битумды бояу құрамынан алғы тастаган кезде, тұтқырлық 3 пузага дейін темендейді және де тұтқырлықты тұрақтандыру үшін М-12 майы (салыстырмалы түрде тұтқырлықты, шамамен 3 пуз) МП-1 (0,2 пуз) майымен арапастырылады.

Сонымен қатар, бояу құрамынан битумның алғы тасталынуы, бояудың беку механизмі толығымен қағаз қеүектеріне енүі мен пигмент болыштектерінің талшық аралықтарында қалуын білдіреді.

Бұл аз тұтқырлық шартында, ротацияда басу кезінде тез бірден ұсталуын қамтамасыз етеді. Дегенмен акырғы беку бірден бола қоймагандықтан, газеттік баспа-таңба ұзак уақыт бойы жағылып кетептін болады. Сонымен қатар, мұнда салыстырмалы түрде сапасы жоғары емес бейне алғынады. Бояу кері жағына (оборот) отпеді деп есептегеннің өзінде, бояудың сіңуі бейненің графикалық аныктылығын азайтады дегенмен санасуға келеді, ал бояуды қағаз ішіне енгізу, қағаз бетіндегі бояғыш заттардың санын және бейнені оптикалық тығыздығын азайтады.

Бұл кемшіліктерді газеттерді басқанда және басқа да аз бейнелері бар мәтіндік басылымдарды басқанда түсіндіруге болады. Бірақ оларды көркемсүреттік өнімді айтпағанда, бейнелерді басқанда мүлдем жіберуге болмайды.

Бұл жағдайларда, бояулар қағаз бетінде кала отырып, анық, бейненің мимнималды бүрмалануын жеткілікті оптикалық тығыздығымен қалыптастыруы керек. Мұндай баспаларға тегіс, майда қеүекті қағаз бен пигментті қабаты бар қағазды қолданады.

Мұндай бояулар үшін байланыстырғыш ретінде ұзак уақыт бойында зығыр майы, сонаң соң жеткілікті үлкен тұтқырлықты (30–50 пуз) алкідті олифалар қолданылып келген. Тотықтырғыш пленка тuzu процесі алдын алу мүмкін болмаган, яғни қағаздың кіші қеүекті құрылымы мен байланыстырғыштың үлкен тұтқырлығы және бояу арқылы шектеліп отырылған, сондай байланыстырғыштарды сіңсіз-ақ бекуіне мүмкіндік берді. Дегенмен, беку сиккативтерді косқаның өзінде жай журді. Басылған баспа-таңбалар бояулары бекітінгө дейін, яғни оны келесі операцияларға дайын болғанша, басу цехтарының қоймаларында бір құн немесе одан да көп уақыт бойы тұрды, нәтижесінде, өнімнің шығу уақыты кешіктіріліп, жұмыс

орындары ыбырсып кетті. Осы және басқа да кемшіліктер бейненің жоғарғы сапасымен толықтырылды.

Заманауи бояулардың беку жылдамдығы сіну мен химиялық қату процестерінің рационалды үйлесімшілігі арқылы қол жеткізіледі.

Тіпті терістігі жоғары, жабынды пигментті қабаты бар қағаздарда да аз болса да кеуеутер бар. Мұндай қағаздың, газеттік қағаздармен салыстырғанда 0,3–0,25 мкм, орташа кеуектілігі – 0,01 мкм.

Кеуекті материалға сүйкітын сінү, кеуектердің өлшемі мен тұтқырлыққа байланысты, капилярлы құштер әсерінен жүреді. Уошборн теңдеуіне байланысты сінү мынаған тен:

$$I = \sqrt{\frac{\sigma \cdot \cos \theta \cdot r \cdot t}{2\eta}}$$

Мұндағы: I – сінү тереңдігі;

r – капиляр радиусы;

σ – сүйкітылған жабынды созылуы;

η – тұтқырлық;

θ – жібудің шеткі бұрыши.

Бейнелерді басуға арналған кіші кеуекті қағаздар тұтқырлы бояуды да, олифанды да сіндірмейді, бірақ олар аз тұтқырлықты байланыстырыштарды сіндіру мүмкін. Бұл тәсіл шығындық және оффсеттік басылымдар үшін заманауи бояуларды жасағанда колданылады.

Мұндай бояулар үшін байланыстырыштар көп компонентті және неше түрлі пленкатузуші және еріткіш заттардан тұрады. Жалпы жағдайда ол келесі компоненттердің типінен тұрады: қатты шайыр, алкіті шайыр, еріткіштер (өсімдік майы, минералды майлар, керосинді фракциялар), сиккативтер.

Бұлардан басқа байланыстырыштар бояудың құрамын тұрактандыру үшін кейір қоспалардан тұруы мүмкін: үйкелуге тетеп беру үшін поліэтиленді балауыз, басу сипатын тұрактандыру үшін паста және т.б.

Байланыстырыштың құрамы көпкомпонентті жүйе әр бояудың басу қабілетін қамтамасыз ететіндей етіп таңдалады. Сонымен қатар, байланыстырыштар аз тұтқырлықты май ерітінділерінен тұрады: тұтқырлығы 0,3–0,2 пуз майдан, тұтқырлығы 0,01 пуз керосинді фракция (РПК). Осындағы типті байланыстырыштың құрамы бояудың екі түрлі механизмімен бекуін қамтамасыз етеді. Бірінші сатыда («ұстай») аз тұтқырлықты еріткіштердің таңдамалы сінү және пленкатузуші - қатты шайырдың құрамын көбейту арқылы бояу қабатының қоюлануы арқылы жүзеге асады.

Қазіргі заманғы бояғыштарға қатты шайырдың жаксы еріткіштері (өсімдік майы) мен нашар еріткіші (Минералды май немесе керосинді фракция) араластыру тәсілі тән. Жоғарыда корсетілгендей, бұл еріткіштердің болінуіне байланысты бірден қоюлануды қамтамасыз етеді.

Ақырғы бекудің екінші сатысында алқидті шайыр мен зығыр майының тотықырыш полимеризация процесі журеді. Бұл болып жатқан таңдамалы сіnumen үйлескенде, ақырғы бекуді қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде – бірнеше минут ішінде тез бірінші реттік беку және бірнеше (2-5) сағат ішінде ақырғы беку және де пигмент пен пленкатузуші қағаз бетінде қалады, айқын бейне мен жоғарғы оптикалық тығыздық үшін нақ осы керек.

Осының бәрі кіші кеуекті қағазға басқан кезде байқалады. Дегенмен, аз тұтқырлықты еріткіштердің таңдамалы сінуі ірі кеуекті қағаздарда да журеді.

Қағаздың кеуекті құрылымы бір қалыпты емес. Ол кеуектін орташа елшемімен тек шартты түрде ғана сипатталады. Іс жүзінде кез-келген кеуекті қағазда ірі кеуектермен (талшықтар арасындағы көңістік) қатар кіші кеуектер де болады (тығыз олналасқан талшықтарда, кеуектер талшық ішінде, фибрildін тіркессен жері). Бояу қағаз бетінен ішіне өткен кезде, ірі кеуектерге сіну тоқталады, бірақ ұлкен капиллярлы қысым салдарынан кіші кеуектерге сіну жалғаса береді. Осында, бояудың тұтқырлығы ең аз компоненттері сінеді.

Себебі ірі кеуекті қағаздар үшін тұтқырлығы аз байланыстырышты, аз тұтқырлықты бояу дайындалғандықтан таңдамалы сіну оларда кіші кеуекті қағазға қарағанда айтарлыктай аз. Бірақ та тілі газетті басқан кезде таңдамалы мінү журеді. Мұнда гандамалы сіну қағаздың біркелкі болмауы мен ірі кеуектермен қатар кіші кеуекетердің болуы арқылы, бояудың жалпы енүйінің негізгі процесіне койылған деп те айтуға болады.

Кіші кеуекті қағазда ірі кеуектер болмайды, оның құрылымы біртекті. Бұл бояуды таңдамалы сіну эффектісін соңына дейін пайдалану үшін дұрыс таңдауды қамтамасыз етеді.

Булану нәтижесінде еріткіштің бекуі

Бұл жағдайдағы пленкатузілу жоғары айтылған сіну кезіндегі беку процесімен көп жағынан ұксас. Пленкатузуші тағыда қатты шайыр мен полимерлер болып табылады. Олар жабысады, тұтқырлықты және байланыстырыштың тұрақтандырыш қасиетін қамтамасыз етеді.

Айырмашылығы - ұшқыш еріткіштердің қолданылуы мен қатты пленканың түзілуі, еріткішті булану арқылы бөлініл алынуы болып табылады. Негізінен бекудің бұл әдісті сіңбейтін материалдарға басатын бояуларда қолдануға болады. Бірақ өл қағазға басқан кезде, булану үнемі сіңірумен бірге журеді.

Бояудың байланыстырыштарына мысал ретінде қағазға ойыңқы басылыммен басуды айтуға болады. Негізгі пленкатузуші болып шайыр - канифольдың туындысы – калций мен мырыштың резинаты болып табылады. Оның байланыстырышында шамамен 40% болады. Бояу пленкасының мықтылығы мен эластикалығын жоғарлату үшін толуол мен изопропиленді спирттің косындысында ерітілген циклокаучук этилцеллюлозасының аз шамасы қосылады. Еріткіштердің аз тұтқырлығы кіші кеуекті қағазға оңай

сінуге көмектеседі, ал тез ұшқыштығы олардың тез булануы мен бояудың ақырығы бекуіне септігін тигізеді.

Осы бояулардығы негізгі еріткіш – ароматты көмірсутек болып табылатын, толуол. Ол басқа көмірсутектермен салыстырганда үлкен токсинді болуымен ерекшеленеді. Бұл ойыңқы басу цехтарында белгілі кәсіби зияндылықпен негізделеді. Толуолды басқа зиянсыз, ароматтық көмірсутегі жоқ, мысалы бензинмен ауыстыру, жаксы нәтиже бермеді, себебі ерудің шартын және байланыстырылғыштагы шайырдың тұрактануын нашарлatty.

Ойыңқы басылым үшін толуылды бояулардың жаңа ондірісінде пленкатузуші ретінде РЛ-40 шайырын қолданады. Бұл шайыр түрі канифол туындысының – фенолформальдегидті шайырмен модифицирленген, малинизирилген канифольдың пентаэритритті эфири. Бұл типтегі шайырлар жақсы тұрактандырыш қасиетімен ерекшеленеді. Сол себепті солардың негізінде жасалған ойыңқы басым үшін бояулар резинаттагы толуолды бояулардан жоғары сапалығымен ерекшеленеді. Олар тұрактылау, жақсы бекіді және интенсивтілеу.

Толуолдан басқа ұшқыш сріткіштер ретінде этилді спирт, этилацетат, бутилацетат, этилцеллюзода (эфир глюоколдың моноэтилі), изопропилді спирт және т.б. Олардың булануы булану коэффициентімен сипатталады, яғни салыстыру эталоны болып табылатын, сондай дистилді спирттің молшерінің булану уақытынан қанша есе асып кететінін санмен көрметеді. 6-кестеде көрсетілгендей, жогарыда айтылған ұшқыш еріткіштер қайнау температурасы мен жылулық булануға тәуелді булану жылдамдықтарыменен ерекшеленеді. Олармен қоса аса ұшқыш емес көмірсутекті еріткіштер қолданылуы мүмкін: тетралин, уайт-спирит, солвент-нафта. Тетралин – нафтатинді гидролеу өнімі. Солвент-нафта тас көмірлі шайырды айдаганда алынады. Оларды қоспаға косу еріткіш қасиетін тұрактандырады.

Әртүрлі пленкатузушілермен үйлестірілген еріткіштердің қосындылары арнағы басылым бояулары үшін қолданылады, яғни әртүрлі материалдарға (целлофан, фолга, полимерлі материалдар, түптеу материалдары және т.б.) әртүрлі адіспен басылатын: шығыңқы басылым, трафаретті, флексографиялық басылымдармен басатын бояулар үшін. Осылар үшін қолданылатын заманауи басу жабдықтары бекуді айтартылған жылдамдататын жылытпалы кептіріш куралмен жабдықталған. Бұл әсіресе сінірмейтін материалға басатын бояулар үшін маңызды.

Еріткіштің булануы беку факторы ретінде сондай-ақ баспахраналық және оффстік басылымдарға қолданылады. Бұл үшін қазіргі заманың әлемдегі ротациялық (ролевые ротационные) машиналары, жылдам оффстік және баспахраналық машиналар кептіру құрылғыларымен жабдықталады. Жаңа басылым шығарылған баспа-таңбалар басу зонасынан шыккан сәтінде қыска, бірақ интенсивті жылытуға тап болады, мысалы, ашық газ жалыны. Бұл машиналарға арналған бояуды баспахраналық және оффстік бояулар принципімен жасайды. Оларға арналған байланыстырылғыштар шайыр мен ұшқыш емес еріткіштердің комбинациясы болып табылады. Бірақ еріткіштер

ретінде жеңіл майлар (МП-1) мен ұшқыштығы жоғары керосинді фракциялар таңдалады. Бұл салыстырамалы ұшқыштығы жоғары компоненттер газ жалының температурасында айтарлықтай тез алғынп тасталады және сіңіру процесімен қатар бояудың тез бескүн қамтамасыз етеді. Нәтижесінде бір айналымда екі немесе төрт бояумен бауға мүмкіндік туады. Сіндірмейтін материалдарға арналған бояуларда, басылып жатқана материалына бояудың жабысуы менадгезиямен қамтамасыз ету ете маңызды болып табылады.

Қағазға басқан кезде бұл полярлық та, полярлық емес те сүйектіктермен жібітін цепилозалық талшықтың полярлық құрылымымен қамтамасыз етіледі. Ал барлық басқа материалдарға арналған бояуларды жасағанда, бұл басылып жатқан материалға жеткілікті молекулярлы тартылатын арнайы пленкатузуші мен ертікіштердің тандауымен қамтамасыз етілуі тиіс. Егер олар бір-бірімен жақсы үйлессе, сонымен қатар басылып жатқаан материалдың бетінде пленкатузушінің диффузиясы болуы мүмкін. Бұл ен жақсы адгезияны қамтамасыз етуі керек.

Арнайы басылыс түрлеріне арналған бойлардың түрі - полиграфиялық ондірістің интенсивті түрде дамып жатқан саласы. Батапқыда басылатын материалдың түрлеріне бескүнің қамтамасыз стілдің қатты коніл болінген: қағаз бен қатырма қағаз, фольга, жабынды түптес материалдары және т.б., яғни ондіріс бояудың мамандануымен жүрді. Бетінде полярлық беру және адгезияны күшету үшін, химиялық немесе электрір әдістермен аквиденцируге турал келетіндіктен, полиэтиленге басқан кезде аса үлкен киындықтар туды.

3.6-кесте

Кейір ұшқыш ертікіштерін сипаттамасы

Ертікіштер	Қайнау темп.	Булану коэф.	ПД К мг/л	Қолданылуы	
				Еріту үшін	Ерітіндін технологиялық пайдалану
Этилді спирт	78-80	8,3	1	ндитола, шеллака (этилацет қосындысымен), поливинилбутирадін акрильді шайырлары, поливинилацетаттың метилполиаминді шайырлары, карбонольді шайыр, циклогексаноформальдегидті шайыр	ФЮФЛ, ФУШЛ бояулары үшін байланыстырыш баспа-танбаларды лакпен өндсуге арналған желімдер
Изопропилді спирт	80	21	0,1	этилцеллюозаны еріту кезінде толуолға қосынша	
Этилацетат	78	2,9	0,2	нитрогеллюозалар, шеллака спиртпен), перхлор-винилді шайыр	ТПХВ, ФУШЛ, ГБНЦ бояулары үшін байланыстырыш

Бутил-ацетат	110-132	11,8	0,2	нитроцеллюлозы перхлорвнила	оган да
Толуол	110	6,5	0,1	бутим, Са мен Зп резинаты , РЛ-40, РЛ-30 шайырларының, циклокатаучуктың, этилцеллюлозалары (спиритен)	оыйыңды басылым үшін байланыстырыш
Тетралин	206	170	-	Этилцеллюлозалар (целлозольвпен)	ТБЭЦ бояулары үшін байланыстырыш
Целлозольв (гликогельдің моноз-тилді эфирі)	135	-	-	этилцеллюлозалар (тетраглинмен)	оган да
Уайт-спирит	165-200	-	-	Пентафталті және алкидностиролді шайыр	ТУПФ, ТУМС үшін байланыстырыш
Сольвен т-нафта	110-190	-	-	Тетраглин мен целлозольвтың косындысында	ТБЭЦ бояулары үшін сұйылтыш

Бірақ та, кейіннен материалдардың біршама катарына арналған бояуларды шығару мүмкін болды және осы мағынада бояулар әмбебап бола бастады. Осылайша флексографиялық басылымға ФУШЛ, трафареттік басылым үшін ТУМС, ТУПФ және т.б. арналған әмбебап бояулар ойлап табылды.

Ұшқыш еріткіштердің булануы жұмыс орындарында қолайсыз жағдайларды туғызады. Есте сактаған жөн, сіш зиянсыз органикалық еріткіштер болмайды. Онымен олар жаңыш болғандықтан, орт күйін тудырады. Соңдықтан ұшқыш органикалық еріткіштер полиграфияда қолданылғандықтан, цехтардағы ауаны тазарту үшін жаксы вентиляционды жабдықтар болу керек және коршаган органды ластамау максатында, сондай-ақ булануды ұстап, залалсыздандыру үшін орнатылады. 6-сызбада кейір еріткіштердің рұксат берілген санитарлық концентрациясы берілген, соган карат олардың салыстырмалы қауітідігін байқауға болады.

Гидрофильді пленкатузуши негізінде байланыстырылыштар

Қазіргі уақытқа дейін бүкіл лак-бояулар ондірісі, басу бояуларын коса, органикалық еріткіштерде еритін, гидрофобты органикалық еріткіштерге негізделіп келген. Эр типті бояуға қойылатын талаптарға байланысты, оның курамы әртүрлі, бірақ пленкатузуши мен сәйкес органикалық еріткіштің үйлесімі тұралты болып кала береді. Бұл бояудың технологиялық сипаттамасын, бейненің саласын және бояудың бекуін қамтамасыз етеді.

Сонымен катар, жаңыш органикалық еріткіштерді қолдану, ертке және жарылуға жағдай жасайды, тіпті аз ұшатын еріткіштер те жұмыс орнының атмосферасын бұзатын булануды тудырады.

Бұл сондай-ак професионалды зиянның себебі болып табылады, себебі ол азда көпті жаман иісті, кейде тіпті улы болады. Осыдан келіп жұмыс орнының атмосферасын және коршаған ортаның ластануын қорғау үшін вентиляционды және рекуперационды қондыргыларды куру манызды болып табылады.

Осыдан келіп соңғы жылдары суда еритін, жанбайтын және зиянсыз гидрофильтрлер пленкатузуші негізіндегі бояуларды жасауға үлкен қоңыр белгінүс.

Су негізіндегі бояулар бұрыннан бері сәтті сырлау техникасында, сонымен катар осы бояуларды қолдана отырып, ерекше көркемдік эффектілер қолданылатын, көркем суретте (акварель, гуашь) қолданылып келген.

Сулы байланыстырылыштардың басу бояуларында қолданылуы тек түскәгазды ондірумен ғана шектеліп келді. Су негізіндегі басу бояуларының ксінін таралуы біркатор себептермен bogelіп келді. Ең бастысы бұл бояулар тек су еріткіш заттардан тұрып қана коймай, сонымен катар суға төзімді, яғни суда срімейтін бояу қабаттарды жасауы қажет. Одан басқа, басу қасиеттерінің бүкіл жиынтығын қамтамасыз ететін, ең бастысы жақсы пленкатузушімен үйлесе жеткілікті тұтқыр және жабысқақ, интенсивті және басқа да оптикалық қасиеттері, баспа бояулары үшін спецификалық болуы керек.

Сонымен катар, біздің заманда да, қалаларды салып, өнеркәсіптік өндірістің карқында дамуы кезінде де және әсіресе химиялық өнеркәсіптің карқынды дамуында да қоршаған ортаны сактау мен қоргаудың аса қажеттілігі туындаған. Сонымен катар, нақ біздің уақытта, химиялық өнеркәсіптің, құрылымы және қасиеттері әртүрлі полимер-пленкатузуші жасаудағы үлкен мүмкіншіліктері арқылы су негізіндегі бояуларды жасауға жағдай мен мүмкіндік туды.

Жалпы лакты-бояулы ондірісінде шамамен 20-30 жыл аралығында суэмulsionалы бояуларды ойлап табуда. Олар үшін байланыстырылыш болып дисперсті полимеризация арқылы алынатын пленкатузушінің екі фазалы дисперсиясы болып табылады.

Баспа бояуларында мүндай әдістің қолданылуы мүмкін емес, біріншіден, екі фазалы байланыстырылыштар баспа-танбада комескі түсті бейне қалыптастырады.

Сол себепті су негізіндегі баспа бояуларын жасау, байланыстырылыш ретінде плекатузушінің сусpenзиясы емес, олардың сулы еріткішін қолдану жолымен кетті.

Полиграфияда пленкатузушінің сусpenзиясын желім түрінде қолданады (латекстер, поливиниллататты дисперсия). Жалпы органикалық заттар гидрофобты. Олар құрылышында гифрофобты полярлы тобының молекуласының болуымен суда ерігіштік қасиетіне ие болады, яғни


гидрофильді және гидрофобты аймактардың молекулалары қатынасы (гидрофобты-гидрофильді баланс ГГБ).

Көп мөлшерде көмірсүткі аймактары бар молекулаларда, ГГБ гидрофобтық жаққа жылжытылған. Гидрофобтылықка үлкен мөлшердегі полярлы топтардың молекулалары, корбонды қышқылдың тұздары, карбоксиметилцеллюзадағы натрий тұзы секіллі жи орналасуы керек. Осы заттардың екеуі суда еріп, желім ретінде пайдаланылады.

Су бояулары үшін байланыстырылғыштар тек суда еріп кана қоймай, сондай-ақ бояу кабатының суға төзімді болуы маңызды, яғни пленкатузуші ерігіштігін пленка түзу кезінде жоғалтуы тиіс.

Осы мәсслені шешу үшін қышқылды тонтан тұратын әртүрлі гидрофильді полимерлі немесе олигомерлі пленкатузушінің ұсқалары ұсынылады. Азотты негіздермен бейтарапталғышқан, олар иондалған тұздар түзеді және сол себепті айрықша полярлы. Осы ГГБ-ны гидрофильдік жаққа ығыстырады және пленкатузушіге суда ерігіштік касиетін береді.

Осы принцип бойынша ойынқы басылымға арналған метакрилді қышқылдың сополимері, метилметакрилат және бутилакрилат, бейтараптандырылған аммиак негізіндегі бояу жасалынған. Аммиакты тұздың сулы ерітіндісі бояудың байланыстырышы болып табылады. Баспа-таңбалар 100 °C дейін қызырылған ауамен жылтырылады. Сонымен қатар су буланып, әдеттегі қоюлану мен қату жүреді. Тұрақсыз аммиакты тұздар сополимердің ерімейтін қышқылды формасын қалпына келтіре ыдырайды. ГГБ гидрофобтылық жағына ығысады. Бұл суға төзімділікті беріп, бекуді тездетеуді.



Бұл бояулар қауіпті және улы толуолсыз жұмыс істейтін карапайым машиналарда (жылы ауа буымен көптіру) ойынқы басылым арқылы басуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар судың булануын микротолқынды көптіру жолымен толуылдың булануымен салыстыру арқылы белгілуге мүмкіндік бар, әсіресе ол судың, дизлектрілік касиетінсіз байланысты, булануна пайдалы.

Шығынқы басылым бояуларына пленкатузушінің сулы ерітіндісін, олардың тұтырылғы аз болғандықтан, пайдалануға болмайды. Бұл жағдайда глицерин мен гликольда еритін гидрофильді шайырлар колданылады.

Осындаш шайырга мысалы канифольді қайта ондіру арқылы алынатын PC-12 типті шайыр жатады. Оны алушадағы бірінші процесс маленинизирленген

канифольді алуға ұксас, ерекшелігі, малеинді ангирид орында канифольға фуморлы қышқыл бекітіледі. Қышқылдың топ бойынша алынған үш функционалды жартылай онім мынандай есеппен пентазиритритең этирфицирленеді, яғни қышқыл тобының жартысы (шамамен үштен бір белігі) бос болып қалуы керек. Гидро菲尔ді шайырды дайындау қышқыл тоңтарын триэталонамен бейтараптандырумен аяқталады.

Бұл ГГБ-ны гидро菲尔дік жакка ығыстырады. Сол себепті азотты негіздегі тұз формасындағы шайыр су мен спирттә ерітіндей болады. Байланыстырышты даярлау үшін шайыр диэтиленгликоль мен глицерин қоспасында ериді, содан ол байланыстырышты тұтқырылықпен қамтамасыз етеді.

Баспа-таңбалар көптіріледі. Еріткіштің таңдамалы сініруімен және еріткіштер үшін әдетті шайырдың қоюланумен қатар қышқылың регенирациясымен бірге, шайырдың ерітмейтін түрі, бескүд жылдамдататын триэталонаминнің тұраксыз тұздарының ыдырауы жүреді.

Еріткішген бояудың нағијесінде беку

Осы типтегі бояулар барлық бояуларға қарғанда (термопластикалық бояулар) қалыпты температурада қатты дене болып келеді. Оларды қолданбас бұрын қыздырады, басу болса, олар ерітін және басу үшін керекті акқыштыққа ие болатыны 100 °- 110 °C температурада жүреді. Баспа-таңбага етіп және басу контактісінің қызы аймагынан шығып, олар тез сүиді және кебеді. Осы типтегі бояулар басудың көп түрлерінде колданылады: шығынқы, трафареттік, ойынқы.

Әзіне жүктелген міндетті атқару үшін, термопластикалық бояулар физикалық сипаттамалардың курделі кешеніне сай болу керек: басу шартына сәйкес еріткішген күйінде аз тұтқырылғанда ие болу, салқыннатканда аз температуралық интервалда қату, бояу қабатының морттылығын жою үшін қалыпты температурада жеткілікті қатты және эластикалық және басылып жатқан материалға айтарлықтай адгезияға йе болу шарт.

Әлбетте, белгілі материалдардың біреуі де осы жан-жақты талапқа сай бола алмайды. Сүйік шайырлар етс тұтқыр, сұытқанда үлкен температуралық интервалда катады, қатты күйінде нәзік. Кристалданатын материал (балауыз, парафин) еріткендес аз тұтқырылғыты және белгілі бір еру температурасында салқыннатканда катады, қатты күйінде нәзік. Шешім, балауыз бен шайыр бар парафиннің және пластификатор негізіндегі қоспа болып табылады. Эластикалық полимердің қосылуы бояу қабатына жақсы механикалық сипат берсе отырып, оның морттылығын жоя отырып, адгезиямен қамтамасыз етеді.


Бояу мен компоненттердің термомеханикалық сипатты тұтқырылғытын температуралық тәуелділігі $\ln \eta = f(1/T)$ координата түрінде 3.16-суретте көрсетілген.

Аморфты материалдар үшін бұл тәуелділік сыйықты және онда ешқандай фазалық өтудің нүктелері жок. 3.16-суретте М-80 шайыры үшін 1-

сызық сайкес келеді. Аз тұтқырлыктар монта-балауыз бен парафин ерітіндісінде тұтқырлыктың температуралық тәуелділігі еру-кристалдану температурасына сайкес келетін нүктеде кенет бұрылыспен сипатталады (2 және 3 қисық). Нак балауыз бен парафиннің кристалдануының арқасында (4 қисық), бояуды салқыннатқан кезінде $\ln \eta = f(1/T)$ тәуелділігіне сайкес бұрылыс температурасында кенет қоюлануға ұшырайды. 4-қисық, бұл шамамен 78° , бояу қабатының кату температурасына сәйкес келеді.

Бұл типтагы бояу үшін бояғыш зат ретінде пигмент емес, бояудың компоненттерімен сайкес келетін, майдың еритін бояғышты қолдану тән. Бұл бояуды дайындаудың қаралайымдылығымен байланысты. Бояғыш жәй ерітілген коспада ериді. Бояғыш заттың аз мөлшері интенсивтілікке эсер етпейді, себебі, бұл басу әдісімен баспа-танбага әдеттегі полиграфиялық әдіске қарағанда көп бояу жағылады.

Термопластикалық бояумен басу тез, тіпті бір сәт ішінде бескүді қамтамасыз енеді. Сонында, бұл бояуларда жұмыс процесінде ерекшеленетін ешкандаи еріткіштер болмайды, сол себепті, орта ластанбайды.



3.16-сурет: Тұтқырлыктың температуралық тәуелділігі:
1- М-80 шайыры; 2 - циклокаучук; 3 - монтан-балауыз; 4 - парафин;
5 - термопластикалық бояу.

3.3.2 Полимерлік декельдік материалдар

